ҚР Кедендік реттеу туралы Кодексіне көшпелі кедендік тексерудің, атап айтқанда, жылына бір реттен жиі емес ТБЖ негізінде жүргізілетін кешенді көшпелі кедендік тексерудің жаңа түрі енгізілді.

Уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылатын тексерулердің жартыжылдық кестелері кешенді көшпелі кедендік тексеру жүргізу үшін негіз болып табылады:

- бірінші жартыжылдыққа - кешенді көшпелі кедендік тексерулер жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 25 желтоқсанына дейін;

- екінші жартыжылдыққа-ағымдағы жылдың 25 мамырына дейін кешенді көшпелі кедендік тексерулер жүргізу.

Тексерудің өзі тексерілетін тұлғаға басталғанға дейін кемінде 30 күн бұрын міндетті түрде хабарлана отырып жүргізілуі тиіс [3].

Осы жылы өзгерістер мен толықтыруларға тек ұлттық заңнамаға ғана ұшыраған жоқ. «Еуразиялық Экономикалық Одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттама» негізінде 2021 жылы 8 ақпанда Еуразиялық Экономикалық Одақ (ЕАЭО) туралы шартқа және ЕАЭО Кеден кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

ЕАЭО-да барлығына ортақ құжат Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі әрекет етеді. Бұл құжатта қазіргі уақытта электрондық кедендік декларациялау, кедендік декларацияларды автоматты тіркеу, тауарларды автоматты шығару сияқты маңызды қағидаттар айқындалған.

Енгізілген өзгерістер мен толықтырулар кедендік рәсімдерді қолдану, кедендік операцияларды жетілдіру, тауарлардың жекелеген санаттарын кедендік шекара арқылы өткізу мәселелерін қозғайды. Сонымен қатар, бизнес өкілдері кедендік төлемдерді төлеу,

кедендік декларацияларды бақылау, тауарлардың жіктелуі, кедендік құнын және шығу тегін анықтау сияқты өзекті тақырыптарды жетілдіруді көздейді.

Кеден кодексіне енгізілген маңызды өзгерістердің бірі – электрондық құжат айналымын енгізу. Себебі, кедендік процестерді жеделдету цифрландыру мен басқа технологиялық деңгейге шығуды талап етеді.

Хаттамада кеден ісі саласындағы жана құқықтық институт пен қызмет түрін - электрондық сауда операторын құруды көзделген. Электрондық сауда операторы жеке тұлғалар шетелдік интернет-аандарда сатып алатын тауарлармен жасалатын операциялардың логистикасын кешенді қамтамасыз етуге, сондай-ақ интернет-сауда процесінің барлық қатысушыларының, атап айтқанда, интернет-алаңның, кеден органының, сондай-ақ осы тауарларды сатып алатын жеке тұлғалардың өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге тиіс. Бұл өзгерістер, бір жағынан, мемлекетке сауданың осы сегментін бақылауға ыңғайлы болуына, екінші жағынан, одақтағы барлық осы процестерді кедендік әкімшілендіру халықаралық практикаларға сәйкес келетіндей жеке тұлғалар үшін осындай тәртіпті барынша ыңғайлы және өркениетті етуге бағытталған [4].

Заң уақыт талабына сай үнемі өзгеріске, толықтыруларға ұшырайды. Бірақ ол заңда бар барлық кемшіліктерді жою алмайды. ҚР Кедендік реттеу туралы кодексі мен ЕАЭО Кеден кодексінде де кейбір кемшіліктер мен сәйкессіздіктер кездеседі.

Мысалы, одақтың кедендік реттеу саласындағы құқық талаптарын сақтамағаны үшін жауапкершілікті белгілеуге қойылатын жалпы қағидаттар мен тәсілдерді айқындау туралы мәселе. Бүгінгі таңда Еуразиялық экономикалық одақтың әрбір мемлекетінде әкімшілік, қылмыстық жауапкершілік туралы өз кодекстері бар. Әрине, Одақта жалпы кедендік реттеу жұмыс істейді, бірақ, сонымен бірге, кеден ісі саласындағы қандай да бір құқық бұзушылықтарды қалай саралау керек, қандай айыппұл санкцияларын қолдану керек, құқық бұзушылықтармен қалай күресу керек сияқты сұрақтар туындайды. Себебі, бұл сала әзірше біріздендірілген жоқ. Қазіргі уақытта тараптар осы жұмысқа кірісуге және кедендік құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті белгілеудің жалпы қағидаттары мен тәсілдерін айқындауға келісті. Бұл мәселені шешу жеке Халықаралық келісім-шарт жасауды талап етеді.

ЕАЭО Кеден Кодексіндегі кемшіліктің бірі - ұлттық заңнамаға сілтемелік нормалардың көп болуы. Еуразиялық экономикалық комиссия ұлттық заңнамаға жатқызылған нормалардың есебін үнемі жүргізіп отырады және Кеден кодексі туралы шарт жобасын кейіннен трансформациялау кезінде мүмкіндігінше, ұлттық заңнамаға сілтемелік нормалардың санын барынша қысқартуға және барлық мүше мемлекеттер үшін осы мәселелерді ортақ, бірыңғай реттеуді айқындауға тырысады. Бірақ тәжірибе көрсетіп отырғандай, қазіргі кезеңде бұл жұмыс өте қиын жүргізілуде, өйткені сезімтал, күрделі мәселелерді мемлекеттер ұлттық заңнамаға сүйене отырып, реттеуді жөн көреді [5].

Заң үнемі өзгеріс пен толықтыруларға ұшырауға бейім болады. Сондықтан, уақыт, заман талабына сай заңнамаға өзгерістер енгізіп, толықтырылуы әрбір мемлекет үшін маңызды. ҚР Кедендік реттеу туралы кодексіне және ЕАЭО Кеден кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар экономиканы, сыртқы сауданы, бизнесті және өзге де салаларды барынша дамытуға жағдай жасайтыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кедендік реттеу және кәсіпкерлік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы 2021 жылғы 5 қаңтардағы № 407-VI ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000407>

2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу және инвестициялық ахуалды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу

туралы» ҚР Заңының жобасы туралы ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 21 ақпандағы № 79 қаулысы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000079>

3. Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 123-VI ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000123>

4. 2021 жылы 8 ақпанда қабылданған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттама URL: <https://eec.eaeunion.org/upload/iblock/5ba/protokol-ovnes-izm-v-DEAES-SEZ-ot-08.02.2021.pdf>

5. Совершенствование таможенного регулирования в ЕАЭС на современном этапе [Электронды ресурс] URL: https://www.alt.ru/expert_opinion/82526/

ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУДАҒЫ МЕНШІК ҚАТЫНАСТАРЫН ҚОРҒАУ

Амантай А.
ЭҚҚР кафедрасының аға оқытушысы,
құқықтану магистрі
Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті
Шайзадаев Б.А.
Қарағанды қ. Қазыбек би аудандық
№2 сотының судьясы
Равильева А.
Ю-19-1к. топ студенті

Құқық теориясына сүйенетін болсақ Қазақстан Республикасындағы құқық салалары белгілі бір жүйені құрайтыны белгілі. Құқықтық реттеудің пәні мен әдісі және сол құқық саласының нормалары белгілі бір қатынастарды реттеуде қолданылады. Қоғамдық қатынастардың ішіндегі табиғат пайдалану қатынастарының ерекшелігін азаматтық құқықпен реттейтін бөлігін көрсету және оған қатысты проблемаларды көрсету, олардың белгілерін, сондай-ақ нормаларының арақатынасын [1] анықтауға мүмкіндік береді. Дегенмен, осы зерттеу тақырыбына кіріспес бұрын, азаматтық заңнамада бекітілген нормаға сай өзекті мәселелерді келтіргім келеді, бұл болашақта оларды саралаудың ұқсас және әртүрлі сұрақтарға жауап табуға мүмкіндік береді.

Егер Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 1-бабына [2] жүгінетін болсақ, онда азаматтық құқықтың пәні ретінде «тауар-ақша және өзге де мүліктік қатынастарға негізделген қатысушылардың теңдігі туралы, сондай-ақ мүліктік байланысты жеке мүліктік емес қатынастар туралы». Сонымен қатар Қазақстанда азаматтық құқықпен реттелетін қатынастарға азаматтар, заңды тұлғалар, мемлекет, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірліктер қатысушылары болып табылады. Мен азаматтық құқық пәнінің осы заңнамалық анықтамасына тоқталғым келеді, дегенмен теориялық тұрғыдан осы құқық саласының пәніне қатысты басқа да пікірлер бар.

Нақты түсіндірумен байланысты маңызды мәселелердің кең ауқымын меншік құқығын қорғауға бағытталған заң ережелерін қолданудың ерекшелігі жайлы сөз қозғаймыз. Бұл тұрғыда виндикация деген атаумен кең тараған ұғымды басшылыққа ала отырып меншік құқығын қорғау мәселелерін шешудің оңтайлы тепе-теңдігін сақтауда бір жағынан меншік иесінің және адал сатып алушының мүдделері болса, екінші жағынан, азаматтық айналым тұрақтылығы маңызды мәнге ие. Біздің елдің жағдайындағы заңнамада көзделген нормалар мен қазіргі заманғы әдебиеттерді негізге алып терең зерттеуді қажет ететін мәселе. Сонымен қатар, осы мәселе төңірегіндегі сұрақтарды қарастырғанда мақаланың мақсаты заң нормасы

мен доктринада бірақатар келіспеушіліктер барын тілге тиек етеміз, сондықтан осы зерттеуді жалғастыру арқылы жоғары теориялық және практикалық маңыздылығын көрсету.

Құқықтық ұстанымды алға қоятын өркениетті мемлекеттерде меншік құқығының қорғалуын бойынша қатынастарды басты орынға қойып, маңызды мән береді. Өйткені, қандайда бір мемлекетте болмасын, тіпті әр отбасында болса да меншік деген адамзат баласының негізі өмір сүруінің қажетті шарт ыдеп айтсақ артық етпес. Мәселен, меншік деген ол экономикалық ұғым, ал оның әрекет жағдайын реттеу құқыққа тән болмақ. Қай елде де экономиканы ойлап, оны реттеу үшін заң шығарып, ал оны жүзеге асыру үшін саясат қолданатыны қисынға саяды. Ал мемлекеттегі әр азамат өз меншігін қалауынша пайдаланып, оны экономиканың көзі ретінде келетін зияннан қорғай алама? Меншіктің қорғалуы англосаксондық құқықтық жүйелі мемлекеттерде және діни мемлекеттерде әдет-ғұрып заңдарымен реттеліп отырса, біз сияқты романо-германдық құқықтық жүйені таңдаған мемлекеттерде негізгі заңымен, яғни Конституциясымен бекітіліп реттеледі.

Құқықтық мемлекет ретінде Конституциямыз елдің негізгі заңы, сондықтан басқа заңдардың қабылдануына бастау беретін акт болып табылады және оған бағынышты заңдар, кодекстер қайшы болмауға тиіс.

Еліміздің Конституциясының 26-бабының бірінші тармағында Қазақстан Республикасының заңдары заңды түрде алған мүлкін өз меншігінде ұстай алады деп өз еліміздің азаматтарының меншігін бекітіп берсе, ал меншікке заңмен кепілдік берілетіні және соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайдыны туралы баяндалып, шегелеп бекітілген [1].

Міне, осы ата заңымызға негізделіп қабылданған азаматтық заңнамасы бойынша меншік құқығын қорғауға байланысты мәселені бірнеше әдіс түрімен қорғауға болатынын көруге болады. Бірі ретінде меншік иесінің мүлікті өзгенің заңсыз иеленуінен талап етуі (виндикациялық талап) Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 260-бабы және меншік иесі өз құқықтарының бұзылуы иеліктен айыруға байланысты болмағанымен, оларды бұзудың қандайын болса да жоюды талап етуге құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 264-бабы (негаторлық талап). Негізінен кез келген меншік осы екі тәртіп, яғни екі түрлі талап қою арқылы қорғалады [2]. Доктриналық талдауда ғалымдар меншік құқығын қорғаудың тағы бір жолын мүлікке меншік құқығын тануды айтып жүр, бұл бірақ азаматтық заңнаманың 159 бабында көзделген. Бұл жерде кез келген адам сотқа жүгіну арқылы өзінің иелігіндегі мүлікке меншік құқығын тануды сұрай алады.

Біз мақалада меншік иесінің мүлікті өзгенің заңсыз иеленуінен талап етуіне байланысты бүгінгі таңдағы өзекті мәселелерге тоқталмақпыз. Дегенмен осы мәселеде виндикациялық талапқа тоқталмас бұрын мына мәселеге назар аударсақ.

Құқықтарды қорғау тұрғысынан «адалдық» категориясының маңызы деген түсінікке көңіл бөлсек. Әрине заң бойынша адал алушы бөлек норма ретінде қарастырылған. Дегенмен заң шығарушы адал алушы ұғымын енгізгенімен оның мәніне толық тоқталмайды. Шын мәнінде адал алушы деген кім? Адалдық деген не қасиет? Адалдық (*bona fides*)- Ежелгі Рим дәуірінен бері белгілі аса маңызды азаматтық-құқықтық категорияның бірі. Осыған қарамастан римдік жеке құқықтың көздерінде оның жалпы анықтамасы болмаса да азаматтық институт пен оның нормаларында маңызды рөл атқарды [3, 131-132 б.].

Бүгінгі таңда «адалдық» ұғымының маңыздылығы артты, сондықтан заң шығарушы азаматтық кодекстің нормасына енгізді. Өйткені меншік құқығын қорғауда сот шешімінің маңыздылығы «адалдық» терминімен тікелей байланысты екенін көрсетті. Бірақ соған қарастан «адалдық» термині жалпы нормасына жазылғанымен, оған жеке түсінік берілмеген және оны көп ғалымдар көп мағыналы ұғым түрінде психология, лингвистика, логика, философия және т.б. салаларымен байланыстырып қарастырады.

Ал шын мәнінде «адалдық» категориясының заңнамалық көрінісі де әртүрлі. Ол Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің нормаларында, сондай-ақ, заң шығарушы тиісті терминге нақты анықтама брмей шығарған заң нормаларында әртүрлі көрініс табады.

И.Д. Кузьминаның пікірі бойынша, «адалдық тұлғаның сыртқы объективті өлшемі немесе оның мінез-құлқының субъективті жағы болуы мүмкін», деген көрқарасты ұсатанады [4, 44 б.].

Дегенмен адал алушы мен адалдық қасиеттерді айырған жөн шығар. Адал алушының арғы ойы не болған білу қиын, ал адалдық қасиет өзгеріп кетуі мүмкін. Адам баласының жүрегі соғады десек, онда соққан жүректе қасиеттерді ұстай алуда қиын болар, өйткені ол бірқалыпта еме ғой. Мәселен, Абай атамның елден бөлек болам десең ақыл, қайрат, жүрек үшеуін бірдей ұста сонда елден ерек, бөлек боласың дейді. Ал, жүрек амалдары мен ақыл амалдары кейде бір біріне бағынбай жатады. Адал алушы жағдай көп кездестің мәселе. Адал алушы меншіктегі мүлік құжаттарының дұрыс емес екенін білмей қалуы мүмкін ғой. Сондықтан адал алушы деп алып, оның жауапқа тартатын жағдай туындауы мүмкін екенін ескерген жөн.

Адалдық санаты Азаматтық кодексте әртүрлі мәнге ие бола отырып, істің шешілуіне өте себін тигізеді Азаматтық кодекс бойынша мәмілелердің жарамсыздығын, заттық және міндеттемелік құқық нормаларын белгілейді..

Қазақстан азаматтық құқық жүйесіндегі көптеген маңызды орындардың бірі – мүлікті басқа біреудің заңсыз иелігінен талап ету, яғни виндикациялық талап туралы ереже ойып орын алады. Виндикациятермині заңның өзінде осы қалпында қолданылмаған. «Виндикация» термині латын тілінен аударғанда «vindicare» «күш қолдану туралы жариялаймын (затты күшпен қайтаруды талап етемін), қорғаймын, наразылық білдіремін, талап етемін» дегенді білдіреді.

Қорғаудың бұл түрі ежелгі Римде пайда болды және сол кездегі меншік құқығын қорғаудың негізгі әдістерінің бірі болды. Виндикациялық талаптар олардың көлемі бойынша ең кең заңды талаптардың категориясын білдіреді.

Ел өркениетіндегі виндикациялық сот ісі деп затты иемденбейтін меншік иесінің оны заңсыз иеленушіге қатысты талабы түсініледі. Мұндай талап тұтастай алғанда меншік құқығын қорғайды, меншік иесінің барлық үш құқығы – билік ету, пайдалану, иелік етуді сақтайды, өйткені ол барлық үш өкілеттік бір уақытта бұзылған кезде ұсынылады. Осы кезеңде меншік иесі иелік ету, пайдалану және билік ету мүмкіндігінен айырылған, бірақ солар үшін меншік құқығы сақталып тұр және виндикациялық талап қоюға негіз болып табылады.

Виндикациялық талаптың объектісі тек талап қою кезінде сақталған жеке анықталған зат бола алады. Егер мұндай нәрсе айналымнан шығып кетсе, мысалы, ол қайтыс болса, онда виндикациялық талаптың мақсатына қол жеткізу мүмкін емес. Егер талап қоюдың мәні біреудің заңсыз иелігінен затты талап ету туралы талап қойылғаннан кейін жойылса немесе тұлға қайтыс болса іс сотта қаралған кезде, виндикациялық талап та қанағаттандырылуға жатпайды.

Виндикациялық талапты қарау кезінде дәлелдеу нысанасы бойынша айқындалған виндикация түріндегі салдарларды қолдану келесі мән-жайлардың болуына немесе болмауына байланысты:

- мүлікті иеліктен шығару жөніндегі мәміле өтеулі немесе өтеусіз;
- сатып алушының адалдығына немесе теріс пиғылына байланысты;
- мүлікті меншік иесінің иелігінен шығару тәсіліт еркінен тыс немесе оның еркі бойынша.

Сот дауларын шешуде практикалық маңызды мәселе мүлікті меншік иесінің иелігінен шығару әдісін түсіндіру болып табылады. Егер мәміле ақылы түрде жасалса және мүлікті сатып алушы адал болса, мүлік иесінің еркінен тыс шығу деп нені түсіну керек? Мәселен, АҚ-нің 261-бабының 1-тармағында мүлік меншік иесінің иелігінен шығуы мүмкін бірнеше тәсіл көрсетілген.

- меншік иесі немесе меншік иесі мүлікті иеленуге берген адам жоғалтқан;
- не сол немесе басқасынан ұрланған;

- не олардың иелігінен олардың еркінен тыс өзге жолмен кеткен жағдайда мүлікті адал алушыдан талап етуге құқылы.

«Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 6 нормативтік қаулысында «мүлікті шығарудың өзге жолдарына, атап айтқанда, алдау, зорлық-зомбылық, қорқыту ықпалымен мәмілелер жасау, меншік иесі өкілінің басқа адаммен залым келісімі, жаңылыстырудың ықпалымен және басқалар сияқты жағдайлар жатады» деп көрсетілген (13-тармақ). Нормативтік қаулының 13-тармағы Азаматтық Кодекстің 261 – бабын түсіндіруге арналғандықтан, мұнда көрсетілген мүлікті иеліктен шығарудың барлық әдістері – алдау, зорлық-зомбылық, қорқыту, меншік иесінің өкілінің басқа адаммен құқыққа қайшы келісімі, алдау, мүліктің меншік иесінің иелігінен шығарылуына қатысты ойлардың және «Тұрғын үйге меншік құқығын қорғауға байланысты дауларды шешудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының қаулысы тұрғын үйдің меншік иесінің иелігінен оның еркінен тыс шығып кету жағдайлары, атап айтқанда, жаңылыстырудың, алдаудың, зорлық-зомбылықтың, қорқытудың және басқалардың ықпалымен мәміле жасау болып табылатынын түсіндіреді.

Егер біз азаматтық құқық теориясына жүгінетін болсақ, онда құқықтық ғылыми әдебиеттерде осы мәселелерді шешудің басқа тәсілдерінде көруге болады. Мәміленің қажетті элементі-қатысушының еркі, ол АҚ-нің 147-бабында берілген мәмілені бағытталған әрекет ретінде анықтаудан қисынды түрде алынады. Демек, ерік мәміленің нысанымен, мазмұнымен, мәмілеге қатысушы мәртебесімен, ерік білдіру еркіндігімен қатар оның жарамдылығын айқындайтын мәміленің міндетті элементі болып табылады (АҚ-нің 157-бабының 2-тармағы). Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда кімді қорғау керек деген мәселені шешу үшін ерік-жігерді есепке алуда меншік иесі немесе адал сатып алушының қайсысы? Олардың қайсысына аз зиян келтірілгеніне сүйене отырып шешу ұсынылады-контрагенттен шығындарды өндіріп алу кімге оңай болады. Сонымен, егер мүлік меншік иесінің иелігінен өз еркімен кетсе, онда ол мүлікті беретін адамды білуі керек. Демек, ол мүлікті сатып алған адамды аз білетін, сондықтан оның шығындарын өтеу мүмкіндігі аз адал сатып алушыға қарағанда осы адамнан залалды өндіріп алу оңайырақ.

Жосықсыз сатып алушыдан мүлік барлық жағдайларда алынады, яғни шектеусіз виндикация принципі қолданылады. Алайда, соттың мүлікті сатып алушының адал екенін анықтауы соттың меншік иесі берген виндикациялық талапты қанағаттандырудан бас тартуы үшін әлі негіз болып табылмайды. Тұлға адал алушы болып табылатындығына қарамастан, меншік иесі өз мүлкін виндикациялық талап бойынша адал алушыдан талап етуге құқылы:

- егер меншік иесі мүлікті жоғалтса. Бұл жағдайда жоғалудың мән-жайлары мен себептері маңызды (иесінің ұмытып кетуі, ұқыпсыз сақтау нәтижесінде және т. б.);

- егер мүлікті меншік иесінің иелігіне берілген тұлға жоғалтса. Бұл ретте меншік иесінің мүлікті басқа тұлғаның иелігіне беру негізі (жалдау, өтеусіз пайдалану, сақтау шарттары бойынша және т.б.) ешқандай рөл атқармайды. Ең бастысы, бұл негіз заңды болды, яғни иесі заңды болуы керек;

- егер мүлік меншік иесінен не оның заңды иесінен ұрланса;

- егер мүлік олардың иелігінен өз еркінен тыс басқа жолмен кетсе [5, 310 б.].

Шығудың өзге жолдарына, атап айтқанда, алдау, зорлық-зомбылық, қорқыту ықпалымен мәмілелер жасау, меншік иесі өкілінің басқа тұлғамен зиянды келісімі, жаңылысу ықпалымен мәмілелер жасау және т.б. сияқты жағдайлар жатады, осы жағдайлардың толық тізбесі ҚР АҚ 261-бабында көзделген.

Барлық осы жағдайларды біріктіретін ең бастысы, мүліктің меншік иесінің (заңды иесінің) еркінен тыс қалдырылғаны. Бұл ретте осы фактіні сот істің нақты мән-жайларын және тараптар ұсынған дәлелдемелерді негізге ала отырып, әрбір нақты іс бойынша жеке белгілеуге тиіс.

Осылайша, жоғарыда айтылғандардан ақылға қонымды сақтық, адалдық, сақтық танытқан адал сатып алушының мүдделері, егер меншік иесі сотта мүлікті меншік иесі немесе меншік иесі мүлікті иелікке берген адам жоғалтқанын немесе біреуінен немесе екіншісінен ұрланғанын немесе олардың иелігінен өз еркінен тыс басқа жолмен кеткендігін дәлелдемесе ғана қорғалуға жатады.

Ал, енді меншік иесінің иелігінен мүлік оның еркінен тыс шығарылған жағдайда мүлдем басқа мәселе туындайды. Мұнда адал сатып алушының жағдайы өзіне пайдалы болады, өйткені ол өзінің мүлкін иемденген адамның шын мәнінде кім екенін білмеуі мүмкін және меншік иесінен айырмашылығы шығындарды өндіріп алатын өзінің контрагентін білетін болады.

Дәл осы принцип арқылы меншік иесі мен адал сатып алушы мүдделерінің тепе-теңдігі орнатылады, азаматтық сауданың сенімділігі қорғалады және азаматтық қатынастардың тұрақтылығы қамтамасыз етіледі. Осы тәсілді қолдана отырып, мүлікті меншік иесінің иелігінен шығару негіздері туралы келесі қорытындыға келуге болады. Ерік-жігердің бұзылуынан туындаған жарамсыз мәмілелер тобына: алдау, арбау, зорлық-зомбылық, қауіп-қатер, бір тарап өкілінің екінші тарап өкілімен өзара құқыққа қайшы келісімі, сондай-ақ жалған мәмілелер жатады. Кейде бұған өтірік және жалған мәмілелер, өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтын және оларды басқара алмайтын адам жасаған мәмілелер жатады. Егер мәміле жарамсыздығының көрсетілген негіздерін адамның еркін қалыптастыру, сондай-ақ жігер мен ерік білдіру арасындағы арақатынас тұрғысынан қарайтын болсақ, онда алдау салдарынан (АК-нің 159-бабының 8-тармағы) не алдаудың әсерінен (АК-нің 159-бабының 9-тармағы) жасалған мәмілелерде ерік-жігердің кемістігі (немесе әдепсіз ерік-жігер) орын алады деген қорытынды жасауға болады. Бірінші жағдайда, мәмілеге қатысушы мәміленің сипаты мен элементтерін қате елестетеді, екінші жағдайда екінші тарап кінәлі болатын шынайы ерік пен сыртқы ерік арасында алшақтық бар. Бірақ екі жағдайда да мәмілеге қатысушы, егер ол өз қатесінің нәтижесінде немесе екінші тараптың саналы әрекеті немесе әрекетсіздігі нәтижесінде пайда болса да, мәміле жасауға өз еркін білдіреді және көмектеседі.

Егер адамның еркі болса, онда мүлік «оның еркінен тыс» адамның иелігінен шығарылды деп айтуға болмайды. Демек, егер мүлік алдау немесе арбау арқылы жасалған мәміле негізінде меншік иесінің иелігінен шығып кетсе, мүлік меншік иесінің еркінен тыс кетті деп санауға негіз жоқ және тіпті виндикациялық талапты қанағаттандыруға негіз жоқ – мүлікті адал сатып алушыдан басқа біреудің заңсыз иеленуінен талап ету туралы талапты қанағаттандырудан бас тарту керек. Сонымен бірге, меншік иесінің құқықтары өзі қатысушы болған бірінші мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап қою арқылы қорғалуы мүмкін. Талап қанағаттандырылған кезде АК-нің 157-1-бабында көзделген мәміленің жарамсыздығының салдары қолданылады. Сол сияқты, мүлік иесінің иелігінен оның еркінен тыс және жалған мәміле кезінде шығарылды деп санауға болмайды (АК – нің 159-бабының 9-тармағы) адамның адал қасиетінің қалыптасуына әсер ететін және оны бұзатын жағдайлар бар, бірақ адамның мәміле жасауға деген еркі бар. Заң әдебиеттерінде бір тарап өкілінің екінші тарап өкілімен құқыққа қайшы келісімі (АК-нің 159-бабының 10-тармағы) мүліктің меншік иесінің өз еркінен тыс иелігінен шығу жағдайларына да қатысты емес екендігі айқын дәлелденген. Егер меншік иесі өкілге өкілеттік беріп, оған мүлікті иеленуге берсе, содан кейін осы мүлікті иеліктен шығару туралы мәміле жасалса, онда мүлік меншік иесінің иелігінен оның еркінен тыс кетті деп санауға негіз жоқ.

Қорытындылай келе, қысқаша шолу азаматтық құқық теориясының доктриналық ережелерінің Қазақстанда қалыптасқан заң практикасымен елеулі алшақтығын көрсетеді.

Занды реттеу бойынша жүйелік шараларды әзірлеу үшін уәкілетті орган заңгерлерден құқық қолдану тәжірибесімен және келесі мәселелер бойынша нақты ұсыныстармен бөлісуді сұрайды:

- меншік құқығын және басқа да заттық құқықтарды қорғау кепілдіктерін күшейту, мүлікті заңсыз қол сұғушылықтардан сенімді қорғауды қамтамасыз ету, оны меншік иесінің мүддесі үшін еркін және заңды түрде пайдалану;

- меншік құқығын қорғау тетіктерін күшейту үшін заңнаманы түзету, рейдерлік және бәсекелестікті жою мақсатында басқа да заңсыз қысымға қарсы тұру үшін меншік иесіне нақты кепілдіктер беру.

Нәтиже ретінде азаматтық құқықтағы меншік құқығының қорғалуын талдау және сот практикасын одан әрі жетілдіру үшін Азаматтық Кодекстің 261-бабын түсіндіру проблемаларына назар аудару керек. Біз виндикациялық талапты қарау кезінде мәмілелер жарамсыздығының барлық басқа көрсетілген негіздемелерін талдауды және оларды бағалауды қарастыру маңызды болмақ. Азаматтық құқықтағы меншікті қорғау институтының және сот практикасын дамыту үшін азаматтық құқық ғылымының ізденістерін ескеру, иесі жоқ меншік иесі мен адал сатып алушының мүдделерін дұрыс теңестіру, мәмілелер жасау кезінде азаматтық тауар айналымына қатысушылардың тәуекелдерін азайту сияқты тиімді тұжырымдамаларды жасауға мүмкіндік тудырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жыл 30 тамыз. (10.03.2017 ж. өзгерістер мен толықтырулар).

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) 1994 жыл 27 желтоқсан № 268-ХІІІ (24.05.21 г. № 43-VII ж. өзгерістер мен толықтырулар).

3. Бартошек М. Римское право: понятия, термины, определения / пер. с чешск. - М.: Юрид. лит. 1989. С. 131-132.

4. Кузьмина И.Д. Правоприменительное значение требования добросовестности // Юридическая наука и практика. 2014. Т. 10. - № 1. - С. 44.

5. Гуев А.Н. Гражданское право. Учебник. Т.1. - М: Инфра-М, 2003. - 457 с.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ ЗАҢ ШЫАРУ ҚЫЗМЕТІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Әбдімар М.Х.
Ю-21-1к II тобының магистранты
Сатбаева Қ.
з.ғ.к., доцент
Қазтұтынуодағы Қарағанды
университеті

1995 жылы 30-тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы Қазақстан халқы қабылдаған Республиканың әрекеттегі Негізгі Заңы президенттік басқару жүйесін бекітті. Конституцияның 2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет екендігі анықталады [1].

Қазақстанның әрекеттегі Конституциясы тек президент институтын ғана дамытып қойған жоқ, сонымен қатар қазақстандық кәсіби парламенттің құрылуы мен қызмет етуі үшін заңдық негіз салды.

Қазақстанның демократиялық жолмен құқықтық және әлеуметтік мемлекет орнатуы – қазіргі өркениетті әлемдік тәжірибеде нық қалыптасқан билік бөлу принципіне негізделеді. Билік бөлу принципіне сәйкес Республикадағы біртұтас мемлекеттік билік Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлініп, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы өзара іс-қимыл жасау принципіне

сәйкес жүзеге асырылады. Аталған билік тармақтарының ішінде заң шығарушы билік негізгі орынды иемденеді. Еліміздің әрекеттегі Конституциясында қос палаталы Парламент бекітіліп, бүгінгі күні өз әрекетін белсенді түрде жүзеге асыруда. Бұл – бұрын-соңды Қазақстан тарихында болмаған жаңа институт. Аталған институтты зерттеу көптеген қазақстандық ғалымдардың назарына ілінгенімен, аталмыш тақырыптың зерттеу өзгешелігі мен өзектілігі келесі мәселелермен байланыстырылады:

1. Бүгінгі күні «парламентаризм» ұғымының Қазақстан Республикасы Парламентінің конституциялық-құқықтық мәртебесіне қаншалықты сәйкестігін зерттеу – еліміздің парламентінің шынайы парламентаризмге лайық қалыптасып, дамуына өз үлесін қосады.

2. Республика Парламентінің конституциялық-құқықтық мәртебесін парламентаризм элементтеріне сәйкестендіре анықтау, осы мәселені зерттеуде ұтымды болып табылады.

3. Аталмыш мәселе бүгінгі күнгі көкейкесті мәселе болғандықтан, оның беделді ғалымдар еңбектерінен өзекті орын алуына байланысты пікірлер ортақтығы мен қайшылықтарын салыстыра отырып зерттеу барысында тың ұсыныстар енгізу, осы өзекті мәселенің әрі қарай дамуына жол салады.

Заң шығару билігінің сипатын зерделеудің өзектілігі мен маңыздылығы оның мемлекет механизміндегі ерекше орны мен атқаратын қызметтері, әрекет ету шарттары мен тәртібінің ерекшеліктеріне байланысты. Биліктің бөлінуі жүйесіндегі заң шығару билігінің ерекше орны заңның, заңнаманың рөлімен, оларды түсіну, қалыптастыру, жүзеге асыруға байланысты. Заң шығару билігінің қалыптасуы мен әрекет етуі демократияны нығайтудың және құқықтық мемлекет құрылуының құрамдас бөлігі болып табылады, ол ең маңызды қоғамдық қатынастардың, соның ішінде биліктік қатынастардың заңмен реттелетіндігін білдіреді. Осыған байланысты, биліктің осы тармағының қуатты әлеуетін пайдаланудың жолдары мен нысандарын іздестіру және анықтау, негізгі әлеуметтік өлшем халықтың игілігі болып табылатын әлеуметтік прогресс үшін ерекше маңызға ие. Осы орайда ел Президенті Қ.К.Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында: «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет». Біз бұл мақсатқа әлі де жете қойған жоқпыз. Сондықтан осы бағыттағы жұмысқа бар күш-жігерімізді салуымыз қажет. Саяси жүйенің бұл формуласы мемлекет тұрақтылығының негізі саналады» - дейді [2].

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік пен егеменділікке қол жеткізуінен бастау алған жаңа мемлекеттік-құқықтық жүйені қалыптастыру және елдің қоғамдық өмірін түбегейлі жаңарту үрдісі бүгінгі күні де жалғасын табуда. Қала берсе, бұл үрдіс толық аяқталған жоқ, өйткені мұндай өзгерістер белгілі бір уақытты және мемлекеттік басқаруда, құқықтық реттеу мен қоғамдық санада тиісті өзгерістерді, тұрақты әлеуметтік және идеологиялық бағыттарды анықтауды талап етеді. Осыған байланысты мемлекеттік биліктің қалыптасуы мен нығаюы, билікті демократияландыру, халықтың қолдауы, ондағы кемшіліктерді жою заманауи Қазақстан жағдайында үлкен маңызға ие.

Заманауи саяси және заң ғылымында биліктің әртүрлі тұжырымдамаларын зерттеу мемлекеттік-құқықтық шындықтың орныққан жағдайын ғана емес, сондай-ақ оларды қазіргідей сапалық деңгейге жеткізген қалыптасу және даму үрдістерін де қамтиды. Қазақстандағы мемлекеттіліктің қалыптасуы билік тармақтарының конституциялық бөлінуінің оңтайлы механизмін және қазақстандық ерекшелікке тән дамыған сындарлы демократияның өзіндік типін анықтауды білдіреді. Қазақстанның мемлекеттік қалыптасу үдерісіндегі ерекше орын заң шығару билігіне тиесілі. Оның табиғатын, мәнін, ұйымдастырылуын, құрылымы мен көрініс табу нысандарын зерттеу мемлекеттік-биліктік қатынастар саласында тәуелсіз, дифференцияланған билік режимінде іс-қимылдардың ауқымын терең зерделеу және оның қызметін оқшаулау үшін теориялық қана емес, орныққан фактілі негізді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік биліктің сипатын зерделеудің өзектілігі мен маңыздылығы оның мемлекет механизміндегі ерекше орны мен атқаратын қызметтері, әрекет ету шарттары мен тәртібінің ерекшеліктеріне байланысты. Биліктің бөлінуі жүйесіндегі билік тармақтарының орны, рөлі,

әрекеттерінің тиімділігі олардың қалыптастырылуы тәртібімен тікелей байланысты. Билік тармақтарының қалыптасуы мен әрекет етуі демократияны нығайтудың және құқықтық мемлекет құрылуының негізі болып табылады. Осыған байланысты, билік тармақтарының қуатты әлеуетін пайдаланудың жолдары мен нысандарын іздестіру және анықтау, негізгі әлеуметтік өлшем халықтың игілігі болып табылатын әлеуметтік прогресс үшін ерекше маңызға ие.

Мемлекеттік билікті ұйымдастыруға қатысты аса маңызды мәселелердің бірі Қазақстан Республикасының Парламентін, Үкіметін, сот органдарын қалыптастыру және олардың әрекетін құқықтық реттеу, күшті, тиімді жұмыс істейтін шынайы заң шығарушы, атқарушы, сот органдарына айналдыру мәселесі болып табылады.

2017 жылғы конституциялық реформалар бойынша билік тармақтары мәртебесінің өзгеруі олардың кеңейтілген түсінігін және мемлекеттің саяси жүйесіндегі мәртебесі мен функцияларын жаңаша зерттеуді, нақтыландыруды талап етеді. Аталмыш мәселені осыған дейін қарастырған зерттеулердің маңыздылығын мойындай отырып, автор кешенді көзқарас негізінде алға қойылған міндеттерді және Қазақстандағы конституциялық реформаларды бағалауды бастапқы қарастыруды жүзеге асырды, олар өз жиынтығында қарастырылып отырған мәселені әрі қарай ғылыми және құқықтық зерттеуге ықпал етеді.

Аталмыш мақалада Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік үш тармағының негізгісі – Республика Парламентінің қалыптасуы, қызмет етуі және дамуының негізгі аспектілерінің бірі заң шығару қызметіндегі проблемаларды қарастыру болып табылады.

Мемлекеттік биліктің бөліну принципі құқықтық мемлекет қалыптастырудағы конституциялық құрылыс сипатына біршама әсерін тигізеді. Билік бөлу қағидасын жүзеге асыру құқықтық мемлекет қалыптастыруға аяқ басудың белгілі бір кезеңін көрсетеді. Биліктің үш тармаққа бөліну қағидаты еліміздің Конституциясында бекітілген. 1995 жылы қабылданған Конституцияға сәйкес заң шығарушы билікті – Парламент, атқарушы билікті – Үкімет және сот билігін Жоғарғы Сот пен жергілікті соттар жүзеге асырады. Сондай-ақ Президент Қазақстан Республикасы Конституциясының 40-бабына сәйкес мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді [1].

Қазақстан Республикасындағы билік тармақтарының әртүрлі аспектілері заманауи қазақстандық ғалымдардың көкейтесті мәселелерінің бірі. Барынша кешенді зерттеу Зиманов С.З., Баймаханов М.Т., Сапарғалиев Ғ.С., Сартаев С.С., Көбеев Е.К., Абдрасулов Е.Б., Амандыкова С.К., Асанов Ж.К., Ащевулов А.Т., Бусурманов Ж.Д., Ибраева А.С., Кенжалиев З.Ж., Ким В.А., Ким Г.В., Сәбикенов С.С., Мухамеджанов Э.Б., Таранов А.А., Турецкий Н.Н., Сатбаева Қ.Қ. тәрізді қазақстандық ғалымдармен жүргізілді. Өз еңбектерінде ғалымдар Қазақстан Республикасындағы билік тармақтарының конституциялық-құқықтық мәртебесін қарастырды, мемлекеттік билік органдарының қалыптасу тарихын, құрылу және әрекет ету қағидаттарын концепциясын негіздеді.

Мемлекеттік биліктің жалпы теориялық мәселелерін зерттеп-зерделеу ресейлік құқықтанушылар Авакьян С.А., Алексеев С.С., Бабаев С.В., Баглай М.В., Барнашов А.М., Зуев В.И., Кожевников С.Н., Коркунов Н.М., Котелевская И.В., Котляревский С.А., Манов Г.Н., Марченко М.Н., Митин С.С., Мишина Е.А., Тарановский Ф.В., Усанов В.Е., Чиркин В.Е. және тағы басқа ғалымдардың еңбектері негізінде жүзеге асырылды.

Біртұтас биліктің үш тармағының тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес қызмет етуінің мәселелері Әбділдин С.Ә., Айтхожин К.К., Ахметова Н.С., Байшев Ж.Н., Баймаханова Д.М., Жоламан К.Д., Кожахметов Ғ.З., Котов А.К., Қопабаев Ө.К., Малиновский В.А., Матюхин А.А., Мұхамеджанов Б.А., Нұрпейісов Е.Қ., Өзбекұлы С.Ә., Өсеров Н.Ө., Самалдыкова З.М., Сатбаева Қ.Қ., Табанов С.А., Тайторина Б.А., Тагаев А.У., Ударцев С.Ф. және өзге қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде мұқият қарастырылды. Көрсетілген авторлардың зерттеулерінде аталмыш

мәселелер мемлекет және құқық тарихына, конституциялық құқыққа, парламенттік құқыққа байланысты кейбір мәселелер тұрғысынан ашылады.

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізген жылдары көлемінде Қазақстандағы заң шығару билігінің әртүрлі мәселелері белгілі бір деңгейде Амиров Н.К., Башарова Ж.М., Бекжанов Б.А., Дауталиев Қ.Н., Досымбекова Р.Ш., Жарболова А.Ж., Исабеков А.Қ., Сатбаева Қ.Қ., Самалдыкова З.М., Төлеубеков А.Т. тәріздес ғалымдардың диссертациялық зерттеулерінің негізін құраған. Дегенмен, аталған диссертациялардың басым бөлігі мемлекеттегі саяси күштердің арақатынасын өзгертуге әкелетін Қазақстан Республикасы Конституциясына мәнді өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін жазылып, қорғалған болатын.

С.З. Зимановтың пікірінше, мемлекеттік-құқықтық зерттеулер «танымал түсініктерді байытуға, оларды нақтыландыруға және толықтыруға немесе ескі түсініктерді жаңамен алмастыруға әкелуге тиісті, өйткені біріншілері өзгерген шынайы қатынастардың мәнді қасиеттерін толық қамтуы мүмкін емес» [3, 76 б.]. Аталған пікірді ескере отырып, жеткілікті көлемде жүргізілген зерттеулерге қарамастан, бұл тақырыптың өзектілігін жоймағандығын көреміз. Себебі, Қазақстандағы билік тармақтарының дамуының және қызмет етуінің кейбір аспектілері толық көлемде зерттелінбеген немесе олар бойынша ғылыми пікірталасты талап ететін даулы тұжырымдар жасалынған. Қазақстан Республикасында мемлекеттік билік органдарының қалыптасу тарихы, өкілеттілігі және әрекет етуін ұйымдастырудың теориялық-құқықтық мәселелері, мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі әрбір билік тармағының орнын анықтау заманауи шындықты ескере отырып кешенді зерттеуді қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттік билік тармақтарының түсінігіне, функцияларына кеңейтілген тарихи-теориялық сипаттама беру, Қазақстан Республикасында үш тармаққа бөлініп, әрекет ететін мемлекеттік биліктің нормативті-құқықтық негіздеріне жалпы теориялық талдау жасау, сондай-ақ, қазіргі кезеңдегі заң шығарушы, атқарушы, сот биліктерінің құрылу және әрекет ету тәжірибесінің мәселелеріне тоқталу қажеттілігі бар. Қазақстандағы билік тармақтарының шынайы рөлі және олардың әр қайсысының биліктің бөлінуі механизміндегі орны туралы келелі сұрақ теорияда, заңнамада және құқық қолдану тәжірибесінде жеткіліксіз деңгейде қарастырылғандықтан, мемлекеттік биліктің әрекет ету тиімділігін арттыру мақсатында зерттеуді талап етеді.

Өзінің шынайы орнына сәйкес парламент – бұл әлеуметтік мүдделер келісімі, оларды ортақ қорытындыға – мемлекеттік мүдделерге және, демек, басқарудың демократиялық нысаны кезінде – бүкіл халық мүдделеріне келтіру үшін құрылатын өкілді орган. Осы айтылғандарға сәйкес қазақстандық парламентаризм ұғымын келесі анықтама айқындайды деп ойлаймыз.

Қазақстандық парламентаризм – бұл әлеуметтік мүдделер келісімін Қазақстандағы бүкіл халық мүдделеріне келтіру үшін заң шығару өкілеттіктері мен маңызды мемлекеттік міндеттерді жүзеге асыру барысында өзге билік тармақтарымен тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы өзара бірлесіп іс-қимыл жасайтын, билік бөлу жүйесінде өзінің жалпыхалықтық мәртебесіне сәйкес өкілді орган ретіндегі парламенттің басымдық жағдайы.

Парламент құрылымы, әдетте, мемлекеттік құрылыс түрімен, халық санымен немесе белгілі бір елдердің тарихи дәстүрлерімен байланысты.

Мемлекеттік құрылысы федеративті түрдегі не халық саны 10 млн.-нан асатын мемлекеттер өз парламенттерін екі палаталы жүйеде (Канада, АҚШ, Австрия, Бельгия, Италия тағы басқа), ал біртұтас мемлекеттер (Греция, Турция, Дания, Люксембург, Финляндия, Непал, Жаңа Зеландия, Швеция, Израиль) бір палаталы жүйеде құрады, бірақ бұл жерде ережеден ауытқу да болуы ықтимал, себебі әуелде парламенттерді құрудың дәстүрлі жүйесі қос палаталық жүйе болды. Тарихтан белгілі болғандай, жоғарғы палата ақсүйектер өкілдігі үшін және буржуазия мен едәуір демократиялық бағытты ұстанған басқа да адамдар өкілдігінен тұратын төменгі палатаны тежеп отыру үшін енгізілген.

Көптеген мемлекеттану ғалымдары, екінші палата парламенттің интегралды бөлігі ретінде аса қажет деп ұйғарады.

Қазақстан Республикасының 1995-жылғы Конституциясы Парламентті заң шығару қызметін жүзеге асыратын жоғарғы өкілді орган ретінде бекітті. Әрекеттегі Конституция бойынша Парламент өзінің бұрынғы «бірден-бір заң шығарушы орган» мәртебесінен айырылды. Конституция Республика Президентінің де заң шығару қызметін атқара алатынын бекітті. Сонымен бірге Конституция Парламенттің заңдар қабылдау құқығы бар мәселелер мен қатынастар шеңберін белгіледі (61-б., 3-т.). 61-баптың 3-тармағын түйіндейтін норма өзге қатынастардың барлығының заңға тәуелді актілермен реттелетінін белгілейді. Конституцияның осы нормасындағы «өзге қатынастар» ұғымы нақтылану қажет деп ойлаймыз. Ол үшін көрсетілген норма келесі редакцияда қабылдану қажет: «Негізгі принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдардан өрбіген қатынастар заңға тәуелді актілермен реттеледі».

Заң шығару шаралары тиімділігінің басты шарты – бұл заң шығару процесі сатыларының дұрыс анықталуы. Егер заң шығару процесінің сатылары дұрыс анықталып, қабылданатын заң осы сатыларға сәйкес қаралатын болса, онда заңның тиімді түрде жүзеге асырылуы бойынша туындайтын көп талаптардың бірі орындалатыны айқын.

Қазақстан Республикасындағы барлық заңдар белгілі бір анықталған шаралар нәтижесінде қабылданады, яғни заң шығару процесі арқылы жүзеге асырылады. Заң шығару процесінің дамуы, оның сатыларын анықтау Қазақстан Республикасындағы заң шығару қызметінің қалыптасуы үшін аса маңызды болып табылады.

Заң шығару процесін жетілдірудің басты шарттарының бірі – заң жобасы бойынша әзірленетін қосымшада міндетті түрде ғылыми сараптама қорытындысының болуы.

Республика Парламентінде қаралатын заң жобаларына рабайда ғана ғылыми сараптама жүргізіледі. Осындай бірең-сараң жүргізілген сараптамалардың өзі Парламенттің заң шығару қызметіне оң ықпалын тигізетінін көруге болады. Айталық, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңның жобасына М. К. Сүлейменов пен Ю. Г. Басиннің берген заңдық қорытындысы айтылған заң жобасын берілген түрде қабылдаудың мақсатқа сәйкессіздігін анықтайды. Мұндай қорытынды заң жобасының ғылыми сараптамаға берілген түрімен әрі қарай жұмыс жүргізу қажеттігінің жоқтығын білдіреді. Қорытынды нәтижесі заң шығару процесі барысына келесідей ықпалын тигізеді: а) сапасыз заң жобасының Палата отырысында қаралу мүмкіндігі күн тәртібінен түсуіне байланысты, парламентарийлердің осындай әрекетке кетуі мүмкін уақыты үнемделеді; б) сапасыз заң жобасының қабылдану мүмкіндігіне байланысты жұмсалатын қаржы үнемделеді; в) әрекетсіз заңның пайда болу мүмкіндігіне жол берілмейді. Осы айтылғандардан ғылыми сараптаманың аса маңыздылығы айқындалады. Осыған байланысты заң жобаларын дайындау процесіне ғалымдарды тарту барысында олардың пікірлерінің ескерілетініне белгілі бір шаралық кепілдіктер берілсе, оларды осы жобаның сапалылығы үшін берілетін кепілдіктер деп есептеуге болады.

Заң шығару процесінің тиімділігі Парламент Палаталарының ішкі келісімімен тығыз байланысты. Қазақстандық парламентаризмге сәйкес берілген анықтамамыз бойынша «әлеуметтік мүдделер келісімін бүкіл халық мүдделеріне келтіру үшін» қызмет етуге бағытталған орган өз ішіндегі келіспеушіліктерді нәтижелі ортақ келісімге келу арқылы шешпесе, онда елімізде шынайы парламентаризмнің орнауы мүмкін емес. Парламент Палаталарының ішкі келісімін нығайту мақсатында құрамына Сенат пен Мәжіліс депутаттары енетін, екі палатаның бағыттарын үйлестіріп отырушы тұрақты комитет құрылуы керек деп ұйғарамыз. Мұндай комитеттер әлемдік тәжірибеде бар. Мысалы, АҚШ Конгресінде құрамына сенаторлар мен конгресмендер енетін 4 бірлескен тұрақты комитеттер әрекет етеді. Олар заң жобаларын әзірлеумен айналыспайды, негізінен екі палатаның бағыттарын үйлестіріп отырады.

Парламенттегі көптеген мәселелер шешімінің халықтың шынайы өмірімен келіспеуі заң шығару процесінің басты кедергісі болып табылады. Осындай кедергілерді тойтару шараларын іздеу барысында заң шығарушылар келесі мәселелерге көңіл бөлулері керек:

1. Қабылданған заңдарда халық мүдделерінің басым болуын көздеу мақсатында депутаттар мен халық арасындағы байланысты нығайту қажет. Ол үшін Парламент Мәжілісі Регламентінің 5-тармағымен көзделген. Мәжіліс депутаттарының өз сайлаушыларымен қарым-қатынас жасауы үшін тоқсан сайын берілетін он күнтізбелік мерзімді тоқсан сайын берілетін жиырма күнтізбелік мерзімге ұзарту қажет. Депутаттар өз сайлаушыларымен кездесу барысында халықтың басым көпшілігінің мүдделерін қамтитын өздері бастамашылық жасаған заң жобаларын сайлаушылар талқысына ұсынулары керек. Осындай әрекет арқылы келесідей нәтижелерге жетуге болады:

а) егер айтулы жоба халықтың белгілі бір басым тобының қолдауын тапса, онда жобаның заңға айналғандағы сапалы әрекетіне шек келтірмеуге болады;

ә) кездесулер нәтижесінде сайлаушылар тарапынан жасалған жаңа ұсыныстар, тың пікірлер депутаттардың заң шығару бастамасы құқығының тиімді жүзеге асырылуына себін тигізері сөзсіз;

б) заң шығару бастамасы құқығының депутаттармен жүзеге асырылуы барысы туралы мәселені Сенат пен Мәжілістің бірлескен отырысында талқылап отыруды әдетке айналдыру қажет. Осы отырыстарда депутаттар өз сайлаушыларының ұсыныстарын ортаға салу барысында айтылған ұсыныстардың ортақ шешімін табу арқылы жаңа заң жобасының туу мүмкіндігі пайда болады. Осыған орай депутат немесе депутаттар тобы айтылған мәселе бойынша бастамашылық жасауға ниет білдіруі мүмкін. Мұндай мүмкіндік депутаттардың заң шығару бастамасы құқығын жүзеге асырудағы әрекетінің белсенділігін арттырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (электрондық «Әділет» базасына сәйкес 04.11.2021 жылғы жағдай бойынша). – [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/ K950001000_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_)

2. Тоқаев Қ. Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – <http://www.akorda.kz/>

3. Зиманов С.З. О понятиях в теории государства и права. Актуальные проблемы теории социалистического государства и права. – Москва: Издательство ИГиП АН СССР, 1974. –216 с.

АНАЛИЗ НОРМАТИВНО-ПРАВОВЫХ АКТОВ, ПО ПРЕДОТВРАЩЕНИЮ И ПРОТИВОДЕЙСТВИЮ КОРРУПЦИИ В ОРГАНАХ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ВЛАСТИ

Багжанова А.Ж.,
Магистрант,
Карагандинский университет
имени Е.А. Букетова

Разработка и принятие антикоррупционного законодательства является основным элементом в стратегии выработанной политики в Республике Казахстан. Для освещения данного вопроса следует разобраться с самим понятием «антикоррупционное законодательство». Это совокупность различных по юридической силе правовых актов,

которые приняты не только на противодействие, но и на предупреждение коррупционных деяний.

Антикоррупционное законодательство включает специальные положения, определяющие признаки коррупционных правонарушений, ответственность, регулирует деятельность государственных органов, в обязанности которых входит предотвращение и противодействие коррупции. Успешная антикоррупционная деятельность возможна только при условии существования в Республике Казахстан надлежащего законодательства [1, с. 986].

Антикоррупционное законодательство включает законы, постановления Правительства, указы Президента и акты ведомственного характера. Сущность антикоррупционного законодательства в том, чтобы: во-первых, ограничить или вообще устранить проявления коррупции, исключить возникновение конфликта личных и служебных интересов, определить на нормативном уровне поведение субъектов, ответственности за коррупционные правонарушения, добиться того, чтобы должностные лица добросовестно выполняли свои служебные обязанности; во-вторых, определить признаки коррупционных преступлений, предусмотреть возможные к совершенному правонарушению меры ответственности, урегулировать деятельность государственных органов и их подразделений, призванных противодействовать коррупции.

Проанализировав антикоррупционное законодательство Казахстана можно сделать вывод о наличии значительного количества нормативных актов, регулируют данную сферу. Все правовые акты, а их около 100 по подсчетам ученых, можно условно разделить на три подгруппы, рассмотрим каждую из них: нормативно-правовые акты, которые предусматривают положения относительно обще - социальных и специально-криминологического предупреждения коррупции; нормативно-правовые акты, которые определяют признаки коррупционных правонарушений и устанавливают за них ответственность; нормативно-правовые акты, регулирующие деятельность государственных органов и их отдельных подразделений по непосредственной правоохранительной деятельности в сфере противодействия коррупции, ее координации, осуществления контроля и надзора за ней [2, с. 83].

Начнем наше исследование законодательства по Конституции Казахстана как основного источника права в нашей стране. Она содержит в основном нормы общего характера, можно применить и к антикоррупционной сфере воздействия. В ст.3 Конституции Казахстана гласит: «Государственная власть в Республике едина, осуществляется на основе Конституции и законов в соответствии с принципом ее разделения на законодательную, исполнительную и судебную ветви и взаимодействия между собой с использованием системы сдержек и противовесов»[1]. Нужно заметить, что данная статья определяет рамки правомерного поведения должностных лиц, указывает, что указанные лица могут действовать только в соответствии с законом. Таким образом, ст. 3 Конституции является фундаментальной нормой, ведь она не допускает отклонения от определенной законом поведения госслужащих. Следующая статья, которую мы рассмотрим далее в ходе нашего исследования ст. 52 в она говорит о несовместимости депутатского мандата с другими видами деятельности. Также ряд других статей Конституции устанавливают ограничения, для определенных категорий лиц ст. 44, 68, 71, 78, 86 и могут оцениваться как антикоррупционные.

Основным нормативно-правовым актом является Закон Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года № 410-V «О противодействии коррупции» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 19.12.2020 г.). Антикоррупционная сущность данного закона от 18 ноября 2015 года № 410-V заключается в том, что он определяет основные принципы предотвращения и противодействия коррупции. Предыдущий Закон Казахстана «О борьбе с коррупцией» утратил силу. Новый ЗПК предусматривает достаточно серьезные изменения в

подходах к выявлению и противодействию коррупции. Мы осуществим маленькое сравнение двух законов, таким образом, лучше будет рассмотреть изменения.

Определенные изменения заметны и в определении ряда понятий, в том числе и «близкие лица», которое стало шире и понятнее. Близкими считают лиц независимо от того, проживают они вместе или нет, только в зависимости от наличия отношений семейного характера [20, с. 145]. Новое понятие теперь конкретно устанавливает степень родства только наличия их лица считают близкими.

Следующей новеллой является то, что ранее прямое подчинение разрешалось, только если оба близких лица находились на выборных должностях. Теперь п. 1 абз. 1 ч. 1 ст. 14 закона № 410-V позволяет совместно работать близким лицам, прямо подчинены друг другу в связи с приобретением одним из них статуса выборного лица. В частности, новый закон не запрещает работать в прямом подчинении лицам, работающим в юридических лицах публичного права, но не являются работниками государственных органов или госслужащими.

Қаптама жасау үшін қолданылатын пластик, фольга және картон ауа сапасына теріс әсер ететін технологияларды қолдану арқылы шығарылады. Нақты не сатып алғанымыз маңызды емес, ең аз қаптамасы бар өнімді таңдауға тырысайық. Мысалы, фольгаға оралған тәтті бәлішті сатып алғанша оны үй жағдайында пісірген тиімді. Бұл қолайсыз болса, қайта өңдеуге болатын орамдағы өнімдерді таңдайық. Пластикалық немесе картон сөмкелердің орнына өзімізбен бірге мата сөмкесін алғанымыз жөн.

Тұрмыстық қалдықтарды дұрыс өңдеу - ауаның ластануын азайтудың тағы бір жолы. Қалдықтарды қайта пайдалану, қайта өңдеу және сығымдау оның мөлшерін азайтуы мүмкін. Қоқысқа қаншалықты аз қалдық түссе, соғұрлым жақсы, өйткені бұл ауаны ластаудың тағы бір негізгі көзі. Тағамды қайта-қайта пайдалануға болатын шыны ыдыстарда сатып алғанымыз дөрыс. Пластикалық ыдыстарды, бөтелкелерді және контейнерлерді тағамды сақтау үшін бірнеше рет қолдануға болады, бірақ тым ұзақ емес, өйткені химиялық заттар уақыт өте келе тағамға сіңіп кетуі мүмкін. Пластмасса, қағаз, алюминий және басқа қалдықтарды өз қаламыздағы ережелерге сәйкес тастауымыз керек.

Босния және Герцеговинаның астанасы Сараевода ауаның ластануы шарықтау шегіне жетті. Оны азайту үшін олар қалада жүк көліктерінің қозғалысына тыйым салды, сонымен қатар барлық ашық шараларды тоқтатты және тұрғындарды үйлерінен шықпауға шақырды. Қытайда тұрмыстық деңгейде де ауаның ластануын азайтуға талпыныс жасалуда. Қалаларда халықты көмір пештерінен бас тартуға, бензин мен дизельдік отынға жоғары талаптар қоюға шақырады. Жоспарға сәйкес, 2020 жылы Қытайда олар еуропалық және америкалық

көрсеткіштерге сәйкес келуі керек. Жекпе-жек нәтижелері сәтті болды – мысалы, қалаларда ауадағы ұсақ бөлшектердің концентрациясы төрт жылда 32%-ға төмендеді [3].

Үндістан астанасы Дели әлемдегі ең ластанған болып саналады. Билік мектептерді жабуға, рейстерді тоқтатуға және денсаулыққа байланысты төтенше жағдай жариялауға мәжбүр. Атмосфераның ластануының рұқсат етілген деңгейі текше метріне 50 микрограммнан аспауы керек болса, Үндістан астанасында орташа есеппен 113. Ең бастысы 10 миллион көлік, құрылыс және көмір жағу ауаны ластауда. Ластану шыңына жеткеннен кейін билік төтенше жағдай жариялап, тұрғындарға миллиондаған бетперделер таратты. Ауаны тазарту үшін Дели барлық құрылыстарға уақытша тыйым салып, жолдардағы көліктердің санын шектеді [3].

Лондонда азот диоксиді проблема болып табылады – ол тыныс алу мүшелерінің қатты тітіркенуін тудырады, ал оның ұзақ әсер етуі сау адамда қабынуды тудырады және демікпемен ауыратын адамдарда симптомдардың күшеюіне әкеледі. Қала ауадағы азот диоксиді нормасына небәрі алты жылда жете алады. Осымен күресу үшін қалада «Ультра төмен шығарындылар аймағы» құрылды. Ауаны тым көп ластайтын көліктердің жүргізушілері ақшамен кіруге мәжбүр болған. Мысалы, көптеген жеңіл көліктер, мотоциклдер немесе жүк көліктері үшін бұл 12,5 фунт (16,5 доллар), бірақ автобустар немесе жүк көліктері сияқты ірі көліктер үшін төлем 100 фунтқа (131 доллар) дейін көтеріледі.

Осыған ұқсас шектеулер Францияда бар – Парижге немесе Лионға кіру үшін жүргізушілер көліктеріне көліктерінің атмосфераны қаншалықты ластайтынын көрсететін арнайы жапсырмаларды жапсыруға міндетті. 1997 жылға дейін шығарылған көліктерге әдетте тыйым салынады [3].

Берлинде дизельді көліктер кейбір жолдарды пайдалана алмайды, ал қаланың бірнеше аудандарында жылдамдық 30 км/сағ шектелген. Сонымен қатар, қала қоғамдық көліктерге, электр автобустары мен арнайы веложолдарға көбірек инвестиция салуда.

Перудағы Инженерлік және технология университетінің (UTEС) ғалымдары ауаның ластануымен күресетін билбордтарды жасап, құрастыруда. Мұндай билбордтың прототипі 2013 жылы Перу астанасы Лиманың ең ластанған бөліктерінің біріне орнатылды. Қалқан негізгі термодинамикалық заңдардың арқасында жұмыс істейді, ластанған ауа су арқылы өтеді, ол ластаушы заттарды белсенді түрде жинайды (мысалы, бактериялар, шаң және т.б.), содан кейін тазартылған ауа сыртқа шығарылады. Құрылғыны жасаушылардың айтуынша, бір билборд 1200 ағаштың жұмысын атқара алады, күн сайын қалалық ортада 100 000 м³ ауаны тазартады [3].

NASA ұсынған ауа дезинфекторы. Бұл кейбіреулерді таң қалдыруы мүмкін, бірақ ішкі ауа сыртқы ауаға қарағанда жиі ластанған. Сондықтан ғимараттардағы ауаны тазарту туралы ойлануға тұрарлық. Ауаны тазартқыш бастапқыда өсімдіктер шығаратын этиленнен құтылу үшін Халықаралық ғарыш станциясы үшін әзірленген. Осының негізінде Airocide құрылғысы жасалды. Дезинфекторда титан диоксидімен қапталған шыны сақиналары бар камера бар. Жарық әсерінен камерада ауадағы органикалық молекулаларды бұзатын гидроксилдер түзіледі. Станцияда сәтті жұмыс істегеннен кейін бұл құрылғылар жұмысы азық-түлікпен байланысты кәсіпорындарда, сондай-ақ ауруханаларда қолданыла бастады. Жақында олар қарапайым пайдаланушыларға қол жетімді болды [4].

Аэроцид зең, көгеру, тозаң, шаң кенелері, вирустар, бактериялар және VOC сияқты биологиялық ластаушы заттардың 100% дерлік өлтіруі мүмкін. Аэроцид сүзгі емес, бірақ үй ішіндегі ауаны дезинфекциялайды. Бұл дезинфекциялау құралының кемшілігі бір жылдан кейін картриджді ауыстыруды қажет етеді. Интернет-дүкендердегі Airocide құны әдетте \$ 799, ал картридж құны \$ 99 құрайды.

Ауаны тазартатын ғимараттар. Болашақта ауаны тазарту технологиялары ғимараттардағы фотокаталитикалық жабындардан әлдеқайда жоғары болуы мүмкін. Evolo зәулім ғимараттарды жобалау байқауында ауаның ластануын азайтудың бірнеше тұжырымдамалары, соның ішінде ресейлік Алексей Умаровтың Hyper-Filter концепциясы

ұсынылды. Ол үлкен қалалардағы ауаны CO₂ және басқа да зиянды газдардан тазарту және атмосфераны оттегімен қамтамасыз ету үшін зәулім ғимараттардың арасында, бос емес көлік артериялары мен зауыттардың жанында орналасқан құрылымды пайдаланады. Құрылым ластаушы заттарды ұстайтын көптеген түтіктерден тұрады, оларды кейін химия өнеркәсібінде қолдануға болады.

Бөлме өсімдіктері. Барлығы дерлік жабық өсімдіктер үйдегі ауаның сапасын жақсартатынын біледі. Сондықтан үйде өсімдіктердің барлық түрлерін өсіру эстетикалық жағымды ғана емес, сонымен қатар пайдалы болуы мүмкін. Құрылғы Андреа Эйр деп аталады және желдеткіштің арқасында өсімдіктің жапырақтары, оның тамыр жүйесі, су мен топырақ арқылы ауаны үрлеп, ауаны бөлмеге қайта шығарады. Осылайша, бұл құрылғы құрамындағы өсімдіктің арқасында зиянды ұшпа органикалық қосылыстар мен токсиндерді ұстайтын «тірі» сүзгі түрі болып табылады. RTP Labs жүргізген зерттеулер мұндай құрылғының кәдімгі өсіретін бөлме өсімдіктеріне қарағанда тиімдірек екенін көрсетті. Андреа Эйрде өсіргенде, ол ауаны 10 есе жылдам тазартады және ауадан формальдегидті 3,6 есе тиімді түрде жояды. NEPA және көміртекті сүзгілермен салыстырғанда, Andrea Air формальдегидті жоюда 44 есе тиімді, өйткені өсімдіктердің өзі осы сүзгілерге қарағанда тиімдірек.

Түгін жейтін, өзін-өзі тазартатын бетон. Титан диоксидінің жарық әсерінен молекулалардағы көміртегі байланыстарын жою қабілетіне негізделген тағы бір технологияны итальяндық химигі Луиджи Кассар жасаған. Ғалым ластаушы заттарды бейтараптандыратын, оларды аз зиянды ететін және айналадағы ауаның сапасын жақсартатын инновациялық цемент жасағаны үшін халықаралық дәрежеге ие болды және Еуропалық өнертапқыштар сыйлығын алды. Зиянды заттарды бейтараптандырғаннан кейін олар жай ғана жаңбыр суымен жуылады. Кассар және оның командасы ұзақ уақыт бойы бетон қоспасының құрамымен тәжірибе жасап, соңында «фотокатализатор» деп атайтын оңтайлы формуланы ала алды. Ол ұсынатын бетон әдемірек және таза болып көрінеді және әдеттегі бетонға қарағанда түсі әлдеқайда ашық болып қалады. Алғаш рет бұл технология 1996 жылы Римде сәулетші Ричард Майердің басшылығымен мерейтойлық шіркеудің құрылысы кезінде қолданылған [4].

22 сәуірде аталып өтетін Халықаралық Жер-Ана күні қарсаңында Numbeo қалалар мен елдердің әлемдегі ең ірі мәліметтер базасы өз рейтингін жариялады. Мамандар еліміздің қоршаған ортаға қаншалықты зиянын тигізіп жатқанын және жалпы планетаның ластануына оның үлесі қандай екенін бағалады. «Ең таза» мемлекеттер соңғы орындарда тұрған бұл ластану индексында Қазақстан 112-нің ішінде 35-орынға тұрақтады.

Ауаның ластануынан жануарлар мен өсімдіктер зардап шегеді. Мысалы, мыс балқыту зауыттарының қалдықтары – хлор, мышьяк, сурьма осы заттармен уланған тағамды жейтін үй және жабайы жануарлардың қырылуына себеп болады. Фторидті қосылыстардан малдың ауыр аурулары байқалады. Өсімдік шығарындыларымен жерге түсетін мыс пен мырыш шөп жамылғысын толығымен бұзуы мүмкін.

Күкірт диоксидінің және оның туындыларының адамдар мен жануарларға әсері, ең алдымен, жоғарғы тыныс жолдарының зақымдануында көрінеді, олардың әсерінен өсімдіктердің жапырақтарында хлорофиллдің бұзылуы жүреді, осыған байланысты фотосинтез және тыныс алу нашарлайды, өсу баяулайды, ағаш екпелерінің сапасы мен ауыл шаруашылығы өнімділігі төмендейді, дақылдар, ал жоғары және ұзақ әсер ету дозаларында өсімдіктер өледі.

1905 жылдан 1965 жылға дейін жылу электр станциялары, металлургиялық зауыттар, мұнай өңдеу зауыттары және басқа да антропогендік көздерден біздің планетаның атмосферасына күкірт диоксиді шығарындыларының жалпы мөлшері 1905 жылдан 1965 жылға дейін 4 есе өсті және қазір 150 миллион тоннаға жетті. 110 млн тоннаға дейін (әлемдегі күкірт диоксиді шығарындыларының 70%-дан астамы) Еуропада, Америка Құрама Штаттарында және Канадада болады. Қатты отынды, атап айтқанда, қоңыр көмірді

(күкірттің жоғары мөлшерімен сипатталатын) пайдалану үнемі өсіп отырғанын ескере отырып, күкірт диоксиді шығарындыларының сәйкес өсуін болжау керек.

Атмосфераның ластануы адам денсаулығына ғана емес, сонымен бірге үлкен экономикалық зиянға да қауіп төндіреді. Ауада күкірт қосылыстарының болуы металдың коррозияға ұшырау процестерін, ғимараттардың, құрылыстардың, мәдени ескерткіштердің бұзылуын тездетеді, өнеркәсіп өнімдері мен материалдарының сапасын нашарлатады. Мысалы, өндірістік аудандарда болат 20 есе, ал алюминий ауылдық жерлерге қарағанда 100 есе тез бұзылатыны анықталды.

Қазақстан аумағында атмосфераға өте улы газ тәрізді және қатты заттардың едәуір мөлшері шығарылады. Әртүрлі стационарлық көздерден шығатын шығарындылардың көлемін салыстыратын болсақ, онда шамамен 50 пайызы жылу және энергия көздері, 33 пайызы тау-кен және түсті металлургия кәсіпорындарының үлесіне тиеді. Әртүрлі ластаушы заттардың шығарындыларының ең көп мөлшері Шығыс Қазақстанда – 2231,4 мың тонна/жылына келеді, бұл Қазақстан бойынша жалпы шығарындылардың 43 пайызын құрайды. Шығарындылар бойынша екінші орында Орталық Қазақстан – 1868 мың тонна/жыл немесе 36 пайыз. Ең аз ластанған атмосфера Солтүстік Қазақстанда жылына 363, 2 мың тонна (7 пайыз) және Оңтүстік Қазақстанда 415, 1 мың тонна/жыл, бұл 8 пайызды құрайды. Ең мобильді, кең ауқымды әсерге ие - азот пен күкірт оксидтері. Олар айтарлықтай назар аударады және өлімге, әсіресе дақылдарға қатты әсер етеді [5]

Қорытындылай келе, Қазақстанда ауаның проблемасы өзекті мәселе болып отыр. Бұл проблемамен біз жұмыла отырып күресуіміз керек. Әр адам өзгерісті өзінен бастауы керек. Қоршаған орта мен Жер анамызға қамқорлықпен қарау ол біздің міндетіміз.

Новокузнецк қаласындағы балалар арасында аллергиялық аурулардың таралуын зерттеу олардың ең көп саны ауаның ластануы жоғары аудандарда (бақылау аймағымен салыстырғанда 5,6 есе) байқалатынын көрсетті. Сонымен қатар, бұл аймақтарда басқа аурулармен үйлесетін аллергияның көптеген ауыр түрлері байқалды.

Зерттеушілердің қорытындысына сәйкес, бұл патологиялардың барлығы шаң, күкірт диоксиді, күкірт қышқылы және азот диоксидінің әсеріне байланысты. Жоғарыда аталған аурулардың ауаның жалпы ластануымен жоғары байланысы үнемі байқалды.

Ластанған атмосферада өкпе аурулары кезінде жас факторы үлкен маңызға ие. Өкпе патологиясы бар 19 жасқа дейінгі адамдардың тартымдылығы 100% қабылданса, 20-29 жаста 109%, 30-39 жаста - 250, 40-49 жаста - 302, 50 болды. -59 жас – 549 және 60 жас және одан жоғары – 449%. Сонымен қатар, ерлерде аурушаңдықтың ең төменгі көрсеткіші 20-29 жаста, әйелдерде 19 жасқа дейін байқалады.

Қазақстан, ауаның ластануы проблемасын жөну үшін, жоғарыда айтылған шетелдік жана дамыған технологияларды қолдануы керек. Әрине, шетелдік тәжірибеге сүйене отырып автокөліктерді біз толық тоқтатып тастай алмаймыз. Дегенмен, Қазақстан веложолдарға, жаяу жүргінші жолдарына көп назар аударуы тиіс. Үлкен автокөліктердің яғни, ауаны ластаушы көліктердің қала ішінде жүруіне тыйым салынуы қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығы. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000577>

2. Қазақстанның 2025 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспары, Үдемелі өсім және өмір сүру сапасын жақсарту үшін технологиялық жаңғырту. <https://primeminister.kz/kz/documents/gosprograms/stratplan-2025>

3. Жақан Г. «Әлемдегі ауасы ең лас 10 қаланың тізімі жарияланды» 21 Қараша, 2017 жыл. – <https://kaz.zakon.kz/4921013-lemdeg-auasy-e-las-10-alany-t-z-m.html>

4. Литвинова А. «Борьба с загрязнением атмосферы. 5 современных технологий +1». – <https://www.care2.com/>

ТАБИҒАТҚА ҚАРСЫ АДАМЗАТ ӘРКЕТІНІҢ ОҢ ЖӘНЕ ТЕРІС ӘСЕРІ

Мусрепов З.М.
Ю-20-5ск тобының студенті
Ғылыми жетекші:
Сатбаева Қ.
З.Ғ.К., доцент
Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

Табиғат – адамзат өмір сүріп жатқан орта, ортақ үй, ортақ мекен. Адам мен табиғат – егіз ұғым. «Ағаш жапырағымен, жер топырағымен көрікті» дейді халқымыз. Табиғат көркейіп, желегі жасыл тартса, адамның да тынысы кеңейіп, көңілі көтерілері анық.

Мен мына өмірге шыр етіп келген сәттен табиғатқа және мына қоршаған ортаға өзімнің зиянды да пайдалы қасиеттерімді қоса алып келген болатынмын. Сол сияқты әр бір тіршілік иесі де бұл өмірге зиянымен пайдасын қоса алып келеді кейін адам есие келе көп әрекеттер жасай бастайды. Бірақ сол әрекеттерінің табиғатқа тиіп жатқан әсері бар ма?! Бар болса қандай дегендей сұрақтар оларды мүлдем мазаламайды десем де болады. Себебі олардың көбісі өз кәсібі мен пайдасына аса назар аударады десем қателеспеген болар едім. Оны БАҚ бетеріндегі жаңалықтардан көрсеніздер болады көптеген кәсіпкер үй ғимарттарды салу үшін көптеген тал ағаш көгалдарды қопарып ойрандап жермен жексен қылған. Бұл ел экономикасына оң әсерін бергенімен экологиялық ортаға кері әсерін беріп оған залал келтіреді.

«Мәуесі бардың әуесі бар» дейді халқымыз. Табиғатқа өз үйіндей қарап, оны аялаған адамның да қоршаған аясы әдемі болмақ.

Адамның пайда болуының алғашқы күндерінен бастап ол қоршаған ортаға әсер ете бастады. Жаңа құралдарды ойлап табу арқылы адамзат өркениеті өзінің әсерін шынымен үлкен пропорцияларға дейін арттырды. Қазіргі уақытта адамзат алдында бірнеше маңызды сұрақтар туындады: адам табиғатқа қалай әсер етеді? Адамның қандай әрекеттері бізге негізгі тамақ беретін топыраққа зиян келтіреді? Адамның біз дем алатын атмосфераға әсері қандай?

Ғаламдық жылыну, жануарлар түрлерінің жойылуы, климаттың өзгеруі, полярлық мұздың еруі, ауа, судың ластануы сияқты қоршаған ортаның нашарлауы. Мұның бәрі адамның іс-әрекеті нәтижесінде қоршаған ортаға әсер етудің салдары екені анық. Біз іс жүзінде Құдайдың жаратылысын жоямыз. Барлық осы әсерлердің себебі мен себептері-толып кету және олардың ашкөздік деп аталатын қанағаттандырылмаған қажеттіліктері.

Табиғат айна сияқты. Біз қоршаған ортаға тек тыныштықты сақтап, табиғаттың бұзылуына жол бермеуіміз қажет. Себебі табиғат нәзік және сезімтал жаратылыс біз оны сақтап аялап болашақ ұрпаққа аманат етіп табыстауымыз қажет.

Кейбір жандар табиғатты жәй ғана сүйсе ал кейбірі онымен арасы мүлдем алыс табиғат оны жәй ғана сүюді емес оны қастерлеп бағалап күтуді аса қажет еттеді. Біздің елдің табиғи экологиялық жағдайы аса мәз емес себебі табиғи экологиялық проблемалар жетерлік.

Адамның тағдыры табиғатқа байланған. Табиғат болмаса, адам өмір сүре алмақ емес. Таза ауасы мен шипалы суы, ну орманы мен асқар тауы жоқ мекеннің қадірі де аз. Ағашы оталып, суы тартылған табиғаттың адамзат үшін берері де жоқ. Ал берері жоқ табиғатта адам қалай тіршілік кешпек. Судың да сұрауы бар емес пе?!

Бір ғана Балқаш көлін алатын болсақ оның суының деңгейінің 2 метрге төмендеуі сонымен көл жағалаулары батпақтанып, сорланып, тақырлар мен шөлдерге айналуға. Балқаш көлін құтқару бүгінгі күннің талабы. Арал мен Балқаш сияқты су экожүйелерінен айырылу Қазақстанды ғана емес Еуразияны да бұрын-соңды болмаған экологиялық апаттың ошағына айналдыруы мүмкін. Сондықтан әрбір табиғи экожүйені көздің қарашығындай сақтау мен қорғау адамзат баласының парызы. 1949 жылдан 1989 жылдар аралығында Семей полигонында жер асты, жер үсті және ауадағы күрделі 450-ден астам атом және термоядролық қарулар сыналды. Осы жарылыстар жоғары радиациялық күші бар зардаптар әкелді.

Арал теңізінің тартылуы Қазақстан даласын үлкен экологиялық апатқа душар қылды. Теңіздің акваториясынан жыл сайын жанартау атқылаған сияқты 100 мың тонна тұз бен әр түрлі химикаттары мен улы қоспалары бар ұсақ ұнтақты шаң ұшады, ұшқан тұз бен шаң дауылы барлық тіршілікке келеңсіз әсерін тигізуде. Тұз ағындарының іздері барлық Еуропа бойынша, тіпті Солтүстік Мұзды мұхитқа дейін ұшады.

Әлемдік инвестицияларды қатыстырып, өңірді құтқаруға болады деп ойлайтын көптеген жергілікті шенеуніктер тек өз қара бастарының қамын ғана ойлайды.

Алайда бұл Арал теңізінің проблемасын шеше алады ма екен? Бәрінен бұрын, кен орындарын қазу өңірдегі экологиялық ахуалды одан сайын шиеленістіреді.

Аралды құтқару мақсатында түрлі іс шаралар өтті мысалы:

Орталық Азия мемлекеттері үкіметтері құрған Мемлекет аралық үйлестіру су шаруашылығы комиссиясы белсенді жұмыс атқарды, ол экология талаптары және барлық елдердің мүдделері есебінен Арал теңізі бассейнінің су ресурстарын бірлесе басқару мен пайдаланудың барлық мәселелерін қарастырды. Бұл ретте өңірдегі бес республиканың қай қайсысы да теңізді сақтау проблемасымен бірлесе қарастырды.

1991 жылы Қызылорда қаласында Н.Ә. Назарбаев қатысуымен Қазақстан ғылым академиясының сессиясы өтті. 1993 жылы мемлекеттердің бес басшы қатысуымен саммит өтті, сонда Президент Н.Ә. Назарбаев Аралды құтқару бойынша халықаралық қорының бірінші президенті болып сайланды.

50 жылдық тартылу тарихы бар Арал теңізі құрдымға кеткені баршамызға мәлім. Балқаш көлі Аралдың кейіпін кешпесіне кім кепіл бұл қазақ даласына ауыр соққы болатын сондықтан бұл проблеманы жалпы ұлт болып бірлесіп ауыздықтауымыз қажет деп санаймын.

«Қазақстан-2030» Бағдарламасында Елбасы Н.Ә. Назарбаев «2030 жылы. Қазақстан мөлдір сулы, жасыл желекті, ауасы таза аймаққа айналады. Өндіріс қалдықтары мен радиация бұдан былай біздің үйіміз бен бақтарымызға енбейтін болады. Біздің балалар кінәратсыз толыққанды өмір сүретін болады», - деп атап көрсеткен еді. Қазіргі таңда экология өзекті мәселеге айналып отыр. Сондықтан, қоршаған ортаны қорғау - әрбір адамның төл міндеті

Табиғатты қорғау керек және қолдану керек. Бұнсыз адам қоғамындағы прогрес мүмкін емес. Адамдар арасындағы табиғатты қорғау принциптері мен ережелерінің

сақталуы оны заңдастырылған жағдайда ғана сақталады. Ең негізгі табиғатты қорғау заңы болып - табиғатты әркімнің, қазақстан халықтарының аса бағалы байлығы ретінде, әлеуметтік, экономикалық дамуы мен адамзаттың жағдайының жақсаруының ең негізгі кепілі ретінде тануы болып табылады.

Бірақ заң автоматты түрде жүзеге асырылмайды, олар мемлекеттің басқарылуымен бақылаушы ұйымдар, прокуратура, сот, арбитражды сот, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер арқылы бақыланып отырады. Бұл заңдар азаматтардың бойында ешкімнің зорлығынсыз, күштеуінсіз, өз еркімен адамгершілік негізде қалануы керек. Табиғат байлықтарын тиімді пайдалану принциптері ережелерін сақтау және табиғатты қорғау, қазіргі және болашақ ұрпақтың өмірімен келешегі үшін үлкен роль атқарады. Қазіргі кезде Жердің барлық: атмосфера, гидросфера, литосфера қабаттарының бәрі ластанған, атмосферадағы газ байланысының өзгеруі, ластануының өсуі, оны қорғаудың, сақтаудың түрлі шараларын қатаң сақтауға, өндіріс орындарына жоғарғы сапалы тазартқыш қондырғылар орнатуға, өнеркәсіпте айналмалы процестер циклін қолдану және жаңашаландыра отырып қолға алуға баса көп көңіл бөлінуде. Суды уақытында қорғап, үнемді, тиімді пайдалану, оның қажеттілігі мен қолдану мүмкіншіліктерін арттырады.

Қазба байлықтары да орны толмас табиғат ресурстарына жатады. Оларды тасымалдау және өңдеу, қазып шығару кезінде өте үнемді қолдану керек. Қазба байлықтарын қазу орындарында қазылған жер ландшафтарын қайта орнына келтіру жұмыстарына да көп көңіл бөлінуін қадағалап отыру қажет. Топырақтың бұзылуы, эрозиясының тоқтауы және эрозияға ұшыраған топырақтың қайта қалпына келуі өте көп еңбекті, үлкен қаржыны, шығынды қажет ететіндігін үнемі есте сақтау қажет.

Өсімдіктер, соның ішінде орман – орнын толтыруға болатын табиғат ресурстарының бірі. Оларды тиімді пайдалану, өсімдіктер бірлестігінің өзгерісі мен орнына келтіру экологиялық заңдылықтарға негізделген. Жануарлар дүниесі – табиғаттың орнына келтірілетін бөлігі ретінде адамдар оларды экологиялық заңдылықтарға сәйкес реттеп отырады, мысалы: өндірістік жануарларды белгілі бір тәртіп бойынша аулау, құрып бара жатқан және сирек кездесетін түрлерді қорғау мен қалпына келтіру, орман және ауылшаруашылық өнімдеріне қауіп төндіруші жәндіктердің санын азайту немесе керісінше, пайдалы жәндіктер санын өсіру сияқты жұмыстар жүргізіледі.

Жер планетасының ғасырлар бойғы барлық жануарлар дүниесі мен адамзат баласы үшін тіршілік негізі – таза ауа. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Бізді қоршаған тропосфералық ауа қабатының 20,9% осы оттегіден тұрады, ол тұрақты ең қажетті газдың бірі. Су оттегін бөліп шығаратын негізгі жасыл фабрика – көпжылдық ағаштар.

Қазақстан аумағының 3,8 %-ын орманды жер алып жатыр. «Қазақстан – 2030» стратегиясында бұл көрсеткішті 5,1 %-ға дейін көтеру жоспарланған. Кейінгі жылдары республикамыздың орман қоры аумағында 2257 орман өрті орын алды. Бұл өрттердің 70 %-ы отты дұрыс пайдаланбаудың салдарынан болған. Өрт 4 млн. текше метрге жуық ағашты жойды. Ірі орман өрттері Шығыс Қазақстан, Павлодар, Ақмола, Қарағанды, Алматы облыстарында болды. 50 мың гектар орман алқабында зиянкестер мен ағаш аурулары анықталды. Ең ірі орманды аумақтар – Шығыс Қазақстан, Қостанай, Батыс Қазақстан, Ақмола, Павлодар облыстарында. 1997 жылы орман заңын бұзушыларға қарсы 500 іс тіркелді.

Қазақстан солтүстігінде өзенді жағалай өскен ормандары мен оңтүстігіндегі тоғайлары жеке-жеке алқаптар болып есептеледі. Барлық таулы жерлердегі ормандардың топырақ пен су қорғауға тигізетін әсері көп. Олардың арқасында тау бөктерлерінің шымы қалпында сақталып, су ағысы біркелкі мөлшерде реттеліп отырады. Қазақстандағы орманның жалпы көлемі «Қазорман» шаруашылығының мәліметі бойынша 1998 жылы 24568,4 мың гектар болды.

Соңғы жылдары орман шаруашылығын қаржыландырудың қысқаруынан, орманды күтіп ұстаудың жағдайы күрт төмендеп кетті. 1997 жылдың 10-шы айында ірі өрттен 170 мың гектардан астам орман өртенді. Мысалы, Баянауыл ұлттық бағының ерекше қорғалатын аумағының 12,1 гектары өртеніп кеткен. Бақылау қызметінің қысқаруынан және қазіргі техниканың көптеген орман қорғау кәсіпорындарында іс жүзінде жоқтығынан зиянкестер ошағы мен орман аурулары көбейіп барады. Орманның азып-тозуы антропогендік және табиғи факторлардан туындайды. Республика ормандарында қалыптасқан экологиялық нашар ахуал және тозу процестері орман ресурстарын сақтап, ұтымды пайдалану жөнінде шұғыл және кесімді шараларды қабылдауды талап етеді.

1993 жылы қабылданған жаңа Орман кодексі Қазақстан Республикасының құқықтық және экологиялық жағынан орманды қорғауға, шаруашылықты ұтымды жүргізуге ынталандыруды белгілі шамада арттырды. Орман шаруашылығының ғылыми-зерттеу институтының есептеулері бойынша Қазақстанның облыстарында болашақ қорғаныштық ормандар отырғызу қажет. Солтүстік Қазақстан облысында ормандарды егістік жерлердің көлемінен 1,6 %-ға жеткізу, Павлодарда – 4,0 %, Ақмолада – 3,8 %, Ақтөбеде – 3,9 % жеткізу жобаланған. Егістікті қорғайтын ормандардың көлемін солтүстік және батыс облыстарда 3,3 %-ға дейін көтеру керек. Оңтүстіктің суармалы егістік жерлері мен оңтүстік шығыста орман белдеуіне 3,5 %-ды жер берілуі қажет. Қазақстанның егістік қорғауға арналған орман белдеуін 3 %-ға дейін жеткізу көзделіп отыр. Қазіргі кездегі табиғи және жасанды ормандар 3,6 % құрайды. Республиканың жалпы орманын шамамен 6-7 %-ға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Бұл экологиялық тұрғыдан негізделген. Республиканың орман өсіру жұмысын тек белгілі бір экологиялық шектеулі мөлшерде және бұрын орман өскен жерлерде жүргізу қажет.

Экологиялық құқық бұзушылық жасалған уақытта, әдетте, қоршаған ортаға, адамдардың өмірі мен денсаулығына, экономика мүдделеріне көп аспектілі зиян келтіріледі. Экологиялық зиянның болуы экологиялық құқық бұзушылықтың болуына парапар келеді. Бұл зиян бірден байқалмай, ұзақ уақытқа созылуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар қоршаған ортаға келтірілген зиянның орнын толтыру мүмкін емес. Экологиялық зиян табиғаттың жай-күйінің өзіне әсер етеді. Экологиялық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылық 16 жастан басталады. Кейбір кезде, мысалы, мемлекет қорғауындағы табиғи кешендер немесе объектілерді қасақана жойғаны немесе бұлдіргені үшін 14 жастан басталады.

Экологиялық құқық бұзушылық әр түрлі болады. Олар келтірілген зиянның сипатына қарай мынадай түрлерге бөлінеді:

- қоршаған табиғи ортаны және жекелеген табиғи объектілерді (орман, су, жер қойнауы және т.б.) ластау
- табиғи объектілерді бұлдіру, бұзу, жою (жерді бұлдіру, Қызыл Кітапқа енгізілген жануарларды жою, орманды ағын сулармен құрту және т.б.);

- табиғи қорлардың азып-тозуы;
- табиғи ресурстарды тиімсіз (мақсатсыз) пайдалану (мысалы, суды ысырапсыз пайдалану және т.б.).

Экологиялық құқық бұзушылық жасағаны үшін оның артынан әкімшілік, қылмыстық, азаматтық-құқықтық, тәртіптік және материалдық жауаптылық басталуы шарт. Әкімшілік жауаптылықтың басталуына әкелетін экологиялық құқық бұзушылықтың тізімі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте белгіленген. Оған мыналар жатады: табиғи ресурстардың, қоршаған ортаның ластануы, азаюы; табиғи ресурстардың бұлінуі, жойылуы; кәсіпорын, құрылыс ғимараттарын және басқа да объектілерді жоспарлау, орналастыру, салу, қайта өңдеу және пайдалануға дайындау, пайдалану кезінде экологиялық талаптарды бұзу. Мұндай істерді соттар, ішкі істер органдарында, Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары, Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі органдары және т.б. қарастырады. Осыған байланысты жазалар (санкциялар) қолданылады: айыппұл төлейді, ескерту жасайды және мүлкін тәркілейді. Қоршаған табиғи ортаға келтірілген зиян үшін жауаптылықтың ең қатаң түрі қылмыстық жауаптылыққа тарту болып табылады. Экологиялық қылмыс жасағаны үшін қолданылады.

Бүгінде табиғатты болып жатқан дағдарыс біздің республикамызға да қауіп төндіріп тұрғаны баршамазға белгілі. Қазақстан жерінің бүлінбеген бір бұрышы, бұзылмаған бір ұясы қалмағаны анықталып, кеш те болса, әлемге жар салынып зерттелуде, алдын алу іс-шаралары қарастырылуда. Табиғатымызды қорғап, аялай білейік.

Адам мен табиғат барлық уақытта біртұтас тұтастықтың ажырамас бөлігі болды. Бірақ бүгін, техникалық прогресс, индустрияландыру және нанотехнологияға көшу жылдамдығының өсуі кезінде Адам табиғатпен өзінің бірлігін ұмыта бастады. Өздерін заманауи электроникамен толтырылған бетон және шыны торларға отырғызып, адам өзін қоршаған әлемнен көбірек бөле бастады. Темір мен бетонға толы біздің қазіргі әлеміміз ата-бабаларымыздың өмір сүру жағдайларын еске түсірмейді. Шынында да, бірнеше ғасыр бұрын біздің қалаларымыз әлдеқайда жасыл болды, біз өміріміздің көп бөлігін табиғатта өткізуге тырыстық және онымен берік байланыс орнаттық. Бүгінгі таңда адамдар күнделікті өмірде олар үшін қажетті және пайдалы заттармен ғана араласады. Бұл автомобильдер, түрлі электронды құрылғылар, металл конструкциялар мен кірпіш үйлер, асфальт пен бетон, ат күші, ағаш үйлер мен кір жолдар.

Алайда, қазіргі адам бізді қоршаған әлемдегі орны, тамырлары және табиғатқа тәуелділігі туралы ұмытпауы керек, өйткені бәрі планетамыздың тірі жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, өйткені біздің ата-бабаларымыз бір кездері мүлдем басқа жағдайда, ашық аспан астында өмір сүрген. Олар табиғатпен күндіз де, түнде де қарым-қатынас жасады, және олардың тағдырына риза болған сияқты. Біз сұлулық пен табиғаттың пайдасынан пластикпен, бетонмен және болатпен қоршалдық, және бұл жасанды өзін-өзі оқшаулау адамдарды басады, денсаулығымыз бен психикамызға теріс әсер етеді. Әрбір заманауи адамның өсімдіктер мен жануарлар әлемімен үнемі байланысып, табиғатпен толық байланысты сезінуге мүмкіндігі бола бермейді. Бірақ әрқайсымыз аптасына бір-екі күн қаладан тыс жерде өткізіп, табиғаттың сұлулығынан ләззат алып, келесі жұмыс күндеріне күш ала аламыз. Біз жоғалған тамырлармен табиғатқа қалай жететінімізді байқамаймыз, анда-санда тырысамыз

Айналаңызға басқа көздермен қараңыз, саябақта немесе орманда көктемгі көгалдандыруға тағы бір рет қуаныңыз, көгершіндерді тамақтандырыңыз, өзенге пикникке барыңыз немесе бүкіл отбасыңызбен саңырауқұлақтар алыңыз. Ұялмаңыз және дәстүрлі демалысты ерекше етіп жасаңыз, курорттар мен жайлы қонақ үйлерді ұмытып, демалыс үшін туған елдің жабайы туристік бағыттарын тандаңыз. Табиғаттың өзі-нағыз данышпанның шығармашылығынан ләззат алыңыз! Бүгінгі таңда біздің планетамызда тек Табиғат жасаған таза бұрыштар жыл сайын аз және аз болып қалады, сондықтан табиғат оларды қайта құруға көп уақытты қажет етеді. Өкінішке орай, біз айналамыздағы жабайы табиғаттың болмауына біртіндеп үйреніп жатқандығымызды білмейміз. Егер біз таңертеңгілік орманның иісін немесе жабайы алқаптардың жарықтығын әлі де есте сақтай алсақ, онда біздің балалар қазіргі темірбетон әлемін норма ретінде қабылдауы мүмкін. Сондықтан Жердің табиғи сұлулығынан жиі ләззат алу керек, ал бізде мұндай мүмкіндік бар және табиғи байлықты көбейтуге тырысу керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ибраева А., Өлібаева Г., Айтхожин Қ. «Құқықтану: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы оқулық» – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2006.
2. Табиғатты пайдалану және оны қорғау негіздері. – <https://thelib.info/ekonomika/442378-tabi-1171-atty-pajdalanu-men-1179-or-1171-au-negizderi/>
3. Табиғаттағы тепе-теңдік – тіршіліктің тұғыры / <https://egemen.kz/article/106724-tabighattaghy-tepe-tenhdik-%E2%80%93-tirshiliktinh-tughyru> © egemen.kz
4. Табиғатты қорғау және табиғат қорларын тиімді пайдалану // «Орталық Қазақстан» газеті. 22 қараша, 2003 ж.
5. Қазақстан – 2030. Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. - https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970002030_

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ НАШАР ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫҢ ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

Нұрлан Н.Ф

студент

Мәуленқызы С.

студент

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

Қоршаған ортаға зиянды заттарды жылу электр станциялары, металлургия, химия, цемент және т.б. зауыттар бөледі. Осындай өнеркәсіптерде отынды жаққан кезде атмосфераға СО, СО₂, S O₂, түтін және күйе түрінде қатты бөлшектер келіп түседі. Шығарындылардың химиялық құрамы отынның түріне, жағу әдістеріне, қолданылатын технология түрлеріне байланысты. Атмосфералық ауаның ластануының қатердің нақтылығы халық денсаулығының нашарлауына және қоршаған ортаның тозуына әсер етеді. Ірі қалаларда ластанудың негізгі көзі – автокөліктер санының көбеюі, қала ауасы ластануының шамамен 60% құрайды. Қазақстан ауа бассейнінің ластануы көршілес мемлекеттердің ауаға шығарлатын зиянды заттардың есебінен де көбейе түседі.

Түсті металдар қорытатын кәсіпорындар орналасқан қалалардың қоршаған ортасы халықтың денсаулығына кері әсер ететін болып табылады. Өйткені ауыр металдар, сондай-ақ фторлы қосылыстар адам организміне жинақталуға бейім. Олардың әсерлерінен кейін байқалатын зардаптары онкологиялық аурулардың жиілеуі, жүктілік патологиялары, нәрестелердің туа біткен кемістіктерінің болуы және басқа аурулар арқылы көрінеді. Зиянды заттардың антропогендік шығарындылары адам организміне ғана зиянын тигізіп қоймай, жануарларға, өсімдіктер күйіне және экожүйеге әсерін тигізеді. Атмосферадағы улы газ жануарлар организміне тыныс алу мүшелері арқылы және ластанған өсімдіктермен қоректенген кезде келіп түседі. Атмосфераның ғаламдық ластануы маңызды экологиялық зардаптарды туғызады. Қазақстан қалаларының ішіндегі ауа ластануының жоғары деңгейін көрсетіп, бірінші орынға шыққан Алматы қаласы бүгінгі күнде дүниежүзіндегі 25 ластанған қаланың тізіміне еніп отыр. Қаламыздың Қазақстандағы ең лас қала аталуының басты себебі, автокөліктер болып табылады.[1,2]

Қатты отынды жаққанда күл, смола, күкүрт пен көміртек оксидтері, шаң бөлінеді. Отын жаққанда табиғи ортаның ластануын азайту үшін шаң, газ ұстайтын қондырғыларды (сүзгіштерді) қолданған орынды. Осындай қондырғылар зиянды заттардың 90-95 пайызын ауаға жібермеуге мүмкіндік туғызады. Оттықтан алынған күлмен шлактардың үйінділерін сақтау біраз жер көлемін қажет етумен қатар желмен ушып литосфераның аумақты көлемін ластайды.

Кейінгі 10 жылда өнеркәсіп орындарының жұмыс істеу қабілеттерінің төмендеуіне байланысты атмосфераға шығатын ластаушы қалдықтардың көлемі екі есе кемиді. Бірақ өндіріс орындарының жұмысқа қосылуына байланысты экономиканың дамуына байланысты, ауаны ластаушы қалдықтар көлемі ұлғаюда. Атмосфераны ластаушы қалдықтар көбінесе жылу электр орталықтарынан және металлургия өндірістерінен шығады.

Қалдықтар структурасы төмендегідей:

Екібастұз көмірінің күлі - 46 %

Күкірт диоксиді – 35 %

Азот оксидтері – 12 %

Көміртек оксиді – 5 %

Қазақстан өнеркәсібі дамыған мемлекеттердің бірі, сонымен бірге өзінің көптеген табиғи байлығы да бар. Ірі өнеркәсіп дамыған қалалары Алматы, Тараз, Шымкент, Ақтау, Павлодар. Кейбір қалалардағы ластаушы көздері мен олардан шығатын ластаушы заттар туралы мына кестені ұсынамын:

1 кесте. Қазақстан қалаларының негізгі ластаушы көздері мен бөлінетін заттар

Қалалар	Негізгі ластаушы көздер	Атмосфераны жоғары мөлшерде ластайтын заттар
Алматы	Энергетика автокөлік, үй құрылыс комбинаты, асфальт-бетон зауыты, ауыр машина жасау зауыты	Бензин, бензопирен, формальдегид, шаң, көмір қышқыл газы, күйелер, азот оксидтері, ауыр металдар, аммиак.
Тараз	Фосфор зауыты, энергетика автокөлік	Бензопирен, аммиак, фторлы сутек, шаң, күкүрт ангидриды, азот және көмір тек оксидтері, күйі.
Өскемен	Қорғасын –мырыш, титан-магний комбинаттары, энергетика, автокөлік, цемент зауыты	Бензопирен, формальдегид қорғасын, күкүрт, көміртек, азот оксидтері, мырыш, хлор, ауыр металдар, көмір сутектері
Шымкент	Қорғасын, фосфор, цемент зауыттары, автокөлік, ЖЭС	қорғасын және басқа ауыр металдар шаң, бензопирен, күкүрт, азот тағы да басқа оксидтері.

Түркістан	Мақта тазалайтын зауыт, қазандықтар, темірбетон зауыты, автокөлік, теміржолы объектері	Көміртек оксидтері, бензопирен, ауыр металдар, пестицидтер, тұздар, күл, шаң, күйе.
Балхаш	Тау-кен металлургия комбинаты, жылу электр орталығы	Күкүрт, көміртек, азот оксидтері, мышьяк, қорғасын және де т.б. ауыр металдар, шаң-тозаң.
Ақтау	Атом электростанциясы, автокөлік,	Радиоактивті заттектер, мұнай, көміртек, азот оксидтері, көмір су тектер
Атырау	Мұнай өңдейтін өндіріс орындары, химия зауыттары, гипс өндірісі, автокөлік	Күкүртті сутек, көмір сутектер, шаң-тозаң,
Теміртау	Қара металлургия (булат пен шойын өндірісі), автокөлік, синтетикалық каучук зауыты	Финол, шаң, көміртек, азот оксидтері, бензопирен, сынап,
Ақтөбе	Хром феросплав химия зауыттары, жасанды талшық өндірісі, энергетика, автокөлік	Фром қосылыстары, азот оксидтері, фторлы газдар, сульфаттар, күкүртті
Қостанай	Тау-кен өнеркәсібі, жөндеу механикалық зауыты, энергетика, машиналардың шинасын жөндейтін зауыты, түрлі түсті жасанды талшық өндіретін химия зауыты, құрылыс-монтаж конструкциялар комбинаты, темір-битон, қызыл және силикатты кірпіш зауыттары, “Транс Петролеум”	Аммиак, көміртек оксидтері, шаң тозаң ауыр металдар көмір сутектері
Павлодар	АҚ “Қазақстан алюминий”, автокөлік, жылу электр орталығы, мұнай өндеу зауыты,	Фторлы қосылыстар, көмір тек, азот оксидтері, бензопирен, көмір су тектері, шаң
Жезқазған	Тау-кен металлургия комбинаты, жылу электростанциясы, кірпіш зауыты,	күкүрт оксидтерімен тұздары, мышьяк, ауыр металдар
Қарағанды	Синтетикалық каучук өндіретін зауыт, коксохимия өндіріс металлургия комбинаты, автокөлік	Көмір қышқыл газы, аммиак, күкүрт қышқылының буы, күкүртті сутек, азот оксидтері, күйелер, көмір сутектер
Семей	Цемент зауыты, автокөлік	Азот, күкүрт, көміртек оксидтері, цемент шаңы, ауыр металдар, бензопирен, радиоактивті элементтер,
Рудный	Соколов-Сарбай кен байту комбинаты, азбест комбинаты, кірпіш зауыты, темір бетон конструкциялары комбинаты, машина жасау өнеркәсібі	Темір қосылыстары шаң, күкүрт, фосфор оксидтері, қорғасын, мырыш, көміртек оксиді
Лесаковск	Кенбайту комбинаты, автокөлік,	Фосфор оксидтері, темір қосылыстары, шаң көмір тек, азот оксидтері күйе,

Ғалымдардың сөзінше, адамдар арасындағы өлім-жітімнің көбеюіне өндіріс пен өнеркәсіп орындары санының артуы салдарынан болатын климаттың өзгеруі мен озон

кабатының бұзылуы сияқты факторлар да үлкен әсерін тигізіп отырған көрінеді. Тропосферадағы озон концентрациясы мөлшерінің өсуі демікпе аурулары санының өсуіне себеп болып, соның кесірінен әлем бойынша жылына 470 мың адам өмірден өтеді екен [3,4]

Ауа ластануынан туындайтын ауру түрлері:

Атмосфералық ауаның ластануынан болатын өлім-жітімнің негізгілері — Қатерлі ісік туа біткен патология және адам ағзасының иммундық жүйесі жұмысының бұзылуы.

Ауаны ластайтын заттар адамның денсаулығына әртүрлі әсер ете отырып, түрлі ауруларды тудырады. Мысалы, жану өнімдері дизель қозғалтқышының сұйытылған газы бар ауамен дем алу, тіпті қысқа уақыт ішінде болсын жүректің ишмениялық ауруын алу қаупін арттырады.

Өнеркәсіптік кәсіпорындар мен автокөліктер ерте өлім қаупін арттыратын қара түтін мен жасыл-сары диоксидті бөліп шығарады. Тіпті атмосферадағы осы заттардың салыстырмалы түрдегі төмен концентрациясы қырық жасқа дейінгі өлімнің 4-тен 22 пайызына себепші болады. Автомобиль көліктерінің түтінімен, сондай-ақ көмір жағатын кәсіпорындардың шығарындыларымен ауаға қан ұйығыштығының жоғарлауына және қанайналым жүйесінде тромбтардың пайда болуына әкеп соғатын ұсақ лас бөлшектер таралады. Ластанған ауа қан қысымының жоғарлауының бірден-бір себепшісі. Атмосфераның ластануы қан қысымының деңгейін бақылайтын жүйке жүйесіне әсер етіп, оның өзгеруіне себеп болады. Ірі қалаларда емдеуге жатқызуға тура келіп жататын жағдайлардың шамамен бес пайызы дәл осы ауаның ластануына байланысты орын алады.

Ауаның ластануы даму кемістігі бар балалардың туу ықтималдығын арттырады. Атмосферадағы зиянды заттардың мөлшерден тыс концентрациясы ерте босануға, жаңа туған нәрестелердің салмағының аз болуына, кейде тіпті нәрестелердің өлі тууына себепші болады. Егер жүкті әйел озон концентрациясы мен көміртегінің жоғары концентрациясы бар ауамен дем алса, әсіресе жүктіліктің екінші айында, оның қоянжырық, жырық таңдай, жүрек қақпақшасының ақаулары сияқты дамуында ақауы бар баланы туу ықтималдығы үш есе артады. Экономиканың ілгерілеуі біздің азаматтарымыздың игілігіне өздігінен кепілдік бере алмайды. Гүлденген экономика жағдайында ақ өз денсаулығын дұрыс күтпеуі және қоршаған ортаның ластануын салдарынан науқас адамдардың саны жылдан- жылға өсіп отырғанын көзге елестету қиын емес. Өнеркәсіп салаларының дамуы, одан алынатын өнімдер адам баласына өте қажет.

Планетамыздағы экологиялық антропогендық өзгерістердің бірі-атмосфералық ауаның жылдық орташа температурасының жоғарылауы. Соңғы екі жылда ормандардың азаюы мен, отынды көп жағудан ауадағы көмір қышқыл газдың үлесі көбейгендіктен әр бір елу жылда ауа 1,5 градусқа дейін жоғарлап отырғаны байқалды

Ауа ластануының алдын алу:

Ауаға 95 пайыз зиянды қалдық шығаратын өндіріс орындарына талап күшейту. Ауа тазалау жоспарын үш бағыт бойынша жүзеге асыру. Алдымен атмосфераны ластайтын қалдықтарды сүзу, зиянды заттарды ауаға жібермеу. Керісінше оны қайта өңдеу арқылы пайдаға жаратуды көздейді. Екінші бағыты кәріз жүйесіне төгілетін қалдықтарды да жібермей, тазалап қалу. Ал, үшінші бағыт осы уақытқа дейін жиналған артық қалдықтың көзін жою [5].

Қазақстанның зардапты экологиялық проблемалары көрші мемлекеттерің де наразылығын тудыруы әбден мүмкін. Сондықтан мемлекеттік деңгейдегі стратегиялық маңызды шарттардың бірі – халықтың экологиялық тұрғыдан қауіпсіздігін нақты жүзеге асыру – бүгінгі күннің ең басты да ең негізгі талабы. Қазақстанның дамыған индустриалды ел ретіндегі экологиялық проблемалары ондаған жылдар бойы жиналып келді. Өз ресурстарын жақсарту үшін Қазақстан қоршаған ортаны қорғау мәселелерімен айналысатын көптеген аймақтық және халықаралық ұйымдарға қатысады. Бұл жеткілікті ме, уақыт көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ақбасова А.Ж., Саинова Г.Ә. Экология: жоғары оқу орындарының арналған оқу құралы. Дүрмекбаева Ш., Мемешова С. Қазақстандағы экология жағдайының қалыптасуы.
2. <http://www.inform.kz/kaz/article/2190815>
3. <http://massaget.kz/layfstayl/bilim/gumanitarly-ylymdar/11946/>
4. © 2009 — 2021 Referat911
5. © 2009 — 2021 «Қазақстан» РТРК»

КАЗАХСТАН И ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ: ПОНЯТИЕ, ПЕРСПЕКТИВЫ

Никитин К.В.

магистрант

Тебаев Ж.Ж.

м.э.н., старший преподаватель

Карагандинский университет имени

академика Е.А. Букетова

Вторая половина XX века считается периодом становления инновационной экономики, или экономики, основанной на знаниях, в которой знания являются основным фактором экономического роста и развития. Основное внимание сосредоточено на инновационном развитии, которое рассматривается как процесс необратимого закономерного изменения, что вызван разработкой и внедрением инноваций.

Исследованию инновационного развития посвящены научные труды ведущих отечественных и зарубежных ученых. В результате анализа литературных источников выявлено, что категория «развитие» рассматривается с разных точек зрения.

В общем виде развитие рассматривается как усовершенствование системы (объекта), заключающееся в повышении его жизнеспособности, увеличении возможностей для дальнейшего функционирования, повышении адаптивности к внешним и внутренним факторам.

По мнению одних, исследователей «развитие» - это способность любой социально-экономической системы изменять свою структуру, а других - выступать процессом [1, с. 95].

Инновационное развитие определяется как:

–«непрерывный процесс качественных изменений в структуре производства или социальной сферы в результате создания, применения и распространения новых знаний, машин, технологий» [2, с. 6-12];

–«Процесс хозяйствования, опирается на непрерывные поиск и использование новых способов и сфер реализации потенциала предприятий» [3, с. 23];

–непрерывный процесс внедряемых новинок, основанных на новых информационных технологиях [4, с. 123].

Таким образом, инновационное развитие - это совершенствование системы (объекта) на основе инноваций. Инновационный путь развития страны возможен при условии повсеместного внедрения инноваций, инвестиций и внедрения инновационных процессов как основы рыночного хозяйствования, в частности формирование структуры производства и его технической базы, совершенствование систем управления [6, с. 57].

Поэтому инновационно-инвестиционный путь развития экономики страны является одним из приоритетных направлений экономической политики государства. Именно эта стратегия способна обеспечить экономический и технологический прорывы, но на сегодня переход экономики на инновационный путь развития происходит медленно, так как существуют определенные препятствия, которые мы отразили на рис. 1.

Описанные препятствия, требуют государственной поддержки и стимулирования инновационной активности. Указанные деформации не способствуют быстрому распространению инноваций.

Национальное развитие Казахстана требует быстрых и эффективных мер, которые будут направлены на сохранение ее научно-технологического потенциала, поставки ресурсов и их эффективного использования для преодоления кризисных ситуаций в экономическом и социальном развитии. Значительная часть отечественных товаров не соответствует уровню современного научного и технологического обеспечения, что приводит к их неконкурентоспособности как на внешнем, так и внутреннем рынках.



Рисунок 1 - Препятствия перехода Казахстана к инновационному типу развития

Главными целями научно-технологического и инновационного развития в Казахстане можно определить [2, с. 45]:

- создание эффективных механизмов сохранения, использования и развития национального научно-технологического потенциала;
- повышение эффективности механизмов выявления и преодоления кризисных явлений в социально-экономическом развитии Казахстана;
- снижение зависимости экономики Казахстана от импорта и увеличение экспортного потенциала;
- технологическая перестройка и перестройка производства с целью повышения выпуска конкурентоспособных товаров на внутреннем и мировом рынке.

Итак, на сегодняшний день, существует потребность в короткий срок осуществить комплекс действий, которые будут побуждать к повышению качественных характеристик отечественного научно-технологического потенциала до уровня стандартов развитых стран.

Перспективными направлениями научно-технического развития является информационно-коммуникационные технологии, биотехнологии, нанотехнологии и технологии новых материалов. Безусловными лидерами считаются США, страны Западной Европы и Япония, к которым быстрыми темпами приближается Китай, правительство которого вкладывает немалые средства в сферу науки и технологий.

Нынешняя экономика имеет существенное отличие, которое заключается в том, что рынок использует активное государственное регулирование национальной экономики для увеличения стимулирования спроса и предложения потребителей, а также снижения безработицы и предотвращения финансовых кризисов. Формирование экономики связано с информационными технологиями, инновационными процессами, ростом сферы услуг, процессом глобализации и изменением структуры экономики, – все перечисленное образуют предпосылки для распространения цифровой экономики. Исследователь и автор работ, Иванов В.В., предоставляет наиболее широкое определение этого термина: «Цифровая

экономика – это виртуальная среда, дополняющая нашу реальность» [7]. В свою очередь Сторожева Е.В., Бреус Е.С. считают, что «цифровая экономика – это вид экономической деятельности, в котором цифровые данные являются ключевым фактором производства. Их использование позволяет значительно повысить эффективность производства, технологии, оборудования, хранения, реализации, доставки товаров и услуг» [8]. В более широком смысле под цифровым маркетингом мы понимаем осуществление маркетинговой деятельности с использованием цифровых информационных и коммуникационных технологий.

На современном этапе развития инновационного подхода тесно необходимо связывать и с повышением роли и совершенствованием цифровизации во многих структурах экономической, социальной, политической и др. сфер.

Ярким представителем внедрения инновационных технологий в Казахстане является компания Kaspi.kz, которая завоевала лидирующие позиции на рынке. По словам председателя правления АО «Kaspi.kz» Ломтадзе М.Н.: «С особой гордостью хочу сказать, что Kaspi.kz - это уникальная компания, которая сделана в Казахстане, - начал свое выступление Михаил. - Наша миссия - создавать инновационные сервисы, которые улучшают жизнь наших любимых клиентов. Она отражает жизненные ценности каждого из нас» [9].

Итак, инновационное развитие представляет собой изменения, направленные на обновление и качественный рост эффективности процессов или продукции, сопровождается переходом на новый уровень системной организации.

Основными подходами к изучению сущности «инновационного развития» являются: предметно-технологический, по которому инновационное развитие рассматривается как конечный результат научной или научно-технической деятельности; функциональный, по которому инновационное развитие связывается с функциями создания, внедрения, распространения нововведений и реализации инновационных проектов.

Список литературы:

- 1 Бараненко, С. П. Инновационный менеджмент / С.П. Бараненко, М.Н. Дудин, Н.В. Лясников. - М.: Центрполиграф, 2010. - 288 с.
- 2 Баранчеев, В. П. Управление инновациями / В.П. Баранчеев, Н.П. Масленникова, В.М. Мишин. - М.: Высшее образование, 2009. - 712 с.
- 3 Беляев, Ю. М. Инновационный менеджмент / Ю.М. Беляев. - М.: Дашков и Ко, 2013. - 220 с.
- 4 Гаврилов, Л. П. Инновационные технологии в коммерции и бизнесе. Учебник / Л.П. Гаврилов. - М.: Юрайт, 2014. - 384 с.
- 5 Секерин, В. Д. Инновационный маркетинг. Учебник / В.Д. Секерин. - М.: ИНФРА-М, 2016. - 238 с.
- 6 Стрелкова, Л. В. Экономика и организация инноваций. Теория и практика / Л.В. Стрелкова, Ю.А. Макушева. - М.: Юнити-Дана, 2013. - 236 с.
- 7 Цифровая экономика: как специалисты понимают этот термин // РИА Новости URL: <https://ria.ru/science/20170616/1496663946.html> (дата обращения: 13.11.2020).
- 8 Сторожева Е.В., Бреус Е.С. Основные подходы к определению «цифровой экономики» и необходимости внедрения ее в современный мир // WORLD SCIENCE: PROBLEMS AND INNOVATIONS сборник статей XIX Международной научно-практической конференции: в 3 ч.. – М.: "Наука и Просвещение" (ИП Гуляев Г.Ю.) (Пенза), 2018. – С. 192-194.
- 9 Михаил Ломтадзе: «Kaspi.kz – сделано в Казахстане!» // Новостной портал Tengrinews URL: <https://tengrinews.kz/money/mihail-lomtadze-kaspikz-sdelano-v-kazahstane-452977/>

К ВОПРОСУ О ТРЕБОВАНИЯХ ОХРАНЫ ТРУДА К ОРГАНИЗАЦИИ РАБОЧИХ МЕСТ НА ПРЕДПРИЯТИЯХ ПЕРЕРАБОТКИ ПРОДУКЦИИ РАСТЕНИЕВОДСТВА

Роголина А.И.

студент

Ефремова У.Н.

студент

Шеметова Е.Г.

канд. техн. наук, доцент

Мальгин Е.Л.

канд. пед. наук, доцент

Сибирский университет потребительской
кооперации, г. Новосибирск, Россия

Актуальность данного исследования состоит в необходимости доведения информации до работников о всех вопросах, связанных с безопасностью на рабочем месте при переработке и сборе продукции растениеводства, поскольку население в большинстве не знает о вреде такой работы и причин травматизма при ней, поэтому попросту избегают её. В этой статье разберем, как соблюдение правил влияет на здоровье сотрудников.

Содержание проблемы состоит в увеличении производства продукции сельскохозяйственных растений при наименьших затратах труда.

Научная идея работы определяется использованием монографических и статистических методов в проведенных исследованиях.

Методы решения состоят в обработке статистических данных с помощью статистических и монографических методов исследования.

Почвы обладают высоким плодородием без вмешательства человека. В большинстве случаев применяются для выращивания зерна, и озимой и яровой пшеницы. Значительное место занимают кукуруза, подсолнечник, картофель. Самая сложная задача у людей, работающих в сельском хозяйстве – это стадия уборки и переработки продукции растениеводства.

В этот период решаются задачи, где необходимо создать безопасность механизаторов, особенно работников комбайнов по уборке зерна. От работы комбайнеров зависит как их личная безопасность, так и безопасность лиц, которые с ними работают, а также тех, кто может оказаться «под колесами» данной техники. Следовательно, нужно уделять большое внимание обучению данных лиц правилам охраны труда, правилам техники безопасности, быть внимательными при проведении полевых работ, при обслуживании техники. Нужно: довести информацию о несчастных случаях, которые произошли при уборочных работах, до работников. Если произошла чрезвычайная ситуация в поле, что сопряжено с обеспечением безопасности, то необходимо довести до сведения всего коллектива о ЧП, т.е. провести внеплановое обучение всех работников поля.

Правила по охране труда в сельском хозяйстве устанавливают государственные нормативные требования охраны труда при организации и проведении процессов по возделыванию, уборке и послеуборочной обработке продукции растениеводства. Важнейший источник пополнения продовольственного фонда – сокращение потерь растениеводческой продукции при уборке, транспортировке, хранении и переработке.

Машины для обработки продуктов растений должны руководствоваться по проектам, разработанным с учетом требований государственных нормативных требований охраны труда, пожарной безопасности и экологии. Для них характерно обязательное соблюдение правил. Правила не распространяются на работы с применением агрохимикатов.

Работодатель обязан обеспечить безопасность использования всего имущества. В случае применения методов и материалов работ, требования к которым не утверждены Правилами, нужно обратить внимание на нормативно правовые акты, которые включают нормативные требования охраны труда. Особое внимание направлено на Правила безопасности в условиях радиации. Системы контроля и управления должны обеспечивать надежную защиту от опасных или вредных производственных факторов, а также аварийное отключение технологического оборудования.

На качество продукции может воздействовать множество факторов: конструктивные(планируемые); производственные; обращения и реализации; эксплуатационные. Их делят на факторы субъективные и объективные. Субъективные-связаны с деятельностью человека. Объективные факторы делятся на: технические, организационные, экономические - все это условия труда. Технические факторы связаны с оборудованием.

Организационными являются факторы - организация труда. К экономическим относятся - формы и уровень заработной платы, уровень и структуру себестоимости продукции, цену реализации.

Любая масса растениеводческой продукции - это созданная человеком экологическая система, в которой взаимодействует живое и неживое.

Порча продукции при хранении происходит в результате взаимодействия физических, химических и биологических факторов.

Абиотическая среда также включает различные факторы: физические; неорганические химические; физико-химические.

Важнейшими биотическими факторами растительной массы являются микроорганизмы, насекомые и теплокровные вредители.

Кроме того – это использование помещений, которые соответствуют нормам. Подготовка рабочих мест, где обозначены опасные территории. Использование материалов, которые не оказывают рисков на здоровье работников. Предотвращение пожара и взрыва.

Правильное размещение оборудования, построение маршрутов движения транспорта. Применение безопасных способов перемещения и хранения материалов, исключая ручной труд. Разработка и осуществление мер по безопасному выходу из травмоопасных ситуаций, возникающих в процессе работы.

Перевозка работников. Соблюдение трудового распорядка, производственной и технологической дисциплины. Проведение инструктажа сотрудников по охране труда и проверки их знаний. Использование специальных накопителей для сбора и хранения отработанных масел.

Требования к использованию работниками защиты. Исключить опасные факторы, которые встречаются при опасном состоянии машин и оборудования. Открытые подвижные части машин и оборудования. Неисправность или отсутствие освещения. Подтекание жидкостей. Отсутствие или неисправность средств доступа на рабочее место и к местам обслуживания.

Отсутствие устройств, которое предотвращает попадание продукта и его остатков на поверхности теплообменных элементов. Нет изоляции на электропроводки. Скользкие поверхности. Нет решеток на завальных ямах, бункерах.

При нарушении охраны труда в связи с требованиями работники должны устранить их собственными силами, а если это невозможно сделать, прекратить работы и информировать управляющего работ.

Травмы находятся на высоком уровне из-за неблагоприятных условий труда. Это можно увидеть из официальной статистики на последний квартал 2018 года: почти треть работников работают в условиях, которые являются вредными или опасными.

Проведение проверок для контроля состояния условий и охраны труда. Слежение за исправностью оборудования. Контроль руководителей за состоянием работ. Полевые

сельскохозяйственные работы должны производиться землепользователями с учетом охранных зон электрических сетей в соответствии с таблицей 1.

Таблица 1. Параметры охранной зоны в зависимости от напряжения ЛЭП

Напряжение высоковольтной линии электропередачи, кВ	Расстояние, м
До 20	10
От 20 до 35	15
От 35 до 110	20
От 110 до 220	25
От 220 до 500	30
От 500 до 750	40
От 750 до 1150	55

Что касается условий труда на рабочих местах тружеников сельского хозяйства, большое внимание должно уделяться обязательной специальной оценке условий труда для лиц, занятых на предприятиях агропромышленного комплекса [1].

Данной теме посвящены работы автора Герберт Е.В., где она анализирует факторы, влияющие на безопасность работников, а также исследует случаи травмирования [2]; Шеметова Е.Г. проводит анализ данных по использованию на предприятиях безопасных здоровьесберегающих технологий, нацеленных на охрану труда работников [3]; Мальгин Е.Л. изучает основные причины травматизма в сельскохозяйственной отрасли и предлагает оптимальные пути решения проблемы [4].

Мы видим, что ежегодно в сельском хозяйстве есть смертельные случаи с высоким уровнем травматизма. Поэтому надо уделять предельное значение вопросам по обеспечению охраны труда (таблица 2).

Таблица 2. Количественные показатели травматизма по отраслям народного хозяйства

	Работник и, чел.	Нет трудоспособности, даже на короткое время, чел.	Смертельные случаи, чел.	Частично нет трудоспособности, чел.	Серьезные заболевания, чел.
Всего в экономике	19897069	23597	1072	698	3323
Выращивание культур на один год	381014	549	38	19	15

Выращивание культур на несколько лет	19293	15	1	0	0
Животноводство	537957	1283	65	236	37
Смешанное сельское хозяйство	26623	29	2	1	1
Вспомогательные виды работ	47705	28	2	5	0
Всего в земледелии	1012592	1904	108	261	53
% от общего значения по экономике РФ	5,09	8,07	10,07	37,39	1,59

Авторы литературы сравнивают условия труда персонала предприятий мясопереработки [5] и условия труда при переработке растительной продукции. Кроме того, анализируют те выгодные способы переработки сельскохозяйственной и дикорастущей растительной продукции, которые позволят снизить количество выбросов вредных веществ в окружающую среду, повысить качество готового продукта, обогатив рацион питания нутриентами растительного происхождения [6].

Количество работников в сельском хозяйстве не слишком большое число, но показатели производственных травм - велики. Лица с утраченной трудоспособностью, т.е. инвалиды, даже на короткое время, составляют 8% от всех пострадавших. Доля людей со смертельным исходом более 10% и доля нетрудоспособных работников почти 40% от аналогичного значения по экономике РФ. Это свидетельствует, что уровень травматизма в сельском хозяйстве остается на достаточно высоком уровне.

В 2021 году требования, регламентированные приказом №76 н, применяются на организации всех форм собственности, а также индивидуальных предпринимателей. Исключения только для сотрудников, которые не являются ИП. Основные требования к управляющим: обеспечивать необходимый уровень безопасности; организация трудовых мест; организация технологических процессов; перевозка и хранение материалов.

Основной нормативный документ был принят в 2020 году, но Министерство труда решило его пересмотреть, так как поменялись условия труда и внедрили новые технологии. Дополнительным толчком стали: принципы «рискоориентированного» подхода в работе контролирующих и надзорных органов, которые заключаются в разделении предприятий по классам рисков.

Сложившееся положение в сфере охраны труда в области сельского хозяйства связано с отсутствием четкой системы управления в данной сфере. Данное положение дел прежде всего является следствием дефицита квалифицированных специалистов по охране труда, недостатками в обучении специалистов (инженеров, агрономов, зоотехников и т.п.) безопасности труда, отсутствию в организациях сельского хозяйства всех обязательных ступеней контроля за охраной и безопасностью труда [8].

При написании данной статьи, мы разобрали и изучили литературу технологии по охране труда и сделали вывод. В каждом крае растениеводство имеет особенности, которые зависят от природных условий этого края. Растениеводство изучает отдельные сельскохозяйственные культуры, их биологические особенности, условия жизни и приемы выращивания, завершающиеся получением высоких урожаев.

Основная деятельность связана с работой с природными объектами и уходом за растениями, работа, связанная с пребыванием на открытом воздухе в любую погоду. Из этого всего мы сделали вывод, что охрана труда очень нужна при работе с растениеводством.

Список литературы:

1. Шеметова Е.Г. Проведение СОУТ на предприятиях – залог обеспечения безопасности труда / Е.Г. Шеметова, А.В. Богатова, Н.А. Буракова // Юность и знания - гарантия успеха -2019: сб.статей 6-й Междунар. молодежной науч. конф., Юго-Западный государственный университет. 2019. С. 144-147
2. Герберт Е.В. Аспекты влияния производственных условий на качество и безопасность труда / Е.В. Герберт, С.И. Трунов, Е.Г. Шеметова // Междисциплинарная интеграция как двигатель научного прогресса: сборник материалов Международной научно-практической конференции. Новосибирск, - 2020. - С. 366-372.
3. Шеметова Е.Г. Анализ данных по использованию на предприятиях безопасных здоровьесберегающих технологий, нацеленных на охрану труда работников // Е.Г. Шеметова, Е.Л. Мальгин, Л.В. Бурова, С.И. Трунов // Молодежь в науке и предпринимательстве: сборник научных статей X международного форума молодых ученых. Гомель, 2021. С. 197-200.
4. Мальгин Е.Л. Перспективные направления переработки растительного сырья: проблемы безопасности и охраны труда / Е.Л. Мальгин, Е.Г. Шеметова, Н.В. Морозов // Пищевые инновации и биотехнологии: сборник тезисов IX Международная научная конференция студентов, аспирантов и молодых ученых «Пищевые инновации и биотехнологии» в рамках III международного симпозиума «Инновации в пищевой биотехнологии». Кемерово, 2021. С. 75-77.
5. Мальгин Е.Л. Особенности обеспечения охраны труда персонала предприятий мясопереработки / Е.Л. Мальгин, Е.Г. Шеметова // Экология. Риск. Безопасность.: Материалы Всероссийской научно-практической конференции. Курган, 2020. - С. 258-260
6. Шеметова Е.Г., Петрова А.В. Технология переработки и хранения растительного сырья / Е.Г. Шеметова, А.В. Петрова // Известия вузов. Прикладная химия и биотехнология
7. Шеметова Е.Г. Использование методов анализа производственного травматизма на АПК / Е.Г. Шеметова, Я.А. Зайков, Д.В. Мороз // Будущее науки-2019: сборник научных статей 7-й Международной молодежной научной конференции (25-26 апреля 2019 года), в 6 томах, Том 5. Юго-Зап. гос. ун-т., А.А. Горохов, Курск: ЗАО Университетская книга, 2019, - С. 219-222.

ТАБИҒАТТЫ САҚТАУДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚОРҒАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сатбаева Қ.
з.ғ.к. ,доцент
Қазтұтынуодағы Қарағанды
университеті

Қазақстан Республикасының Конституциясы Республика азаматтарын табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндеттейді (ҚР Конституциясының 38-бабы). Басқаша айтқанда, табиғатқа қарсы бағытталған кез-келген әрекет конституцияға қарсы деп жарияланады және мұндай әрекеттер үшін жауапкершілік түбегейлі басқа деңгейге шығарылады.

Мемлекет өзінің алдына адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды. Осыған байланысты Республика Үкіметінің құзырына табиғи ресурстар мен қоршаған табиғи ортаны ұтымды пайдалану және оларды қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру жатқызылған.

Табиғи ортадағы адамның деструктивті әрекеті аландаушылық тудырады және осыған орай адамзаттың тіршілік ету ортасы және оның өмір сүруінің маңызды шарты ретіндегі планетарлық табиғаттың жойылуына жол бермеу бойынша мемлекет тарапынан қарсы әрекет туындайды. Республика азаматтарының табиғатты сақтау және табиғат байлықтарына ұқыпты қарау міндеті конституциялық деңгейде бекітілген. Дегенмен, біздің ұйғаруымызша, дәл осы конституциялық норманы өзгерту қажеттілігі айқын. Себебі, табиғатты сақтау, табиғат байлықтарына ұқыпты қарау тек Қазақстан Республикасының азаматтары үшін ғана емес, сонымен қатар мемлекет аумағында өмір сүріп жатқан азаматтығы жоқ адамдар мен шет ел азаматтары үшін де міндетті болуы қажет. Олай болса, 38-бап мынадай редакцияда жазылуы қажет: «Әркім табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті».

Әркімнің табиғат пен қоршаған ортаны сақтау және табиғи байлыққа ұқыпты қарау міндетін құқықтық деп те, моральдық деп те санауға болады. Табиғатқа қамқорлық – бұл қоғамның Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Конституция арқылы жолданған адамгершілікті сақтау талабы деп түсінген абзал. Бұл міндет ұжымдық заңды тұлғаларға, заңды тұлға мәртебесі жоқ жеке тұлғалардың бірлестіктеріне, мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына да қолданылады. Олардың барлығы құқықтық актілерді шығару кезінде де, қандай да бір (оның ішінде шаруашылық) қызметті жүзеге асыру кезінде де осы баптың ережелерін ескеруге тиіс.

Еліміздегі қоршаған ортаны қорғау мен табиғи байлықтарды пайдалануды реттейтін негізгі нормативтік құқықтық актілер – бұл, бірінші кезекте, Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-ві Экология кодексі, «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі N 175 Заңы. Табиғи ресурстардың жекелеген түрлері туралы заңдар: «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 125-VI ҚРЗ, Қазақстан Республикасының Жер кодексі Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 Кодексі, Қазақстан Республикасының Су Кодексі Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі N 481 Кодексі, Қазақстан Республикасының Орман кодексі Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі N 477 Кодексі.

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-ві Экология кодексі қоршаған ортаны қорғауды мемлекет, жеке және заңды тұлғалар жүзеге асыратын, табиғи ортаны сақтауға және қалпына келтіруге, қоршаған ортаның ластануын және оған кез келген нысандарда залал келтірілуін болғызбауға, қоршаған ортаға жағымсыз антропогендік әсерді барынша азайтуға және оның салдарларын жоюға, Қазақстан Республикасының орнықты дамуының өзге де экологиялық негіздерін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жүйесі ретінде анықтайды [1].

Экология кодексінде қоршаған ортаны қорғау объектілері – табиғи ортаның барлық құрамдасы, биоәртүрлілік, генофонд және тірі организмдердің генетикалық ресурстары, табиғи және табиғи-антропогендік объектілер жойылудан, тозудан, сарқылудан, бүлінуден, ластанудан немесе өзге де зиянды әсер етуден қорғалуға жататындығы, сондай-ақ

жекелеген объектілер Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасына сәйкес ерекше қорғалуға жататындығы анықталған.

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі N 175 Заңына сәйкес «табиғи кешендер, оның ішінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері, сондай-ақ осы жерлерде және басқа санаттардағы жерлерде орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы қатынастардың объектілері болып табылады» [2]. Аталмыш Заңға сәйкес жеке тұлғалар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндетті.

Азаматтардың табиғатты қорғау және оның ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі міндеттерінің едәуір бөлігі жер, оның қойнауы туралы заңнамада, су, орман заңнамасында белгіленген.

Санитариялық және экологиялық талаптарға сәйкес келетін өндіріс технологияларын қолдануға, өздері жүзеге асыратын қызмет салдарынан адам денсаулығына зиян келтіруге, санитариялық-эпидемиологиялық және радиациялық жағдайдың нашарлауына, экологиялық залал келтіруге жол бермеуге; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жануарлар дүниесін, орман, су және басқа да табиғи ресурстарды пайдалану тәртібін сақтауға, мемлекет қорғауындағы тарихи-мәдени мұра объектілерінің және жер учаскесінде орналасқан басқа да объектілердің сақталуын қамтамасыз етуге; жер учаскесінде шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде құрылыс, экологиялық, санитарлық-гигиеналық және өзге де арнаулы талаптарды (нормаларды, ережелерді, нормативтерді) сақтауға; топырақтың ластануына, қоқыстануына, тозуына және оның құнарлылығының нашарлауына, сондай-ақ топырақтың құнарлы қабатын сыдырып алу құнарлы қабаттың біржола жоғалуын болғызбау үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, басқа тұлғаларға сату немесе беру мақсатымен оны сыдырып алуға жол бермеуге міндеттілігі Жер кодексінің 65-бабымен қарастырылған [3].

Қазақстан Республикасының Орман кодексінде орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы заң бұзушылықтар тізбесі беріліп, олар орын алған жағдайларда жауаптылықтар белгілену мүмкіндігі анықталған.

Экология заңнамасының «ластаушы төлейді» қағидаты қызметі қоршаған ортаның ластануын, табиғи ортаның тозуын, кез келген нысанда экологиялық залал не адамдардың өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келтірілуін туғызатын немесе туғызуы мүмкін тұлға Қазақстан Республикасының экология заңнамасында белгіленген, өз қызметінің жағымсыз салдарларын болғызбау және бақылау жөніндегі, оның ішінде келтірілген экологиялық залалды түзету қағидатына сәйкес жою жөніндегі талаптарды орындау бойынша барлық шығыстарды көтеретіндігін анықтайды. «Ластаушы төлейді» қағидатына қатысты заң ғылымдарының докторы, Қазақстан мұнай-газ саласы заңгерлері қауымдастығының президенті, «KazakhstanBarAssociation» Заң консультанттары палатасының төрағасы Ж.С. Елюбаев былай дейді: «...іс жүзінде Қазақстанда бұл қағидатты іске асыру эмиссия үшін ақы алуға және қоршаған ортаға келтірілген залалды оның мөлшерін түсініксіз математикалық формула негізінде, яғни «жанама әдіспен» айқындау арқылы өндіріп алуға ғана келіп тіреледі. Бұл ретте эмиссия үшін төлемақы және залал үшін өтемақы түрінде бюджетке түсетін қаражаттың нысаналы мақсаты болмайды және экологиялық проблемаларды шешуге көп дәрежеде жұмсалмайды, соның нәтижесінде «ластаушы төлейді» қағидаты қол жеткізуге бағытталған мақсаттарға қол жеткізу мүмкіндігі болмайды» [4].

Экология заңнамасын зерделеу экология және онымен байланысты ғылымдар саласындағы іргелі ғылыми білімге негізделген және табиғи ортаның қазіргі жағдайын және оның Қазақстан халқының өмір сүру сапасына әсерін бағалаудан, ғаламдық биосфералық процестерді тұрақтандырудағы Қазақстанның табиғи жүйелерінің рөлінен, сондай-ақ адам

мен табиғат арасындағы өзара әрекеттестіктің ғаламдық және аймақтық ерекшеліктерінен туындайды. Табиғатты сақтау және қоршаған ортаның сапасын жақсарту мемлекет пен қоғам қызметінің басым бағыттары болып табылады. Табиғатты сақтау және қоршаған ортаның сапасын жақсарту мемлекет пен қоғам қызметінің басым бағыттары болып табылады. Табиғи орта әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесіне ұлттық игіліктің ең қымбат құндылығы, ұлттық және жалпы адамзаттық қауіпсіздіктің қажетті шарты ретінде енгізілуі керек. Халықтың денсаулығы, экологиялық және әлеуметтік салауаттылығы ажырамас бірлікте. Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы, оның халқының өмірі мен денсаулығының жоғары сапасы, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік табиғи жүйелер сақталған және қоршаған ортаның тиісті сапасы сақталған жағдайда ғана қамтамасыз етілуі мүмкін. Ол үшін қоршаған ортаны қорғауға және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған экология саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және дәйекті іске асыру қажет. Табиғи жүйелерді сақтау және қалпына келтіру мемлекет пен қоғам қызметінің басым бағыттарының бірі болуға тиіс.

Қоршаған ортаны сақтау мен оның тұрақты дамуының маңызды құралы Конституцияда белгіленген қоршаған табиғи ортаны қорғаудың негізгі принциптерін, тетіктерін, кепілдіктерін заңнамалық тұрғыдан бекіту, сондай-ақ қоршаған ортаның сапасын бағалау болып табылады. Сондықтан экологиялық заңнама табиғи ресурстарды сақтау, ұтымды пайдалану, оларды молайту, адамдардың қазіргі және болашақ ұрпақтары үшін қолайлы табиғи ортаны сақтау мүддесінде барлық осы құқықтық тетіктерді жандандыру үшін қоғам мен табиғаттың өзара іс-қимылы саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған.

Қазіргі экологиялық дағдарыс адамзат өркениетінің тұрақты даму мүмкіндігіне қауіп төндіреді. Табиғи жүйелердің одан әрі тозуы, биосфераның тұрақсыздануына, оның тұтастығының жоғалуына және өмір сүру үшін қажетті ортаның сапасын сақтау қабілетінің жоғалуына әкеледі. Әлемдік қоғамдастық пен үкіметтер 1992 жылы Рио-де-Жанейрода өткен БҰҰ-ның Қоршаған орта және даму жөніндегі конференциясында жарияланған міндеттер әлі де болса өз шешімін түпкілікті таба алмай отыр. Дағдарысты еңсеру табиғи ортаның жойылуы мен тозу мүмкіндігін болдырмайтын табиғи жүйелердің бейімделу қабілеттеріне сәйкес адам мен табиғат арасындағы қатынастардың жаңа түрін қалыптастыру негізінде ғана мүмкін болады.

Экологиялық дағдарыс табиғи және әлеуметтік болуы мүмкін. Табиғи экологиялық дағдарыс адамның айналасындағы табиғи ортаның жойылуын көрсетеді. Әлеуметтік экологиялық дағдарыс мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың қоршаған ортаның құлдырауын тоқтатуға, жағдайды тұрақтандыруға және қоршаған ортаны жақсартуға қабілеті төмендігін анықтайды, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі арнайы органдар жұмысының жеткіліксіз тиімділігімен айқындалады. Біріншіден, жауапкершілік Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің, ормандарды, балық ресурстарын, жануарлар дүниесін, жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі басқа да арнайы органдардың жұмысына жүктеледі. Екіншіден, экологиялық дағдарыс құқық қорғау органдарының қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың орындалуын сенімді бақылау мен қадағалауды қамтамасыз ете алмауынан көрінеді. Үшіншіден, экологиялық дағдарыс оның әлеуметтік аспектісінде, яғни экологиялық талаптарды жаппай құрметтемеуде, оларды бұзуда немесе орындамауда.

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Асқар Маминнің төрағалығымен 2021 жылғы 15 маусымда өткен Үкімет отырысында Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев өңірлердегі экологиялық проблемаларды шешу бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы жасаған баяндамасында Қазақстан өңірлерінің экологиялық проблемаларының тізбесі айтарлықтай үлкендігін, олар атмосфералық ауаның, жер үсті суларының ластануы және қалдықтармен жұмыс істеудің жетілмеген жүйесінің салдары екенін атап өтті. Министр баяндама барысында атмосфералық ауаның экологиялық мониторингінің деректерін келтірді: 2020 жылдың қорытындысы бойынша 45 өнеркәсіптік

қала мен мегаполистің 10 қаласы атмосфералық ауаның жоғары ластану деңгейіне жатады. Бұл Нұрсұлтан, Алматы, Қарағанды, Теміртау, Атырау, Ақтөбе, Балқаш, Өскемен, Жезқазған және Шымкент қалалары. Ластаушы заттар шығарындыларының жалпы көлемі 2,5 млн тоннаны құрады [5].

Қоғам қоршаған ортаның диоксидтермен және басқа да супертоксииндермен ластану проблемасының төмен зерттелуіне, сондай-ақ шығарындылардың салдары жеткілікті зерттелмеген жаңа заттардың пайда болуына алаңдайды. Жердің пестицидтермен және минералды тыңайтқыштармен ластануы артып келеді.

Экологиялық дағдарысты болдырмау үшін:

- табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігін жетілдіру
- адамның тіршілік ету ортасын сауықтыруға және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың кең кешенін жүргізу;
- технологиялық процестер мен өндірілетін өнімнің халықаралық стандарттарына дәйекті көшу;
- қалдығы аз, қалдықсыз және ресурс үнемдейтін технологияларға көшу кезінде жұмыс істеп тұрған өндірістерді қайта жаңартуды мемлекеттік қолдау қажет.

Үстіміздегі жылдың 1 қарашасында Глазго қаласында өткен БҰҰ COP 26 Саммиті шеңберінде Қазақстан климаттың өзгеруіне қарсы күреске бейілділігі туралы ұстанымын растады. Қазақстан парниктік газдар шығарындыларын 15% - ға азайту міндеттемесін қабылдай отырып, Париж келісімін әлемде алғашқылардың бірі болып ратификациялады. Қазақстан Республикасының алға қойған мақсатына қол жеткізу үшін ұлттық деңгейде айқындалатын салым (ҰДАС) жанартылды.

Қазіргі түсінікте экологиялық саясат бір сәттік емес, ұзақ мерзімді факторларды ескеруі және мемлекеттің жалпы саясатында, мемлекеттік бюджетте басымдыққа айналуы тиіс, қоғамның даму бағыттарын тек тұтынуды ұлғайтуға бағытталған экономикалық тұрғыдан адамға лайықты өмір сүру ортасын құру бағытында қайта ойластыру қажет.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму – еліміз үшін алдыңғы кезекте тұрған мәселе. Бүкіл өркениетті әлем жұртшылығы осы мәселемен айналысуда. Бізге де мұндай жаппай үрдістен шет қалуға болмайды» – дейді [6]. Олай болса, алдыңғы кезекте тұрған мәселені артқа ысыру қоғамға, жалпы адамзатқа үлкен қауіп төндіретінін бір сәт те естен шығармау керек. Экологиялық дағдарыстың арты мемлекеттік, қоғамдық дағдарысқа ұласуы әбден мүмкін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Экология кодексі. Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Кодексі (электрондық «Әділет» базасына сәйкес 04.11.2021 жылғы жағдай бойынша) - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400>
2. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі N 175 Заңы (электрондық «Әділет» базасына сәйкес 04.11.2021 жылғы жағдай бойынша) - https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000175_
3. Қазақстан Республикасының Жер кодексі. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 Кодексі (электрондық «Әділет» базасына сәйкес 04.11.2021 жылғы жағдай бойынша) - https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000442_
4. Елюбаев Ж.С. Вопросы юридической ответственности в экологической сфере в контексте Концепции нового Экологического кодекса Республики Казахстан. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32684204&pos=5;-106#pos=5;-106
5. В июне текущего года введена «нулевая ставка» на утилизационный сбор. Официальный информационный ресурс Премьер-Министра Республики Казахстан. –

Источник: <https://www.primeminister.kz/ru/news/v-iyune-tekushchego-goda-vvedena-nulevaya-stavka-na-utilizacionnyy-sbor-m-mirzagaliev-1552932>

6. Правительство рассмотрело вопросы экологии и охраны окружающей среды. Официальный информационный ресурс Премьер-Министра Республики Казахстан. – Источник: <https://www.primeminister.kz/ru/news/pravitelstvo-rassmotrelo-voprosy-ekologii-i-ohrany-okruzhayushchey-sredy-4101041>

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Сусан Р.Ж.
заң ғылымдарының магистрі
Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

Жаңа ғасырға аяқ басқан Қазақстан Республикасы көпшілік мемлекеттер сияқты қоршаған ортаны қорғау саласындағы ең күрделі проблемаларға тап болды.

Бұл мақала Қарағанды облысында орын алып жатқан және ең өзекті мәселелердің бірі болып қала беретін экологиялық өзекті мәселелеріне шолу жасауға арналған.

Аймақтың экологиялық тұрақты дамуы қоршаған ортаға оның репродуктивті механизмдерінің бұзылуына әкелетін төтенше жүктемелердің алдын алуды, сондай-ақ табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды және тауарлар мен қызметтерді өндірудің әртүрлі салаларындағы қызметті жүзеге асыруды көздейді. экологиялық жүйенің экономикалық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін экологиялық таза технологиялар. Экологиялық бағдарламаның стратегиясы экологиялық тәуекелді төмендетуге және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттерді қамтуы тиіс.

Экологиялық қауіпсіздік – ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде тұрақты дамудың міндетті шарты болып табылады. Мұнымен бірге табиғи экожүйені сақтау мен жаңғыртудың негізі екені анық. Мемлекет басшысының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа жолдауында, экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы мен табиғат ресурстарын қорғауға бағытталған басқадай бағдарламалар аясында өткен жылы біздің басқарма экологиялық жағдайды жақсарту, қоршаған ортаны сауықтыру және сақтау жұмыстарын атқарды. «Жасыл ел» бағдарламасы аясында өткен жылы мемлекеттік орман қорында 76 гектарға ағаш отырғызылып, 1178 гектар аймақта оларға күтім жасалды.

Қарағанды облысы – Қазақстандағы экологиялық жағынан ең ластанған, өнеркәсіптік өндіріс орындары көп шоғырланған ірі өнеркәсіп орталығы. Бұл өңірдегі өндіргіш күштердің даму барысы көптеген жылдардан бері экологиялық зардаптар ескерілмей іске асырылды. Соның салдарынан облыстың атмосфералық ауасы бұзылды.

Қарағанды облысы – Қазақстанның экологиялық лас өнеркәсіптік өндірісі жоғары шоғырланған ірі өнеркәсіп орталығы. Ұзақ уақыт бойы өңірімізде өндіргіш күштерді дамыту экологиялық зардаптарды есепке алмай жүргізілді, соның салдарынан шиеленісті экологиялық жағдай қалыптасты.

Қарағандының ерекше өзекті мәселесі болып метан газының шығарындылары нәтижесінде ауаның ластануы (100 млн. текше метр)

Бұл мақалада аймақтың экологиялық-экономикалық қауіпсіздігі жеке адамның, қоғамның өмірлік маңызды мүдделерін және аймақтың табиғи ортасын адамдар өмірі мен экономикалық факторлардың әсерінен туындайтын қауіптерден қорғау жағдайы ретінде түсінілетін болады.

Облыстың экологиялық-экономикалық қауіпсіздігін қалыптастыру субъектілері болып облыс аумағында жұмыс істейтін кәсіпорындар, қоғам немесе осы аумақта тұратын халық, билік органдары, экология саласындағы қоғамдық ұйымдар және бұқаралық ақпарат

құралдары табылады. Аталған субъектілердің әрқайсысының белгілі бір қажеттіліктері мен мүдделері бар, олар қарама-қайшы болуы мүмкін және тұрақты, экологиялық бағдарланған даму тұжырымдамасына сәйкес келмеуі мүмкін.

Өндірістік қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындар экономикалық көрсеткіштерді сақтау үшін қоршаған ортаны қорғауға байланысты шығындарды азайтуға мүдделі.

Бұқаралық ақпарат құралдары әртүрлі ақпараттық алаңдарда, форумдар мен іс-шараларда қоршаған ортаны қорғау мәселелерін көрсетеді, сол арқылы қоғамның назарын қоршаған ортаны сақтауға аударады.

Қарағанды облысындағы өнеркәсіптер экология апаттың алдында тұр. Мемлекет ұсынып отырған шешімдер бұл өзекті мәселелелердің алдын алуға жеткіліксіз екені анық. Сонда өнеркәсіптік аймақтың «апат аймағына» айналмауы үшін не қажет?

Қарағанды облысында қолайсыз экологиялық жағдайдың қалыптасуына аймақтың стихиялық индустриялануы ықпал етті. Оған Ұлы Отан соғысы жылдарында еліміздің көптеген өнеркәсіп орындарының Қарағандыға ауысуы себеп болды. Одан кейін облыстың табиғи ресурстарын, ең алдымен көмірдің, қара және түсті металл рудаларының орасан зор қорларын қарқынды игеру басталды. Нәтижесінде өте қысқа мерзімде аймақтың табиғи ортасы мен табиғи ресурстарын өзін-өзі қалпына келтіру мүмкіндіктері сарқылды.

Бүгінгі таңда Қарағанды облысының республикалық жалпы өңірлік өнімдегі үлесі 9,3% (өңірлер арасында 3-орын), бұл көрсеткіш бойынша біз Алматы (16,1%) және Атырау облысы (12,8%) мен қатар көшбасшылар тобына ендік.

Бүгінгі таңда көптеген өнеркәсіп орындары әртүрлі өнімдерді шығарып қана қоймай, қоршаған ортаны интенсивті түрде ластауда. Атмосфераға зиянды заттардың жалпы шығарындылары бойынша Теміртау, Балқаш және Қарағанды қалалары ТМД қалалары арасында 4-6, Қазақстанда 1-3 орын алады. Қарағанды облысында орналасқан стационарлық ластау көздері атмосфераға жылына 800 мың тоннадан астам қалдықтарды шығарады, бұл республикадағы барлық шығарындылардың 30%-дан астамын құрайды.

Қарағанды облысының экология департаменті тексеру шараларын жүргізеді – рұқсат етілмеген үйінділерді анықтайды, егер оларды кім ұйымдастырғаны анықталса, оған Әкімшілік кодексе бойынша айыппұл салынады. Заңды бұза отырып, қалдықтарды дұрыс емес жерге тастаған кәсіпорындарға да айыппұл салынады.

Үлкен мәселелер қатты тұрмыстық қалдықтардың көп болуымен туындайды. Облыста тұрмыстық қалдықтарды сақтау, жайластыру, полигондарды пайдалану, сақтау және көму мәселелері нашар шешілген.

Сонымен қатар, радиациялық қауіпті шахталардың, тау-кен жұмыстары аяқталғаннан кейін қараусыз қалған және ашылмай қалған ашық кеніштердің қоршаған ортаға және адам денсаулығына әсер ету мәселесін атап өткен жөн. Бұл фактілер Шет ауданы Ақшатау ауылында, Ақтоғай өңірінің қараусыз қалған геологиялық кеніштерінде (Майтас, Қызыл, Тарасал) байқалады.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мазғұм Мырзағалиевтің айтуынша, Қарағанды облысының үлесіне 305 мың тонна өнеркәсіптік шығарындылар келеді, бұл жалпы көлемнің төрттен бір бөлігін құрайды. Оның 76,2 мың тоннасын «АрселорМиттал Теміртау» АҚ өндіреді.

Үкімет мүшесінің сөзіне сүйене отырып, талдау Теміртау қаласындағы атмосфералық ауаның ластануының жоғары серпінін көрсетіп отыр, бұл қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына айтарлықтай әсер етеді. Қоршаған ортаны қорғау шаралары жүргізілгенімен, экологиялық жағдайы әлдеде жақсармай отыр.

«Соңғы алты жылда қоршаған ортаны қорғау бойынша 11 млрд теңгеге іс-шаралар жүзеге асырылды. Нәтиже болуы керек сияқты. Дегенмен, қоршаған ортаға эмиссияның азаюы бар болғаны 13,5 мың тоннаға немесе жалпы көлемнің 16%-ға ғана орындалды. Соңғы төрт жылда ауа сапасы жақсарған жоқ, шаң, күкірт диоксиді, көміртегі тотығы, азот, күкіртті сутек, фенол және аммиак бойынша ШРК-дан асып кеткен. Кәсіпорын бірнеше рет әкімшілік

жауапкершілікке тартылды, оған жалпы сомасы 4 миллиард теңгеден астам талаптар қойылды», - деді Мазғұм Мирзағалиев. [1]

Қазақстан аймақтарындағы экологиялық проблемаларды шешу шараларына келетін болсақ, Қарағанды облысында қол қойылған меморандумға сәйкес, «АрселорМиттал Теміртау» 2025 жылға қарай ауаға шығарылатын зиянды заттарды 30%-ға төмендетуге міндеттенеді. Сондай-ақ Теміртау қаласының айналасына 500 мың түп ағаш отырғызылады.

Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек экологиялық мәселелер Қарағанды облысы үшін, әсіресе, Теміртау, Балқаш, Жезқазған қалалары үшін өзекті екенін атап өтті. «2020 жылы шығарындылар көлемі 585 мың тоннаны құрады, оның 80 пайызы «Арселор Миттал Теміртау» және «Қазақмыс Холдинг» кәсіпорындарының шығарындылары. Экологиялық мәселелерді шешу үшін облыс әкімдігі Экология министрлігімен бірлесіп 2020-2024 жылдарға арналған экологиялық мәселелерді кешенді шешудің Жол картасын бекітті».

Арселор Миттал Теміртау дерегі бойынша, 2019-2020 жылдары экологиялық жобаны жүзеге асыру үшін 35 миллиардтан астам теңге жұмсалмақ. Электр сүзгі орнатып, шаңды тазалау жабдықтарын қайта қалпына келтіріп, әк күйдіру пешін жаңарту, газ цехының күкіртін тазалауды қалпына келтіру жұмыстарын жасау жоспарда бар. Бұған құса күл-қоқыр жинағыш жасау жобасы жүзеге асып жатыр, кокс газы мен кокс-химиялық өндіріс құрылғыларын тазарту жүйесін қалпына келтіру жөніндегі жоба да іске қосылды.

Теміртау қаласында 2020 жылы шығарындылар көлемі 242 мың тоннаны құрады, оның 89 пайызы «Арселор Миттал Теміртау» компаниясына тиесілі, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 1,8 мың тоннаға аз. «АМТ» мәліметінше, жалпы сомасы 140 млрд теңгеге 22 табиғатты қорғау шарасы қарастырылған. 2025 жылға қарай шығарындыларды 65 мың тоннаға немесе 30%-ға қысқарту, соның ішінде 1700 тоннаға қысқарту көзделген,

-бұл 0,7%, 2022 жылға 2,7 мың тонна,

-2023 жылға 6,3 мың тонна, 2024 жылға 54,3 мың тонна.

-2020 жылдың соңында кәсіпорын 15,7 млрд теңгеге 8 іс-шараны аяқтады.

Облыстық бюджет есебінен Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Жезқазған қалаларының 4 қаласында атмосфералық ауаның жағдайын бақылау үшін 30 газ анализаторы орнатылды. Бұл аталған қалалардағы ауаның ластану жағдайын онлайн бақылауға және уақтылы басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік береді.

Тәуелсіз эколог Дмитрий Калмыковтың айтуынша, жағдайды түзету үшін қоғамдық бақылау, ағымдағы ластануды онлайн бақылау, санитарлық-қорғау аймағы мен эмиссия көздеріне (басқаша айтқанда, құбырларға) датчиктер орнату қажет. Сонымен қатар, бұл жүйелердің деректері күн сайын қолжетімді болуы керек.

«Сондай-ақ бейнебақылау болуы керек, өйткені тұрғындар түнде шығарындылар көбірек болады деп есептейді», - деп жалғастырды Дмитрий Калмыков. – Мониторинг жүйесіне ауа райының қолайсыз жағдайын үнемі бақылауды да қамту керек. Мұндай ерекше режим бар: жел болмаған кезде кәсіпорын жұмыс күшін азайтуы керек. Қазақстанда бұл норма көп жылдан бері жұмыс істемейді, бұл режимді жариялаумен ешкім айналыспайды. Желіде ешкімге ештеңе жариялаудың қажеті жоқ, бәрі сонда жазылған. Компьютер ластануды бірден сызып, елді мекендерге қайда жеткізілетінін көрсетеді.

Ресми деректерге сілтеме жасаған Калмыковтың айтуынша, 2018 жылы әлемде ArcelorMittal компаниясына тиесілі барлық зауыттар 55 мың тонна шаң шығарған. Оның 26 мың тоннасы Теміртау қаласында арнайы қоқысқа тасталды.

Қаражат игеріліп жатыр, тазарту ғимараттары салынып жатыр-мыс, бірақ нәтиже әлі көрінбейді. Үкіметтегі ластану деңгейінің жоғары болуының себептерін газ тазарту құрылыстарының тиімсіздігі мен табиғатты қорғау шараларының уақтылы жүргізілмеуі аталды. Бұған мемлекет тарапынан қатаң шара қолданбауы, аймақтың басқа да қажеттіліктері үшін экологиялық төлемдер мен айыппұлдардың ысырап болуы кінәлі деп санайды жұртшылық.

Ауа сапасы шұғыл назар аударуды қажет ететін маңызды мәселе, өйткені 2040 жылға қарай әлем халқының 70 пайыздан астамы ірі қалаларда тұрады деп күтілуде.

Қорқыныштысы, ауаның ластануы темекі шегуге қарағанда өлім-жітімнің жоғарылауына ықпал етеді, темекі шегушілер үшін 1,92 жылмен салыстырғанда өмір сүру ұзақтығын 2,2 жылға қысқартады. Ауаның ластануы халықтың ең осал топтарына зиянын тигізіп, COVID-19 пандемиясы кезінде олардың ауруға шалдығу қаупін арттырады.

Бүгінгі таңда еліміздің қалаларындағы ауа сапасы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) мен Еуропалық Одақ стандарттарынан айтарлықтай асып түседі. Ауа сапасы Қазақстандағы өлім-жітімнің негізгі себептері болып табылатын жұқпалы емес аурулардың (қант диабеті, жүрек-қан тамырлары аурулары, қатерлі ісік және респираторлық аурулар) қауіп факторларының бірі болып табылады.

Зерттеулер көрсеткендей, Қазақстанда жылына 16 мыңға жуық адам ауаның ластануынан болатын аурулармен байланысты. Барлық мәселелер ауаның ластануын кешенді түрде азайту арқылы шешілуі керек.

Ауаның ластануы тек Қазақстанға ғана тән емес – бұл Еуропа мен Орталық Азия елдеріне ортақ мәселе. Ауаның ластануында шек жоқ – бұл елдер арасындағы ынтымақтастықты, ортақ көзқарасты және келісілген әрекетті қажет ететін күрделі мәселе. Еуропа мен Орталық Азия елдері ДДҰ жыл сайын 1,6 триллион АҚШ долларын құрайтын ауаның ластануынан болатын өлім мен аурулардың өсуінің ауыр экономикалық шығындарын болдырмау үшін бірігуі мүмкін.

Бүгінде Қазақстан ауа сапасы жақсырақ жасыл болашаққа жүйелі қадамдар жасауда. 2020 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге ниетті екенін мәлімдеді. Жаңа Экологиялық кодекс кәсіпорындардан қоршаған ортаға зиянын барынша азайтатын инновациялық технологияларды қолдануды талап етеді. Зауыт ең жақсы қолжетімді технологияны (ВАТ) қолданған жағдайда ғана үкімет рұқсат бере алатыны қабылданған халықаралық тәжірибе.

Жаңа Экологиялық кодексте көрсетілген тағы бір оң үрдіс – өнеркәсіп салаларынан және кәсіпорындардан атмосфералық ауаны ластағаны үшін төлемдер ретінде жергілікті бюджетке төленетін төлемдерді реттеу. Бұрын бұл төлемдерді жергілікті атқарушы органдар қалалар мен аудандардың түрлі қажеттіліктерін қаржыландыру үшін жинаса, алымдардың 45 пайызға дейін ғана қоршаған ортаны ластауға қарсы іс-шараларға жұмсалған.

Өзгеріске сәйкес, енді алымдардың 100 пайызы жергілікті экологиялық жағдайды, оның ішінде ауаның сапасын жақсартуға бағытталған іс-шараларды қаржыландыруға бағытталуы тиіс. Бұл қоршаған ортаны қорғау шараларын қаржыландырудың қосымша арналарын ашады.

Жаңа экологиялық проблемалардың пайда болуы, олармен күресу үшін бізде жаңа технологиялық әзірлемелер болуы керек дегенді білдіреді. Сондықтан экологиялық қауіпсіздік жаһандық проблеманы қорғаудың бір бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл институционалды деңгейде де, ыңғайлы халықаралық тәсілде де қарастырылады. Әр елдің экологиялық қауіпсіздікке қатысты ұлттық саясаты бар.

Мінеки енді осы экологиялық апаттан қалай құтылуға болады? Табиғатты қалай сауықтыруға болады. Бұл өте күрделі мәселе. Бұл үшін ең алдымен, адамдардың табиғатқа деген көзқарасын өзгертіп, дұрыстау керек, тәрбиелеу керек. Ол үшін балалар бақшаснан бастап, мектептерде, жоғары оқу орындарында, адамдардың табиғатқа, қоршаған ортаға деген көзқарасын өзгертіп, қалыптастыру керек. Қазіргі заманға сай экологиялық идеология қажет. Қазақстандағы ауаның ластануының экологиялық мәселесін қалай шешуге болады деген сұрақ туындайды.

Менің ойымша, ең бастысы:

- өнеркәсіптік шығарындыларды азайту,
- іштен жанатын қозғалтқыштары бар көліктердің санын азайту және сапалы сүзгілер арқылы пайдаланылған газдарды тазалауды жақсарту,

- жану қозғалтқышы бар көліктерді атмосфераға зияны аз электромобильдерге ауыстыру,
- экологиялық таза табиғи ресурстарды молайту,
- аймақ жағдайында басқа да шексіз немесе жаңартылатын ресурстарды енгізу перспективасымен табиғи ресурстарды пайдалану бағытын өзгерту,
- өңірде қалдықсыз ресурстарды үнемдейтін экологиялық және экономикалық басқару технологияларын енгізу,
- ластануды қолайлы әлеуметтік және экологиялық-экономикалық деңгейге дейін азайту,
- қоғамдық бақылау нысандарын белсендіру,
- экологиялық білім мен тәрбие жүйесін дамыту,
- көліктің ескірген түрлерін көбірек экологиялық түрлерге ауыстыру қалалардың атмосферасын жақсартуға ықпал етеді,
- ескі өндірістердегі сүзгілерді ауыстыру,
- автомобиль көлігінің пайдаланылған газдарын азайту немесе тазарту,
- заманауи тазарту жүйелерін орнату атмосфераға зиянды заттардың шығарылу деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді;

Әдебиеттер тізімі:

- 1) <https://kursiv.kz/news/biznes/2019-11/pochemu-ekologicheskaya-situaciya-ne-uluchshaetsya-v-karagandinskoy-oblasti>
- 2) <https://www.primeminister.kz/ru/news/v-iyune-tekushchego-goda-vvedena-nulevaya-stavka-na-utilizacionnyu-sbor-m-mirzagaliev-1552932>
- 3) Аманбаев Қ. Жаныма жақын қала бұл: Қарағандыға-65 жыл // Орт.Қазақстан.- 1999.- 28 тамыз

ПОЛЕЗНАЯ МОДЕЛЬ EFQM: СОДЕРЖАНИЕ И ОСОБЕННОСТИ

Сулимова Р.С.

студент

Легостаева А.А.

научный руководитель,

кандидат экономических наук, профессор

Карагандинский университет Казпотребсоюза

Современные тренды развития социально-экономической системы вызывают необходимость быстрого отклика со стороны компаний на влияние факторов внешней среды и требования потребителей. Для этого необходимо искать и разработать инновационные методы обеспечения эффективности экономического и управленческого развития компании. Одним основным инновационным методом считается контроль качества. Имеется большое количество методов и практик, которые способствуют росту производительности, имиджа компании. Так повелось, что менеджмент качества, как правило, рассматривался с целью снижения доли неисправностей продукции в целом. Качество менеджмента является концепцией управления компанией, направленной на обеспечение соответствующего качества продуктов, процессов и услуг, и управления всеми деловыми процессами компании по техническим методам и ориентированности на клиентов.

С недавних пор, особенно в странах Европы, оценка менеджмента, основанная на модели качества, предлагаемой Европейском фондом менеджмента качества EFQM, является наиболее востребованной [1].

EFQM представляет собой новаторскую некоммерческую структуру, предоставляющую возможность для образования, развития, взаимовыгодного сотрудничества между предприятиями и частными лицами на мировом уровне.

EFQM - это модель европейского менеджмента качества, которая применяется для оценки своих результатов, сравнивая лучший международный опыт бенчмаркинга, а также создания общей концептуальной модели управления [2].

Европейская модель совершенства является необязательной и не подразумевает строгого соблюдения набора стандартов. На самом деле она даёт возможность использования множества предположений, необходимых для хорошего управления организацией и управления ее.

С помощью модели оценивается качество управления и качество производства, а также системные методы управления с учетом интересов всех сторон, участвующих в организации. Используя модель EFQM, организации проводят исследования и измеряют потенциал управленческих подразделений, в то время как организации проводят независимые исследования, проводимые руководителями всех систем управления.

На двух главных элементах – «Возможности» и «Результат» строится модель EFQM, как представлено на рисунке. 1.



Рисунок 1 – Структура модели EFQM.

Рассмотрение как самой модели, так и ее составляющих элементов, наиболее целесообразно осуществлять с точки зрения критериального подхода.

Как видно из рисунка 1, элемент «Возможности» состоит из следующих параметров: лидерства, политики и стратегий, персонала, партнерских отношений и ресурсов, процессов.

Модель «Результаты» состоит из: результатов потребителя, результатов работников, результатов общественности и главных результатов работы. Поэтому составляющие элементы "возможности" помогают понять, как достичь результатов. "Результаты" - это ключевые показатели и результаты компании, то есть организация использует имеющиеся возможности для достижения этого.

Неопределенность понятий полезной модели EFQM представлена как:

1. Модель делового совершенства - является структурой системы управления качеством.
2. Модель делового совершенства – является инструментом самооценки своего места на пути к совершенству, выявления недостатков и поиск их решения.
3. Модель делового совершенства – является методом разработок и осуществления планов по повышению производительности труда.
4. Модель делового совершенства является основой для общего языка и мышления на всех уровнях организации.

На основании вышеизложенного, можно сказать, что модель EFQM включает в себя 7 критериев оценки [3], представленные на рисунке 2.



Рисунок 2 – Основные критерии модели EFQM

Оценка стандартов модели делового совершенства EFQM происходит с помощью системы RADAR. RADA - это аббревиатура, используемая EFQM для описания структуры и логики диагностических инструментов.

Логика RADAR устанавливает организацию:

1. R results: определение достигнутого результата, учитывая реализацию стратегии предприятия.
2. A approach: обеспечение большого количества методов достижения результатов теперь и в дальнейшем.
- 3 D deployment -развертывание: развертывание системного подхода для эффективной реализации;
4. A assessment - оценка, R обзор – оценка и модернизация внедренных методик на основе полученных результатов мониторинга, анализа [4,5].

RADAR позволяет организациям лучше управлять своими текущими методами работы; выявлять свои сильные стороны и возможности для совершенствования. Содержание критериев оценки по стадиям RADAR показано в таблице 1.

Таблица 1. Содержание оценки RADAR

Стадии цикла	Что оценивается	Как это делается в лучших организациях
Results результаты	Значимые успехи предприятия и показатели деятельности: финансовая, производственная.	Полученные результаты показывают позитивные тенденции, соответствие установленным целям. Такие результаты обоснованы применением грамотного подхода.
Approach подход	Поставленные задачи и основы принятия их, эффективность использования подходов, направленных на достижение планируемых результатов.	Используются рациональные, продуманные, хорошо планируемые подходы, четко ориентирующиеся на удовлетворение потребностей заинтересованных лиц. Освоенные

		подходы объединяются во взаимосвязанные корпоративные политики и стратегии.
Deployment внедрение	Масштабность систематизированность использования подходов, как разместить их в организации для реализации принятых планов и стратегий.	Разработать и строго систематизировать методы для всех сфер деятельности.
Assessment and Review оценка (самооценка) и пересмотр	Изучение применяемых методов, анализ результатов и определение направления дальнейшего совершенствования.	Полученные результаты используются для выявления и выделения сильных и слабых сторон, планирования и реализации мероприятий по улучшению ключевого самоанализа.

Практика применения модели EFQM находится в динамичном развитии, поэтому 2019 года в Санкт-Петербургском государственном экономическом университете была предложена усовершенствованная, новая модель EFQM.

Модель была разработана для построения системы управления для организаций любого размера и отрасли современной компании. EFQM позиционирует свою новую модель для тех компаний, которые хотят создать корпоративную деятельность для повышения производительности, оставаясь гибкими, адаптируемыми и способными к росту. Структура новой модели EFQM представлена на рисунке 3.



Рисунок 3 – Новая модель EFQM

Рассматривая усовершенствованную модель, особого внимания заслуживает организация, расположенная в центре, и включающая в себя три аспекта:

- направление - характеризует менеджмент организации и включает соответствующие критерии;
- выполнение - создание устойчивых ценностей, повышение эффективности и преобразование, привлечение заинтересованных сторон;

- результаты - восприятие сторонами, стратегическая и операционная эффективность.

Модернизированная модель EFQM 2020 представляет интерес для организаций, которые работают над созданием корпоративной культуры, что способствует повышению структуры и эффективности. А также те организации, которые с учетом постоянных изменений на рынке нацелены быть более гибкими, быстро адаптироваться и постоянно развиваться. Поэтому сегодня модель бизнес-совершенства EFQM - это бизнес-модель, которую можно использовать для оценки результатов любой организации и сравнения полученных результатов с результатами рефереров, лидеров и конкурентов.

Внедрение модели EFQM путем присоединения к Европейскому фонду управления качеством предоставляет организациям неоспоримую возможность для сравнительного анализа на основе стандартов модели, что дает организации множество преимуществ:

- Использование базы данных лучших бизнес-решений в области управления;
- Консультации экспертов EFQM по вопросам реализации проектов по улучшению бизнеса;
- Принятие участия в конкурсе European Quality Award и получить сертификат;
- Выступление экспертом Европейской премии в области Качества;
- Бесплатное использование логотипа EFQM и участие в мероприятиях по рекламе и связям с общественностью.

В настоящее время 38 европейских стран, включая Казахстан и Россию, являются членами Европейского фонда управления качеством.

Если рассматривать российский опыт внедрения EFQM, то в мероприятиях EFQM участвуют около десяти организаций. Это Всероссийская организация качества, компания «Калина», пивоваренная компания «Балтика».

К таким организациям относятся пивоваренная компания "Балтика", компания "Калина" и всероссийская организация качества. Планы и намерения всероссийской организации качества: по модели EFQM, оказывать активное содействие российским организациям в использовании инновационных мероприятий и повышения качества; использовать EFQM сертификаты, подтверждающие эти улучшения.

Единственным национальным партнером EFQM в Республике Казахстан является Казахстанская организация качества и инновационного менеджмента (ОО "КОКИМ"). Казахстанская организация качества и инновационного менеджмента рассматривает внедрение модели EFQM, в отличие от многих других методов менеджмента качества, как стратегический подход совершенствованию бизнеса на уровне высшего руководства [6]. На наш взгляд, в Казахстане требуется активизация внедрения модели делового совершенства EFQM. Это позволит построить эффективную систему стратегического менеджмента организации практически в любой отрасли через использование инструмента бенчмаркинга.

Список литературы:

1. Гусаков Ю. Модель делового совершенства EFQM и ее применение [Электронный ресурс] – Режим доступа https://www.quality.eup.ru/MATERIALY11/model_efqm.htm (Дата обращения 30.10.2021)
2. EFQM Европейская модель делового совершенства [Электронный ресурс] – Режим доступа https://qualitybusiness.ru/efqm/#google_vignette (Дата обращения 30.10.2021)
3. Логунова И. Особенности использования модели делового совершенства EFQM [Электронный ресурс] – Режим доступа <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-ispolzovaniya-modeli-delovogo-sovershenstva-efqm> (Дата обращения 30.10.2021)
4. Европейский уровень качества / Маслов Д. // Консультант, № 6, - 2008.
5. От качества к совершенству. Полезная модель EFQM/ Маслов Д.- 2008г.

6. Европейский фонд менеджмента качества (EFQM) [Электронный ресурс] – Режим доступа <https://standard.kz/ru/partners/evropejskij-fond-menedzhmenta-kachestva-efqm> (Дата обращения 30.10.2021)

ОБЩНОСТЬ И РАЗЛИЧИЯ СИСТЕМ «НОЛЬ ДЕФЕКТОВ» И «ТОЧНО ВОВРЕМЯ»

Шамшаева К.Г. студент
Легостаева А.А. Научный руководитель,
к.э.н. профессор
Карагандинский университет
Казпотребсоюза

Современное развитие производства характеризуется переходом к эффективному регулированию менеджмента затрат на качество через внедрение системы бережливого производства. Органичными элементами названной системы являются две концепции – концепция «Ноль дефектов» (или концепция Zero Defect) и концепция «Точно вовремя» (или концепция «Just in time»). Сфера применения данных концепций это, как производства крупного масштаба, так и более мелкие предприятия.

Концепция «Точно вовремя» составляет основу производственной системы компании Toyota, которая появилась на 4 этапе развития систем качества. Данный этап совпал с началом перехода в 80-е годы прошлого столетия от Total Quality Control (TQC) к Total Quality Management (TQM). Это спровоцировало появление новых международных стандартов качества – ИСО 9000.

Анализируя сущностные различия и общность концепций регулирования затрат на менеджмент качества, следует отметить их схожесть. Разница в их появлении составляет 10 лет. Концепция «Точно вовремя» появилась в 1954 году в корпорации Toyota. Концепция «Ноль дефектов» был предложен Филиппом Кросби в 1964 году. Однако, обе концепции направлены на минимализацию затрат на поиск и устранение дефектов.

Сама система «Точно вовремя» представляет из себя такой режим работы: требуемые полученные материалы в необходимом количестве поступают в нужное место и в нужное время. Применение метода «Точно вовремя» повышает эффективность производства за счет снижения потерь. Потерями являются любые действия, которые увеличивают стоимость, но при этом не повышают ценность продукта, так, к примеру, это могут быть – бесполезные перемещения материалов, лишние запасы и т.д. Концепции «Точно вовремя» применим только в крупномасштабных проектах, серийных производствах и при налаженном графике поставке материала и процессов работы. Также эта система является базой для японской системы КАНБАН.

В основе системы «Точно вовремя» положен подход «делай правильно с первого раза» или «дефект может получиться только один раз». Многие казахстанские менеджеры считают, что данная концепция – это аналогия системы бездефектного изготовления продукции (БИП), которая применялась в нашей стране длительный период времени.

Концепция «Ноль дефектов» базируется на таких аспектах, как:

1. Внимание направлено на предупреждение изъянов, а не их исправление;
2. Направленность сил на минимализацию уровня дефектности на производстве;
3. Наличие квалифицированных руководителей, умеющих составлять план по качеству продукции на длительный срок;
4. Общая квалификация сотрудников по всем должностям.

Основой успеха системы «Ноль дефектов» стал принцип, который разрешает только нулевой уровень дефектности.

Следуя японской философии качества, считаем необходимым отметить, что «у всего есть как положительные стороны, так и отрицательные». С этих позиций проведем анализ рассматриваемых концепций.

Преимущества концепции «Точно вовремя» является сокращение денежных средств. Так как наименьший объем запасов, позволяет уменьшить число денежных средств «замороженных» на “чёрный день”. Данная концепция позволит сократить запасы сырья, производственные запасы и запасы готовой продукции. Сокращение объема выпускаемых партий, позволяет быстро реагировать на изменения потребностей рынка. Если резко снизится спрос на продукцию, то потери будут минимальны и возможность на внедрение изменений по запросам клиента будет быстрее. Самое главное – это то, что снижения качества дефектов приводит к сокращению брака и затрат на его исправление.

Одним из серьёзных недостатков системы «Точно вовремя» является «трудность в исправлении брака». Так как из-за того, что запасы и время сведены к минимуму, то в момент производства становится сложным или даже невозможным, исправление брака и это может привести к полной остановке производства до момента устранения брака. Производство напрямую зависит от поставщиков, а значит, любые возникшие проблемы, связанные с поставкой материалов или дополнительного оборудования, могут остановить производство.

Вот уже второй год наша страна, как и весь мир борется с злосчастной пандемией. Весной 2020 года был резкий скачок цен на одноразовые маски, цена достигала 50, а где-то и 80 тенге за единицу изделия. Государство объясняло это тем, что из-за резкого спроса предприятия не успевали поставлять товар. Данный пример демонстрирует один из минусов концепции «Точно в срок», а именно то, что данная система не предусматривает создание запасов готовой продукции, и предприятию требуется дополнительное время для удовлетворения возросшего спроса.

В концепция «Ноль дефектов» содержится достаточно много положительных моментов. Самый основной, главный это возможность предупреждения дефектов, а не на их поиск и устранение. Тому подтверждение - это направленность усилий на сокращение уровня дефектности.

К недостаткам концепция «Ноль дефектов», на наш взгляд следует отнести исключительную ориентацию на качество продукции, при снижении внимания к стратегическому менеджменту, уровню производительности организации, уровня производительности труда сотрудников. В данной концепции это игнорируется, несмотря на то, что в основе концепции лежит инициативная командная работа, в которой заинтересованы как высшее руководство, так и обычные рабочие.

Выше уже отмечалось, что концепции «Точно вовремя» берет свое начало к известной компании Toyota. Эффективность данной концепции был подтвержден в 1973 году. На наш взгляд, это было предопределено ввиду того, что в Японии незначительное количество естественных ресурсов и чрезвычайно высокие цены на недвижимость, японским организациям нельзя было допускать расточительство.

Концепции «Точно вовремя» применяется не только в Японии, но и в Казахстане, а также странах ближнего зарубежья. Например, наглядным примером выступает ОАО «КАМАЗ». Первоначальным этапом кампании было оптимизировать складские-транспортные перевозки за счет использования сменных кузовов. Данное решение позволило в 5 раз ускорить внутренние перевозки. Еще одним немаловажным крупным проектом по внедрению системы, можно назвать организацию доставки проката из Магнитогорска при использовании тяговых плеч – система перевозок «Каматейнер», что впоследствии ускорило перевозки в 10 раз, при этом сократить затраты.

Сегодня концепция «Точно вовремя» очень хорошо применимы в аспекте управление персоналом, а именно при найме персонала в организациях. Концепция «Точно вовремя» сегодня очень эффективно применяется казахстанскими компаниями при найме временных

сотрудников, т.е. набор сотрудников в рамках реализуемой стратегии управления на заданный период времени. Например, при сезонном увеличении объемов работ становится возможным экономить человеческие/ кадровые ресурсы предприятия. Таким образом, это высвечивает преимущество концепции – это сокращение затрат, сокращение времени проведения заказа, более быстрое обеспечение материалами и эффективное планирование.

Подтверждением этого выступают казахстанские и российские компании. Первая в этом списке стоит сеть магазинов самообслуживания в г. Москва «АБК», которая осуществляет доставку товаров по концепции «Точно вовремя», что позволило существенно увеличить объем торговых площадей и избежать переизбытка товаров. В то время как, Ульяновский завод при внедрении данной концепции увеличил экономию времени до 20 %. А Уральский машиностроительный завод, который провел модернизацию производства по принципам системы точно в срок, повысил производительность труда.

Таким образом, резюмируя концепции «Точно вовремя» выступает больше как практикоориентированная концепция в отличии от концепции «Ноль дефектов».

Список литературы:

1. Программа «Ноль дефектов» Ф.Кросби. [Электронный ресурс] <https://studopedia.info/4-97934.html> (Дата обращения 20.09.21)
2. Пете Абилла. Six Sigma – Ноль дефектов. [Электронный ресурс] – <https://tocpeople.com/2012/03/six-sigma/> (Дата обращения 22.09.21)
3. Теория управления качеством и сертификация. В.К. Кулешов, И.С. Филатова. Учебное пособие. Томск: Том. политех. ун-т, 2003. – 125 с.
4. Теория «Just in Time». [Электронный ресурс] – https://www.kpms.ru/General_info/Just_in_Time.htm (Дата обращения 22.09.2021)
5. Управление производством «Точно с срок». [Электронный ресурс] – <https://ur-pro.ru/encyclopedia/just-in-time/> (Дата обращения 25.09.21)
6. Управление качеством. Хамидуллина Г.Р., Гатина Г.Р. Конспект лекций, 2013. – 27с.

ТАБИҒИ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ РЕСУРСТАР ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ОБЪЕКТІЛЕРІ РЕТІНДЕ

Шакирова А.Б

з.ғ.м., аға оқытушы

Қарағанды Қазтұтынуодағы университеті

Отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерде табиғи рекреациялық ресурстардың тұжырымдамасы мен құрамы туралы көзқарастардың бірлігі әлі де жоқ. Бұл мәселе төңірегінде экономистердің, географтардың, экологтардың, заңгерлердің әртүрлі зерттеулер жүргізгені менде әлі күнге дейін ортақ шешімі табылмаған сұрақтардың бірі.

Табиғи рекреациялық ресурстардың табиғат пайдалану құқығының объектілерінің бірі ретінде қарастырмас бұрын, біз табиғи рекреациялық ресурстар дегеніміз не?, оған не жатқызуға болады? деген сұрақтарды ашып алғанымыз орынды болмақ.

Заң әдебиетінде табиғи рекреациялық ресурстар ретінде табиғи курорттық, емдік, сауықтыру ресурстары және адамдардың денсаулығын қалпына келтіру және нығайту үшін пайдалы қасиеттері бар және рекреациялық қызметте пайдалануға жарамды факторлар қарастырылады. Сонымен қатар, қазіргі кезде көптеген ғалымдар табиғи рекреациялық ресурстар тұжырымын ашып көрсетіп, оған арнайы тұжырымдар жасауда. Сондай көзқарастардың бірін қалыптастырған Ресей ғалымы А. Г. Бобков «табиғи курорттық ресурстарына адам ағзасына емдік әсер ететін минералды және органикалық шыққан

пайдалы қазбалардың кен орындарын қоса алғанда, емдеу, медициналық оңалту, аурулардың алдын алу және адам денсаулығын жақсарту мақсатында өнеркәсіптік игеру арқылы пайдалануға жарамды табиғи емдік ресурстар мен факторлар – минералды және термалды сулар, ыстық бу мен газ, емдік балшық, озокерит, нафталан, лимандар мен көлдердің рапасы жатады» - деп тұжырымдайды [1, б. 60]. Осындай тұжырымдар жасаған отандық ғалымдарды да кездестіруге болады. Мысалы, жас ғалым А.Б. Сопыханова «қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Экологиялық заңдарын жетілдіру мәселелері, оның ішінде рекреациялық табиғатты пайдалану құқығы туралы нормаларды жүйелендіруді, оларды халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкестендіруді талап ететінін айқындай отырып, экологиялық заңдар рекреациялық аймақтарды құру жөніндегі мүмкіндіктерді қарастырады, бірақ та олардың қызметін құру, келістіру процедуралары мен механизмдері жеткіліксіз жазылған және ондай механизмдерді заңдық тұрғыдан бекітіп алу рекреациялық аймақтарды құруды тездетері сөзсіз. Ол үшін Қазақстан Республикасында арнайы «Рекреациялық табиғат пайдалану туралы» деп аталатын Заң қабылдау керек» деп тұжырымдай келе, рекреациялық табиғат пайдалану құқығының арнайы нормаларға енгізу үшін дербес негіздермен ерекшеленетін тұжырым ұсынады. «Рекреациялық табиғат пайдалану құқығы дегеніміз – экологиялық заңдармен бекітілген нақты табиғат пайдаланушының демалыс пен туризм үшін табиғи ресурстарды иемдену және пайдалану құқықтарының жиынтығы» [2].

Табиғи сауықтыру ресурстары – бұл аймақтағы ерекше ландшафттар мен микро климаттық жағдайларды және адам ағзасына әсер ететін табиғи түзілімдер-жағажайлар, су объектілері, ауа бассейні, саябақтар, орман саябақтары, орман және тау сілемдері, тұзды қазбалар мен үңгірлер. Табиғи сауықтыру факторлары-бұл белгілі бір аймақта адам ағзасы үшін ең оңтайлы концентрацияларда және қосылыстарда көрінетін табиғи құбылыстар: күн сәулесінің ұзақтығы, қарқындылығы және радиациялық қауіпсіздігі, ауаның ылғалдылығы, желдің қарқындылығы мен тұрақтылығы, атмосфераның аэровизациясы, қоршаған ортаның температурасы [1, б. 61]. Осылайша, табиғи рекреациялық ресурстар-бұл рекреация процесінде пайдаланылатын рекреациялық және қасиеттері бар табиғи ресурстарға кешенді белгілеу үшін қолданылатын ұжымдық ұғым. Табиғи ресурстардың рекреациялық қасиеттері ғылыми зерттеулер мен көпжылдық практика негізінде белгіленеді.

Халықаралық экологиялық заңдарды сараптай келе, біздің отандық экологиялық заңдардың жетілуіне бірден-бір түрткі болатын басымдықтарды анықтап алуға болады. Олар:

1. Рекреациялық аймақтарды құру және олардың қызметін реттеуші ережелерді заңдық тұрғыдан бекіту.

2. Рекреациялық табиғатты пайдалану саласында терминдер мен ұғымдардың бірыңғай түсініктеме аппаратын бекіту және өзара үйлестіру, оларға: «рекреациялық аумақ», «рекреациялық табиғатты пайдалану құқығы», «курорт», «қорғау аймағы» және «буферлік аймақ» ұғымдарын жатқызуға болады.

ҚР 2006 ж. 7 шілдедегі «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңының 1-бабына сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтар дегеніміз - ерекше құқықтық қорғау режимі бар не мемлекеттік табиғи - қорық қорын сақтау мен қалпына келтіруді қамтамасыз ететін шаруашылық қызметі режимімен реттелетін жер, су, орман және жер қойнауы учаскелері.

Қазақстан Республикасында құрылу мақсатына, қорғау режиміне және мемлекеттік-қорық қорлары объектілерін пайдалану ерекшеліктеріне қарай ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мынадай түрлері құрылады: біріншіден, мемлекеттік табиғи-қорық қорына мына объектілер енгізіледі:

- зоологиялық объектілер - жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері, жануарлардың құнды түрлері, жануарлардың типтік, бірегей және сирек кездесетін тобы;

• ботаникалық объектілер - өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері, өсімдіктердің құнды түрлері, өсімдіктердің типтік, бірегей және сирек кездесетін тобы;

• орман объектілері - ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы ормандар, орман-дақылдық өндірісі мен егістікті қорғайтын орман өсірудің бірегей үлгілері;

• дендрологиялық объектілер - ғылыми және мәдени-тарихи маңызы бар жекелеген ағаштар немесе олардың топтары, бау-парк дақылдарының бірегей үлгілері;

• халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар объектілері - теңіз айдындарын қоса алғанда, дағдылы өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, әсіресе су құстары мекендейтін жер ретінде пайдаланылатын табиғи және жасанды су қоймалары;

• геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілер - жер қойнауының экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды учаскелері;

• топырақ объектілері - әртүрлі топырақ аймақтарындағы типтік, бірегей және сирек кездесетін топырақтар;

• ландшафтық объектілер - типтік, бірегей және сирек кездесетін ландшафтар, туған табиғаттың эталондық учаскелері, ерекше рекреациялық маңызы бар ландшафтар;

• мемлекеттік ерекше маңызы немесе ғылыми ерекше құндылығы бар су қоймалары.

Екіншіден, Қазақстан Республикасында мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің құрылу мақсатына, қорғау режиміне және пайдалану ерекшеліктеріне байланысты ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мынадай түрлері құрылады:

• биосфералық қорықтарды қоса алғанда, мемлекеттік табиғи қорықтар;

• мемлекеттік ұлттық табиғи парктер;

• мемлекеттік табиғи резерваттар;

• мемлекеттік табиғи парктер;

• мемлекеттік табиғат ескерткіштері;

• мемлекеттік қорық өңірлері;

• мемлекеттік табиғи заказниктер;

• мемлекеттік зоологиялық парктер;

• мемлекеттік ботаникалық бақтар;

• мемлекеттік дендрологиялық парктер;

• мемлекеттік табиғи қорықтар-сепортерлер.

Қазақстан Республикасының заңдарымен ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өзге де түрлері көзделуі мүмкін [3,б. 19].

Сонымен, ҚР экологиялық заңнамасы бойынша рекреациялық аумақтар дербес табиғи кешен болып табылады да, ал мемлекеттік ұлттық табиғи және мемлекеттік табиғи парктердің құрамында аймақша түрінде жүзеге асырылады.

Бірқатар авторлар рекреациялық аумақтарды ерекше қорғалатын табиғи аумақтар деп санайды. Мысалы, В.Д. Ермаков пен А.В. Сухаревтардың пікірінше ерекше қорғалатын табиғи аумақтар дегеніміз – ерекше табиғи қорғау, ғылыми, мәдени, эстетикалық, рекреациялық және сауықтыру маңызына ие табиғи кешендер мен объектілерді қамтитын жалпыұлттық игілікке арналған объектілер [4,б. 123].

А.А. Траниннің ойынша, «ерекше қорғалатын табиғи аумақтар» дегеніміз – ерекше экологиялық, ғылыми, емдеу және эстетикалық маңызға ие және жасанды түрдегі табиғи кешендер мен объектілерді біріктіретін аумақтардың (акваториялардың) учаскелері; олар арнайы бекітілген заң тәртібіне сәйкес толық немесе ішінара, уақытша немесе тұрақты түрде шаруашылық қызметтен сол табиғат эталондарын, ерекше қайталанбас ландшафтарды, экожүйені, өсімдіктер мен жан- жануарлардың генетикалық қорын сақтау мақсатында алынады; сондай-ақ олар шаруашылық қызметтің салдарынан өзгертін биосфераның ахуалын бақылауды, табиғаттың жекелеген компоненттерін қалпына келтіру, табиғаттың құбылыстарын зерттеуді, табиғат пайдаланудың ғылыми негіздерін өңдеуді, табиғат

қорғауды насихаттау және оларды рекреациялық мақсатта пайдалануды өзінің басты бағыты етеді [5,б. 58].

Біздің ойымызша, рекреациялық аумақтар мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы қызметтер әртүрлі мақсаттарды ұстанатын сияқты, сол себептен де рекреациялық пайдаланудағы аумақшаларды мемлекеттік ұлттық табиғи және мемлекеттік табиғи парктердің құрамынан шығару туралы мәселені көтеретін уақыт жетті.

Қазіргі уақытта рекреациялық аумақтар мен курорттардың мәртебесі артып, оларға деген кәсіпкерлердің қызығушылығы жоғары болса да кез келген уақытта оларды жою немесе мәртебесін төмендету болуы ықтимал, сөйтіп, аумақты қоршаған ортаны қорғауына кері ықпалын тигізуі мүмкін. Биологиялық және ландшафттық әртүрлілікті кешенді түрде қорғауды қамтамасыз ету мақсатында ұлттық заңнамаға тиісті өзгертулер енгізу қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бобков, А.Г. Правовое обеспечение рекреационной деятельности / А.Г. Бобков. – Донецк: Юго-Восток, 2000. – 308 с.
2. Сопыханова А.Б. Рекреациялық табиғатты пайдалану құқығы туралы заңнаманы жетілдіру мәселелері/ ҚазҰУ Хабаршысы. Алматы, 2009ж
3. Имашев С.М. «Право рекреационного природопользования (некоторые аспекты теории): дисс. канд. юрид. наук. – Алматы. – 1991. – 186 с.
4. Ермаков В.Д., Сухарев А.Я. Экологическое право России. – м.: имп, 1997. – 230 с.
5. Транин А.А. Правовые проблемы экологического развития современной России: монография /отв. ред. М. М. Бринчук. - Москва: Юрлитинформ, 2015. - 223 с.

АВТОКӨЛІК ШИНАЛАРЫНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІ ЖӘНЕ ҚЫСҚЫ МАУСЫМДЫҚ ШИНАЛАРДЫҢ ҚАЛАЛЫҚ ОРТАНЫҢ ЛАСТАУЫНДАҒЫ ОРНЫ

Усманова Э.Б. студент
Куанышбаев М.Т. аға оқытушы, магистр
Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

Барлық әлем бойынша қала және қала маңының экологиялық сапасы төмендегені барлығымызға айқын. Бұл мәселеге негізінен қала маңындағы зауыттар мен автокөліктерден шығатын түгінді себепкер ретінде анықтау үйреншікті іс. Бұл аталған қоршаған орта ластаушыларымен бірге тағы да көптеген ластағыш көздері де бар және олар көп уақытта назардан тыс қалып қойып жатады. Адамзат ойлап тапқан көптеген заттар қоршаған орта ластаушы көзі болып табылатындықтан, қалалық ортаның экологиялық жағдайына кері әсер ететін факторлар өте көп. Осындай бір ластағыш көзі болып табылатын адамзат ойының үлкен жемісі – автокөлік. Бүгінгі күні автокөліктердің барлығы дерлік жанғыш жанармай түрлерімен жұмыс істейді және осы сипатымен қоршаған орта ластаушы көзіне жатады. Жыл өткен сайын кез-келген қала және қала аймағында автокөлік саны өсіп келеді. Жүздеген және мыңдаған іштен жану қозғалтқышымен жұмыс істейтін автокөліктер қала автопаркінің құрамына қосылып жатыр, ал сонымен бірге ескірген автокөліктер қолданыстан шығуға асығар емес. Ескі автокөліктің қолданыстан шықпауына бірнеше себептер бар, соның бірі – халық үшін жана автокөлік құнының өте жоғары болуы. Белгілі автоблогер айтқандай: «Көлік қымбат емес, біз кедейміз».

Қалада автокөлік қатары көбейген сайын және оның басым бөлігін ескірген көлік құраған сайын қоршаған ортаға шығатын зиянды заттар да жыл санап арта түсуде. Әр көлік конвейерден шыққаннан бастап, қолданыстан толығымен шыққанға дейінгі уақыт аралығында өз артынан ластағыш түтінмен қатар қатты заттардан құралған үйінді де

қалдырып үлгереді. Қатты үйінді заттар ретінде көліктің пластикалық бөлшектерін, оның металды қаңқа бөлшектерін, түрлі саймандарын және ең бастысы – автокөлік шинасын айтуға болады.


Кез-келген автокөлік өзінің қолданыстағы уақытында бірнеше немесе ондаған дөңгелек жинағын ауыстырып үлгереді. Өз кезегінде автокөлік шинасы қоршаған ортаны көліктен шығатын түтінге қарағанда көбірек ластайды. Қолданыстан шыққан автокөліктік шина саны әлем бойынша 25 млн т деп есептеледі және әр жыл сайын оның саны 7 млн т-ға артып отырады. Оның 1 млн т-сы ТМД елдері үлесіне тиесілі [1]. Жыл санап автокөлік саны артуымен бірге олардан қалатын жүрілген шина саны да артуына байланысты бұл мәселеге бет бұрып, оны зерттеген дұрыс.

Істен шыққан және қолданысқа келмейтін автошиналар жөндеу орталықтарының маңында, қоқыс жинау аймақтарында, үйлердің аулаларында жиналып жата береді. Көп жағдайда автошиналар қалалық қоқыс төгу аймағына шығарылып тасталады.

Қала ортасында көптеген көшпәтерлі үйлердің ауласынан автошинадан жасалған түрлі аулалық әшекей заттарын көруге болады. Ескі шинадан гүл отырғызуға арналған ыдыс, әр түрлі бейнедегі ойыншықтар, ойын аланын құрасытырып жатады. Бірақ, сол жасалған бұйымның алдыңғы уақыттарда қоршаған ортаға және адам организмiне зиянды қанша заттар шығаратыны жайлы көп адам ойлана қоймайды.

Сондай-ақ атошиналардан автокөлік жүруін тежеген уақытта полимерлі шаң, метал бөлшектері және жолдың қажалуынан болатын асфальттық шаң түзіледі. Бұл өте өзекті және шешімін таппаған, тіпті жөндеп көтірілмеген экологиялық мәселе болып табылады.

Егер автошина құрамын қарайтын болсақ, оның биологиялық шіру процесіне өте төзімді екенін көруге болады. Сонымен қатар ол өртқауіптілігі жоғары, ұзақ уақыт судың әсеріне ұшыраған жағдайда топыраққа және ауаға химиялық агенттер бөледі [2] (1 сурет).




1 сурет – Қолдасыста кеңінен тараған автошиналардың құрамы

Қолданыстан шыққан автошиналардың экологиялық қауіптілігі оның өндірісінде қолданылатын токсикалық заттардың ерекшелігімен және автошинаны қолдану, жөндеу, сақтау кезінде қоршаған ортаға бөлінетін жүзден аса химиялық заттармен анықталады. Ең көп бөлінетін заттарға каучук ыдырау кезінде бөлінетін заттар (мономерлер), реакциянды және химиялық қосылыстар (бензол, ксиолл, стирол, толуол), канцерогендер (күкірткөміртегі, формальдегид, фенолдар) жатады. Сонымен бірге ауаға күкірт, азот және хлор қосындылары, метал оксидтері бөлінеді [3].

Күрделі климаттық факторлардың әсерінен және автошиналардың қозғалыс кезінде тудыратын әсерінен жолдың жоғарға қабаты бұзылады және тозады. Автомашинаның жүрісін тежеу және тербелісі кезінде жолдың беткі бөлігі қажалады, беткі бөліктен ұсақ бөлшектер бөлініп шығады. Осы ұсақ бөлшектер ауа арқылы қала ортасына таралады немесе жол шетінде жинала береді.

Қолданыстан шыққан автошиналар тудыратын тағы бір қауіп – олардың өртқауіптілігі және тұтанған жағдайда қоршаған ортаға улы түтін шығаруы, басталған өртті сөндіру қиындығы[4].

Бүгінгі күні автомобиль жолдарының беткі қабатын тегістеуге және жабуға асфальтабетон кеңінен қолданылады. Асфальтабетонның қажалуы барысында ірілігі 2 мкм шамасындағы ұсақ шаң бөлініп шығады. Бұл шаң автомобиль жолында пайда болатын шаңның 50% -ын құрайды [5] (2сурет). Жол төсемесіндегі шаң бұл – түрлі ластағыштармен қаныққан полидисперсті шаң, іштен жару қозғалтқыштарының қалдықтары, тежегіш және шина бөлшектері.



2 сурет – Асфальтобетондық шаңның дисперсті құрамы мен пайыздық қатынасы

Жолдың беткі бөлігінің бүлінуінің жылдамдығы мен көлеміне әсер ететін факторларға битум мен тасты бөлшектердің сапасы, жолға түсетін салмақ және қыс маусымында пайдаланылатын үшкір бөлшекті шиналар жатады.

ТМД елдерінің барлық қалалары тіпті қыс маусымында көшені ластап жататын ұсақ кара лайдан зардап шегеді. Бұл лайды жолдың бойынынан, жаяу жүргінші жолынан, автокөліктерден, үй терезерінен, тіпті үй ішінен көруге болады. Осындай мәселе тіпті қыстың қарлы күндерінде немесе жер толығымен қатып жатқан кездерде де кеңінен байқалады және «бұл шаң қайдан шыға береді?» деген сұрақ тудырады.

Бұл мәселенің негізгі бөлігінің себепкері болып үшкір түйіршікті шина болып табылады. Бұл шиналардың үшкір металл бөлшектері вольфрам корбидінен жасалады. Корбид вольфрамы – вольфрам балқымасы мен көміртегінен дайындалған өте қатты материал. Бұл материалдың қаттылығы алмазға жақын және ең сапалы асфальттан 10 есе қатты. Осындай шинаны қолданатын кез-келген автокөлік жүрген жолының әр шақырымына шамамен 24 г жол бөлігін қажап, шаңға айналдырады. Егер бұл көрсеткішті әр жеке елдің немесе қаланың ішіндегі автокөлік санына және жүрген жолына көбейтер болсақ, мыңдаған, тіпті жүздеген тонна шаң бөлінетінін көруге болады.

Бұнымен мұндай шианлардан туындайтын мәселе аяқталмайды.

Қазақстанның барлық бөлігінде қыс маусымының және кенет мұз қату маусымының ұзаққа созылуына байланысты автокөлік иелері қыстық шиналарды ұзақ уақыт шешпей жүруге мәжбүр. Жоғарыда атап өткендей қыс маусымына арналған үшкір бөлшекті автошиналар жолдың тозуын жеделдетеді. Осығын байланысты тіпті жаңа жасалған сапалы

жолдарда да қысқа уақыт арасында ойықтар (калия) пайда болып жатады. Сондықтан осы ерекшелігімен үшкір бөлшекті шиналар қала көшелерін шаңға толтырып қана қоймай, қаланың қаржылық жағдайына да кері әсерін тигізуде.

Бұл мәселені шешу жоғарлы заң шығаруға құзырлы органдардың араласуымен ғана іске аса алады. Себебі, кез келген затқа шектеу мен тыйым салу мемлекет құзырында. Сонымен қатар мұндай шиналарға шектеу қою жолдарды толық тазалау мен жоғары сапада ұстап отырумен бірге іске асырылуы тиіс екенін де ұмытпаған жөн. Қарсы жағдайда қыс маусымында адам өміріне қауіп төне түсетін болмақ.

Сол сияқты заң жүзінде қолданыстан шыққан автошиналарды қолдану, дұрыс сақтау, жағу мәселесін қарастырып, реттеген жөн. Бұл мәселелерді реттей отырып біз қала көркін жақсартумен бірге экологиялық қауіпсіздікті де арттыра аламыз.

Осы айтылғандардың бәрін қорытындылай отырып, әр ел қолданысқан шыққан автошинаны толық көлемде жойып және қайта өңдеумен айналысу керектігін атап өтеміз. Өз кезегінде автошиналарды қайта өңдеу мен алынған өнімді қайта қолдану кез-келген ел үшін экономикалық тиімді де болып табылады. Өңдеуден өткен автошинадан текстильді корд, резенкелі түйіршіктер, түрлі салада қолдануға болатын металл жиындыларын алуға болады.

Осылайша бұл мақалда автошинаны қолдану және сақтау мәселесімен байланысты туындайтын қалалық ортадағы экологиялық проблемаларды анықтаға тырыстым.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Зимин Е.В. Переработка автомобильных покрышек и бетонного лома в интересах эколого-ориентированного инновационного развития // Вестник университета. 2017. №6.
2. Шульдякова, К. А. Воздействие автомобильных шин на окружающую среду и здоровье человека / К. А. Шульдякова. // Молодой ученый. — 2016. — № 20 (124). — С. 472-477. — URL: <https://moluch.ru/archive/124/34317/> (дата обращения: 30.10.2021).
3. Тарасов Т.Ф., Чапалда Д.И. Экологическое значение и решение проблемы переработки изношенных автошин // Вестник ОГУ. 2006. №2. С. 131
4. Шашов Л.О. Мобильный комплекс по переработке отходов автомобильных покрышек и по производству резиновой тротуарной плитки // Academy. 2017. № 1. С. 57-67.
5. Scrap Tires: Environmental Impact [Electronic source]. Code of access: <http://www.tire-conversion.com/why-we-recycle/scrap-tires-environmental-impact/>

СЕКЦИЯ
ОСВОЕНИЕ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ КАК ДУХОВНАЯ ОСНОВА
ОБЩЕСТВЕННОГО СОГЛАСИЯ И ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОГО ЕДИНСТВА

БЕЙСАНАЛЫҚ ДЕСТРУКТИВТІ ФАКТОРЛАРДЫҢ
САЯСАТТАҒЫ МАҢЫЗЫ

Аушекен А.Е.
ФКиСМ-21-1к тобының студенті
Исабекова А. С. магистр, аға оқытушы
Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

Аннотация. Бұл мақалада саясаттағы бейсаналық деструктивті факторлардың рөлі мен маңызы қарастырылады. Өкінішке орай, қазір өткеннің барлық иллюзиялары сақталуда. Демократтар иррационалды және жойқын дискілердің күшін бағаламай, іс жүзінде мемлекеттік авторитарлық экономиканы, бір партияның саяси үстемдігін жою еркін адамдарды механикалық түрде жасайды, миллиондаған адамдардың жемісті энергиясын ашады және олар нарықтық қатынастар өлшемдерінде ынтымақтастыққа дайын болады деп ойлады.

Түйінді сөздер: әлеуметтік-саяси психоанализ, деструктивтілік мінез-құлқы, саяси қызметінің сипаттамасы, қоғамның ойлау мәдениеті.

Әлеуметтік-саяси психоанализ үшін ең бастысы-адамдардың іс-әрекетін басқаратын әлеуметтік фактілер ғана емес, белгілі бір саясатты таңдауға әсер етеді, сонымен қатар ішкі күштер. Сонымен қатар, бұл ішкі күштер саналы да, иррационалды да бейсаналықты рухтандыруы мүмкін. Қоғам қанша рет басқарушылардың саясаты жай ғана ақылға қонымды түсіндірілмейтініне куә болды, ал басшылыққа алынған, бұрын сөзсіз мойынсұнған, күн сайын адалдық пен махаббатқа ант беріп, кенеттен жарылып, көшбасшыларды, тіпті жаппай саяси режимді тұтастай алғанда құлатады.

Мысалы, революциялық саясаттың сәтсіздігінің қайнар көзі, әрине, белгілі бір сыртқы факторларға ұқсайды. Олардың әсері, әрине, сөзсіз. Бірақ антикоммунистік төңкерістердің көпшілігінің таңқаларлығын қалай түсіндіруге болады? Бұл сонша қоғамдық екпінін тудырды ма?

Қоғамдық жарылыстың негізгі себебі көшбасшының қартайған немесе интеллектуалдық әлсіздігінде, оның ойланбаған саяси әрекеттерінде, қателіктерінің тізбегінде немесе тіпті қылмыстарда көрінеді. Егер бір көшбасшы жаман болса, онда екіншісі шынайы және мейірімді болады деп үміттенуге болады. "Бандиттер" саяси көшбасшыны қоршап алған кезде, басқа топтың, әрине, лайықты және кәсіби болатынына сенуге болады. Алайда, бұл әрқашан көрінетін, айқын тұжырымдар, олар саяси өмірдің барлық көрінісін қамтымайды. Демократиялық қоғамда өмір сүретін адамдар үшін мұндай әрекет тән емес. Сондықтан, бәлкім, болуы мүмкін, себебін қарсылық білдіру, революция жасау, қоғамдық деструктивтіліктіпен түсіндіріледі.

Әрине, авторитарлық, әсіресе тоталитарлық геосаясат олар үшін адамдар сияқты із-түссіз өтпейді. қорқыныш, кішіпейілділік, күдік, қызғаныш қалыптасады. Белгілі бір кезеңге дейін олар инстинктивтік салаға" ығыстырылуы " мүмкін және айқын көрінбейді. Алайда, шынайы тыныштықтан айырылған адамдар шешім қабылдау мен орындаудың тиімділігіне деген сенімін жоғалтады. Олар түсініксіз әрекеттерді, тіпті жақын адамдарының айла-амалдарын түсіндіреді, олар әрқашан біле бермейді. Сонымен, иррационалды-бейсаналық және деструктивті себептер саясатқа енеді. Адамдардың мінез-құлқындағы негізгі трансценденттіліктің бірі 3-ті үйрету болды. Ол бірінші болып бейсаналық тілектерді эмпирикалық тұрғыдан зерттеп, іс-әрекеттің бейсаналық уәжін негіздеді. Ғалымның негізгі

жаңалығы адамның рухани өмірін тек ақылмен, санамен сәйкестендіруді жоюмен байланысты.

Сананың маңыздылығы туралы айта отырып, Фрейд саналы процестердің көпшілігі қысқа уақыт ішінде ғана саналы екенін атап өтті. Бұл санасыз болса, онда Фрейд бойынша теориясы ғана емес, дейді өзі қатысуы бейсаналық процестерді көрсетеді, олардың нақты әсері болып, қаталдықтан түк те шықпайды қоғамдық іс-әрекет. Адамдар саяси мағынадағы өте маңызды тұжырымдарды қабылдай отырып, олардың шынайы себептері туралы білмеуі мүмкін [3, 123 б.]. Сонымен, жауапты саяси әрекеттер мен соғыстар сана деңгейінде кейбір себептерге ие болуы мүмкін, ал іс жүзінде олардың нақты себептері кейде саяси агенттердің бұрын басылған эмоцияларының күшеюі болып көрінеді. Сайлау науқандарын еске түсіру жеткілікті: жанашырлықты немесе антипатияны "асыл қимылдар" немесе деструктивті мәлімдемелер, тіпті "өмірлік мүдделер" туы астындағы зорлық-зомбылық әрекеттерін мүлдем түсінбейтін анықтауға болады.

Фрейдтің пікірінше, барлық бейнеқосылғылар екі топқа біріктіріледі: өмірдің ерекше энергиясымен қолдау көрсетілетін жыныстық бейнеқосылғылар - дұшпандық энергиямен қаныққан, өлімге әкелетін тартымдылық пен деструктивті бейнеқосылғылар, олар өздерін жоюға, зорлық-зомбылыққа, агрессияға, жазалау қажеттілігіне, өздеріне де, басқаларға да бейсаналық ұмтылыста көрінеді. Ғалым соғыстар мен төңкерістерде, сондай-ақ тоталитарлық саясатта айқын қатыгездіктің таралу фактілеріне сүйене отырып, адамгершіліктің жойылуын растайды. Сонымен қатар, Фрейд ұлы державалық саясатта, қанаушылықта, әлсіздерді күштілерге қысым көрсетуде орын алатын дұшпандықты жасырын түрде көрсетеді. Демек, оның адамдардың іс-әрекеттеріндегі деструктивтілік санының салыстырмалы тұрақтылығы туралы ұстанымы. Ғалым, осылайша, адам табиғаты бойынша мейірімді болып көрінетін діни және әлеуметтік теорияларға қарсы, адамгершілік табиғаттың "мейірімділігіне" деген сенім ең нашар иллюзиялардың бірі болып көрінетінін айтады [1, 155 б.].

Алайда, неофрейдтер, әдетте, адамның ықтимал деструктивтілігі туралы мәлімдемеге дау айтпастан, оның табиғаты мен табиғатын нақтылап, оның әлемде таралуының әртүрлі дәрежесін атап өтетінін ескеріңіз. Бір мәдениетте деструктивті деп саналатыннан басқа, екіншісінде конструктивті болуы мүмкін (ұлттық егемендік үшін күрес саясатын қарама-қарсы тарап экстремистік, террористік деп түсіндіруі мүмкін) [2, 86 б.].

Әлеуметтік-саяси психоанализ ұтымды әдістермен иррационалды бейсаналықты зерттеуге мүмкіндік береді және осы негізде оңтайлы саяси шешімдер қабылдау арқылы азайтуға мүмкіндік береді, олар бір жағынан адамның биологиялық табиғатын, оның инстинктерін, екінші жағынан, Фрейдтің айтуы бойынша терең тамырлары бар және тез өзгеруге бейім емес нақты халықтардың менталитетінің ерекшеліктерін ескеруі керек [3, 113б.].

Қазақстандағы реформалардың саяси қайраткері туралы көптеген деректерді иррационалды-бейсаналықты да, адамның деструктивтілігін де ешқашан ескермеген болуы мүмкін. Нәтижесінде, барлық билік қаржылық және әлеуметтік қиындықтарға кешігіп жауап берді, олар тез арада халықтың жағдайын жақсартуға міндетті болатын реформаларды ұсынды. Популизм мен мессианизм - биліктің иррационалды дискілердің белгілі бір көріністері: реформалар барлық жағынан есептелген жоспармен, олардың заңнамалық қолдауымен біріктірілмеді. Жоқ, әкімшілік біздің мемлекеттік менталитетіміздің реформалық өзгерістерін келісу туралы ешқашан ойламағаны туралы сөйлесудің қажеті жоқ. Халықтың бақытты болуы "көбінесе адамдардың" бұзылуы " арқылы, авторитарлық қысым көрсету және көптеген адамдардың қалыптасқан есептелмеген микросоциалдық тәжірибелерін елемеу арқылы жойқын болды.

Қандай да бір басқа жағдайларға қарағанда ХХ ғасырдың 80-90 жылдарындағы іс саясатындағы реформаны мысал ретінде алуға болады. Мемлекет үшін түбегейлі жаңа қаржылық және саяси құрылымдарды енгізу арқылы авторитарлық саяси қайраткерлердің әсерінен қалыптасқан біздің қоғамның менталитетін бірден өзгерту мүмкін емес. Еркін

демократиялық қоғамның күнделікті өмір салтын саналы түрде ғана жеңу мүмкін емес. Сондай-ақ, біздің менталитетіміздің құрамдас бөлігі болып табылатын Есепсіз жаңа шындықтармен байланысты болу үшін қажет. Авторитарлық-коммунистік саясаткерлердің тәжірибесінен бас тарту оңай емес. Декларативті түрде өкіну, оны жүзеге асыру үшін жеке кінәні қабылдау одан да қиын, бұл шын мәнінде адамның бұзылуына, сананың бөлінуіне байланысты. Бірақ еркін демократиялық қоғамның негіздерін есептелмеген деңгейде қабылдау, осы туралы ойланбастан олардың қамқорлығын үйрену өте қиын.

Әрине, қазақстандықтардың бір бөлігі үшін, әсіресе жастар үшін бұл мәселе салыстырмалы түрде оңай шешілді. Маңызды көпшілік үшін сананың күшімен жаңа экономикалық және саяси институттарды қабылдау немесе олардың қабылдануының көрінісін жасау қажеттілігі туындады. Сыртқы ортаның адамдардың психикалық өміріне үнемі қысым жасау жағдайы туындады. Бұл психиканың бірқатар қорғаныс механизмдерінің көмегімен өзін қорғауға мәжбүр болуына әкеледі, тіпті дені сау адамдарда да әлеуметтік әрекеттер деңгейін қарабайыр етеді [5, 87 б.].

Бұл механизмдерге Фрейд, атап айтқанда, репрессияны жатқызды сананы алып тастау мотивтерді әсер етуі мүмкін әрекеттерге, үлкен шиеленісті тудырады. Дегенмен, тіпті бейсаналыққа итермелегендіктен, бұл "кешендер" үнемі өздерінің шығуын іздейді және сол арқылы бейсаналықты ұстап тұру үшін көбірек энергияны қажет ететін адамдардың мінез-құлқына әсер етуді жалғастырады. Жиі адамдар, олар әсер жоқ екенін "қылмысады" сияқты, бірақ олар іс жүзінде реактивті түзілімдерде бар: репрессияланған тәуекелдер немқұрайдылықтың артында жасырын болуы мүмкін, жеке сәтсіздіктер - абайсыздықтың артында [5, 95 б.].

Жеке адамның өзін қорғауға және бас тартуды қолдауға мүмкіндігі бар-нақты саяси қайраткерлерден бас тарту, оның қиялымен алмастыру. Адамдар өздерінің естеліктерінде "ақымақтарда" болған жағымсыз тәжірибелі әрекеттерді "қуып жібереді" (олар қолдаған саяси қайраткерлердің сыбайлас жемқорлық, жекешелендіру нәтижелері) немесе олардың қазіргі көзқарастарына қайшы келеді [4, 55 б.].

Мүмкін, посткеңестік кеңістікте, атап айтқанда Қазақстанда мұндай қорғаныс құрылымы регрессия ретінде неғұрлым төмен жеңілдетілген - қарапайым қоғамдық әрекеттерге көшу кеңінен таралған шығар. Регрессия мүмкіндігі бар байқалуы ең түрлі нысандары - өсіру тұтыну ішімдік, темекі, есірткі.

Фрейдтік әдіснаманы қолдана отырып, іс жүзінде қазақстандық қоғамның менталитетінде саясаттағы иррационализмнің әр отбасынан-революция мен контрреволюциядан, жеңіліс пен контрреволюциядан болатын қиыншылықтарға шыдамдылықтың үлкен құрамдас бөлігі бар екенін мойындауға болады. Алайда, бұл шыдамдылық ешқашан саналмаған және қазір тұрақты психологиялық стресстерге қарсы панацея бола алмайды, мұның салдары невроздар мен реактивті күйлер болып табылады.

Адамның деструктивтілігіне инновациялық макеттер ұсынған ғылыми қызметкерлердің бірі Э. Фромм болып саналады, ол әлеуметтік өмірдің әлеуметтік-бейсаналық, иррационалды жақтарын, адамның ішкі қайшылықтарын, оның армандарын түсінуге маңызды үлес қосты. Э. Фромм фрейдтік деструктивтіліктің инстинктивті талпыныс пен детерминациялауымен келіспеді, бұл, белгілі болғандай, инстинкттер қоғамдағы адамдардың ашулануының белгілі бір дәрежесін білдіреді, нәтижесінде деструктивтілік сөзсіз саяси тұлғада болады.

"Адам-бұл жануар ішіндегі өз тіршілігі проблема болып табылатын жалғыз жануар. Ол табиғатпен үйлесімділіктің адам күйіне орала алмайды; ол табиғат шебері және өзін-өзі басқарушы болғанша ақыл-ойын дамытуды жалғастыруы керек" [8, 98 б.].

Өз өмірінің қайшылықтарын қалпына келтіру және қайта бастау қажеттілігі, табиғатпен, басқа адамдармен және өзімен тұтастықтың ең жоғары формаларын іздеу-бұл саяси қайраткерлер белсендіретін саясаттың кілті.

Фромм адамның мінез-құлқының сипатын анықтайтын ең күшті күштер оның өмір сүруінің әлеуметтік-мәдени жағдайында, қоғамның өзінде пайда болады. Дене жануарлардың

қажеттіліктерін қанағаттандыруды қажет етсе де, ақыл-ой мен ар-ождан адамды кез-келген қоғамдағы мәдени үлгілердің стандартталған жүйесіне бағыттайды. Олар адамның қажеттіліктерін құрайды. Әр түрлі мәдениеттерде олар ерекше болуы мүмкін. Бірақ олардың" бүкіл адамзат баласы үшін ортақ негіз"бірігу қажеттілігі, басқа адамдардың іс-әрекетіне баулу, өзіне ұқсас адамдармен, оның ішінде өткен және болашақ ұрпақтармен қатыстылығы болып табылады" [8, 101 б.].

Биологиялық қажеттіліктерді толық қанағаттандырса да, адам қанағаттанбайды. Осы сәттен бастап ол ең шешілмейтін мәселелерді бастайды — ол билікке немесе сүйіспеншілікке, жасампаздыққа немесе жойылуға ұмтылады, діни немесе саяси мұраттар үшін жанқиярлыққа дейін өз өмірін қатерге тігеді [6, 77 б.].

Фромм адам өмірінің дисгармониясын шешудің бірнеше типтік мүмкін бағыттарын атап өтеді. Сонымен, адам жеке адамға, әлеуметтік топқа, партияға, мемлекетке (масохистік үрдіс) бағынып, әлемге қосылуға тырысуы мүмкін [6, 89 б.].

Адам әлемге билік арқылы, саясат арқылы, басқа адамдарға үстемдік ете алады (садистік үрдіс) [6, 97 б.].

Қазақстан қоғамының мәдениетінде хандардан, билеушілерден коммунистерге дейінгі әрбір саяси қайраткер жоғарыда аталған екі бастамаға ие болды. Басшылықтан ол өзінің жеке ерекшелігін, өз құқықтары мен бостандықтарын жоюға тырысты. Партиялық ниеттердің өмірге келуі адамдардың өзін-өзі дамытуымен емес, олардың жанқиярлығымен, қайғы-қасіретке, тестілеуге, проблемаларды жеңуге және т. б. байланысты болғанын еске түсіру жеткілікті.

Қоғамдық масохизммен немесе садизммен қозғалатын адам, Фроммның пікірінше, әрдайым қанағаттанбаған, тыныш және мазасыз болып қалады.бұл тартылыс үшін шек жоқ, және нәтижесінде олар оның өзіндік ерекшелігін бұзуға әкеледі: Ол бағынатын немесе басқаратын адамдардан мәжбүр болады. Мәселенің бір ғана шешімі бар: "Адам өзіне, іс-әрекетіне және онымен байланысты тәуекелдерге жауапкершілікті өз мойнына алуы керек, тек өз күшіне сүйене отырып, ол өзіне және өзіне айналу арқылы өміріне мән бере алады " [7, 55 б.].

Фромм қоғам, белгілі бір саясаттың немесе бұзылудың сипаты деп санайды: "деструктивтілік жемісті энергияны бұғаттау нәтижесінде дамиды" [8, 101 б.].

Лениннен Горбачевке дейінгі орыс басшыларының саяси қайраткері адамның табиғаты бойынша ақылды және мейірімді болатын жағдайға негізделген. Мүлік зұлымдықтың белгілі бір әлеуметтік болмысы - жеке меншік, буржуазия, жұдырықтар және т. б. аяқталғаннан кейін жеңіске жетуі керек еді. Адам табиғатының қиындықтарын дұрыс бағаламау, ақыл-ойды, ерлікті, құрбандықты абсолютизациялау, шын мәнінде, "жарқын болашақ" салу ниеті кейде орындалмады, ал қаржылық жетістіктер жеке адамдарға қарама-қарсы қарабайыр жарнамалармен, мәдениеттің "жаман" үлгілеріне қатысты деструктивтілік пен қатыгездікпен біріктірілді. Орыс тарауларының адамның салыстырмалы рационалистік мәнінің адасуы, олардың адамдардың жемісті энергиясын бұғаттауы Фроммға ішкі энергияны, адамның өзіндік ерекшелігін ескермеу үшін идеалды емес және тиімсіз деп санауға мүмкіндік берді.

Өкінішке орай, қазір өткеннің барлық иллюзиялары сақталуда. Демократтар иррационалды және жойқын дискілердің күшін бағаламай, іс жүзінде мемлекеттік авторитарлық экономиканы, бір партияның саяси үстемдігін жою еркін адамдарды механикалық түрде жасайды, миллиондаған адамдардың жемісті энергиясын ашады және олар нарықтық қатынастар өлшемдерінде ынтымақтастыққа дайын болады деп ойлады. Алайда, кәсіпкерліктің еркі, жекешелендіру, саяси плюрализм өздері үшін бірлік пен жасампаздық рухының пайда болуына әкелмейді. Бұл үшін әлі де Фроммның мәтіндеріне сәйкес "қатысу және қоғамдастық тәжірибесін" қамтамасыз ететін саяси қайраткер, кез-келген адамға және барлығына осы құқықтарды беретін саяси қайраткер қажет болады, ал ғалым эталонда кез-келген мырзаға бұл үшін міндеттеме алып, қабылданған қорытындылардың сипатына әсер ету керектігін айтады.

"Құру қажеттіліктерін қанағаттандыру, бақытқа әкеледі, қасірет әкеледі, және жойғыштың өзі ең көп зардап шегеді"[6, 105 б.].

Фромм салауатты қоғамның басты критерийі оның саясатының жарамдылығы адам өмірінің мәселелерін қанағаттанарлық түрде шешуге мүмкіндік береді деп санайды. Адам табиғаты, содан кейін психикалық және эмоционалды бұзылулар, сайып келгенде, қоғамды өзгертуге итермелейді адам кез-келген әлеуметтік-мәдени жүйеге бейімделуге мүмкіндігі бар, бірақ егер белгілі бір жүйенің саясаткерлері оның табиғатына қайшы келсе, ол дамиды [7, 57 б.].

Салауатты қоғам үшін Фромм қарапайым "зиянды" әңгімеге қарсы емес, патологиялық әңгіме қарсы болады. Патологиялық қоғамдардың бірлескен ерекшелігі-пұттарға-көшбасшыға, партияға деген сеніммен ауыстырылған адамдардың ақылды, шығармашылық әсеріне деген сенімнің болмауы. Бұған қарама-қарсы дұрыс әңгіме білдіреді. Пәнінің мақсаты мен міндеттері адам, бірде-бір рет адам болып саналады, ал құралы үшін сіңірген еңбегі мақсаттары өзге де адам болып табылады.

Саяси қызмет адамның мүдделеріне бағынады. Салауатты қоғамда адам қоғам өмірінің белсенді және жауапты қатысушысы болып табылады. Оның өмірлік мақсаты-көп болу, көп болу емес [7, 58].

Фромм іс жүзінде тек жемісті болу үшін құрылғы "ақылға қонымды мүмкіндікті" "нақты мүмкіндікке"айналдыруы керек дейді. Саяси қайраткер адам үшін жеңіске жететін болашақтың прототипі, оның көзқарасы бойынша, сау әңгімені мұздатуға мүмкіндік бар, онда жемісті мораль нарықтық позицияның орнына келеді, ал роботизм гуманистік рухпен алмастырылады.

Әдебиеттер тізімі:


1. Додельцев Р.Ф. Фрейдизм: культурология, психология, философия. – М., 1997
2. Фрейд З. «Я и Оно». – Тбилиси., 1991
3. Попов В.Д. Социально-психологические законы и социальный психоанализ. – М., 1996
4. Фрейд З. Введение в психоанализ. Лекции. – М., 1995
5. Фромм Э. Здоровое общество. В кн.: Психоанализ и культура. – М., 1995
6. Фрейд З. Психоаналитические этюды. – М., 1997
7. Фромм Э. Человек для себя. Иметь или быть? – Минск, 1997
8. Хорни К. Новые пути в психоанализе. Том 2. – М., 1997

СУРЕТ САЛУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Абдрахманов М. Т.Абай атындағы Қазақ
ҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт
институтының аға оқытушысы, ҚР
суретшілер одағының мүшесі.
Ақашев Қ. Абай атындағы Қазақ ҰПУ, Өнер,
мәдениет және спорт институтының
аға оқытушысы,
ҚР суретшілер одағының мүшесі.
Адамкулов Е.М. Алматы қаласы, Түрксіб
ауданы, КГУ №61 орта мектебінің Көркем
еңбек пәні мұғалімі. Евразиялық дизайнер
одағының мүшесі.

Суретте жарық және рендік әсерлер, пластикалық модельденуі, түртпекшелердің комбинациясымен дақтар мен сызықтардың әр түрлі үйлесуінің нәтижесінде пайда болады. Жоғары кәсіби деңгейде орындалған суреттің дара көркемдік құндылығы болады.

Суретті қолдану аймағы кең, ол ғылыми-көмекші, кол-өнерінің мінездемелі және техникалы түрінен көркемсуретке дейін созылады. Адамның сөзінің жазбаша түрде көрінуі сияқты суретте ойлау барысын айқындап басқа адамдармен араласуға мүмкіндік береді. Сурет мәдениеттің бір бөлігі бола отырып, ой-өрісінің дамуына және қалыптасуына ықпалын тигізеді.



Натюрморт салу кезеңдері

Қайта жаңғыру кезеңінің итальяндық ұлы суретшісі Микеланджело Буонорти (1475-1564) былай деп жазған: “Басқа сөзбен айтқанда «нобай өнері» деп аталатын сурет, кескіндеме, мүсін және архитектураның жоғарғы нүктесі, сурет кез келген шығармашылықтың түп қазығы”.


Кез келген зат суреттеу нысаны бола алады, бірақ, адамдар бізді қоршаған дүниені әр түрлі қабылдайды. Ол адамның тәрбиесіне, жалпы дамуына, мәдени деңгейіне, қызметіне байланысты. Көру мүшелері кез келген адамға заттың сапасын сезінуге, түсін, пішінін, кеңістігін, қозғалысын, көзбен көріп қабылдауына мүмкіндік береді, ал суретшінің бойында мұндай қабілеттер ерекше асқынған. Суретші үшін сурет сыртқы дүниені тану тәсілі және заттық - бейнелі тіл болып табылады, оның көмегімен көрерменмен пікірін бөліседі.

Көркемсурет өнерінің барысында сурет жетекші пән болып келеді.

Сапалы сурет сала алу қабілеті кез келген кәсіби маман үшін өте маңызды, өйткені сурет көркем сурет өнерінің (кескіндеме, графика, мүсін) және пластикалық өнердің, колөнерінің және дизайнерлік қызметтік негізін қалаушы болып табылады.

Оқып - үйрену суретінің мақсаты, көзбен көру қабілетін және көлемді - кеңістік ой-өрісті дамыту, композициялық ойды “Заттандыру” барысында құралдық-тәжірибелі талаптарды суреттің көмегімен шешуден бастау алады. Кәсіби жұмыскердің шеберлігінің өсуі, шынайы суреттің техникасы мен тәртібін қаншалықты меңгергеніне байланысты.

Сурет салуды үйренуді, пішіні мен бейнесі қарапайым заттардан бастау керек. Қарапайымнан күрделі бейнеге өту - шынайы өнер мектебінің көркем суреттеу сауатын меңгеру принципі міне осындай болып табылады.



Натюрморт салу кезеңдері. Суреттің аяқталуы.

Қазақтың белгілі суретшісі Әбілхан Қастеевтің пікірі бойынша жас суретшілерге білім берудің негізінде шынайы, реалистік өнер жатуы керек деген. Ежелгі шығыс цивилизациясының өнерінен бастап, Ежелгі Египет және Ежелгі Греция, орта ғасыр кезеңінен қазіргі күнгі уақытқа дейін көркемсурет өнеріне үйрену, суретті зерттеп меңгеруден басталады.

Жазықтық бетінде суреттеменің құрылуының негізгі тәртібі Ч.Ченнино, Л.Б.Альберти, Леонардо да Винчи, А.Дюрер сияқты белгілі суретшілердің көңілдерінің ортасында болған. Сурет мектебінің дамуына К.П.Брюллов (1799 - 1852), А.А.Иванов (1806-1858), И.Н.Крамской (1837-1887) және т.б. суретшілер үлкен үлестерін қосқан.

Бүкіл дүние жүзілік көркем суреттеу өнерінің бай тәжірибесі шынайы суретке сүйене отырып, өмірдегі және өнердегі ғажайып құбылыстарды сүйіп бағалай білуді үйретеді, эстетикалық мәдениетті меңгеруге кеңес береді. Көркем суреттеу сауатының негізін оқып үйрену оймен сезімнің жігерлі қызметін талап етеді.

Сурет бойынша тәжірибелі тапсырмаларды орындаудың алдында, теоретикалық білімнің негізінде жатқан жалпы әдістемелік талаптармен танысу керек. Сонымен қатар құралдармен, жұмыстың тәсілдерімен, әдістерімен, көркем суреттеу әдістерімен танысқан жөн, ол көркем суреттеу сауатын толық меңгеруге көмектеседі.

Суретті сол бетінде жүйелі суреттеу қабілетін саналы дайындау қажет. Көзге көрінетін денелерді: түрі, көлемі, мөлдірлігі, түсі, пішіні бойынша ажыратады. Табиғаттың және адамның күшімен жасалынған барлық заттардың бәрінде жалпы мазмұндық мәнісі бар ол бейненің заңды құрылуы немесе конструкциясы. Заттың пластикалық құрылысын түсіну

үшін, оның конструкциясын, қызметін көре білу өте маңызды.

Кеңістікте бейнені суреттеу кезінде өзара байланыста шешілетін сұрақтар мен талаптар оқу суретінде көп кездеседі. Ол қағаз бетіндегі композиция, конструкция, қозғалыс, пропорция, перспектива, жарықтық, шағылыс, көлеңке, оның түрлері, түс, фактура т.б.

Қағаз бетінде салынған кез келген заттың суретіне қойылатын алғашқы талап оның композициялық орналасуы болып табылады.

Көру нүктесіне, заттың (немесе бірнеше заттың) көлеміне, бейнесіне байланысты, қандай өлшемнің (ені немесе биіктігі) маңызды екенін анықтап алу керек. Бұл жағдайға салынатын бейне тік төрт бұрышты қағаздың бетінде горизонтальды немесе вертикальды орналасуы тәуелді.

Оқу қойылымының композициялық шешімінің ізденісін жеңілдету үшін, негізгі қағаз форматының көлеміне пропорционалды бірнеше рет кішірейтілген қатты қағаздан “терезеше” жасап алып қолдану керек. Осы тік төртбұрышты тесіктің көмегімен фотоаппараттың қалыптастыру терезесімен қолданғандай, бір көзді қысып карап композицияның оқу талабына сай орнын табуға тырысу керек. Терезені көзге біресе жақындата, біресе алыстата отырып (осы кезде натуралық қойылымның заттары кіші көлемде көрінеді), оңға және солға қозғай отырып, суреттемелі бейнелердің масштабын және орнын анықтайды. Раманы қолдану өте ыңғайлы, өйткені оның шеттері затты анықтауыш кеңістік ортаны шектейді. Ол “модельді” дара және тұтас құбылыс ретінде қабылдауға мүмкіндік береді.

"Заттардың болашақ суретін қағаз бетіне орналастыру өте күрделі және жауапты жұмыс, себебі жазықтық бетінде модельдің орны мен көлемі анықталған соң оны өзгерту қиын. Оған қоса қайта түзегу көп уақыттың дәрменсіз кетуіне және қанғаттанарлықсыздыққа әкеліп соғады.

Ал сәтті композиция қызықты, көрікті суреттің кейінгі деңгейлерде орындалуындағы негізін қалайды, олар:

- сызықты;
- конструктивті құрылысы;
- бейнені реңмен жапсырмалау.

Компоновка барысының өзі шығармашылық ізденістердің элементтік бөліктерін құрайды. Компановканы дұрыс орындау үшін және модель жайлы көзге көру пікірін бекіту үшін заттардың қағаз бетінде композициялық орналасуын елестете білу керек.

Сонымен қатар композицияның басқа түрлерін іздестіру; үлкен парақтардың бетінде бірнеше нобай салып көрген дұрыс. Композициялық шешімнің ең сәтті түрін, таңдап, бейнелеуші заттарды қағаз бетіне пропорционалды көшіреді.

Композиция заңдылықтары кейбір тәртіптерді сақтауды талап етеді:

- парақтың геометриялық ортасын дұрыс анықтау. Оны мынандай әдіспен жасайды, қағаздың қарама-қарсы бұрыштарын диагональмен қосады немесе горизонталь және вертикаль бойынша қағазды екіге бөледі;

- натюрморттың суретін сала отырып оның композициялық ортасын табу. Әдетте ол натюрморттың құрамындағы ең ірі немесе мәнісі бойынша ең маңызды зат яғни натюрмортта әрқашанда бір зат негізгі болып келеді;

- геометриялық және композициялық орталықтардың бір нүктеде қиылысуына ұмтылу міндетті емес;

- мысал ретінде бірнеше натюрморттардың бірнеше композициялық шешімдерін қарастырайық. Бір топты құрайтын заттарды бір - бірінен бөлек бейнелеуге болмайды. Оларды бір тұтас елестетіп, бір топқа біріктіру кеңінен қалыптасқан әдістердің бірі;

- парақтың геометриялық орталығына сүйене отырып, бір даққа біріккен натюрморттағы заттар тобының енімен биіктігіндегі шеткі нүктелерін белгілейді. Бұл жағдайда ойластырған ойдың бәрі қағаз бетіне сыйып, дұрыс орналасқан “таршылық” сезімін тудырмай, қағаздың шетіне тым жақын бейнеленбеуі керек. Ал көлемдерінің тым майда

болуы да көріксіз көріністі тудырады. Заттардың суретіне карағанда, компоновкада бос аяндар үлкен рөлді атқарады. Көріктік және тепе теңдік гармониясына қол жеткізген заттардың суреттемесі сәтті композициялық шешім болып табылады.

Суреттің неше түрлі бейнедегі талаптарын шешу үшін қолданылатын графикалық тәсілдерді үйрену кезінде сызыққа оның өзгеру түріне штрихты сызық ерекше рөл атқарады.

Штрихты сызықтар - суретте ең көп қолданылатын технологияның түрі. Суреттің құрылымы, оның мінездемесі және оқылуы бойынша түзу және қисық сызықтар орасан қызмет атқарады, мысалы:

- көлемі бойынша ұзын - қысқа;
- тегіс және тегіс емес;
- жіңішке және жуан.
- олардың жарықтығының түрлері;
- күнгірт және жарық.
- ал сызықтың қызметі;
- контурлы және көмекші;

Сызықтың бағыты бойынша горизонталды, вертикалды және ылди болып бөлінеді.

Сызықтардың эмоционалды әсерін салыстыру кезінде байқауға болады горизонталды сызық көкжиекпен ассоциацияланып тыныштық сезімін тудырады; вертикалды сызық - жоғарыға ұмтылу; ылди - тұрақсыз, құлау; сынық - өзгермелі қозғалыс; толқын тәріздес біркелкі қозғалыс, тербеліс; спиральды сызық - айналу.

“Әлсіз сызық”, “кернеу сызық”, “динамикалы сызық” деген түсініктер бар, бұл ұғымдар шынайы дүниенің көзге көрінетін болар - болмас рендеріне адамның эмоционалды мінездеме бере алатын қабілетінің үлгісі. Мұндай реакция көзбен көру сезімінің күрделі психологиялық процесінің пысықтау және шынайы нақтылықты көркем бейнеде тұжырымдай білу сияқты құбылыстарының түп қазығы болып табылады.

Сызықтардың көрікті сапалары тек ғана суретте емес, сонымен қатар әсемдік қолөнерінің композициялық талаптарын шешуде кең қолданылады.

Нүктемен сызықтарды саналы қолдануды күрделі тапсырмаларда үйренгеннен карапайым жаттығуларда тәжірибелеген дұрыс, өйткені алғашқысының бойында техникалық жағынан басқа өзіндік талаптары бар, мысалы перспектива, конструкция, жарықты көлеңке т.б.



Түзу және қисық сызықтар

Суретті алғаш рет үйренушілердің көздерінің координациясының, миы мен қолының қалыптасуына көмектесу үшін сурет құралдарын қолдануды меңгеру үшін бірнеше жаттығу орындау керек. Бұл жаттығулар көз өлшемі мен есепті” дамуына бағытталған. Сурет салуды екі нүктені бір-біріне қосатын түзу сызықтан бастау керек. Көптеген суретшілер оқу барысында “Сызықпен екі нүкте арқылы сурет принципіне көп көңіл бөлген.

Сызықтың суретін салуды дайындалған парақтың бетінен бастау керек, әдетте оның көлемі ватманның 1/8 бөлігін камтиды. Оның бетінде болашақ сызықтың аяғы мен басын білдіретін екі нүктені белгілеп алу керек. Ең алдымен сызықтарды осылай белгіленген нүктелердің үстінен жүргіземіз.

Оқу суретіндебарлық сызықты тұтас көре білуді жаттықтыру керек. Сондықтан қарындашты қағаз бетінде ұстап тұрып, берілген нүктелерді бағытталған сызықтармен қосылуын елестетіп көріп, кейін қарындашты жазықтыққа тигізіп жеңіл, сәл қисық сызықты жүргіземіз. Сызықты бөлек- бөлек емес, үзбей жүргізуге ұмтыламыз, бұл жағдайда қарындаштың ұшына емес белгіленген нүктелерге қарап отыру керек.

Суретті салудың басында оның орнығуына байланысты сызықтардың бірнеше түрлерін тиісті жерлерге орындау қажет;

а - екі нүкте арқылы әр түрлі бағытта өтетін түзу сызықтар;

б - горизонталды;

в - қисық;

г - вертикалды, қарындашты әр түрлі салмақта баса отырып тек қана осындай жаттығуларды орындаған соң қисық сызықтарды салуға кірісуге болады.

Қисық сызықтарды суреттеу үшін үш тіреуіш нүктелерді табу керек: олардың екеуі түзу сызықты бағыты мен ұзындығын анықтайды, ал үшіншісі - түзуден ылдилау дәрежесін анықтайды. Тіреуіш сызықтарды тапқан соң оларды қисық сызықтармен біріктіреді.

Бейнесі бойынша күрделі сызықтар бірнеше аралық нүктелерді белгілеуді талап етеді (майысқан қисық сызықтар). Ең алдымен төрт шеткі нүктелерді белгілейміз, қазақ композициясындағы қисық сызықтардың орнын білдіреді, яғни көріністің габариті, оны қағаздың шетіне параллельді жүргіземіз кейін көріністің ортасын табамыз. Көріністің ортасына және шеткі нүктелерге сүйене отырып, белгіленген нүктелер арқылы өтетін майысқан сызықтың бейнесін табу оңай. Кейін бұл сызықтың қортынды бағытын қарындашты қатты басып жүргізіп анықтау керек.

Көзмөлшерін жаттықтыру үшін бұрыш құрап қиылысатын сызықтардың суретін салу, бұрыштардың өздерін бөліп көру пайдалы.

Түзу және қисық сызықтардың суретін салатын суреттің бастапқы техникасын меңгерген соң, геометриялық денелерді бейнелеуге өтуге болады.

“Перспектива” деген сөз латын тілінен (perspectio)- “Анық көремін”, яғни дұрыс көру қабілетін білдіреді.

Перспектива ұғымы жалпы ауаның қысымы, (алыс-жақын) барлық нүктелердің горизонт сызығына түйісу теоремасын білдіреді.

Перспективалық суреттемелердің әдісі Қайта жаңғыру кезеңінде ғылыми негізделіп пысықталған. Денелердің жазықтық бетіне математикалық жүйесі бейнеленуін жетілдіруде, кескіндемеде заттардың жекеменшікті кеңестік құрылысын, орналасуын көрсетуде итальяндық суретші Филиппо Брунелескидің (1377 - 1446), Леон Баттисто Альбертидің (1404 - 14872), Пьетро делла Франческаның (1420 - 1492) және Леонардо да Винчи (1452 - 1519) сияқты суретшілердің еңбегі зор.

Ұлы суретші Леонардо да Винчи перспектива теориясын төрт бөлікке бөлген, олар:

1. сызықты перспектива;

2. жазықтық бетіндегі заттардың көзге қысқартылып көріну заңдылығы;

3. ауалық немесе түстік;

4. заттың тереңдікке бату барысындағы түсінің өзгеру заңдылығы; алыстау кезіндегі контурларының анықсыздануы.

XV ғасырдың ұлы суретшілері ашқан жаңалықтары көркемсурет өнерінің әрмен қарай дамуына ықпалын тигізген.

Қазіргі күндері қолданып жүрген перспектива теориясы суретті натурадан қарап сауатты салуға мүмкіндік береді.

Сызықты перспективаның заңдарын білу жас суретшіге жазықтық бетінде затты әртүрлі ракурсте бейнелеуіне көмектеседі.

Натурадан алынған заттардың суретін салуда көзбен көріп дұрыс қабылдау қабілетін дамыту оқу барысының ең күрделі бөлігі болыптабылады. Суретшінің моделге дейінгі ара қашықтығы осы модельдің көлемінен екі, үш есе үлкен болуы керек. Өте үлкен аралықта отырып сурет салуда тиымсыз, өйткені заттың көлемі дұрыс көрінбейді.

Бақылау нүктесін дұрыс таңдау, суретшіге бейнеленуші заттың өзіндік қасиеттерін анық айқындауға мүмкіндік береді.

Кездейсоқ нүктеден қарап сурет салу заттың конструкциясы мен перспективасын дұрыс бейнелеуге кедергі жасайды, яғни заттың сенімді және көрікті көруіне зиянын тигізеді.

- Сурет салар алдында қағаз жазықтығын екі өлшемді парақ емес, тереңдігі бар кеңестік деп елестету керек. Оның ішінде заттардың көлемін, перспективалық өзгеруін көрсетуге болады.

- Бақылау нүктесінің орналасуына байланысты заттың түрі өзгереді. Мысалы кубтың бейнесін көк жиектен төмен немесе жоғары бақылауға болады, алғашқы жағдайда екі жазықтықты, кейінгісінде - оның үш бетін көруге болады.

- Көлемдері бірдей заттар жазықтық бетінде әр түрлі көлемде көрінеді; суретшіге жақын орналасқандары - ірі, ал тереңдікке алшақ кеткендері - майда көрінеді.

- Ойдағы көкжиек сызығы көздің деңгейінде орналасқан.

- Натураның параллельді сызықтары көкжиектің белгісі бір нүктелерінде қиылысады.

- Перспективаны меңгеру дегеніміз затты тесе көру. Перспективадағы заттардың бейнесінің сызықты - конструкциялы құрылысы осы сапаға негізделген.

- Көру алаңы - көзбен бір қараған кезде ілінген кеңістік аймағы.

Заттан шағылысқан сәулелердің шоғы көзге көрінетін конусты құрайды.

Бұл конустың негізін “Көру алаңы”, ал оның ұшын “Көру нүктесі” құрайды.

Көру алаңының шегі кеңістіктің үлкен бөлігін алып жатыр, бірақ ортаңғы бөлігін көз аныққабылдайды.

Натураны қабылдаудың механикалық принципі, оның сурет жазықтығына түсуін, перспективалық суреттеменің негізгі элементтерін анықкөрсетеді. Оның негізгі заңдылықтары мыналар;

Көру нүктесі. Таңдап алынған көру нүктесі суретші мен суреттелуші заттың арасындағы байланысты бекітеді. Суретшінің орналасуына тәуелді көру нүктесі натураны салу барысында өзгермеуі керек.

Белгілі заттың жазықтығы - горизонталды жазықтық, оның бетінде суретші, мольберт және натура орналасқан. Заттық жазықтық деп үстелдің бетін немесе зат қойылған арнайы қойғышты да атайды.

Сурет жазықтығы дегеніміз - елестегі мөлдір вертикалды жазықтық, ол көз бағытына тік бұрышта қойылған және суреттелуші зат пен суретшінің арасындағы көрініс. Сонымен қатар сурет жазықтығы деп қағаздың немесе тартылған кенептің, бетін де айтады.

Суреттің негізі - сурет жазықтығы мен заттың жазықтығының, қиылысуынан пайда болған сызық бейнесі.

Көкжиек жазықтығы-суретшінің көзінің деңгейінде орналасқан горизонталды емес жазықтық.



Перспективалық заңдылық

Көру сәулесі- ол көзден затқа бағытталған сәулелер жинағы (ОА, ОВ, ОС, ОҢ) көздің қарашығынан тартқан конусты құрайды.

Көздің негізгі немесе орталық сәулесі ОР - бұл сурет жазықтығына перпендикулярлы көру сәулелері.

Негізгі перпендикулярдың жазықтығы - негізгі сәулесі арқылы өтетін және заттық және сурет жазықтықтарына перпендикулярлы көру сәулелері.

Негізгі перпендикуляр РР - сурет жазықтығы мен негізгі перпендикулярдың қиылысу сызығы.

Негізгі немесе орталық қиылысу нүктесі Р - негізгі перпендикулярдың сурет жазықтығымен қиылысуы.

Алыстау немесе қиылысу нүктесі, Д және Д - бұл нүктелер көк жиекте негізі Р нүктесінен РО негізгі сәулені” көлеміне тең аралықта орналасады. Адамның көру қабілеті және елесі затты көру сәтіндегі сезімдерге ғана емес сонымен қатар өткен тәжірибеге негізделеді. Заттың бейнесін қабылдау алдын ала белгілі құрылысына көзге көрініп тұрған перспективалық бұрмалардан гөрі тәуелді. Параллелді сызықтардың қиылысқанын көріп отырсақ та олардың қиылыспайтындығын анық білеміз яғни біз бір жағдайды көріп отырғанымызбен сана басқа көріністі қабылдайды. Тәжірибесі жоқ суретші бөлменің еденін, төбесін, қабырғасын қарастырған кезде олардың тік төртбұрышты екеніне сенімді. Ал шын мәнісінде көз осы тік төртбұрыштарды шектейтін алыстаған кезде қиылысатын параллелді сызықтарды көреді. Натурадан қарап, заттың бейнесін құрастыру кезінде оқушылардың жіберетін қателіктері осындай қабылдануымен түсіндіріледі. Мысалы артқы шендегі суреттемелердің перспективадағы кішірейуі жеткіліксіз және басқа перспективалық өзгерістер ескерілмейді. Үйдің бұрыштарының түзу екенін біліп, натурадан қарап салған кезде оларды түзу бейнелейді.



О.Тансықбаев Перспективалық көрініс

Көзге көрінетін заттардың перспективалық бұрмалануын көрсету үшін алдымызға белгілі бір арақашықтықты әйнектің төрт бұрышты бөлігін орналастырып, соны өте затты немесе заттар тобын қарастырамыз. Заттардан келетін сәулелер біздің көзімізге түсер алдында әйнек жазықтығын белгілі нүктелерде қиып өтеді. Басымыздың орналасу қалпын өзгертпей, үстіндефламастер немесе маркермен көзге көрінетін заттардың контурын бастырамыз. Әйнекте дұрыс перспективалық көрініс пайда болады.

Суреттегі перспективалық өзгерістердің мінездемесін мұқият зерттейік. Заттардың көздің деңгейінен жоғары немесе төмен орналасуына, жақын әлде алыс тұруына, бұрылысына байланысты нәрсенің көріну түрі өзгереді:

Бізден алыстаған сайын заттардың көлемі кішірейеді.

Горизонталды сызықтар алыстаған кезде, көрерменнің көзінің деңгейінде орналасқан жорамал жазықтыққа бағытталады. Көз деңгейінен жоғары орналасқан түрлері алыстау кезінде жоғарыдан төмен қарай жүреді, ал төмен орналасқандары төменнен жоғары бағытталады.

Натурадағы вертикалды бағыты барларының барлығы, суреттерде вертикалды көрінеді.

Осы әйнекте байқалған перспективалық көріністердің барлығы натурадан қарап салған кезде қағаз бетінде көрінуі керек. Адам заттардың осылай өзгерістерге ұшырауына үйренгендігі соншалық, суретте перспективалық бұрмалар болмаса көлем мен кеңестікті қабылдаудан бас тартады. Негізгі перспективалық өзгерістерді түсіну үшін және оларды натурадан суреттеу кезінде еркін көру қабілетін дамыту үшін көкжиек сызығы деген түсінікпен танысу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Адамқұлов Н.М. Өнімді еңбек Талдықорған., 1997 ж.
2. Курманбаев А.А. Целевая подготовка будущих учителей как фактор ориентации /Сб. материалов межвузовского семинара-совещания
3. “Проблемы подготовки специалистов по профориентации в педвузе”. – Курск, 1992. – С.59.
4. Адамқұлов Н.М. Ұлттық қолданбалы қолөнері., Оқулық Алматы-2007 ж.
5. Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы.1977.

6. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 5том. Алматы. 2003.
7. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 3том. Алматы. 2001.
8. Шаңырақ үй – тұрмыс энциклопедиясы. – А. 1989 ж.
9. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – А.1995 ж.
10. Адамқұлов Н.М. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі Алматы Эверо 2013 ж

КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДА СУРЕТ САЛУДЫҢ КӨКЖИЕК ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Адамқұлов Н.М. І.Жансүгіров атындағы ЖУ,
Шығармашылық білім беру бағдарламалары,
п.ғ.к., профессор. Евразиялық дизайнерлер
одағының мүшесі. Ұялы
Құлжабаев Е.У. Абай атындағы Қазақ ҰПУ,
Өнер, мәдениет және спорт институтының
аға оқытушысы, ҚР суретшілер одағының
мүшесі.
Сулейменова А. К. Нұр-Сұлтан қаласы, №89
мектеп-лицейінің Көркем еңбек пәні
мұғалімі.

Суреттемелі зат ауалық кеңестікте немесе бөлме кеңестігінде орналасса да, натурадан қарап суретті салар алдында оның көкжиек сызығына қандай қатынаста орналасқанын анықтау керек (жоғары немесе төмен).

Көкжиек сызығы, көздің деңгейіндегі елесті горизонталды жазықтықтың затпен қиылысуынан қалыптасады. Егер біз жоғары көтерілсек немесе төмен түссек, көздің деңгейінің өзгеруімен байланысты көкжиек сызығының орналасуы да өзгереді.



.Қ.Телжанов Бүркітші


Заттың көз мөлшерінен төмен немесе жоғары орналасуына байланысты көрінетін бейнесі әртүрлі болады. Сызықтан жоғары орналасқан заттардың астыңғы бөлігі, табаны анық көрінсе төмен орналасқан нәрселердің төбесі көрінеді. Адамнан қандай да бір жаққа алыстаған горизонталды сызықтардың перспективалық бағыты едәуір өзгереді. Горизонталды сызықтардың перспективасын жақсы ажырата білу міндет. Перспективада

жазықтықтармен шектелген заттардың беттері көбінесе горизонталды көрініс береді, олардың негізі барлық бейненің бір түзу сызықта қиылысқан көрінісін дұрыс анықтай алу үшін қажет. Перспективалық сызықтарды кез-келген горизонталды кубтың немесе карниздің қыры бойымен анықтауға болады.

Көкжиек сызығы біздің көзіміз сызылған бейне бойынша (вертикаль бойынша) неғұрлым алыстаса, солғұрлым үлкен ылди бұрышы пайда болатынын байқаймыз. Көз деңгейінде орналасқан горизонталды сызық көкжиек сызығымен түйісіп горизонталды сызықты бейнелейді.

Үйдің шатырына көңіл аударайық. Олардың көздің деңгейінен жоғары орналасады, яғни көкжиек сызығынан биік. Олардың шеттері алыстаған сайын төмен қарай түседі.

Егер үйдің екінші немесе үшінші қабатынан көше бойымен үйлерге көз салсақ, астыңғы қабаттағы пәтерлердің терезелері көкжиек сызығынан төмен орналасқаны және шеттері алыстау кезінде жоғары қарай бағытталғанын байқаймыз. Көз деңгейіндегі горизонталды сызықтар горизонталды қалпында қалады. Егер барлығын бір бағытта отырып созсақ, олар көкжиек сызығының бір нүктесінде қиылысады, шын мәнісінде бұл нүкте мүлде жоқ. Горизонталды сызықтардың перспективалық бағытын кітап сөрелерінде жақсы байқауға болады.



Натюрморт

Горизонтальдық сызықтардың бұрыштық қиылысы.

Натурадан сурет салған кезде горизонталды сызықтардың тек жорамал ылдиын көрсету аз. Натурадағы еңкейістің бұрышын дәл анықтап суретте көрсету керек. Мысалы үстелдің үстіне кітапты көз мөлшерінен төмен және көру сәулелері оның шеткі қырларының бірде - біреуіне перпендикулярлы болмайтын етіп орналастырамыз. Кітаптың горизонталды қабырғаларын біз төменнен жоғары көкжиек сызығына қарай жүруін қабылдаймыз. Мұндай көріністі жақсы айқындау үшін кітаптың қолдына көз бағытына перпендикулярлы орналасқан сызғыш немесе қарындаштың көмегімен жақсы іске асыруға болады. Горизонталды қабырғалардың көзге көрінетін ылди бұрыштарын арақашықтықта анықтауға болады. Егер созылған қолда ұстап тұрған қарындашты горизонталды орналастырып, көру сәулесіне перпендикулярлы кітаптың төрт қырлы бұрышының деңгейіне сәйкестіре ұстасақ, кітаптың горизонталды қабырғаларының еңкейу бұрышын көреміз. Бұл бұрыштарды суретте қарындаштың орнына горизонталды сызығын жүргізіп көрсету керек,


Сурет салуды үйрену, басқа бір кез келген ғылымды немесе өнерді оқып білу сияқты

жүйелі күрделінген талаптар қатарынан тұрады. Алдыңғы қарапайым тақырыпты толық түсініп алмайынша кейінгі күрделі тапсырмаларды орындауға болмайды.

Әр түрлі заттар өзара қиылысқан жалпақ жазықтықтардың жинағымен шектелген. Сондықтан осындай заттардың перспективасын салуды тез үйрену үшін, ең алдымен жалпақ тік төртбұрышты нәрселердің перспективасын құрастыруды үйренген жөн. Дәл осындай мақсатпен геометриялық денелердің перспективалық көрінісін көрсету өте пайдалы. Куб, цилиндр, шар, призма сияқты геометриялық денелер барлық заттардың негізін қалаушы қарапайым бейнелер болып табылады. Мысалы өсіп тұрған ағаш діңінің негізгі бейнесі ол домалақ цилиндр, қарбыздың негізгі бейнесі - шар тәріздес, ал құмыраның бейнесі цилиндр мен шардың бірігуінен құралған. Куб - жалпақ жазықтықтармен шектелген заттар құрылысының негізі болып табылады.

Ең күрделі заттардың конструкциясы қарапайым геометриялық денелердің жинағынан құралады. Алғашқы көзге анықсыз болып көрінген жануарлар мен өсімдіктерді күрделі бейнелерінен қарапайым бейнелерге дейін бөлуге болады. Перспективаны салу заңдылықтары геометриялық денелердің бойында тәжірибеден өткізуге және түйісу нүктелерін оңай байқап көруге ыңғайлы. Куб және цилиндрлі бейненің перспективасын дұрыс сала білу ережесі, натураға қарап отырып, жазықтықтармен шектелген, немесе цилиндрлік бейнені кез келген затты сауатты көрсетуімен шектеледі. Вертикалды жағдайдағы тік төртбұрыштың перспективасын, қандай да тіктөрт бұрышты тақтайды алып суретшінің алдына көкжиек сызығы жазықтықтың ортасына сәл төмен өтетіндей етіп орналастырамыз. Бұл заттың перспективасын салар алдында оның пропорцияларын анықтап алу керек, яғни көзге көрінетін биіктігі оның көзге көрінетін енінен қанша үлкен екенін белгілейміз. Бұл көлемдердің пропорционалды қатынастарын суретте салу керек. Ол үшін қағаз бетінде тақтайдың бізге жақын қырынан биіктігін жобалы мөлшерде белгілеп аламыз. Бұл биіктік суреттің масштабы болып қызмет етеді. Натурадағы нәрсенің ені биіктігінен қандай мөлшерде кіші екенін біле отырып, осы көлемді бірнеше бөліктерге бөліп енін табуға болады. Осы бөліктің біреуін горизонталды бағытта орналастырсақ тақтайшаның ені шығады. Міне осындай тәсілмен анықтадық. Тік төртбұрыштың құрылысы түзу сызықтардан құралғанымен оған бейне деп қарау керек. Тік төртбұрыштың моделіне мұқият қарай отырып, бізге жақын орналасқан вертикалды қабырғасының кейінгі шендегі қабырғасынан биік екенін, горизонталды сызықтардың ылди екенін, көкжиек сызығынан жоғары орналасқан горизонталды төмен қарай бағытталғанын байқаймыз. Бұл сызықтардың қаншалықты еңкейгендіктері алдыңғы кубтарды салған суретте көрсетілгендей түзу горизонталды сызыққа қарасты анықталады. Табылған бұрыштарды ылди түзулермен белгілейміз, олар көкжиек сызығында бір нүктеде қиылысуы керек. Қиылысу нүктесі парақтың жазықтығынан тыс орналасуы да мүмкін. Тақтайдың жалпы тік төртбұрышы салынып біткеннен кейін, қалыңдығын анықтаймыз.

Бірінші жағдай ол фронталды. Квадратты осындай екі шетінен қырлары көкжиек сызығына параллелді орналасқан қалыпында салу үшін орталық қиылысу нүктесін табу керек. Квадраттың көкжиек сызығынан төмен немесе жоғары орналасуына байланысты екі қыры тереңдікке жоғарыдан төмен және төменнен жоғары бағытта өтеді, ал басқа екі қыры сурет жазықтығына параллель болып қалады. Мұндай квадраттың қырлары қысқарған жағдайда ғана сурет трапецияға ұқсас болып көрінеді. Екінші жағдайда квадраттың кездейсоқбұрышта орналасқан. Бұл калште квадраттың қырлары негізгі қиылысу нүктесі P , - да қиылыспайды, оның оң және сол жақтарында орналасқан нүктелер бағытталады. Перспективалық суретте квадрат ромботүрінде көрінеді.



1-Сауатсыз нобай.

2- Сауатты нобай

Шеңбердің перспективасы. Перспективадағы шеңбер эллипс бейнелі көрінеді. Көкжиек сызығына неғұрлым жақын орналасса, солғұрлым эллипс жіңішке көрінеді, ал көкжиек сызығында оған бірігіп бір сызыққа айналып кетеді. Перспективада шеңбердің суретін салу кезінде оның алдыңғы бөлігі соңғысынан үлкен болу керек екенін бақылау керек. Эллипсті ұқыпты салуғатырысқан жөн, сызықтар бір жартысынан екінші жартысына бәсен, сазды; түрде өтуі керек. Кубтың перспективасы. Куб басқа да көлемді бейнелер сияқты, кеңістік ортада бейне көлемін шектейтін жазықтықтардың үйлесуінен тұрады. Кубтың суретін (параллелепипед) салу кезінде, квадраттың фронталды және кездейсоқ бұрыштық қалпінде орналасқан перспективасына сүйенуі керек.

Бірінші жағдайда тік төртбұрышты геометриялық дене көкжиек сызығында қиылысуы Р-нүктесі болады, яғни біз оның екі жазықтығын көреміз. Кубтың алдыңғы көрініс жазықтығы перспективалық өзгерістерге: ұшырамайды, ал оның тыс жағы, жаны және жоғарғы беті трапеция түрінде көрінеді.



Көз деңгейіндегі көрініс



Отырғандағы көрініс



Жоғарыдан қарағандағы көрініс

Жоғарыда аталып кеткен геометриялық денелер кездейсоқ бұрышта орналасса, онда барлық жазықтықтарының перспективалық көрінісі ромб; бейнелі денелерді көрсетеді.

Қандай да бір бұрышта орналасқан жазықтықтардың сызықтары, перспективасы Р-нүктесінің екі жағында орналасқан қиылысу нүктелеріне бағытталады, ал вертикалды қабырғалары өз қалпында қалады, ал оның жанындағы бұрыштар алыстауына байланысты биіктігі кішірейеді. Геометриялық денелердің конструкциялық құрылыстарының салыну принциптері “Бейнені құрастыру және оның конструкциясы” атты тарауда, қарастырылады. Перспективалық құрылысыментанысу дегеніміз тек құрғақ схемаларды салу емес. Жас суретшінің перспектива заңдылықтарын оқып, білуі, бейненің ішкі құрылысына еніп, оны шынайы, сенімді суреттеуіне жол ашады. Көзбен көріп қабылдау ерекшелігі суреттемеде өзіндік ізін қалдырады, сондықтан дәл сурет сызу сияқты көрінбеуі керек. Сурет салу кезінде перспективалық құрылыс тек сана арқылы натура негізінде орындалады, ол перспектива заңдылықтарын жақсы білу заттың кеңістік бейнесін анық елестету.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Адамқұлов Н.М. Өнімді еңбек Талдықорған., 1997 ж.
2. Курманбаев А.А. Целевая подготовка будущих учителей как фактор ориентации /Сб. материалов межвузовского семинара-совещания
3. “Проблемы подготовки специалистов по профориентации в педвузе”. – Курск, 1992. – С.59.
4. Адамқұлов Н.М. Ұлттық қолданбалы қолөнері., Оқулық Алматы-2007 ж.
5. Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы.1977.
6. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 5том. Алматы. 2003.
7. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 3том. Алматы. 2001.
8. Шаңырақ үй – тұрмыс энциклопедиясы. – А. 1989 ж.
9. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – А.1995 ж.
10. Адамқұлов Н.М. "Бейнелеу өнері" Алматы 2010 ж.

Адамбекова А. студентка группы ПиМо-21-1к
Нуркеева Б.А. магистр, старший преподаватель
Карагандинский университет Казпотребсоюза

В ходе исследовательской работы была проведена беседа со сторожилами, анализ информации полученных из сетей интернета, словарей, трудов ученых. Проанализировано десятки топонимов, попытались дать социолингвистическую интерпретацию топонимов.

Термин «топонимика» произошел от греческого *topos*- «место» и *онома*- «имя». Топонимика, в известной мере, стоит на стыке различных научных дисциплин: географии, истории, этнографии, лингвистики, где каждая наука решает задачи своей области, так как названия-это «язык» местности, отражающие формирование определенного этноса, развитие его языка. Географические названия, их происхождения и функционирование интересуют не только ученых и специалистов, но и неспециалистов. Проблемы возникли отнюдь не по чей-то субъектной воле, их не навязали ученые или политики; они родились как неизбежные следствия глубоких исторических перемен последних десятилетий, краха тоталитарного режима и духовного национального возрождения народов.

Большой интерес, актуальность проблем топонимики Казахстана определили опубликование множества научной и публицистической литературы- статей, заметок, научных анализов, работ. Появилась новая тенденция в изучении географических наименований. В последнее десятилетие ведутся исследование топонимов отдельных регионов Казахстана, конкретное и более достоверное изучение, дается правильное их толкование. Принципы передачи в русской транскрипции. Это явилось основным мотивом обращения нами к проблеме топонимики. Кроме того, особую актуальность данной проблеме придает принятие: «Концепции упорядочения наименований государственных и административно-территориальных единиц, переименований населенных пунктов и восстановления исторических, географических названий в Республике Казахстан». Таким образом, объектом нашего исследования стал Центральный Казахстан. Один из районов Карагандинской области - Шетский район.

Цель исследования сбор, систематизация и лингвистический анализ топонимов. В связи с поставленной целью решаются задачи частного характера: этимологический, лексико-семантический анализ названий района; выявление наиболее характерных разновидностей, структурных моделей и типов, попытка дать социолингвистическую интерпретацию топонимов.

Картографирование облегчило работу, т.е в процессе исследования была собрана картотека топонимов различных топонимических групп (оронимы, онконимы, гидронимы и т.д) Составлялась она методом сплошного отбора, названий на картах района, схемах, в периодической печати, в специальной научной литературе - работах и исследованиях языковедов, историков, этнографов.

Научная работа по содержанию состоит из Введения, I, II, III главы, Заключения, Приложения и библиографического указателя. Во Введении даются сведения об актуальности проблемы, мотивировка выбора темы научной работы, указывается число анализируемых топонимов: цели и задачи работы, описание плана исследования.

И так 1-период Начиная с 30-х годов 19 века публиковались отдельные заметки или описания антропонимов, топонимов, этнонимов казахского народа в печати, словарных работах А.Левшина, А.Алекторова, Т.Семенова-Тянь-Шанского, Радлова В.В.

Огромное значение в становлении отечественной науки имеют работы Ч.Валиханова, содержащие материалы и исследования по истории, этнографии, географии, социальному укладу казахской степи. Ч.Валиханов неоднократно участвовал в научно-исследовательских экспедициях. Так, например, поездка в Кульджу, к Центральному Тянь-Шаню, и на озеро

Иссык-Куль. Научные результаты путешествий отражены в его замечательных и талантливо написанных и путевых очерках «Поездка на Иссык-Куль», «Западная провинция Китайской империи и г.Кульджа», «Записки о Киргизах» был солидный первый научный труд посвященный географии, истории и социальному строю жизни народов Восточного Туркестана. По охвату новых материалов, а также по ширине и глубине анализа труды Ч.Валиханова являются крупными вкладами в отечественную науку, не потеряли свое значение и по ныне, дают много ценного в интересующей нас проблеме. С началом двадцатого столетия с изучением географических названий связано появление отдельных статей Х.Жубанова, С.Аманжолов, С.Кенесбаева, в которых рассматриваются вопросы топонимики Казахстана. В послевоенные годы изучением топонимики занимались географы и историки Конкашпаев.Г, С.Алиев, Д.Каралышева, Н.Баяндин, А.Маракуев. Г.Конкашпаев написал несколько статей оронимах Казахстана. В 1949 году он защитил кандидатскую диссертацию по теме: «Казахские народные географические термины». Н.Баяндин, написал заметки о географических названиях районов восточной и центральной части республики. Значительную научно-исследовательскую работу о географических названий вел со студентами Каз.Г.У профессор А.В.Маракуев. О предмете топонимии как географической дисциплины им была опубликована специальная статья. Только в 50-е годы 20века к изучению топонимов включались языковеды республики. Научными работниками отдела диалектологии и истории казахского языка. А.Абдрахмановым, Г.Жанузаковым и другими были разработаны инструкции для сбора материалов и их классификаций. Этим было положено начало систематическому накоплению материалов по обширной топонимии родного края и их изучению.

В наших исследованиях все более подтверждается идея относительно присутствие, цветового значения в тюркских географических терминах. АК, КАРА, САРЫ и т.д. высказанные академиком А.Н.Кононовым по поводу названий типа АКСУ, АКСАЙ, АККУМ, КАРАСУ, КАРАСАЙ, КАРАКОЛ и другие, в которых усматривает иные значения терминов. Таковыми являются сообщения А.Абдрахманова по исследованию этимологии казахских топонимов Сары-арка, Сарыжайлау в работах «К вопросу о методах исследования этимологии казахских топонимов».

Шетский район достаточно крупная административно-территориальная единица Сары-арки. Кстати, само название «Сары-арка» его происхождение по-разному трактуется учеными-топонимистами.

А.Сейдымбеков в своей книге пишет «земля древней Сарыарки, ее горы и растительность имеют желтоватый оттенок и это связано с названием. Но мнение Сейдымбекова побуждает спор. Сарыарка- Необъятная земля, степь, богатая и пастбищами для скота.

Но в казахском языке существует много словосочетаний с компонентом «сары».

Сары аяз - очень сильный мороз.

Сары карын айел - женщина средних лет.

Сары уайым - большая печаль.

Ур.Шалтас.-дословный перевод с казахского языка: шал-«старик» тас-«камень».

Однако дословно переводить не следует, так как слово «шал» в книге Д.Жунусова «Тайны названий земель и вод» означает «старый», «древний». Таким образом; «Шалтас-старый камень».

З.Базартам-могильник Базара, или место, где умер Базар.

З.Бастау. Бас тау-дословный перевод бас-«голова, главный» тау-«гора».

Слово «бас» восходит к древнетюркскому языку означает «бас»-старший, главный.

Таким образом Бастау-главная гора.

Агадыр –ойконим, получивший название от названий сопки с казахского языка «ак»-«белый», «светлый», «адыр» - сопка, - небольшой расчлененный кряж или невысокая гора, сложенная обычно из твердых пород. Дословный перевод: «белая сопка или белая гора», но

этот перевод не подходит. Слово «АК» имеет дополнительное значение «корм, обильная трава». По словам старожилов переводится «Сопка с обильной травой».

3.Кызылагаш-буквально «красное дерево» такое слово встречается в памятнике орхонской письменности, «Памятник честь Тоны-кока» в форме «кызыл агач». Г.Конкашпаев определяя семантику топонима утверждает. Что это «красное дерево (вид осины, березы).

Название населенного пункта, вероятно произошло от названия местности-березовой или осиновой рощи, которая осенью принимает красный цвет

Актумсук-гидроним, название небольшого озера.

Ақ-«белый», «тұмсық»-синонимичен слову «мұрын».

У Жанузакова есть такое объяснение «мұрын» или «тұмсық»-конечная часть горной вершины или горы.

От тюркских языков «тумсык», дается в такой форме «тумшук», «тумул», «тумус», а синоним «мұрын» имеет такое значение.

1) Орган человека.

2) Конечная часть горы.

От монгольского языка «мурун» озеро, впадающее в море.

Р.Жаман сары су –плохая желтая вода

Термин «социальная лингвистика» впервые использовал в 1952 году американский исследователь Х.Карри. Этим понятием обозначено направление в языкознании изучающее общественную обусловленность возникновения, развития и функционирование языка, воздействие общества на язык и языка на общество.

Мнение известного лингвиста Ф.Филина «язык-создание общества, и все в нем общественно. За термином «социолингвистика» закреплено два значения.

1) изучение зависимости языка, его структуры от общества, иначе говоря, социальной обусловленности языковых явлений.

2) изучение общественных функций языка, его роли в обществе.

Названий на казахском так и на русском языке

С.Енбекшил- работоспособный, рабочий.

С.Еркиндик- свобода, свободный.

С.40 лет Октября.

С.Красная поляна.

Сложены двух-имен существительных, первое из которых имеет аффиксы;-лы,-ли,-ды,-ди,-ты,-ти.

Например: Бугылы, Тулкили, Жыланды, Талды.

Возникают новые формы-эллиптические, которые появляются все больше на картах района. Топонимы этой разновидности представляют собой субстантивированные атрибутивы, которые приобретают полную самостоятельность.

Кроме собственно эллиптических форм в казахской топонимике встречаются множество простых топонимов с чистой основой.

3.Касымбек- имя собственное

3.Омар - имя собственное

3.Жарылгап- имя собственное.

Эти же топонимы встречаются в работе А.С.Битановой. Она относит топонимы такого типа к эллиптическим названиям.

Следующим распространенным способом образования топонимов района является: Имя прилагательное + имя существительное, где прилагательное выступает в роли определения, цветное прилагательное может иметь дополнительное не цветное значение.

Сарыбулак-широкая река.

Карабулак-черный ручей.

Карашилик- место, где растет мелкая ива.

Жалғызтал- одинокое дерево.

Ащисор- соленое место.

В топонимии обследуемого района и трехсоставное название. Чаще всего первое слово является выраженным прилагательным.

Библиографический указатель:

1. Абдрахманов.А «Топонимика и этимология».
2. Айдаров.К. «Язык орхонских памятников древнетюркской письменности».
3. Баяндин.А. «Сарыарка» Білім және еңбек.
4. Койчубаев.Е . «Краткий толковый словарь топонимов Казахстана»
5. Конкашпаев.Г. «Словарь казахских географических терминов».

ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВТЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

Акшабаева Л.М. Педагогика
ғылымдарының магистрі
Баербекова Ә.Е. Педагогика
ғылымдарының магистрі
Қазтұтынуодағы Қарағанды
университеті

Жалпақ әлемге жан дүниесін жайып салу – ақын адамның өзге жұмыр басты пенделерден жалғыз-ақ айырмасы. Бірақ, сол жалпақ әлемді аузыңа қарату үшін қанша рухани ерлік керек. Шын ақынның құзар шындай өр келетіні содан шығар [1, 522].

Әбділда Тәжібаевтің қазақ әдебиетінің тарихына кірген ақын шығармашылығы туралы көлемді ғылыми-зерттеу еңбегі – ақынның өмірбаянын, ақын шығармашылығының аумағы, шегі мен шеңберін көтерген мәселелерінің өзектілігін, тақырып аясын қамтиды. Сондай-ақ ақынның шығармашылық жағынан өсуі, қалыптасуы, алғашқы туындылардағы ақынның аяқ алысы, әр жанр тұсындағы икемділігі мен әттеген-айлары тәрізді жайларға тоқталады. Ақын өлеңдерін бүгінгі өмір шындығы, адам, оның тағдыры, еңбек, махаббат, табиғат көңіл-күйі, ән-өнер тағы сол секілді салаларға бөліп қарастырады.

Ақынның толық жинағының үш томдығына алғы сөз жазған Тәкен Әлімқұловтың кіріспе мақаласында Қасым Аманжоловтың шығармашылық жолын сүзіп өтіп, оның ақындық өресін танытатын еңбектерін жанрлық сипатына қарай бөліп, өзіндік пікір айтады.

Ақынның замандас достары С.Мәуленов, Ж.Бектұров, Ғ.Сланов сияқты әдебиет майталмандары да Қасым ақын жайлы азды-көпті дерек қалдырған. М.Базарбаев пен Ә.Нарымбетовтың бірігіп жазған «Қаһарлы күндер әдебиетінде» атты еңбекте Қ.Аманжолов шығармашылығы негізінен Ұлы Отан соғысы кезіндегі әдеби даму процесімен байланысты сөз болады. Ал, Ә.Нарымбетовтың «Дәуір және поэзиясы» Қ.Аманжолов шығармашылығын эпикалық жанрда сөз етеді. Ақынның Ә.Нарымбетов қарастырған табиғат лирикасының төңірегінде әлі сөз етер жайттар көп.

Бұлардан өзге А.Нұрқатов, М.Дүйсенов, Р.Бердібаев, Ә.Нәлібаев, С.Сейітов, С.Ақсұңқарұлы тағы басқа көптеген зерттеушілер Қ. Аманжолов шығармашылығын әр қырынан алып, өздерінің мақалаларына арқау еткен.

Бірақ, бұлардың бәрі де ақын шығармашылығын зерттеу ісінде алғашқы қадамдар, алғашқы әрекеттер ғана. Демек, ақын шығармашылығы әлі өзінің зерттеушісін күтіп тұрған тың дүние. Ғылымда еш уақытта тұжырымдалып, түгесілген, зерттеліп біткен мәселе болмақ емес. Қоғам өмірі қаншалық шексіз болса, ғылым осынша шексіз, ілгері жылжып дами бермек. Қазіргі таңда Қасым поэзиясының жаңа қырын қарастырып жүрген зерттеуші

А.Мұхтаров «Қ.Аманжолов романтизмінің поэтикасы» деген тақырыпта ізденуде. Қ.Аманжолов шығармашылығын М.Жұмабаев поэзиясымен үндестігін Қ.Қалиева зерттеуде.

Қ.Аманжолов дауылдай өртке тиген өлеңімен поэзиямыздың күре тамырындағы қанын ойната білген өзіне тән өршіл пафосымен, өзіндік ақындық мәдениетімен өзінен кейінгі ақындарға әсер ете алды. Тылсым табиғаттың сырын ұққан түйсікшіл бабаларымыз ана тілдің, баба тілдің құдірет-қуатына бас иіп, небір алмағайып замандарда аздырмай-тоздырмай, асқақтата әлдилеп, қасиеттеп, қадыр тұтты. Осынау ұлы дәстүрді Қасым Аманжолов та берік ұстанда. Оның асау, тарпаң жырларында қазақтың тілдік қоры, асыл сөзі көркем көрініс тауып құлпыра түсті. Қасым Аманжолов – көркемдеу құралының не түрлі жақсысын, соны да құнарлысын тауып, қолданып, өзінен бұрынғы ақындық дәстүрді ілгері дамытқан, қазақ поэзиясында ақындық тілдің жетілуіне Абай, Мағжан, Сұлтанмахмұттан кейін, зор үлес қосқан, жаңалық әкелген ақындардың бірі. Оның поэзияға қосқан жаңалықты іліп әкетіп, өз шығармаларында кеңінен, мейлінше молынан қолдана алған ізбасар шәкірттері болуы заңдылық еді.

«Қасымның өзіндік үлкен мектебі бар ақын. Ғафу Қайырбеков, Қабыкен Мұқышев, Сағи Жиенбаев, Мақсұт Байсейітов секілді бірқатар ақындардың өлең екпіндерінде, жырдың музыкалық сазында, еркелік назында, сөз өрнектерінде, әсерлі бейнелерінде Қасым поэзиясының үлкен ықпалы, игі шапағаты барығы даусыз» [2,96].

Қасым Аманжолов өмірінің соңғы кезіне дейін жастарға қамқорлық жасаумен кетті. Сол кездегі сирек те болса жастардың өлең жинағын баспадан сұрап алып, ерінбей зерттеп, екшеп, саралап, өз редакциясымен бірнеше рет шығарған. Белгілі ақындар Хамит Ерғалиев, Сырбай Мәуленов, Қуандық Шаңғытбаев алғашында ақын болған Тахауи Ахтанов, Тәкен Әлімқұлов және басқалардың да алғашқы жыр кітаптары да Қасымның қолынан өткен.

Т.Айбергенов, Ж.Нәжімеденов, М.Мақатаев, К.Мырзабеков, С.Ақсұңқарұлы да Қасымның дәстүрін жалғастырып, дәстүр мен жаңашылдықты ұштастыра білген, өлең-жырларында қазақтың оралымды бай тілінің көркемдік құралдарын мол да шебер пайдалана алған тіл қолданыстары ерекше ақындар. Бұл ақындардың поэтикалық тілі бүкіл әлем деуге болады, олардың өлең жүйесі немесе өмірі болсын, ырғағы мен ұйқасы, бунағы мен буыны болсын яки ажарлау, айшықтаулары болсын бәрі де тек аманжоловтық сипатта құбыла құлпырып тұрады. Мұның бәрі Қасым өлеңдеріндегі көркемдегіш-бейнелік құралдардың қолданылуын жетік меңгеріп, ақын поэзиясындағы бейнелік мәселесіне шұқшиып, оның поэзиясында суреттеу амал-тәсілдерінің қаншалықты, қалайша дамығандығын назарда ұстап, өз өлең-жырларына үлгі қылып алғандығы яғни суреткерлік шеберлік жолында тынымсыз және талмай ізденген ақындардың алып әрекетінің нәтижесі.

Қасымның шеберлігінен жалықпай үйренген Жүмекен тіл орамының аса икемділігінің нәтижесінде мынандай үйлесімді, нақты бір дәлдікке негізделген эпитеттерді туғызған. Мысалы. «именшек сәуле», «ашқылтым ой», «жылаңқы бұлт» эпитеттері образға айналып тұрса, «жымысқы жел», «күнкіл ақыл», «кер сөз», «сайқымазақ самал», т.б. эпитеттер жанданып, құбылысты кейіптеу ұғымына айналған. Сонымен қатар, Қасым ізімен Жүмекен күрделі эпитет жасауда дәлдігімен оқырманын иландыра алған. Мысалы: «костюм киген ақындар», «күпі киген өлеңдер», «соқыр болжам». Мұндай мысалдардың қатарын әлде де ұзартуға болады. Келтірілген айқындаулардың нақтылығы – Жүмекеннің қазақ әдебиеті классигі Қ.Аманжолов поэзиясына көбірек үңілгендігінің белгісі.

Б.Кәрібаева «Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары» атты еңбегінде Ж.Нәжімеденов шығармашылығына талдау жасай келе: «Нәжімеденов өлеңдерінің бастауы – ойлылық. Сондықтан лирикалық толғаныстарының тұнығы жай әуен емес, симфониямен тектес жатыр. ...Басы ашық жай – Нәжімеденов поэзиясы кездейсоқтықтан аман, жалған жасандылықтан сау. Дәстүрі – халықтық дәстүр. Ол үнемі уақыттың жалауымен жана да бермейді. Өнердің табиғи заңдылықтарын мұрындық ете отырып, уақыт таңбасын салуға тайталасатын кездері көп болады. Сондықтан Ж.Нәжімеденов өзіндік стилі қалыптасқан ақын» [3,153], - деп баға береді. Ал біздің қосарымыз Ж.Нәжімеденовтің стилінің

қалыптасуына Қ.Аманжолов поэзиясының әсері болды. Қ.Аманжоловтың «отты» жырларымен Жүмекеннің «ойлы» жырларының мінез-құлқы шындықты, өмір шындығын қабылдау мәнерімен жеткізу тәсілі жағынан ұштасып жатыр.

«Ж.Нәжімеденов шығармаларын оқып отырсаңыз, Абайдың поэтикалық қасиеттерінің лебін, Мағжан өрнектеген символиканың салмағын, Қасымның суреткерлік шеберлігінің белгілерін байқаймыз. Ақын «Бітпеген құрылыс трагедиясы» атты өлеңде кімдерді өзіне ұстаз тұтқандығын анық айтып кеткен:

Ұстаз ғып Абай, Қасым, Исаны мен
Өзімше бір қабаққа үй салып ем.
Мың етпес бұршақ ұрсын, жау ырғасын –
Ұйқастан қалап едім қабырғасын.
Қырқып ап тастың тілін,
Шыңқ қырпуын
Жиып ем беріктіктің мың бір түрін.
Жақтауын образбен кестеледім,
Тенеумен терезесін тескен едім» [4,6].

Ақындық құдіретті бойына сіңіре алу үшін Абай, Қасым, Исаларан нәр алып, сусындай отырып үйренгендігін, олардың ақындық болмысын өз болмысына табиғаттастырғандығын осылайша кестелі тілмен жеткізген.

Т.Айбергеновтің эпитет қолданудағы жаңашылдығы жайлы академик З.Қабдолов «Т.Айбергенов өлеңдеріндегі су жаңа нұсқалықты эпитет көлегейлеп, көрсетпей тұрған жоқ, қайта айқындап, аша түсіп тұр» [3,216] деп бағалаған. Шынымен де Т.Айбергеновтің «Айна көл тұнып тұрған шарадағы», «Қыз талдың күміс мұздан сырғалары», «Ағы бар ақша бұлттан көк көз аспан», «Ақ жүректі Адам мәрттік пен ардан жасалған», «Ерке жел көк құрақты жапырады» т.б эпиттері шығарманы ажарлап, көріктей түсуімен қатар, бай мағына, терең мазмұн беріп тұр. Мұның себебі, Т.Айбергенов Қ.Аманжоловтың эпитет қолдануындағы, жалпы өлең қиыстыруындағы өзгеше тәсілдердің жетік меңгерген.

Ал, айқындаулар Қ.Мырзабековте көбінесе табиғат суретіне қатысты ұшырасады. Ақын табиғатты суреттегенде айқындаулары мезгілді, құбылысты көрсету мақсатында пайдаланған. «Таң» өлеңінде теңеулермен бірге айқындаулар да осы мезгілдің өзіндік бояуын танытады. «Бозала таң», «тып-тыныш дала», ұйықтаған бұлт», «ұйытқыған жел» айқындаулары таңның суретін көз алдымызға әкеледі.

Ұйықтаған бұлттар ұйтұғын желмен жайылып,
Тазарды аспан нұрына талғақ шайынып [5,11].

Көркемдеу құралдарының ішінде эпитеттің табиғатының өзі қызық екен. Бұл өлең қиыстырудағы инверсиялық заңына бағынып, тармақтың – өлең жолының басында да, ортасында да, аяғында да келе береді. Мысалы, Қасымда:

Жас тұлпар тұра алар ма өрге шаппай,
Жас қыран отырар ма қанат қақпай,
Жас жігіт жалын жігер жай жата ма,
Маздатып өмірінің отын жақпай, - [6,16].

Кеңшілік:

Жасыл белдің көктеген жалбыздары,
Жайдақ жолдың бойына сіңіп жатқан.
Жалқын кештің сәулесі жалғыз-жарым,
Жылға көлдің жым-жылас ағыстары [5,53].

Бұл шумақтарда эпитеттер түгелдей әр жол, әр тармақтың басында келіп тұр. Бұл да болса ақындардың сөз құдіретін қиыстыра алғандығы деп бағалауға болады.

Қасым поэзиясынан әсер алып, ақынның поэзиясын үлгі, өнеге тұтып, оның өмірді өлең ету тәсілдерін, түрін, стилін үйренген Кеңшілік Мырзабеков «Сұрасандар» деген өмірбаяндық жазбасында өз қолымен шығармашылық өмірбаянын баяндаған:

Өмірбаян жазып бер, - деді маған.
(Өміріңді сұрай ма тегін адам...)
Өміріме аз емес өкпе-назым
Соны еске алу
өш ету мені маған.
Жазып берем...
Жазамын өмірбаян.
Жазған өмірбаяным – бәріңе аян.
Аян емес жерлерін сұрарсыңдар
Тағдыр дейтін тақуа қариядан [5,149].

Кеңшіліктің шығармаларының лирикалық кейіпкері – ақынның өзі. Поэзиясынан ақынның поэтикалық әлемін көреміз, ондағы ақынның іс-қимылын аңғарамыз. Ақынның өлеңдерінен оның өмірін, ойлары мен көңіл-күйін, қуанышы мен қайғысын, тұтасымен Кеңшілік бейнесін көреміз. Қасым мен Кеңшілік шығармашылығы жөнінде нақты айтқанда, олардың шығармашылығы – өмірлерінің поэзия тілімен өрнектелген бүкіл ғұмыры. Олардың бүкіл ақындық болмысы, тынысы жүрегінің әр демімен өлең болып сыртқа шығып отырады.

Қасым:

Гүрілдеп жалын атқан кеудем – көрік,
Сөз соғам құлашымды еркін керіп,
Суарып шынықтырам күйге малып,
Болсын деп әрі әдемі, әрі берік [6,158].

Кеңшілік:

Отқа да салам өзімді, суға да салам,
(Адам ба өзін суарып шындамаса Адам)
Өз жүрегіммен үрлеймін өз көрігімді,
В старшем возрасте уже сами могут проводить простые игры, с небольшой подгруппой, без помощи взрослого. Народные игры, считалки формируют у школьников первые чувства патриотизма: гордости за свою Родину, любовь к родному краю, уважение традиций. Народные игры укрепляют связь между поколениями, воспитывают любовь к родному краю, формируют интерес к изучению игр других национальностей.

В работе с учащимися я использую такие приемы как составление и выпуск семейных стенгазет, коллажей, сбор фотографий о своих родственниках, их участии в жизни страны, спорта. Например, «Спортивные выходные нашей семьи», «Активный отдых семьи летом и зимой» и прочее. Считаю, что семья – неисчерпаемый источник патриотического воспитания. Ведь чувство любви к Родине вырастает из любви к близким людям, к семье, где ребенок окружен заботой, вниманием, лаской. Постепенно чувство любви, уважения к родным будет расширяться, и переноситься на других людей. Использование данных подходов позволит формировать подлинно гражданственные и патриотические позиции у

школьников своей страны.

Таким образом, целенаправленная работа по патриотическому воспитанию средствами физической культуры и спорта, обеспечит формирование патриотических чувств у школьников и ведения здорового образа жизни.

Список литературы:

1. Э. Тлеулов. «Дене тәрбиесі ілімі мен әдістемесі». – Шымкент, 2003.
2. Е. Уақбаев. Қазақстанда дене тәрбиесі жүйесінің дамуы. – Алматы: Санат, 2000.
3. Журнал «Инструктор по физкультуре» № 2. – 2012; № 5, № 8. – 2015.
4. «Мектептегі дене шынықтыру» журналы, 2012.
5. Спутник руководителя физического воспитания дошкольного учреждения; Детство-Пресс – Москва, 2007. – 416 с.
6. Литвинова, Т.И., «Русские народные подвижные игры», М., 1986 г.

ҰЛЫТАУ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТОПТАРЫ

Жангабулова З.К. ф.ғ.к. доцент
Карагандинский университет Казпотребсоюза

Құндылығы өлшеусіз тарихи ескерткіштердің бірі – жер-су атаулары екені дау туғызбаса керек. Белгілі бір ұлт пен ұлыс, ру-тайпа мекендеген өңір сол халықтың өткен-кеткенінен сыр тарқатып жататын тарих куәгері іспетті. Тас бетіне таңбаланып түскен жазба ескерткіштердің біз үшін берері қандай болса, әрбір тау, жыра, сай, көл, бұлақ, құдық пен төбелерге қойылған атаулардың да мән-маңызы одан бір мысқал да төмен болмақ емес. Өйткені ол атау тегіннен тегін, кездейсоқ қойыла салмайды. Онда сол жердің не табиғи ерекшелігі, не өзгеше қасиет-бітімі, болмаса тарихи оқиғалар ізі жатады. Бір кездері ел еркесі, жұрт сыйлысы болған даңқты тұлғалардың есімдері табылады.

Ұлытау – тарих тұнбасы сияқты өңір. Тым көне, бізден алыс замандардың өзінде осы өңірді ел мекендеп, құтты қоныс еткен. Жер асты дүниесін барлап, одан кен өндіріп, өңдеп, оны тіршілік қажетіне жаратуды меңгерген бабаларымыздың адам таңқаларлық қарекетін Ұлытау өңіріне қатысты тілге тиек етеміз. Бір ғана Милықұдық пен Сорқұдық көне кен орындары мен тұрақтары, Талдысай таңғажайыптары – сөзімізге дәлел. Теректі әулиедегі тас бетіндегі таңбалар мен суреттер - әлі құпиясын ашқызбай келе жатқан құнды құжат.

Ұлытау өңірінде «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» оқиғасының белгісіндей болып қалған жер-су атаулары қаншама! Бұланты, Білеуті, Діңнің моласы, Қалмақырылған т.с.с. атаулары - айтқанымыздың бұлтартпас дәлелі. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, аранын ашқан аштық, кәмпеске сияқты оқиғалардың ізіне түсірер тарихи атаулардың өзі бір төбе. Еңбегімен ел қажетін ашуға ұмтылған дихан, ұста, диірменші, мұғалім болып осы өңірдің өткен тарихында өшпес таңбасын қалдырған даңқты тұлғалар есімдеріне байланысты қойылған жер-су атаулары еріксіз назарыңды аудартады.

Біз Ұлытау жер-су атауларына байланысты материалдарды жинақтап, оларды мағыналық тұрғыдан төмендегіше топтастырдық:

1. Топонимдердің басым көпшілігі жер бедерін, сипатын көрсетеді. Мысалы: Ебелектіой, Егізқара, Талдысай, Терісбұтақ, Тереңжыра, Тобылғысай, Сарқұм, Кішкенебұлақ, Кішіқтау, Кішіқсай, Қазантау, Қияқты, Қырма, Сарықұрақ, Сарытау, Ұзынжар, Ұзынтөбе, Бақатас т.б.

2. Гидронимдік атаулар:

а) түске байланысты (су, жер, өсімдік): Байқоңыр, Бозауыз, Бозжар, Жиренбайсай, Жұманның қызыл үйі, Қөктал, Қөкжиде, Қарадөң т. б.

ә) көлемі, үлкендігі, формасына қарай қойылған атаулар: Көлденең үлкен бұлақ, Кішкентай тышқан, Кішітау, Ұзыншұңқыр, Ұзынтұмсық, Ұзынтөбе, Уақшақұм т.б.

б) судың тереңдігіне байланысты топонимдер: Үлкенжыланшық, Үлкен Жезді, Шилібұлақсай, т. б.

в) судың ащылығына байланысты атаулар: Ащыкөл, Ащыбұлақ, Тұздысай, Тұзөзек, Тұзкөң, Тұшықұдық т.б.

г) судың дәмі, ісіне байланысты топонимдер: Сасыққұдық, Сасықсай,

д) бағалау мәнді топонимдер: Тегістау, Суықтөбе, Сымтас, Табақбұлақ, Талдыбұлақсай, Тегістік, Тентексай, т.б.

ж) тұрған жер жағдайына байланысты топонимдер: Жалғызтам, Жалғызтөбе, Томарлы, Үңгіршат, Үңгірлі т.б.

3. Табиғат, өсімдік, хайуан атауларымен байланысты топонимдер:

а) хайуан, құс атауларымен байланысты: Айғыржал, Ақкиіксай, Бөріойнақ, Бұлансай, Бұқабайадыр, Зортүлкі, Жыланды ауылы т.б.

ә) өсімдік атауларынан қойылған топонимдер: Талдысай, Сексеуілді, Талдыбұлақсай, Жарылғасбидайық, Жусанды, Қарағандысай т.б.

4. Кісі есімдерінен қойылған топонимдер:

Бұл топқа бір кезде белгілі бір адамға тән, меншікті болған жер аттары жатады. Мысалы, Алдабергенсай, Байқарасай, Баймырза, Байсалқұм, Байтемірдің ақ шоқысы, бұлағы, Берденсай, Жайсамбай, Телеміссай, Телғозы, Рүстембай, Ұзақбай, Усабай т.б..

5. Кейбір топонимдер объектінің орналасқан жерін білдіреді: Аяқтал, Аяқтөбе, Жолтөбе, Басқамыр, Аяққамыр т. б.

6. Ұқсату, салыстыру, теңесумен байланысы топонимдер: Шалбарқұдық, Шалбарсай, Шеңбер, Бекбиік, Белдеу, Бесапан, Бүкір, Егізтөбе, Емшектау, Егізқара, Тегене т. б.

7. Жаңа заманға сай қойылған және орыс тілінен енген сөздерден жасалған топонимдер: Урожайный, Алғабас, Аманкелді, Пионер т.б.

Ұлытау өңіріндегі көне топонимдердің көпшілігі кісі аттарынан қойылған микротопонимдер боп келеді. Олардың екінші сыңарларында қолданыс тапқан лексикалық синонимдер сол замандағы ел адамдарының өмір белгісі іспетті. Мәселен, Текебай, Телғозы, Құрманбай, Қаркен, Кемел, Жәнібекжалы, Дүйсембай т.б.

Құрылыстарына қарай микротопонимдердің ішінде дара тұлғалылары да: Қаркен, Кемел, Оспан, Рахмет, Ижан, Игілік т.б. екі не үш құрамдылары да: Иманшеген, Иманбай, Киікбайтам, Мадиярбұлақ, Майдаттал т.б. бар. Бұл топонимдердің бірінші сыңарларында, көбінесе, кісі есімі немесе анықтауыш сөздер тұрса, екінші сыңарларында апеллативтер басым келеді, кейде екінші сыңарда етістік тұлғалы сөздер мен формалар кеңінен қолданыс табады.

Біз зерттеу ретінде алып отырған Ұлытау ауданындағы ертеден келе жатқан 300 микротопонимдердің ішінде 150-дейі кісі аттарынан және олардың дені ер адамдар аттарынан қойылған. Мұның өзі сол кезде қоғам өмірінде, үй тіршілігінде еркектердің басты роль атқарғанын аңғартады. Бұлардың басым көпшілігі, яғни 200-дей атау екі не одан да көп құрамды да, бір құрамдылары 100-дейі ғана атау үлесіне тиген. Бұл шағын дәлелдің өзі-ақ географиялық атаулардың топонимдерді зерттеудегі басты да негізгі салалардың бірі екенін көрсетеді.

Көп құрамды топонимдердің жасалу заңдылықтарын білу - олардың жер сипаты мен шығу төркінін анықтауда көп септігін тигізеді, өйткені жаңа атаулардың шығуы «белгілі бір топонимдік реттердің, морфологиялық және семантикалық типтердің, сөз жасау тәсілдерінің пайда болуымен байланысты» болатыны белгілі.

Ұлытау топонимдеріне талдау жасау барысында олардың көпшілігінің жалпы есім сөздер мен географиялық терминдердің тіркесуі арқылы жасалатынын байқадық. Ол сөздер мен терминдердің. өн бойында қазақ халқының ертедегі көшпенді өмір тіршілігі мен мал кәсібінің көрінісі айқын сақталған. Сондықтан да Ғ.Қ.Қоңқашбаев оларды «Қазақтың халықтық география терминдері», - деп орынды атаса» [1. 65 б.], Б.А.Серебренников «индикатор- терминдер» деген [2, 89 б.]. Бұл аталған географиялық терминдер Қазақстанның басқа өлкесіндегідей Ұлытау топонимдері құрамында да жиі кездеседі. Өзінің құрылысы жағынан Ұлытау топонимдері - «анықтауыш пен анықталушы» құрамды тіркестерден, кейде екі, үш не төрт сөзден жасалған тіркестерден тұрады. Олар алуан түрлі тәсілдер арқылы жасалған.

1. Бірінші сыңары анықтауыш, екінші сыңары анықталушы сөз боп келетін екі зат есімнің тіркесуі арқылы жасалған топонимдер: Сарысу, Қаракеңгір, Кеңтабан, Кеңсай, Тұщыкөл, Кеңжыра, Жиделіөзен т. б.

2. Көптеген топонимдер адам аттарынан қойылып екі сыңары да зат есім сөздерден жасалған: Дүйсембай, Жақайбай, Жолтөбе, Жыланбұлақ, Қөжебай, Лақбайсай т. б.

Мұндай топонимдердің саны тым мол. Т.Жанұзақов кісі аттарының географиялық атауларға, географиялық атаулардың кісі аттарына ауысуын айта келіп, сондай-ақ, ру аттарының кісі аттарына, ал кісі аттарының ру аттарына, соңғысының топонимдерге ауысып қойыла беретінін белгілі бір тарихи лингвистикалық заңдылықпен байланыстырады [3. 115 б.].

3. Көптеген топонимдер анықтауыш тұлғада сын есімдердің қатысуы арқылы жасалған: Жылысай, Жүндікұдық, Кеңтабан, Қарақойын, Сарытоған, Кішкенекөл, Сасыққұдық т.б.

4. Сан есім мен географиялық терминдердің тіркесуі арқылы жасалған атаулар: Жетіқыз, Қырыққыз, Қырыққұдық, Егізтөбе, Егізқара, Тоғызбай, Қырыққамыс, Бесшеген, Бестақыр, Қоскөл, Ащыкөл т. б.

5. Географиялық терминдер мен етістіктер тіркесі арқылы жасалған топонимдер өз алдына бір топ. А.Әбдірахманов мұндай топонимдік типтерді лексико-семантикалық тұрғыдан топтайды да, ілік септігі мен тәуелдік жалғауының қосымшалары арқылы жасалған топонимдерді ерекше атап етеді [4. 75 б.]. Бұндай топонимдердің жасалуы белгілі бір жағдаймен байланысты. Мәселен, ол жерлерде кезінде белгілі бір адам мекендеген де, кейіннен ол жер сол адамның атымен аталып кеткен. Мысалы, Сандыбайдың шоқысы, Сарманның құдығы, Қожакелдінің үш бұлағы, Кененбайдың тоғаны, Әбдінің алакөлі, Аянның бұлағы т.б.

Ұлытау аймағының көне топонимдері құрамында да зат есім мен етістіктен жасалған біріккен тұлғалы атаулар көп ұшырайды. Мәселен, Қалмаққырылған, Терісаққан, Тамқайнар т. б.

Бұл өңірдегі топонимдер құрамында да географиялық апеллиативтер мен терминдер жиі қолданыс тапқан. Әсіресе, басым қолданылатындар: көл, сор, су, өзен, сай, ағаш, ауыл, тоғай, төбе, жар т. б. Қазіргі топонимдермен салыстырғанда, Ұлытау өңірінің көне топонимдері құрамында, әсіресе, көл, құдық, сай сияқты апеллиативтер арқылы жасалған топонимдер жиі ұшырасады. Оның куәсі ретінде айтар дәлеліміз - 300 топонимнің ішінде 61 топоним көл сөзі, 18 топоним құдық сөзі, 25 топоним сай сөздерінің тіркесуі арқылы жасалған. Бұл дәлелдерге қарағанда, географиялық терминдер мен апеллиативтер қазақ, жалпы түркі тілдеріндегі топонимдерді жасалуында негізгі арқау бола отырып, объектінің түрлері жайында толық мағлұмат береді.

Ұлытау ауданы тұрған жердің тарихы сонау көне замандардан бастау алады. Табиғи климаттық жағдайы және қазба байлықтарының молдығы ертеден көшпелі және жартылай көшпелі тайпалардың осы өңірді мекен етуіне алғышарттар жасаған. Қазіргі Жезқазған қаласының Арқа төсіндегі ірі өндіріс ошақтарының бірі ретінде қалыптасуы мен тарихтың сан ғасырлы белестерінен өтіп қала мәртебесіне ие болуы ата-бабаларымыздың осы жерді өз мекеніне айналдырып, кен өндіріп, оны өз пайдасына жаратқан кезеңінен басталады. Қала маңындағы ежелгі тас дәуірінің ескерткіштері әлі зерттелмеген. Өңірдегі ең ежелгі ескерткіштердің көрнектісі - қола дәуіріне жатады. Кеңгір, Қара Кеңгір, Сары Кеңгір, Жыланды сияқты өзендердің бойында ежелден-ақ тайпалар қоныс тепкен.

Ұлытау төңірегіндегі тас дәуірінің ескерткіштерін қола мәдениетінің ескерткіштері байыта түседі.

Өңір тарихының келесі бір дәуірі қазақ даласындағы алғашқы көшпелілер мемлекетінің пайда болуымен байланысты. Б.з.д. VIII-III ғ.ғ. аралығында өмір сүрген сак тайпалық бірлестігінің қалдырған Тасмола мәдениетінің іздері осы өңірде де сақталған. Ол “Мұртты оба” төрінде кездеседі [5. 27 б.]. Бүгінгі Ұлытау ауданы тұрған жердің тарихы сонау көне замандардан бастау алады.

Ұлытаудың кейбір жер-су атауларына қысқаша талдаулар жасап өтсек, олардың қойылуынан өзіндік ерекшеліктерді байқауға болады. Әр есімнің қойылуында өзгеше бір сыр, себеп бар. Мысалы, Байгелді - жыра, Шағырлы Жыланшық өзенінің оңтүстігінде. Ұлытау ауданы. Кісі есімінен қойылған. Ал Ағайша кеткен қара су – Ағайша есімді келіншек батып кеткен қара суға қойылған атау. Әрине, кездейсоқтық бар. Дегенмен, бұл қарасудың аты ел есінде осылайша сақталып қалған. Ағыбай өткелі - өткел атауы. Терісаққанның солтүстік жағы, Қостанай облысымен шектесетін тұс. Кенесары батырларының бірі Жанайдардың ұрпағы, зейнеткер, жылқышы болып еңбек еткен Қайырбек ақсақалдың айтуымен жазылып алынған бір әңгіменің мазмұны мынадай:

Кенесары, Ағыбай батыр бастаған қалың қол Терісаққан өзенінің жел бетімен кезекті жорыққа бара жатады. Өзен тасып жатқан көктем мезгілі. Ағынды өзеннің жағасында ошарылып қалған топтың ішінен Ағыбай батыр суырылып шығып, арғымақ атын суға салып, келесі бетке өте шығады. Соңынан қалың қол ілеседі. Батырлығы өз алдына, өткелді тұсты тапқан батыр ерлігіне сүйсінген жұрт бұл өткелді «Ағыбай өткелі» атап кеткен. Ажырық - сай, Шұңқыр қыстауының оңтүстік – шығысында. Бұл атауды Е.Қойшыбаев былайша талдайды: «көне түрік адыр (аджыр> ажыр>ажырық>ажырғық) тұлғасынан. Қазіргі қазақ тіліндегі айы, аша, айрық тұлғаларымен байланысты [6. 10 б.].

Біздің пікірімізше, біріншіден бұл атау шөп атынан қойылған, өйткені сол аталмыш сайда ажырық атты шөп көп болғанын аңғартады. Ажырық «тамыры өте тереңге кететін, аласа өсетін, қияқ тәрізді қатты шөп» [7. 15 б.]. Айбас дарасы - жер атауы. Сарлық ауылының оңтүстік-шығысына қарай 20 шақырымдай қашықтықта Айбас дарасы деген жер бар. Айбас дарасы - Бегазы-Дәндібай мәдениетіне жататын қорғандар табылған тарихи орын. Айбас - кісі есімі. Алғабас – елді мекен атауы. Ұлытау ауданы орталығынан солтүстік – шығысқа қарай 90 км жерде. Сарыкөңгір өзенінің бойы. 1939 жылы Алғабас аталып, кеңшар орталығы болған. Байырғы атауы- Кумола. Ел аузындағы әңгімеде Үйсін елінің атақта байының баласы хабар – ошарсыз жоғалып кетеді. Қайғылы оқиғаға байланысты бұл төбені қайырсыз төбе санап, қу молаға теңеген екен. Кумола жері шүйгінді, бес бұлағы бар, суы тұщы, ел тірлігіне қолайлы жер. Кумоладан оңтүстікке қарай 6 км жерде Ақбас әулие мазары бар. Алғабас елді мекені шығысында Шұбаркөл кентімен, солтүстігінде Қорғалжын ауданымен, батысында Урожайный елді мекенімен, оңтүстігі Қаракөңгір, (Бозтұмсық) оңтүстік – шығысы Сарыкөңгір (Малшыбай) елді мекендерімен шектеседі. Тарихи өңір. Әли – қыстақ атауы. Қайдауыл өзенінің Дәнсары деп аталатын суармалы шабындығына құятын сағасына орналасқан. Бұл қыстақта атақты қызыл комиссар Әліби Жанкелдин туып, жастық шағын осы қыстақта өткізген. Әліби Дулығалы мешітінде медреседе ескіше оқып, сауатын ашқан. Кейін Орынбор, Петербург қалаларында орысша оқыған. Қазақ байларын кәмпескелегенде Атыраудан Сарыарқаға жіберілген азық-түлік, киім-кешек тиелген «қызыл керуенді» басқарған. 1933 жылы Ақтоғай, Балқаш өңірінің байларынан алынған көп жылқыны Қарғалы өзені бойын жайлаған елге жіберген. Халық оны мініске, ішіп-жемге пайдаланған. Бұл аштық жайлаған халықтың жаппай қырылудан аман қалуына да септігін тигізеді. Әлімбаи - қыстау, Шағырлы Жыланшық өзенінің солтүстігінде. Кісі есімінен қойылған қыстау аты. Әулиетау - Ұлытау селосының батыс жағындағы таулардың орта тұсында бөлек тұрған биік тау. Тау басында тас бейіт бар. Мұнда «Ақмешіт әулие жерленген» дегенді аңыз етіп айтады. Тау солай аталса керек. Баймырза - елді мекен. Сарлық ауылынан оңтүстік – батысқа қарай 25 шақырымдай жерде Баймырза қыстағы бар. Баймырза – кісі есімі. Байсақалқұм - құмды жер. Байсақал есімді ауқатты кісі иемденген құмды жер. Бақсай – жыра, Жыланды өзенінің оңтүстік-батысында. Топонимнің бірінші сыңарындағы бақ монғол тіліндегі баға сөзіне ықшамдалып, қысқарған түрі болуы мүмкін, яғни Бақсай «кішкене сай», «тар сай». Балыққарасу - өзен. Балық (зат есім) + қара (сын есім) + су (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған гидронимдық атау. Негізінде «балығы көп, балықты қара өзен» мағынады қойылғаны байқалады. Басқауға - жер. Бас (зат есім) + қауға (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Яғни, «басқы, негізгі қауға» мәніндегі атау. Дөңгелектау - тау, биіктігі 210 м. Дөңгелек (сын есім) + тау (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Мағынасы: «алқақотан дөңгелене пайда болған тау». Дыңқара – тау. Атаудың бірінші сыңарындағы дың/дің (сын есім) «биік, үстірт, дөң» + қара (сын есім) топонимдік термин ретінде «зор, үлкен, дәу», яғни «үлкен, дәу, биік» деген мәндегі атау. Ебелектіой – сай, Сандықтаудың бір сайы. Атау ебелек (зат есім) «биіктігі 10-30» см-дей, сабақты өсімдік, шөп» + «ті (сын есім тудыратын жұрнақ)+ ой (зат есім) «ойпанның шұңқырлау жері», яғни Ебелектіой – «ебелегі қалың, көп өскен ойлы жер, сай» [8. 26 б.]. Егінді – село. Егінді (зат есім) + ді (сын есім қосымшасы) тұлғаларынан жасалған атау. Тіліміздегі «егіс, егінжай» сөзінен гөрі көне түркі, монғ. тіліндегі эхин «бастау, өзеннің басы» сөзі мен эгин «жота,

төбе, биік жер» деген сөздерге бейім. Яғни атаудың әуел бастағы мағынасы: «ең басты, ең негізгі» болмаса «төбелі, жоталы, шоқалы» болса керек. Емшеқтау. Ұлытаудың селосының дәл өзінде. Таулар сілемін бастап жатыр. Таудың аты айтып тұрғандай сыртқы түрінің өзі қыз анары сияқты. Атау содан шықса керек. Ешкі өлмес – тау. Ел ауызындағы әңгіме бойынша осы өңірді мекен еткен адам жаз жайлап, қар түскесін Көкбұлақ деген қыстаққа көшеді екен. Осындай көш кезінде біраз ешкі тауда қалып қояды. Келер жылы жазда келсе, ешкілер лақтап, қарасы көбейген екен. Ешкі өлмейтін жер екен деп қуанған мал иесінің сөзі жұрт ауызында қалып, тау Ешкі өлмес атаныпты. Жазықсай – сай, Жазық (сын есім) + сай (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «жазық жердегі сай» немесе «түйетайлы болып келген сай». Жамбас - тау. Ойлап қарасақ, тау аты сыртқы тұрпатына байланысты қойылса керек. Төбесі биік, қарлы емес, жатаған, аласа жалпақ болып келген тауды білдіреді. Жауқашарсай - өзен. Жау (зат есім) қашар (есімше) және сай (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған, үш компонентті күрделі топоним. Ертеректе, жаукершілік заманда (жоңғар-қалмақ шапқыншылығы) жеңілген жаулардың қашып, жан сауғалаған сайы осылай аталып кетсе керек. Ономастикалық номинацияда бұндай атаулар «оқиғалық» деп аталады екен [9. 16 б.].

Байқап отырсақ, Ұлытау жер-су атауларының ішінде кездейсоқ қойылған атаулар да, белгілі бір оқиғаға байланысты арнайы қойылған атаулар да, тарихи жағдайларға байланысты қойылған атаулар да кездеседі екен.

Жалпы, Ұлытау өңірі – тарих тұнбасы сияқты өңір. Тым көне, бізден алыс замандардың өзінде осы өңірді ел мекендеп, құтты қоныс еткен. Жер асты дүниесін барлап, одан кен өндіріп, өндеп, оны тіршілік қажетіне жаратуды меңгерген бабаларымыздың адам таңқаларлық қарекетін Ұлытау өңіріне қатысты тілге тиек етуге болады. Оған бір ғана Милықұдық пен Сорқұдық көне кен орындары мен тұрақтарын, Талдысай таңғажайыптарын – сөзімізге дәлел етуге болады. Сондай-ақ, Теректі әулиедегі тас бетіндегі таңбалар мен суреттер - әлі құпиясын ашқызбай келе жатқан құнды құжат.

Сонымен, белгілі бір ұлт пен ұлыс, ру-тайпа мекендеген Ұлытау өңірі сол халықтың өткен-кеткенінен сыр тарқатып жататын тарих куәгері іспетті. Тас бетіне таңбаланып түскен жазба ескерткіштердің біз үшін берері қандай болса, әрбір тау, жыра, сай, көл, бұлақ, құдық пен төбелерге қойылған атаулардың да мән-маңызы одан бір мысқал да төмен болмақ емес. Өйткені ол атау тегіннен тегін, кездейсоқ қойыла салмайды. Онда сол жердің не табиғи ерекшелігі, не өзгеше қасиет-бітімі, болмаса тарихи оқиғалар ізі жатады. Бір кездері ел еркесі, жұрт сыйлысы болған даңқты тұлғалардың есімдері табылды. Осы атауларды ғылыми тұрғыда зерттеу барысында сол өңірдің бізге белгілі-белгісіз тарихының сарғайған, таңбалары көмескілене бастаған парақтарын ашқандай болдық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қоңқашбаев Ғ.Қ. Казахские народные географические термины // Изв. АН КазССР. Сер. геогр. 1951. Вып. 3. С. 65.
2. Серебренников Б.А. О методах изучения топонимических названий // Вопросы языкознания. 1959. № 6. С. 89.
3. Жанұзақов Т.Ж. Лично-собственные имена в казахском языке. 1961. С.115
4. Әбдірахманов А. Қазақстанның жер-су аттары Алматы, 1959. 75 б.
5. Қашқари М. Түрік сөздігі. Алматы, 1997. 1 том. -27 б.
6. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы, 1985. -10 б..
7. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. I, II, III томдар. Алматы, 2001. -15 б.
8. Қазақстан Республикасының топонимдері. Алматы, 2001. -26 б.
9. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы, 1985. -27.

ОСВОЕНИЕ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ КАК ДУХОВНАЯ ОСНОВА ОБЩЕСТВЕННОГО СОГЛАСИЯ И ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОГО ЕДИНСТВА

Кошанова А.Т. студентка группы РД-21-2
Ердавлат А.М. Магистр, преподаватель
Карагандинский университет Казпотребсоюза

Не зная прошлого, нельзя познать будущее и сформировать единство народа. Почему я решила начать именно с этой фразы? А все потому, что на сегодняшний день в Казахстане стоит актуальный вопрос возвращения и сохранения культурного наследия, ведь это именно то, что имеет огромное значение для национального самосознания народа.

Великий мыслитель-поэт казахского народа Абай Кунанбаев говорил: «Лишь знанием жив человек, лишь знанием движется век! Не говори: «Не могу», стремись к познанию душой». Знание истории, этнографии, фольклора, лингвистики своей страны – это и есть ценность народа, которая создаёт культурное наследие.

Только представьте, сколько духовных знаний нам, народу, оставили наши предки! Какими усилиями на протяжении многих веков были созданы наша культура, традиции, устное народное творчество, в которых можно увидеть чувства и мысли всех поколений. Наш родной язык очень богат. Богат мудростью, знаниями, опытом.

Большую роль сыграли жырау, певцы, поэты, которые воспевали дух народа, идеи мира и согласия, нравы и обычаи, уважение к старшим, трудолюбие, толерантность, доброжелательность.

Слушая казахскую музыку, можно осознать способ мышления народа и его восприятие, всю красоту мира, гармонию.

Мавзолеи Казахстана, которые считаются святыми и наделёнными святыми силами, поистине восхищают своей архитектурой. Все постройки окутаны тайнами и легендами, и именно они хранят память о великих и знаменитых людях страны.



Рисунок 1 – Мавзолей Айша-Биби

Благодаря казахской духовной культуры, можно решить актуальные проблемы: формирование общественного согласия, общенационального единства, а также и использование духовного наследия для объединения представителей разных народов Казахстана.

Казахский народ всегда владел музыкальным искусством — это сравнимо с умением оседлать лошадь — это может сделать каждый кочевник. Со старых времён иноязычные

люди удивлялись тому, что большинство жителей казахской степи, независимо от того, были ли это дети, взрослый или же старый человек, могли сыграть мелодию на кобызе и домбре, сочинить и исполнить песню.

История появления сказок и развитие как жанра очень продолжительна. Первоначально сказки представлялись в виде легенд, мифов, звериных сказок. После чего, эти жанры и превратились в сказки.

Народные сказки хранят в себе многовековую мудрость народа, его мечты о лучшей жизни, понятия о трудолюбии и справедливости. В сказках прославляются добрые, умные, простые труженики, преданные своей родине, своему народу.

Мне кажется, было бы прекрасно проводить больше выездов в культурные и святые месте Казахстана, проводить различные мероприятия и программы, которые будут нацелены на духовное развитие населения.

Список литературы:

1. Абай. Слово назидания. Алма-Ата, 1995, [с. 69]

РУХАНИ КЕЛІСІМ – ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ

Көшербаева І.Ж. С-21-1к 1 курс магистранты
Тутинова Н.Е. аға оқытушы, PhD доктор
Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

Рухани келісім-бұл көп қырлы ұғым және әрқайсымыз үшін маңызды. Дәстүрлер, Этикалық кодекс, адамгершілік құндылықтар-бұл адамдарды біріктіретін, рухани байытатын, оларды толерантты, мейірімді ететін нәрсе. Мұның бәрі қазіргі қоғамда қажет. Рухани құндылықтардың арқасында біз дамып, қоғам дамып жатырмыз. Этносаралық және рухани келісім – бейбіт өмірдің, мемлекеттің табысты дамуының негізі. Тұрақтылық сезінген кезде адамдарда болашаққа деген сенім күшейеді, олар жоспар құрудан, армандарды жүзеге асырудан, ел мен қоғамның игілігі үшін жұмыс істеуден қорықпайды.

Тұрақтылық, бейбітшілік пен келісім – елдің сенімді болашағы. Біздің мақсатымыз-бар нәрсені сақтау және көбейту. Ұлттық және діни тиесілігіне қарамастан, адамдар бір-бірін шынайы құрметтейтін елде бейбітшілік, достық пен өркендеу болады. "Татулық-табылмас басыт" - қазақ халқында айтылады. Расында-солай. Достық – бұл үлкен бақыт, оны қорғау және құрметтеу керек. Адам өзінің барлық тілектеріне, ұмтылыстарына бейбітшілік пен келісімде өмір сүреді. Әлем болады-балалар өседі, ел дамиды, өмір жалғасады [1].

Қазақстан – нағыз орта еуропалық-азиялық ел. Бұл қабілетте ол Шығыс пен Батыстың тарихын, мәдениетін, дінін біріктіреді. Республиканың титулдық этносы-қазақтар, Қазақстан еліне өз атын берді. Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап мемлекеттік өзін-өзі бекітудің, егемендікті нығайтудың және болашақ дамудың сенімді векторын іздеудің күрделі жолынан өтті. Халыққа тән төзімділіктің, сондай-ақ ел басшылығының әділ саясатының арқасында Қазақстан әлеуметтік-саяси күйзелістер мен экономикалық катаклизмдерден құтылып, ХХІ ғасырда табысты серпіліс жасады. Қазақстандықтар қоғамда бейбітшілік пен келісімді сақтап, әлеуметтік-экономикалық, демократиялық қайта құруларды жүргізуде елеулі нәтижелерге қол жеткізді.

Республиканың жетістіктері туралы айта отырып, Қазақстанның серпінді дамуының басты тірегі ұлтаралық және конфессияаралық келісім екенін әрдайым есте ұстаған жөн. Бұл мемлекетке сенімді алға жылжуға мүмкіндік беретін біздің берік базамыз. Алайда, адамзат тарихы көрсетіп отырғандай, халықтар достығы, келісім, тұрақтылық бір рет және мәңгілікке сыйланған игіліктер емес. Қазақстанда тұратын барлық конфессиялар

өкілдерінің дауыстары қуатты бірыңғай әнұран шырқалуы үшін көп күш-жігер, әрі тұрақты әрі күнделікті күш-жігер қажет.

Жаһандану, этникалық плюрализм және конфессиялық әралуандық, саяси тұрақсыздық, әлеуметтік және рухани дағдарыс жағдайларында барлық азаматтарды біртұтас көпұлтты Қазақстанға біріктіруге бағдар алған идея қажет. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, ұлтаралық қатынастар проблемасы кез келген Полиэтникалық қоғам үшін бұрынғысынша өзекті мәселе болып қалуда. Әлеуметтік ғылымдарда этникалық және конфессиялық гетерогенді қоғам көп құрамды деп аталады. А. Лейбхарт көп құрамды қоғамды анықтай отырып, былай деп жазады «... олар саяси қарама - қайшылықтар тұтастай алғанда қоғамның әлеуметтік бөлімінің пікірлерімен, әсіресе қоғам ішіндегі ең маңызды шекаралармен сәйкес келетін жерде бар...» [2].

Қазақстан мемлекеті ҚР Конституциясын қоса алғанда, құқықтық база және Орталық, өңірлік және жергілікті билік деңгейінде жұмыс істейтін тиісті органдар мен институттар негізінде этносаралық қатынастар мен өзінің ұлттық саясатындағы процестерді реттейді. Ұлтаралық және конфессияаралық қатынастардың барлық мәселелері құқықтық тұрғыдан Қазақстан Республикасының Конституциясында анық жазылған. Ең бастысы, мемлекетте этникалық шығу тегі бойынша адам құқықтарына қысым жасайтын ережелер бар бірде-бір заң жоқ. Елде ешкімді де жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша кемсітуге болмайды. Бұл Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабының 2-тармағында нақты бекітілген.

Этносаралық қатынастарды реттеу және Қазақстандағы тұрақтылықты сақтау, конфессияаралық қарым-қатынас мәдениетін дамыту, этносаралық қақтығыстардың алдын алу бойынша мемлекеттік жүйе мен азаматтық қоғамның барлық буындарының күш-жігерін үйлестіру проблемаларын қоғамның өзінде кеңінен талқылаусыз қарау мүмкін емес.

Қазіргі заманғы Этносаралық процестерді қарастырудағы әдіснамалық тәсілдер Президент Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстан-2030", "XXI ғасыр табалдырығында", "Тәуелсіздіктің бес жылы", "Тарих толқынында" және т.б. еңбектерінде белгіленген, онда ол азаматтар мен бейбітшіліктің қазіргі үйлесімділігі мен ынтымақтастығын сақтаудың маңыздылығын үнемі атап көрсетеді. Ұлтаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы салиқалы әрі дана саясат елімізде бейбітшілік пен келісімді сақтаудың аса маңызды негізі болып табылатыны сөзсіз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев осы күрделі салада саяси шешімдер қабылдауда көрегенділік танытты.

Бүгінде мемлекеттік және әлемдік ауқымдағы барлық ортада және барлық деңгейде ресми тұлғалар Қазақстанның этносаралық және конфессияаралық проблемалары жоқ жер бетіндегі санаулы оазистердің бірі болып табылатынын мәлімдейді. Біз бұл құбылысты мақтан ете аламыз, өйткені Қазақстан Республикасында 130 этнос өкілдері тұрады. 2009 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша Қазақстан халқы 16 млн адамнан асты, оның ішінде 63,1 % - қазақтар, 23,1 % - орыстар, өзбектер - 2,8%, украиндар - 2,1 %, ұйғырлар - 1,4 %, татарлар - 1,3%, немістер - 1,1%, басқа этностар - 4,5%.16,7% - басқа этностар. Елімізде Қазақстан халқы Ассамблеясы тұлғасында конфессияаралық үнқатысудың ұлттық саясатын іске асырудың бірегей және тиімді тетігі құрылды. Мемлекет басшысының бастамасымен құрылған бұл орган ұлтаралық қатынастарды үйлестірудегі орталық буын болып табылады және саяси тұрақтылықты сақтауда, қоғамдық келісім мен бейбітшілікті нығайтуда маңызды рөл атқарады.

Біздің елімізде конфессияаралық сипаттағы мәселелерге де көп көңіл бөлінеді. Салауатты этносаралық ахуалды қалыптастыруға ықпал ететін маңызды фактор әртүрлі діндер мен конфессиялардың бейбіт қатар өмір сүруі және өзара іс-қимылы болып табылады. Қазіргі уақытта мұнда 40-тан астам конфессия мен деноминацияны білдіретін 3 мыңнан астам діни бірлестік жұмыс істейді. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы заңнамалық

актілерінің бірі 1992 жылғы қаңтарда қабылданған "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" ҚР Заңы болды. Мемлекет конфессиялардың өз функцияларын іске асыруы үшін тең және қолайлы жағдайлар жасайды, дінаралық диалогты белсенді ынталандырады.

Дін біздің республикамызда да, бүкіл әлемде де өте өзекті және талқыланатын тақырып. Сондықтан Қазақстан әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Дүниежүзілік съездерінің аса маңызды қоғамдық-саяси және діни іс-шарасы өтетін орынға айналды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың мұндай бастамасы әлемдік қоғамдастықта үлкен қызығушылық пен қолдау тудырды. Олардың өткізілуі елдегі діни ахуалдың бірегейлігін растайды. Халықаралық сарапшылардың пікірінше, жылдан жылға шиеленісіп келе жатқан Шығыс пен Батыс арасындағы проблемалық, кейде драмалық, сонымен бірге ашық диалогта Қазақстанның делдалдығы барған сайын өзекті бола түсуде. Осы форматтағы кездесулер халықаралық қақтығыстарды шешу, жаһандық қауіп-қатерлерге қарсы тұру, ксенофобия мен төзбеушілікті еңсеру үшін әлемдік діндердің рухани және адамгершілік әлеуетін пайдалануға назар аударуға тұрарлық әрекет болып табылады. Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан Президенті Назарбаевтың бұл идеясын барлық әлемдік рухани көшбасшылар, көптеген мемлекеттер мен үкіметтердің басшылары, сондай-ақ ықпалды саясаткерлер қолдады. Осылайша, Астанада әлемдік қоғамдастықтың тағдыры және діндердің бейбітшілікті сақтау мен нығайтудағы рөлі туралы баяғыда-ақ әңгіменің алғашқы бастаулары пайда болды [3]. Осы форумдарды өткізу рухани көшбасшылардың әлем халықтары арасындағы бейбітшілік пен келісім үшін сындарлы диалог жүргізуге қабілеттілігін көрсетті. Съездер бүкіл әлемге таралатын дінаралық текетірестің қауіптілігін еңсеруге Қазақстанның нақты үлесі болды.

Жалпы, елімізде полиэтникалық және поли-конфессиялық қоғамның бірлігін сақтау мен нығайтудың бай және бірегей тәжірибесі жинақталған. Сондықтан бүгінгі таңда бұл тәжірибені бұрынғы кеңестік 162 республикалар қабылдай бастайды, сонымен қатар демократиялық институттардың ғасырлық тәжірибесі бар мемлекеттерді мұқият зерттейді. Қазақстан халқының ұлттық бірлігі табысының кепілі патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік, тілектестік және бір-біріне құрмет болып табылады. Бұл құндылықтар мен идеалдар жасына, әлеуметтік мәртебесіне, діни мен ұлтына қарамастан, әр адамға жақын және түсінікті. Қазақтың ұлы ойшылы Абай Адамзаттың бастауы - махаббат пен әділеттілік екенін айтқан. Адам өзінің ұмтылысы мен күш-жігерін басқалар түсініп, бөліскен кезде ғана бақытты бола алады, - деген. Өйткені, жақсы көңіл шабыттандырады. Абай Құнанбаев "Достық достыққа шақырады" деп бекер айтпаған, сондықтан Абай өзара түсіністікке, бейбітшілік пен келісімге шақырды. Бұл Қазақстан халқының қазіргі жағдайдағы тағдырын анықтайтын негізгі тарихи факторлардың бірі.

Жаһандану, этникалық плюрализм және конфессиялық әралуандық, саяси тұрақсыздық, әлеуметтік және рухани дағдарыс жағдайларында барлық азаматтарды біртұтас көпұлтты Қазақстанға біріктіруге бағдар алған идея қажет. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, ұлтаралық қатынастар проблемасы кез келген Полиэтникалық қоғам үшін бұрынғысынша өзекті мәселе болып қалуда. Әлеуметтік ғылымдарда этникалық және конфессиялық гетерогенді қоғам көп құрамды деп аталады.

Жаһандану процесі қарқын алуда және адам өмірінің барлық салаларына: экономикаға, мәдениетке, саясатқа, әлеуметтік институттарға, демографияға, этносаралық және конфессияаралық қатынастарға әсер етеді. Бұдан былай жергілікті қақтығыстар болмайды. Планетаның кез-келген аймағында болып жатқанның бәрі Жер бетінде өмір сүретіндердің бәріне қатысты.

Өзара түсіністік туралы ілімінде Әл-Фараби мүлдем басқа рухани және зияткерлік әлемдер арасындағы интегралды коммуникативті диалогтың шексіз мүмкіндіктерін ашты. Ежелгі мұраның семантикалық философиялық кеңістігін игеру тәсілі ретінде өзара түсіністік қағидаты оған философияның диалогтық мәнін ашуға және оны еркін, тең құқылы рухани және зияткерлік тәжірибелер диалогы ретінде түсінуге мүмкіндік берді.

Әл-Фарабидің философиялық мұрасының призмасы арқылы өзара түсіністік философиясының ұлы мәні – коммуникативті.

Өзара түсіністік контекстіндегі философияның дамуы еуропалық және шығыс дәстүрлерімен дамыған барлық жақсылықтарды біріктіретін және қамтитын бағыттардың бірі, Шығыс пен Батыс өмірдің мәңгілік, мәңгілік мағынасын түсінуде кездесетін әлемдік философиялық ойдың қазынасына кіретін бағыттардың бірі деп санаймын.

Өзара түсіністіктің қалыптасып келе жатқан интегралдық философиясы қазіргі заманғы полиэтникалық қоғамның рухани келісімі мен әлеуметтік тұрақтылығының тұжырымдамалық-әдіснамалық және дүниетанымдық негізі болып табылады. Бұл процесте өзара әрекеттесетін мәдениеттердің өмірі мен дамуы үшін қажетті құндылықтармен өзара алмасу жүреді және осы негізде біртұтас рух, шынайы тең адам бауырластығы қалыптасады.

Осындай игі мақсатқа қол жеткізу үшін, әрине, диалогтың өзі де түсіністік пен келісімге әкелетін дәйекті кезеңдерден өтуі қажет. Біріншісі-диалог қатынастарына кіретін тараптардың өзара сенімі. Сенім, мүдделер мен өзара ашықтықтың шебер үйлесімі арқылы бір-бірін тану жүзеге асырылады, нәтижесінде өзара қызығушылық пен өзара құрмет пайда болады, өйткені кез-келген мәдениеттің өз құрамында қызығушылық пен құрмет тудыратын құндылықтар бар. Содан кейін диалог тығыз және өзара тиімді ынтымақтастыққа айналады.

Әл-Фараби басқа мәдениеттерге, діндер мен рухани практикаларға қатысты толеранттылық қағидатын ұстана отырып, өзара түсіністік философиясының негізін қалады. Ол антикалық философия мен Орта ғасыр философиясы, ислам, христиан және иудаизм арасындағы сындарлы диалогты жүзеге асырып, қазақстандық өзара түсіністік философиясының заманауи дискурсына кірді.

Әл-Фарабидің әлемдік еңбегі оның ежелгі мұраны, әсіресе Платон мен Аристотель классиктерінің философиялық көзқарастарын араб-мұсылман мәдениетіне енгізуімен ғана емес, олардың негізінде ислам мен ежелгі идеялардың синтезін жүзеге асыруымен де анықталады.

XXI ғасыр қарым-қатынас қазіргі әлемдік қоғамдастықтың диалогтық парадигмасы ретінде құрылуы тиіс екенін түсінуге айқындық енгізді. Жаһандану дәуірінде қарым-қатынастың антропологиялық контексті маңызды бола бастады, өйткені бүгінде адамзат тарихын құру қажет. Бұл дегеніміз басқа адам, оның көзқарасы, жеке философиясы, өзі болу құқығы танылған жағдайда ғана мүмкін болады. Сонда ғана қарым-қатынас шынайы болады, сондықтан біздің қарым-қатынасымызда өзара түсіністік мақсатына қол жеткізіледі.

Менің ойымша, тек жеке философия әмбебап келісімді жүзеге асыра алады, ол айырмашылықтарды сақтау, сонымен қатар көтермелеу және санкциялау арқылы жүзеге асырылады. Келісім айырмашылықтарды сақтауды және ілгерілетуді болжайды, сондықтан репрессия мен зорлық-зомбылыққа емес, ішкі өзара түсіністікке, жанды, ұлттық кейіпкерлер мен менталитеттерді тартуға негізделген. Мұндай тұжырымдағы келісім өзара түсіністік контекстіне енгізіледі.

Өзара түсіністік түсіндірудің ұтымды рәсімдерімен шектелмейді, бірақ эмоцияны, өрнекті, түйсігі мен өмірлік даналықты қосуды қамтиды. Жеке философия шығармашылық ізденісті, еркін ойлауды оятады, ал философия жеке мағынасы мен жеке сипатына ие болғандықтан, ол әлемге жеке тұлғаның оқиғасын және мәдениеттердің алуан түрлілігін әкеледі.

Шығыс пен батыс өркениеттері арасында берік және тең құқылы диалог орнатуды, олардың өзара іс – қимылы мен өзара байытуының теңдестірілген және үйлесімді түрін ескере отырып, өзара түсіністік философиясы-бұл жаңа мыңжылдықта халықтардың лайықты өмір сүруі мен қатар өмір сүруі үшін өткеннен бізге талап етілетін өткір проблемалар мен міндеттерді шешуге бағытталған шын мәнінде болашақтың философиясы деп айта аламыз.

Қазақстан – Нұрсұлтан Назарбаев құрған этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім үлгісі табысты іске асырылып жатқан қазіргі әлемдегі сирек елдердің бірі. Диалог, толеранттылық, өзара түсіністік пен келісім идеялары халық рухының, қазақтың дәстүрлі мәдениетінің, әл-Фарабидің философиялық мұрасының бастауында жатыр. Ол өз жұмысында мәдениеттер диалогы идеясын, ең алдымен ежелгі, түркі және мұсылман идеяларын жүзеге асырды.

Әл-Фарабидің идеялары мен өзара түсіністік философиясы қазіргі философия дискурсына және қазақстандық әлеуметтік-мәдени контекстке енгізілуде. Әл-Фарабидің көзқарасы бойынша өзара түсіністік деген не деген сұраққа жауап өзара түсіністік теориясының екі негізгі аспектісін талдау кезінде беріледі: онтологиялық және коммуникативті. Өзара түсіністік-бұл адамның әлемде болу тәсілі, ондағы руханилықты арттыру. Әл-Фарабидің мұрасы қазір ислам руханияты мен ислам мәдениеті тұрғысынан түсіндіріледі.

Әл-Фараби әлемдік философиялық кеңістікте алғашқылардың бірі болып түсіністік пен өзара түсіністіктің онтологиялық сипатын ашады. Сонымен қатар, онтология Құдай, әлем және адам туралы тұтас ілім ретінде әрекет етеді.

Өзара түсіністік мәселесінің екінші маңызды аспектісі – тіл философиясымен байланысты коммуникативті. Әлемдік дәуірдің жаңа құрылымы - бұл диалог, өзара түсіністік пен келісім, зорлық-зомбылықсыз жаһандық этика жүйесі.

Өзара түсіністік туралы ілімінде Әл-Фараби мүлдем басқа рухани және зияткерлік әлемдер арасындағы интегралды коммуникативті диалогтың шексіз мүмкіндіктерін ашты. Ежелгі мұраның семантикалық философиялық кеңістігін игеру тәсілі ретінде өзара түсіністік қағидаты оған философияның диалогтық мәнін ашуға және оны еркін, тең құқылы рухани және зияткерлік тәжірибелер диалогы ретінде түсінуге мүмкіндік берді. Әл-Фарабидің философиялық мұрасының призмасы арқылы өзара түсіністік философиясының ұлы мәні – коммуникативті.

Өзара түсіністік контекстіндегі философияның дамуы еуропалық және шығыс дәстүрлерімен дамыған барлық жақсылықтарды біріктіретін және қамтитын бағыттардың бірі, Шығыс пен Батыс өмірдің мәңгілік мағынасын түсінуде кездесетін әлемдік философиялық ойдың қазынасына кіретін бағыттардың бірі деп санаймын.

Рухани келісім – біздің ұлттымызға тән үлкенді сыйлау, отбасына құрмет, балаларға қамқорлық, қонақжайлылық, татулық, достық, ауызбіршілік тәрізді ізгі ортақ құндылықтар берік орнықты. Халқымыздың татулығы мен бірлігі – еліміздің өркендеп, алға басуына себеп болады. Осы байлығымызды қадірлей білу, оны жас ұрпақтың жүрегіне ұялату – еліміздің жарқын болашағының кепілі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://assembly.kz/ru/news/dukhovnoe-soglasie-stabilnost-v-kazakhstanskom-obshchestve/>
2. Лейбхарт А. Многосоставное общество и демократические режимы // Полис. - 1992.- № 2. - С.218
3. Валентина Мацак «Религия в Казахстане» // Интернет-газета “ZonaKZ”. <http://www.zonakz.net/articles/13614>
4. Труды аль-Фараби и философия взаимопонимания - Новости Казахстана - свежие, актуальные, последние новости обо всем (kazpravda.kz)

ТӘУЕЛСІЗДІК- ТҰҒЫРЫМ

Мусаева.М.М. студентка группы ТПП-20-2к
Шохинова А. М. Магистр ст. Преподаватель
Карагандинский университет Казпотребсоюза
282

Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз. Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Биыл еркін ел болғанымызға отыз жыл. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекетінің, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы ұмтылған бостандықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарихи тұрғыдан бағамдасақ, отыз жыл – аса көп уақыт емес. Десе де, жұртымыз аз уақыт ішінде әлемдік алпауыттармен терезесін теңестіріп, халықаралық қауымдастыққа қарышты қадамдарымен танылып үлгерді. Осы мерзім аралығында қазақ ұлты саяси және экономикалық даму бағытын дербес айқындай алатын қарымы мен қабілетін дәлелдей білді. Біз – бақытты ұрпақпыз... Себебі, ата-бабамыз көрген шапқыншылықты, табаны тілім-тілім болған босқыншылықты, бір түйір дөңге зәру болған аштықты, талай боздақтың жанын, жақынын алған сұм соғысты мына біздер, жас ұрпақ көргеніміз жоқ. Бейбіт өмірмен қатар, аталарым армандаған, өз қолы жетпесе де келер ұрпағы үшін күрескен, қазып қалсаң асты қазынаға толы кең байтақ жерді, бай тілді, тәрбиеге тұнып тұрған салт-дәстүрді, ең бастысы тәуелсіздіктің тәтті дәмін татып жатқан жарқын ұрпақпыз.

Тәуелсіздік ата-бабаларымыздың сан ғасыр армандаған, жете алмаған арманы. Елін жерін жаудан қорғап, қасиетті дархан даланы азат етуді міндет еткен. Ел басына күн туғанда даналығымен, батырлығымен, парасаттылығымен ел мұңын, халық сырын, тарих үнін түсіне білген, халықтың басын қосқан, халық мүддесі жолында, табандылығында, тапқырлығын да таныта білген хан Абылай. Қазақ халқының күшін тасытты, мәртебесін көтерді, Қазақ елін аса іргелі елге айналдырды. Батырларын, елін сүйген ерлерін, ақын-жырау өнерпаздарын достық – бірлікте ұстап, оларды жүзге бөліп жармады. Жауын торғайдай тоздырып, тарыдай шашып, ірімшіктей іріткен, қоқаңдап қоңқылдаған Қоқанмен де, қалың қара Қытаймен де, ормандай орыспен де тіл табысқан бабамыздың даналығының арқасында, осы біз өмір сүріп отырған аяулы Отан- Қазақстан жері сол бабалардың сақтап қалған, бізге қалдырған асыл мұрасы екені сөзсіз.

Осылардан туындайтын және басқа да ірілі-ұсақты шаралар болды. Тоталитарлық тәртіп жүзеге асырған халыққа жат саясат аса зор, қасіретті зардаптар әкелді. Жаппай отаршылдықтың салдарынан Қазақ халқының жартысына жуығы қырылды; өзінің атамекенінен басқа елдерге ауа көшті, тіл мен діл, дін мен ұлттық сезім, таным жойыла бастады.

Ахмет, Әлихан, Міржақып, Мағжан, Мұстафа, Смағұлдай бабаларымыз халықты алаш туы астында ел болуға, мемлекет құруға шақырды.

Сұлтанмахмұттың «Өлер жерден кеттік біз, бұл заманға жеттік біз»-деп жапанға жар салатын кезінде ұлт зиялылары не істеу керек, қайтеміз, қалай ел боламыз?- деп ойын он саққа, қиялын қырық саққа жүгіртіп еді. Сонда Әлихан Бөкейхан «Автономия, бізге керегі – автономия!» деп қайта-қайта шырылдап, телеграмма салумен болды. Сондағы ойы «мемлекет құрып алайық, мемлекетіміз болса, қалғанының бәрі болады» деген асыл арманы еді. Қазақ автономиясын жариялағанда алаштың арыстары «Міне, ел болдық, еркіндік өз қолымызға тиді» деп бөркін аспанға атты...

1991 жылдың 16 желтоқсанында ел тәуелсіздігі жарияланды. Тәуелсіздігімізді Түркия бастап, әлемнің 100-ден астам мемлекеті мойындады. Түркияның мойындауынан кейін 1991 жылдың аяғына дейін АҚШ, Қытай, Ұлыбритания, Иран сияқты, жалпы саны 19 мемлекет Қазақстанды дербес ел ретінде мойындап, бізбен дипломатиялық қатынастар орната бастады. Тағы да бір жыл өткенше тәуелсіздігімізді таныған мемлекеттердің саны 108-ге жетіп, солардың 70-імен дипломатиялық қарым-қатынас орнатылса, 21-і Қазақстанда елшіліктерін ашып үлгерді. Сондай-ақ, аталмыш кезеңде елімізге 20 шетелдік мемлекет және үкімет басшылардың ресми және жұмыс бабындағы сапарлары өтті.

Тәуелсіздікке қол жеткізуде, елімізді нарықтық қатынастың ауыр қыспағынан алып шығып, 140-тан астам ұлттар мен ұлыстардың басын біріктіріп, елімізде татулық пен бірліктің берік іргесін қалауда Елбасының еңбегі ұшан-теңіз.

Қазір елімізді бүкіл әлем таниды. Президентіміздің дана саясатының арқасында елімізде үдемелі индустриялық-инновациялық бағдарламалар жүзеге асуда. Бұл бағдарламалар бойынша мемлекетіміз өндірісті өркендете отырып, шикізаттық дамудың шылауынан шығып, өндірісі дамыған өркениетті елдердің қатарына қосылатын болды.

1992 жылы 2 наурызда, тәуелсіздігімізге қол жеткеніне екі жарым ай толғанда Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының толыққанды мүшесі болды.

Азат елдің іргесін бекітіп, саясат пен экономика тұрғысынан ілгері қадам басқан еліміз сонау тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан-ақ сыртта жүрген қандастарымызды іздеп, олармен тонның ішкі бауындай байланыс жасап келе жатқанына біршама уақыт болды.

1991жыл Кеңес одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан өзінің Елтаңбасын, Туын, әнұранын заңмен бекітті. Саяси егемендігін алған ел экономикалық тәуелсіздікке де ие болуы қажет. Осы орайда барлық мемлекет бұрынғы Кеңес одағының рубльдік аймағынан шығып, өзінің ұлттық валютасын шығарды.

1992 жылдың қыркүйегінде, Қазақстан Президентінің бастамасымен, ұлт тарихының сындарлы тұсында мемлекеттік шекарамен алшақталып, саяси жүйемен бір-бірінен қол үзіп қалған қазақ халқының өткенін екшеп, келешегін анықтауға, ел тұтастығына шақыруға бағытталған міндеттерді мақсат еткен Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайы Алматыда болды. Құрылтайда “Көшіп келу туралы” Заң негізінде қандастарымыздың елге оралуына мүмкіндік жасалғаны айтылды.

1992 жылғы 7-мамырда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылды. 1993 жылдың сәуір айында тарихта тұңғыш рет Қазақстанның Теңіз күштерін құру істері басталды

1993 жылы 13-қаңтарда “Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы” Заңы қабылданды. Қазақстан Республикасының территориясы қазіргі шекараларында біртұтас, бөлінбейтін және қол сұғуға болмайтын территория болып табылады.

1997 жылы 11 шілдеде Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңы қабылданды. Елбасы ана тіліміздің дамуына ерекше көңіл бөліп келеді.

1998 жылдың 20 қаңтарында елімізде ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 22 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдерінің күні болып жарияланды. Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет.

Қазақстан «EXPO – 2017» көрмесін өткізу құрметіне ие болып отыр. Бұның өзі Отанымыздың халықаралық қоғамдастықтағы беделін арттырып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайының одан әрі арта түсуіне жағдай жасамақ.

Тәуелсіздік жылдары еліміздің экономикасы қарқынды дамыды. Қазір Ұлттық қорымыздың активі 80 млрд долларды құрайды, ішкі жалпы өнім 1993 жылы жан басына шаққанда, 700 долларды құраса, ал бүгінде ол 11 мың доллардан асты. Біз табыс деңгейі орташадан жоғары елдер тобына ендік. Елбасының жылма-жылғы халыққа дәстүрлі Жолдаулары ел экономикасының өркендеп, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсара түсуіне оңды әсер етуде.

«Бүгінгі күні Қазақстан экономикалық және әлеуметтік салалардағы жетістіктері бойынша әлемнің көптеген елдеріне үлгі бола алады. Бұл Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ерен еңбегі. «Қазақстан – 2050 Стратегиясында Елбасы қазақстандықтар алдында тұрған нақты мақсаттар мен оған жетудің нақты тетіктері мен механизмдерін айқындап берді. Жалпы Мемлекет басшысы қойған негізгі мақсат – 2050 жылға дейін Қазақстан әлемдегі 30 дамыған мемлекеттің қатарына қосылуы керек. Бұл әрине өте үлкен мақсат.

“Қазақстан – 2050” стратегиялық даму жоспарын жүзеге асыру кезеңіне аяқ бастық. Бұл стратегияның негізгі алға қойған мақсаты – 37 жылдың ішінде, мүмкін одан да бұрын әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің арасына ену”, – деді Мемлекет басшысы. Осы орайда ол бұл тек қана ішкі өніммен бағаланбайтындығын, онда адамның өсуі, әлеуметтік жағдай, білім беру, денсаулық сақтау бағыттарындағы өркендеп өсу мәселелерін ескеру керектігін қадап айтты.

Жаңа саяси бағыт қазақстандықтар өмірінің барлық саласын қамтиды. Мәселен, экономика, әлеуметтік, ішкі саясат және демократияның дамуы. Сарапшылар Қазақстанның алға қойған мақсатына жететіндігіне еш күмән келтірмейді.

Енді бүгінгі күні анық айта аламыз, 2030-ға жоспарлаған мақсаттарды 2012 жылы орындап тастадық. Барлық салада – экономикалық, саясат, қауіпсіздік пен мемлекеттік басқаруда үлкен жетістіктер бар. Сондықтан 2050-ге алдымызға қойған мақсаттарға жететінімізге ешбір күмән болмауы керек. Кейбір мақсаттарға тіпті уақытынан бұрын да жетуіміз мүмкін. Мұның бәріне негізгі кепіл, негізгі фактор – Елбасы тұлғасы.

«Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, көпұлтты және көпконфессиялы қоғамның табысының негізін жаңа қазақстандық патриотизм қамтамасыз етеді. Бұл шын мәнінде болашақ ұрпақ үшін бағыт-бағдар. Тағы да Президенттің даналығына, көрегендігіне, стратегиялық ойлау қабілетіне тәнті болып отырмыз. Қазақстандықтар болашағына нық сеніммен қарай алады».

Тәуелсіздік - азаттықтың алтын діңгегі, ұлттық өрлеудің ұлы күші. Тәуелсіз елдің қызы - өжет, ұлы - қайратты, халқы - қаһарман. Қараның да, ханның да рухани өзегі тәуелсіздік. Ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі – тәуелсіздік! Халқының тәуелсіздігі үшін Жәнібек пен Керейден бастап Кеңесарыға дейінгі қазақ хандары қарап жатпады. Барылығы да елдің тәуелсіздігі мен халқының тыныштығы үшін қажымай талмай күресті. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы, шын мәнінде, қазақ халқының тәуелсіздігі үшін ең соңғы күресі еді. Тәуелсіздік қажырлы күреспен келді. Бостандықтың 30 жылында жүз жылдарға татитын қадамдар жасалуда. Тәуелсіздіктің арқасында елдігімізге құт қонып, ырыс үйіріліп, ортаға үлкен сыбаға түсіп тұр.

Қазақстан ертең күн шыға қауызы ашылып, сосын жан-жағына әдемілік, сұлулық сыйлайтын исі жұпар гүлдердей жайнап, құлпырып кетеріне осы елдің азаматы ретінде мен кәміл сенемін.

Ендігі ұрпақтың мақсаты мол біліммен қаруланып, кең-байтақ жерімізді теріс пиғылды басқыншылардан қорғау. Талай жерде құрсақта жатып, құрбан болып кете жаздаған тәуелсіздігімізді пәле жаладан аман сақтайық, ғұмры ұзақ болғай. Ынтымағымыз жарасқан, біріліктегі ел бола берейік. Бұл мен сияқты мыңдаған қазақ халқының тілегі. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай.

Ел алдындағы, өркениет алдындағы аса жауапты міндетті Елбасы абыроймен орындады. “Сүйер ұлың болса, сенде сүй” деп Абай атамыз айтқандай, Нұрсұлтан Назарбаев қолпаштауға да, қолдауға да, қошеметтеуге де тұратын; қалай мақтаса да сыятын лайықты тұлға. Демек осы елбасы ұстанған саясаттың арқасында егемен еліміз еңселі болсын десек біз өскелең жас ұрпақ болашағымыздың дамуына үлес қосып Тәуелсіздігіміздің тұғырын мықты ұстайық. Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан басқа ұлт өкілдеріне де молынан жетеді. Не істесек те ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұшпа сезімге ерік бермейік дегім келеді. Әсіресе, жастар, салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашан да достыққа адал болса, бауырмал, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе деп тілейік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қозыбаев М. Тәуелсіздік даңғылы №4 // 2001 ж. журнал Ақиқат.
2. Назарбаев Н. Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуы. // Дәуір баспасы, 1992 ж. Алматы. 56 бет.
3. Назарбаев Н. Ә. Ғасырлар тоғысында. // Алматы. Атамұра баспасы, 2003 ж. 256 б.
4. Халмұрадов Р. Бір күн жанжал болған үйден қырық күн береке кетеді // Егемен Қазақстан, 13 сәуір 2012 ж.

СІЛКУ АРҚЫЛЫ ҮН ШЫҒАРАТЫН АСАТАҚТЫҢ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ЖАСАЛУ ӘДІСТЕРІ

Оспанов Б.Е. Абай атындағы Қазақ ҰПУ
профессоры, өнертану доценті, п.ғ.к. ҚР
суретшілер одағының және дизайнерлер
одағының мүшесі.

Мырзаханов М.С. Шәкәрім атындағы Семей
университетінің профессоры, п.ғ.к.,
Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ ҰБА академигі,
ҚР суретшілер және дизайнерлер одағының
мүшесі.

Ахметов Б.Б. І.Жансүгіров атындағы ЖУ, аға
оқытушысы, Шығармашылық білім беру
бағдарламалары, ҚР суретшілер одағының және
дизайнерлер одағының мүшесі.

Қол асатаяқтың екі жақ жиегіне темірден қалпақшалар жасалып дыбыс шығару қызметін атқарады. Кейбір қол асатаяқтардың іші қуысталып жасалады да ішіне дыбыс шығаратын домалақ темірлер бекітіліп беті шырша ағашымен жабылады. Асатаяқтың сырты неше түрлі шебердің талғамымен өрнектеледі. Ал кейбір қол асатаяқтың түрі ойылмай бүтін қатты ағаштан жасалып сыртына домалақ теңгешелер дыбыс шығару мақсатында бекітіледі. Асатаяқ, сылдырмақ секілді шулы-сылдырлы аспаптардың күлдіреуікті, шығыршықты деп аталатын түрлерімен ертеректе қобыз аспабын сүйемелдеп ойнайтын болған. Шулы сылдырлы көне аспап ерте заманнан бері абыздардың ой толғайтын аспабы ретінде белгілі. Оның кейбір үлгісін зікіршілер, емшілер, бақсылар ауруларға ем жасағанда өз сарындарын сүйемелдеу үшін қолданатын болған. Әдетте олар Асатаяқты қылқобыз бен даңғыраның үніне қосып қолданады. Асатаяқтар жасалу әдісіне байланысты, үн шығаруына қарай, "Күмбезді", "Қалақша", "Шашақты", "Сопақша" болып бөлінеді [1]. Ал бақсылар қолданатын асатаяқтың түрлері "Айбасты" немесе "Айшық асатаяқ", "Жылан басты" т.б. болып бөлінеді. Оларды сілкіп, қағып, шайқап, ырғататып ойнатады. Асатаяқты халық аңызында көріпкелдік, пилосов, емшілік өнері бар адамдар ұстаған деп айтады. Ол көңіліне көп сырды ұялатқан данышпан ойшылдардың өлең жырын жатқа білетін аса ділмәр айтқыш өнер иесі болумен қатар ұстамды адам бұйымы. Таяғы біржағынан өзіне сүйеніш құралы болумен қатар, таяқ басындағы сылдырлы дөңгелек темірлерді қозғау, сілку арқылы басқаның назарын ырғақ арқылы өзіне тартатын құрал етіп ұстаған. Демек Асатаяқты бойында қасиеті болмаған адам ұстай алмайды деп айтылады халық аңызында. Бұндай қабілетке ие адамды Дәуіріш деп атап келіпті. Шығыс Фолклорында бұл туралы мынадай өлең бар:

«Қолына Асатаяқ ұстағаны,
Өзінің білгірлігі күш қамалы.
Болғанды, болатынды айтып елге,
Болмапты әр сөзінің қысқа мәні!...
Кетпейді кесірлідей тасып шалқып,

Арлының адамшылық ойын айтып,
Жағымсыз жамандықтың сырын пашқып,
Білімін берген елге бәрін сарқып!...
Міне осындай өлеңдер,
Дәруіштер өмірінен туындаған» [2].

«"Асатаяқ" шу шығаратын музыкалық аспап болғандықтан бақсылар оны даңғыра, дауылпаздарға да қолданған. "Аса" деген сөз Өзбектерде - "Асоий", Ұйғырларда - "Ғасса" делінеді, ертедегі түріктердің "хасса" деген сөзінен шыққан, ол таяқ дегенді білдіреді екен. Тегінде, "Асатаяқ" мағынасы бірдей екі сөзден қосылған болу керек. Этнографтар асатаяқты суреттеп жазған кездерінде оны "посох", "жезл", "трость", "костыль", "колба", "оса", "муса-оса" деп түрліше атаған» [3]. Халық музыкасының белгілі зерттеушісі Р.А. Пфенниг бақсының ауруларды "емдеп" сарнағанда көне асатаяқты өз дауысына қосып салдыртқаны жайында жазады. Зерттеуші ғалым әуелі бақсының қылқобызда қалай ойнағанын баяндайды, одан кейін асатаяқтың салттық музыкамен тығыз байланыста ойналатын аспап ретінде қолданғанын жазады. Пфенниг былай дейді: "Бұған колбаны да жатқызу керек, оның да ұшына қоңыраушалар немесе төрт бұрышты тақтайшаға бекітілген темір сақиналар ілінеді". Ленинградтағы антопология және этнография мұражайында асатаяқтың өзгеше нұсқасы әлі күнге дейін сақтаулы. Бұл Асатаяқ тұтас ағаштан жасалған. Оның он тал металл сылдырмақтар ілінген басы күрек тектес. Бет жағында – мүйіз тәрізді иреңдете ойылған өрнектер бар. Оған қоса басының төменгі бөлігінде жапырақ тәрізді екі пластинка орнықтырылған. Таяқта қайыс белбеу байлау үшін екі металл сақина орнатылған. Таяқтың төменгі бөлігінде найза сияқты үшкір темір секілді масағы бар. «Халқымыздың тұрмысын, әдет ғұрпын жақсы білген халық суретші Әбілхан Кастеев асатаяқтың тағы бір өзгеше нұсқасын суреттейді. Ол өзі салған асатаяқтың түрі де, құрылысы да өзінің алдындағыларға қарағанда едәуір өзгешелеу. Мұндай деректерге сүйенсек, халқымыздың шеберлері өз шығармашылық шеберлігімен әртүрлі бейнеде, құрылымда жасағандығын байқаймыз». [4].

Асатаяқты көбіне бақсылар пайдаланғанын айттық. Бақсылар қарапайым халықты өзіне қарату үшін даңғыра, қылқобыздармен қатар асатаяқты да пайдаланған. Бақсылық жойылғаннан кейін асатаяқ ұмыт бола бастап еді. Бірақ ел арасындағы сауықшы-өнерпаздар оның музыкалық сипатын дұрыс танып, қайта жаңғыртып, өз өнерлерінде пайдаланды. Соңғы жылдары музейлерде сақталған көне нұсқалары бойынша бірнеше асатаяқ жасалып, музыкалық аспаптар қатарына енгізілді. Асатаяқ тек ән, күй әуеніне қосылып қана қоймай, би ырғағын да сүйемелдейді. Мысалы, «Гүлдер ансамбілінің» «Асатаяқ» бишілері орындайтын биі осы аспаптың сүйемелін қажет етеді. Бүгінгі аспаптық музыкамызда өзіндік үнімен ерекшеленетін соқпалы сілкімелі аспап – асатаяқтың бірнеше түріне сипаттама берсек.

Айшықты асатаяқ ішіне кішкене қоңыраулар ілінген, ұшына ай кескіні бекітілген, жоғарғы жағына төңкерілген қос тостаған орнатылған аса. Мұндай асаны би төрелік етерде қолындағы асасын бір сілкіп қойып, жұртты өзіне қаратып алатын болған. «Айшықтың астыңғы жағына төңкерілген тостағандардың ішіне сырт көзге көрінбейтін қоңыраулар тағылады. Тостағандардың үлкен-кішілігіне қарай қоңыраулардың көлемі де өзгеріп отырады. Тостағанның жиегіне жылқының ту құйрығынан шашақ ілінеді. Шашақ қоңырауларды мүлдем көрсетпей тастайды. Көлемі әр түрлі қоңыраулар шылдырлағанда сүйкімді де сиқырлы әуен шығарады» [5]. .

Әу баста бұл құпияны білмегенде асаның сыңғырлаған үніне таңданып, таңырқаған. Таңырқаған да бас иген, «күдіреті бар» деп иланған. Көлемі әр түрлі жабық қоңыраулар шылдырлағанда сүйкімді әуен шығаратын. Оның осы артықшылығы уақыт өте келе асаның музыкалық аспаптар қатарына қосылуына бірден бір себепкер болды. Қазірде айшықты асатаяқ басқа соқпалы-сілкімелі аспаптар қатарында ән, күй, би сүйемеледеуге бейімділігімен ерекшеленеді.

Айшықты асатаяқтың құрылысы:

Тостаған – ернеуіне ілінген қоңырауларды ұстап тұру және олардан шыққан дыбысты жаңғарту қызметін атқарады. Айшықты асатаяқта көлемі әр түрлі екі тостаған болады. Кішісі жоғары, ал үлкені төмен орналасады.

Қоңырау – дыбыс шығару қызметін атқарады. Тостағандардың көлеміне қарай бұлардың да ауқымы өзгеріп отырады.

Шанақ – қоңырауларды сырт көзден тасалау және аспапқа әсемдік, көрнекілік беру қызметін атқарады.

Аса – тостағандарды ұстап тұру қызметін атқарады. Аса аспаптың негізгі бөлшегі болып есептеледі. Музыкант осы асаны ұстап тұрып ұрып-сілкіп ойнайды.

Сақина – асаның тостағанын шытынау, айрылудан сақтау қызметін атқарады. Сақинаның сондай-ақ сәндік-әшекейлік мәні бар.

Оймақ – асаның дүмін мүжілу, шытынау, сынудан сақтау қызметін атқарады. Мұның да әшекейлік-әсемдік сипаты бар.

Айшық – аспаптың негізгі белгісі. Аспап тәңіріне табынған бақсы-балгерлерден қалған жоралғы. Оның бұл мәні қазірде жойылған жоқ. Тек сәндік-әшекейлік қызметі ғана қалды.

Айшықты асатаяқтың жасалу жолдары мынадай:

Әуелі қайың, жаңғақ, өрік, алма сияқты қатты ағаштардан бір жағы жуан, ал екінші жағы жіңішке аса жонылады. Аса әбден жұмырланып, жылмағайланып болған соң әсемдік үшін сырты оюланып өрнектеледі. Бұдан кейін бұтақсыз ағаш діңінен тостағандар жасалады. Шабу, жону, күйдіріу әдістерімен ортасы шұңғырланады. Бұл жұмысты арнайы жабдықталған цех немесе шеберханаларда станоктар атқарады. Іші-сырты тегістелгеннен кейін нақ ортасы ойылады. Осы ойық арқылы тостаған асаға отырғызылады. Үлкен асаның ұшынан төмен қарай 200 мм қашықтықта, ал кіші тостаған асаның ұшынан төмен 50 мм қашықтықта орналастырылады. Бұдан кейін тостағандардың ішкі кенересіне ернеуден 30 мм жоғары айнала қоңыраулар ілінеді. «Қоңыраулар тостағанның жиегінен аспауы керек. Қоңыраулардың саны үлкен тостағанда 11-12, ал кіші тостағанда 7-8 болады. Келесі кезекте зерден, жібек жіптен, кейде жылқының қылынан шашақ тағылады. Кіші тостаған шашағының ұзындығы 50 мм, ал үлкен тостағанның ұзындығы 70-80 мм болғаны жөн. Ең соңында асаның ұшына айшық сақина, дүміне оймақ кигізіледі» [6]. .

Айшықты асатаяқ жоғары-төмен, оңға-солға сілкіу және дүмін жерге ұру тәсілдерімен ойналады. Асаны, тостағандарды қаңсып, шытынау, сынудан сақтау, бояуларының оңып кетпеуінен қорғау үшін арнайы қап немесе қорап жасалады.

Қобызбас - бас жағы қобыздың басына ұқсас төмен жағы қолға ұстауға ыңғайлы жіңішке, жалпақ бетіне сәлкебай, сырға іспетті әшекейлі сылдырмақтар ілінген соқпалы-сілкімелі аспап. Осы асатаяқтың 1896 жылы табылған көне нұсқасы қазір Ленинградтағы антропология және этнография музейінде сақтаулы. Сол үлгіге қарап 1968 жылы қобызбас қайта жаңғыртылып шықты. Бұл аспаптың ерекшелігі сылдырмақтарының орналасуында. Сылдырмақтан бірегей ара қашықтыққа ілінген. Ойнағанда бір-біріне соғылмай тек ағашқа тиіп, өзіне ғана тән дыбыс шығарады. Оның осы үні ескеріліп, бүгінде оркестр, ансамбльдерде жиі қолданылып жүр. Дами келе қобызбас енді ашық, жабық болып екіге бөлінді.

Көне үлгідегі қобызбас ашық түріне жатады. Жабық қобызбастың сылдырмақтары бастың ішіне орналасады.

Қобызбастың құрылысы:

Бас – дыбыс жаңғырту қызметін атқарады. Кепкен қатты ағаштан жасалды.

Сылдырмақ – дыбыс шығару қызметін атқарады. Әр түрлі үлгіде әшекейлік металдардан жасалады.

Аса – ұстауға ыңғайлы жіңішке сап.

Оймақ – асаның ұшына кигізіледі және оны мүжілу, тозу, сынудан сақтайды.

Қобызбас асатаяқ сілкіп, кейде алақанға ұрып-қағып ойналады.

Піспекбас. Пішіні піспекке ұқсас сылдырмақты ұрмалы-сілкімелі аспап. Асатаяқтың бұл түрін 1885 жылы Абай Құнанбаев пен Н. Долгополов өздері жинақтаған этнографиялық заттардың құрамына қосқан. Піспекбас басқа асатаяқтар секілді бақышамандар ғана құралы болмаған. Мұның халықтық мәні басым.

«Көне мұраға ұқыпты қарамаса болмайды. Мүмкіншілігінше, әлі де іздестіріп, барды тірі кезінде жинап алған дұрыс... Мен тіпті айтар едім – кезінде саба піспектерінің басында да сылдырмақтар болған. Ол жай бір ермек үшін тағылмағаны белгілі...»

Қазақтың әр үйінде кездесетін адалбақан, саба піспектерінің басы оюланып әшекейленетін. Саба піспегінің сылдырмақтары мен қоңыраулары ерекше сән берумен қатар, сүйкімді үн шығаратын. Күбідегі қымызды піскенде оның бірқалыпты ырғағына сай сынғырлаған дыбыс саба пісушіні жалықтырмай, еңбекке одан сайын ынталандырып отырған.

Содай-ақ тыңдаған құлаққа жағымды естіліп, көңіл сергітіп, жандүниеге ыстық әсер сыйлаған. Піспектің осындай артықшылығы оны музыка аспабы дәрежесіне көтерді. Қазірде піспекбас сабадан бөлініп, дербес соқпалы-сілкімелі аспап қатарынан берік орын алды.

Піспекбас даму барысында жабық, ашық болып екі түрге бөлінеді. Оны суретіне қарап отырып, оп-оңай жасап алуға болады. Бұл да арнайы қапшық қорапта сақталады [10].


Асатаяқтың түрлері




Піспекбас асатаяқ. Ықылас ат. Республикалық музыка аспаптар мұражайы қорынан




Сылдырмақ асатаяқ. Ықылас атындағы Республикалық музыка аспаптар мұражайы қорынан




Сылдырмақ асатаяқтың сызбасы. Суретші Адамкулов Н.М.



Асатаяқтың өлшемдері. а-б, қағазға түсірілген өлшемдері, в-ағашқа түсіру ережесі, г-өңдеу кезеңі. Суретші Адамқұлов Н.М.



Асатаяқ негізін өңдеу және беттестіру



Пайдаланылған әдебиеттер

1. Адамқұлов Н.М., Тұрдығұлов Ж.А. «Саз аспаптар тарихы» Алматы 2005
2. Сарыбаев Б. "Қазақтың музыкалық аспаптары" Алматы, "Өнер"
3. Адамқұлов Н.М. «Музыкалық аспаптар жасау технологиясы» Алматы, 2007 ж.
4. Адамқұлов Н.М. «Ұлттық қолданбалы қолөнері» Алматы, 2006 ж.
5. Адамқұлов Н.М. "Домбыра жасау өнері" Алматы, 1995 ж.
6. Адамқұлов Н.М. «Өнімді еңбек» Талдықорған 1997 ж.
7. Арғынбаев Х. "Қазақ халқының қолөнері" Алматы, Өнер 1986 ж.
8. Оспанов Б.Е., Адамқұлов Н.М. "Бейнелеу өнері" Алматы 2010 ж.
1. Ақтаев С. Н. Адамқұлов Н. М. Қазақ фолклорының лұғаты. Алматы, 2008 жыл, 298 бет

ПЕРЕХОД НА ЛАТИНСКУЮ ГРАФИКУ И КУЛЬТУРНЫЙ КОД НАЦИИ

Оразғалиева Г.Ш. канд. филол. наук,
доцент языкознания КНАСОН МОН РК, проф.
Академия «Bolashaq»

На данном этапе изучения языка ученые-лингвокультурологи выделяют особое – глубинное – культурное пространство, называемое кодом культуры.

В.А. Маслова и М.В. Пименова пишут: «Коды культуры – это специфический для каждой культуры набор способов социальной практики, свод ценностей и правил игры коллективного существования, выработанная людьми система нормативных и оценочных критериев, сквозь которые народ постигает мир» [1, с. 3]. Далее они сообщают, что для многих явлений культуры характерна двойственность: «с одной стороны, они выполняют свою непосредственную утилитарную функцию, с другой стороны, выступают в качестве знака. Утилитарная функция вещи обусловлена ее природными свойствами, знаковая функция ее определяется культурой.

Код – особая структура переосмысления знаний, представленная в виде модели, выступающая как основополагающее правило при формировании ряда конкретных сообщений, которые именно благодаря этому и обретают способность быть сообщаемыми. Все коды могут быть сопоставлены между собой на базе общего – универсального кода, более простого и всеобъемлющего. Код – это модель, появившаяся в результате ряда упрощений, возникающих, чтобы обеспечить возможность передачи тех или иных сообщений» [1, с. 7]

Г. Хофстеде отмечает, что в раннем детстве приобретаются ценности, подчеркивает важную роль культурного кода в познании ребенком мира. Если животные с рождения приспособлены для выживания в окружающем мире, то человеку нужно 10-12 лет, чтобы усвоить необходимую информацию из своего окружения. К этой информации относятся символы (язык), другие люди (родители и родственники), ритуалы (приветствие) и большинство ценностей. После этого преимущественно рецептивного периода человек переходит к осмысленному логическому восприятию мира [1].

Ученые В.А. Маслова В.А. и М.В. Пименова обращают внимание на то, что у человека, рожденного и воспитанного в определенной среде, формируется перцептивная «картина», в которой заключено культурно-специфическое содержание определенного понятия. Одно и то же слово у представителей разных культур может вызывать различные внутренние «картинки», т.к. они были сформированы в условиях различного культурного окружения, одно и то же понятие может иметь разное оценочное значение (ср. символику цветообозначений у разных народов: зеленое знамя ислама, красный, белый, коричневый цвета соответствующих политических движений и т.д.) [1, с. 3]. Графика является одним из способов сохранения культурных кодов.

Переход казахского языка на латинскую графику влечет за собой тяжелые потери, в том числе и в культурном коде нации.

Во-первых, громадные финансовые затраты (замена денежных знаков, печатей, уличных табличек, вывесок, билбордов, всех документов, включая удостоверений личности и паспортов, художественных текстов, типографского оборудования, компьютеров и т.д).

Во-вторых, нарушается орфоэпия, т.е. слова **ай** «месяц» и **аю** «медведь», написав латиницей **ai'**, **ai'u**, можно прочесть с [И] - долгим и [Й] – кратким, а слово **тіл** будут читать как **ті** [тил] с долгим [И], как в других языках, а не краткий, узкий звук. А в новой графике казахского языка нет букв Й, Э, Ю, Я. Казахское слово **жаз** «лето» будет прочитано на латинице **jaz** как [джаз] по аналогии с английским, поскольку многие дети уже в раннем возрасте приступают к изучению английского языка, где буква **j** произносится [дж]. Далее в слове **қузетші** «охранник, сторож» при написании латинской графикой **ku'zets'i** будет ударение перенесено, так как, изучая иностранные языки, люди знают, что после апострофа нужно следующий слог произносить с ударением; а это уже получилось не существительное, а глагол в повелительном наклонении «охраняй!». Кроме того, в словах **хабар** и **қаһарман** будет одинаково произноситься звук [h] **habar**, **qaharman** [2]. А поскольку орфоэпия базируется на фонетической системе данного языка, то происходит расшатывание фонетики казахского языка.

Как известно, в языке есть двусторонние единицы, которые имеют план выражения и план содержания. Эти единицы состоят из односторонних единиц, звуков. Слово – это центральная знаковая единица языка с планом выражения и планом содержания. Каждое

слово представляет собой звуковой комплекс (план выражения), а за этим звучанием стоит определенное значение (план содержания). Когда мы читаем (пишем) слово, у нас есть и его зрительный образ. А поскольку изменен привычный зрительный образ слова, то мы тратим время для прочтения и осознания его значения, например, ku'zets'i (9 знаков) «охранник, сторож» күзетші (7 знаков), к тому же увеличивается количество знаков. Мы знаем, что слова имеют грамматическое и лексическое значения. Лексическое значение состоит из 4 элементов: предметная отнесенность (денотат), понятийное содержание (сигнификат), коннотация, структурная значимость слова.

Схематично состав понятийного содержания выглядит следующим образом:

КС (категориальная сема) + **ИС** (интегральная сема) + **ДС** (дифференциальная сема) + **ПС** (периферийная сема) + **ПтС** (потенциальная сема).

Значит, если изменяется произношение слова, если нет его привычного зрительного образа, то понятийное содержание слова теряется. Следовательно, разрушается культурный код нации. Происходит сбой культурного кода народа.

«В связи с целым рядом достижений в лингвокультурологии, когда накоплено и объяснено значительное количество языковых фактов, наступила пора изменить лингвометодическое сознание, т.е. систему сложившихся стереотипов и взглядов на язык и текст и способы их преподавания. Текст – это истинное переплетение лингвистики и культурологии, т.к. он принадлежит языку и является его высшим ярусом, в то же время текст есть форма существования культуры. А лингвокультурология как раз и рассматривает язык как систему воплощения культурных ценностей сквозь призму кодов языка»

Часто культура настолько прочно проникает в текст, что без учета культурных ценностей и кодов языка текст остается не до конца понятным». – отмечают В.А. Маслова и М.В. Пименова. [1, с. 4-5].

Мы [4, с. 327] проделали небольшой эксперимент: взяли фрагмент романа С. Муканова «Промелькнувший метеор», написали латинской графикой и предложили студентам специальности «Иностранный язык: два иностранных языка». Задали вопрос: сколько времени Вам понадобится для его прочтения? Насколько понятен текст?

S'ormang'a basynda «bai'» dep, «qaradan s'yqqan han» dep, «aqyldy» dep jug'ysqan ol (Ai'g'anym), onyn' qumarlany'yn ko'z qarasyndan da, basqa qylyqtarynan da bai'qai' ju're, symbatty, suly' jas jigítke is'tei' qyzyg'a ju're, mas'yqtang'an jolyndan tai'may'g'a tyrysty da, osy betinde, bir sa'tte, qyljaqtagysy kelgen S'ormang'a, ko'n'ili elen'dei'tin bir so'z ai'typ qaldy.

Шорманға басында «бай» деп, «қарадан шыққан хан [Сібірлік қазақтарда, Шорман аға сұлтандыққа бірінші боп тағайындалған. Хандық пен сұлтандықты айыра алмайтын қазақтар Шорманды да «хан» деген] деп, «ақылды» деп жұғысқан ол (Айғаным), оның құмарлануын көз қарасынан да, басқа қылықтарынан да байқай жүре, сымбатты, сұлу жас жігітке іштей қызыға жүре, машықтанған жолынан таймауға тырысты да, осы бетінде, бір сәтте, қылжақтағысы келген Шорманға, көңілі елендейтін бір сөз айтып қалды. [3, с. 12]

Студенты, привыкшие читать тексты на латинице, в два раза дольше читали небольшой фрагмент на латинице, чем на кириллице, они сказали, что доступнее и понятнее читать на кириллице.

Здесь оборот «қарадан шыққан хан» означает незнатного происхождения, т.е. не **чингизид**, не **төре**. В этом контексте речь идет о древнем обычае казахов: засватывание своих детей, когда они лежат еще в колыбели.

Значит, для восприятия литературы и культуры в целом очень важны древние архаичные коды, связанные с архетипическими и мифологическими представлениями о мире [1, с. 5].

В-третьих, прерывается духовная связь поколений, и это очень важно. Через 10-15 лет казахские дети, знающие только латиницу, не будут читать произведения, написанные кириллицей. А люди старшего возраста, наоборот, не будут читать или с трудом будут

читать написанное латиницей, потому что долго, нет привычного зрительного образа, нет моментального осмысления текста, понятийное значение и представление заторможены (80% информации мы воспринимаем через зрительный канал). Мы в своей истории уже прошли такое, дважды рубили сук, на котором мы сидим: один раз, когда с арабской графики перешли на латиницу, второй раз в 1940 г., перейдя с латинской графики на кириллицу. Зачем трижды наступать на одни и те же грабли? После третьего раза духовная связь поколений будет окончательно разорвана. Сейчас молодёжь очень мало читает книги, газеты, ограничивается короткими СМС, комментариями в соцсетях. Мы же не хотим повторить судьбу шумеров, финикийцев, готов, хазар и др. народов, сошедших с мировой арены? Тогда зачем нам сейчас перечёркивать свою историю, свои достижения в развитии казахского языка? Расул Гамзатов говорил, что если я узнаю, что завтра умрет мой народ, я умру сегодня. Поэт не хотел быть свидетелем гибели своего народа. Зачем нужен поэт, если нет народа, для которого он пишет свои произведения?

Публицист Дастан Елдес [5] убеждён, что для сохранения культурного наследия необходимо оставить кириллицу. Он считает, что следует в первую очередь комплексно реформировать казахский язык «до принятия новой письменности. Поэтому в данный момент основная задача лингвистов — сделать казахский язык кодифицированным (нормированным), узаконить написание большинства слов, довести до конца работу с терминами по международным правилам, а не сочинять свои, порой неудачные». Публицист приводит факты из Узбекистана: «Нынешние узбекские школьники и студенты не читают на кириллице. В Узбекистане после перехода на латиницу ситуация сложилась таким образом, что взрослые не читают на латинице. Более 70% литературы издано на кириллице, а молодёжь уже не читает на ней, падает уровень образования и растёт количество русских классов! Такая перспектива ждёт и казахский язык, учитывая его слабость как государственного, как языка науки и высшего образования, то есть огромное казахское литературное наследие на кириллице не будет доступно для будущих поколений, как и на арабице. И может вызвать отток школьников из казахских школ в русские». Дастан Елдес подчёркивает, что отмечая недостатки алфавита, «во всем мире совершенствуют, модернизируют имеющуюся письменность. Даже сложнейшие с точки зрения изучения и использования китайские иероглифы не переводят на буквенную систему из-за опасности потерять тысячелетнюю китайскую культуру». В Монголии не собираются переходить с кириллицы на другую графику. Публицист остро ставит проблему: «Какой смысл в Казахстане переходить на латиницу, если у нас второй язык — русский, а не английский?! Казахстан географически, экономически, политически, лингвистически далек от Запада и является членом ЕАЭС, где рабочим языком является русский. В данном случае необходимы логический подход и здравый смысл, а не политизация языковой проблемы. Ясное дело, что при втором (русском) языке по всем параметрам изучать казахский язык удобнее, выгоднее, быстрее на кириллице, чем на латинице, особенно русскоязычным. Не говоря о богатой казахской литературе на кириллице». Филолог Дастан Ельдесов сообщил, что многие казахи переводят детей на обучение в русские школы. «Латиница сама по себе не улучшит положение языка, не создаст литературу, не повысит уровень образования и знания английского, — заявил Ельдесов. — За 80 лет в Казахстане создана огромная библиотека на кириллице, известная даже в глухих аулах. И мы от неё откажемся?!». Бывший премьер-министр Республики Казахстан **Имангали Тасмагамбетов** выразил сомнение в целесообразности перехода казахского языка на латиницу. «Сейчас надо гнаться за знаниями» — сказал он. — «А не выбирать буквы». Обозреватель из Алматы (АиФ) приводит много курьёзных случаев написания казахских слов на латинице.

Человек со слабыми духовными корнями или бездуховный человек – это манкурт, зомби. Им легче манипулировать, для него нет ничего ценного, святого. Такой народ легче завоевать.

В-четвертых, больше времени тратится на написание, прочтение и осмысление материала.

В-пятых, сейчас, когда люди других национальностей в нашей республике повернулись лицом к изучению казахского языка, стали отдавать своих детей в казахские садики, в школы с казахским языком обучения, молодежь принимает участие в конкурсах на казахском языке, с введением латинской графики на казахском языке, начнется отток русскоязычного населения из Казахстана.

В-шестых, прервется связь с тюркоязычными народами Российской Федерации. В первую очередь с казахами, живущими с давних времен на территории России. Ведь в приграничных областях живет немало казахов (около 1 миллиона), у казахской диаспоры в местах компактного проживания есть школы с казахским языком обучения, для которых закупаются учебники из Казахстана, жители выписывают газеты, журналы, книги на казахском языке. А другие народы, говорящие на тюркских языках, перестанут пользоваться литературой на казахском языке, написанной на латинице.

Следовательно, с изменением графики казахского языка происходит сбой в культурном коде нации, а это ведет к вымиранию народа. Еще древние мыслители говорили: чтобы уничтожить народ, нужно отнять у него язык. Мы считаем, что переход на латинскую графику казахского языка губителен для казахского этноса, это равносильно мине замедленного действия.

Список литературы:

1. Маслова В.А., Пименова М.В. Коды культуры в пространстве языка.- Санкт-Петербург, 2015.- 148 с. (Серия «Концептуальный и лингвальный миры». Вып. 9)
2. Алфавит казахского языка, основанный на латинской графике //Индустриальная Караганда, 2017, 28 октября, № 121(22234).- С.1
3. Мұқанов С. Аққан жұлдыз: роман. – Алматы: Жазушы, 1970. – екінші кітап. – Б. 12.
4. Оразгалиева Г.Ш Латинская графика и культурный код нации // Материалы международной научно-практической конференции «Наука и образование в современном мире». – Караганды: РИО «Болашак-Баспа», 2018.- Т.2.-С.325-328
5. Дастан Елдес// Qazaquni.kz. Портал Otyrar.kz

ОСВОЕНИЕ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ КАК ДУХОВНАЯ ОСНОВА ОБЩЕСТВЕННОГО СОГЛАСИЯ И ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОГО ЕДИНСТВА

Орынбай Г.Т. преподаватель, магистр
технических наук Карагандинского
университета им. академика Е.А.Букетова
Толыкбаева Ж.С. преподаватель, магистр
естественных наук Карагандинского
университета им. академика Е.А.Букетова

Каждый человек является отдельной личностью со своими интересами, правами, страхами и слабостями. Однако, в психологии также можно встретить множество различных категорий архетипов или факторов, которые объединяют определенные лица или группы людей. Одной из подобных концепций, существование которой было доказано и культурологами, и социологами, является идея о национальном коде. Данная концепция подразумевает особый стержень в личностной идентификации человека,

которая заставляет человека чувствовать определенные эмоции или принадлежность в определенных случаях или к определенному классу, расе или нации.

На самом деле, национальный код также играет немаловажную роль не только в плане общества и его единства, но и в самостоятельном развитии этого человека, в правильном и своевременном становлении его психики. Например, опираясь на психосоциальную теорию развития личности Эрика Эриксона, человек проходит через 8 этапов за всю свою жизнь и каждая из них важна в своем свете. Эриксон утверждал, что личность развивается в заранее определенном порядке через восемь стадий психосоциального развития, от младенчества до взрослой жизни. На каждой стадии человек переживает психосоциальный кризис, который может иметь положительный или отрицательный результат для развития личности.

Стадия развития	Область социальных отношений	Полярные качества личности	Результат прогрессивного развития
1 . Младенчество (0-1)	Мать или замещающее ее лицо	Доверие к миру — недоверие к миру	Энергия и жизненная радость
2. Раннее детство (1-3)	Родители	Самостоятельность — стыд, сомнения	Независимость
3. Детство (3-6)	Родители, братья и сестры	Инициатива — пассивность, вина	Целеустремленность
4. Школьный возраст (6-12)	Школа, соседи	Компетентность — неполноценность	Овладение знаниями и умениями
5. Отрочество и юность (12-20)	Группы сверстников	Идентичность личности — непризнание	Самоопределение, преданность и верность
6. Ранняя зрелость (20-25)	Друзья, любимые	Близость — изоляция	Сотрудничество, любовь
7. Средний возраст (25-65)	Профессия, родной дом	Продуктивность — застой	Творчество и заботы
8. Поздняя зрелость (после 65)	Человечество, ближние	Целостность личности - отчаяние	Мудрость

Ну так вот, если не поддерживать и не “подкармливать национальный код” личности на ранних четырех стадиях, то на пятой стадии, стадии поиска собственного Я и своей идентичности, человек будет далек от собственной культуры, истории и народа. Как итог, данной части в пазле личности и ценностей не будет хватать, что приведет к отчуждению от социума в виду территориальной принадлежности. Для большей ясности предлагаю обратить внимание на кейс:

Человек X, родившийся на территории Республики Казахстан, с раннего детства до момента юношества никоим образом не интересовался и не уведомлялся по поводу истории и культуры своего народа – он был казахом по национальности, но не знал о существовании различных национальных музыкальных инструментах, таких как домбыра или сыбызгы, ни разу не слышал о жизни деятелей Партии Алаш, ни разу не слышал о политике казахских ханов, ни разу не изучал казахскую литературу. В виду того, что особой надобности в этом всем не было, он не чувствовал будто он отстает от своих соратников, ровно до того момента, когда его сознание и подсознание начали работать над вопросом того, кто он есть и чего он хочет. За отсутствием багажа именно культурного и национального плана, он и не будет чувствовать собственной принадлежности к этой группе лиц, в этом случае к казахам в целом. В дальнейшем, индивид X не будет чувствовать самых важных для народа и государства эмоций, таких как патриотизм, политическая заинтересованность, добродушие к окружающим людям и т.п.

Республика Казахстан же, в свою очередь, является многонациональным государством в виду ряда причин, таких как массовое переселение крестьян в начал 19-века, работа концлагерей во времена Второй Мировой Войны и в послевоенное время, местоположение в Центральной Азии, с прямым выходом и в Европу, и в Азию, что привело, приводило и приводит крупнейшие потоки переселенцев, иммигрантов и туристов. Именно по этой причине на территории нашей страны действует Ассамблея Народов РК, множество нормативно-правовых актов и акций по защите прав и интересов каждой нации и расы, чтобы все жили в мире и согласии. Современные концепции развития личности ребенка, а также региональные подходы к образовательному процессу в дошкольных и школьных учреждениях предполагают использование отдельных элементов популярной культуры в развитии ребенка. Наследие каждого народа содержит ценные идеи и опыт воспитания. Продвигать и развивать культуру отдельного этноса актуально как для Казахстана и многонациональной России, так и, как показывает время, для Европы и других стран. В мире практически нет моноэтнических государств. Все государства в той или иной степени многонациональны. Среди таких многонациональных, многоконфессиональных государств и суверенный Казахстан.

Поликультурное образование является важной частью современных общих исследований, направленных на межэтническую интеграцию и способствующих пониманию общего и особенного (уникального) в традициях, образе жизни, культурных ценностях сообщества и развитии молодежи в духе взаимного уважения. Каждый человеческий индивид действует одновременно с двух сторон: он воспринимает себя как представителя человеческого рода и одновременно как члена определенного этноса, нации. Как представитель человеческого рода, как личность, человек выступает как носитель общечеловеческих ценностей. Для него, несомненно, важны ценности свободы, добра, правды, красоты и т. Д. Как представитель определенного этноса или нации индивид разделяет ценности этого этноса или нации. Он любит свою родину, гордится принадлежностью к своему этносу, чтит свой язык, культуру, историческое прошлое своего народа. Речь идет об адекватном соотношении «общего, частного и индивидуального» в педагогическом процессе и содержании образования. Под общим следует понимать общечеловеческие ценности, под частным - общие казахстанские ценности, то есть те, которые присущи этносам Казахстана, под индивидом - те, что присущи каждой этнической группе в отдельности, ее идентичность.

По справедливому замечанию известного казахстанского философа и культуролога Нуржанова Б.Г., при обсуждении перспектив формирования новой казахстанской идентичности смешиваются два понятия - нация и этнос, а в современной науке - четко разделяются. Причины неправильного использования этих понятий связаны с недостаточной коммуникативной компетенцией участников дискуссий, проводимых в казахстанском обществе. Во-первых, необходимо помнить, что одно слово имеет несколько разных значений в зависимости от контекста, в котором оно используется в данный момент. На самом деле, когда мы говорим: «национальная традиция», «национальный костюм», «национальное блюдо», мы часто имеем в виду соответствующее проявление этнической культуры того или иного народа. При этом такие выражения, как «национальная идея», «национальный интерес», «национальная безопасность» и т. д., означают те или иные проблемы, относящиеся не к этническим группам, а к нации в целом, т.е. более высокий и сложный уровень, на котором не всегда являются определяющими этнические факторы. Во-вторых, языковая культура современного русского языка определяет четкое значение двух слов: «национальность» и «нация». Если слово «национальность» указывает на принадлежность человека к той или иной этнической группе, то слово «нация» означает гораздо более широкий смысл, а именно - сообщество людей, которое объединяет целый набор общих черт.

На самом деле, освоение общей культуры и истории не является процессом трудоёмким и не требует каких-то специфических знаний. Все дело в том, чтобы

относиться к каждой из культур уважительно и поддерживать каждую из них. Именно по данной причине наша страна провозгласила себя светской – мы уважаем и поддерживаем каждую из религий, вероисповеданий и учений, но не дискриминируем и не возвышаем какое-то из них. Точно также и с национальной культурой каждого народа и если все держать в узде, поддерживать всех и судить справедливо, то каждая единица будет желать относить себя не только к своей нации, к своей расе, но и к обществу казахстанцев в общем, ведь их главным оружием будет любовь и доверие.

Использованная литература:

1. Эрик Эриксон. Психосоциальная теория развития Личности
2. Б.Г. Нуржанов. Выступление «Выбор национальной идентичности: управление будущим»

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІН МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ АРАҚАТЫНАСЫ

Полат Сапи СР-20-1к тобының 2-курс студенті
Тутинова Н.Е. Ғылыми жетекшісі, Ph.D доктор
Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

Зайырлы қоғамда дін дүниетанымдық, реттеуші, біріктіруші, мәдени-шығармашылық, рухани-адамгершілік және т.б. қызмет атқарады. Сондықтан да зайырлы қоғамда әлемдік және дәстүрлі діндердің құндылықтарын ғылыми тұрғыдан танып білу маңызды болып табылады. Өз заманында атақты Макс Отто айтып өткендей: «Адам философиясының терең көзі, оны азықтандыратын және қалыптастыратын көзі – бұл сенім» деген екен [1, 170 б.].

Қоғам мен адамның қауіпсіздігі қазіргі таңда әлемдік деңгейдегі басты мәселеге айналып отыр. Қауіпсіздік ұғымы қоғам, мемлекет, табиғат және адам өмірінің барлық салаларын қамтиды. Атап айтсақ, ақпараттық, интеллектуалдық, саяси, экономикалық, қоғамдық, экологиялық және т.б. қауіпсіздік түрлері елдегі нақты ішкі және сыртқы жағдаймен айқындалады. Қазіргі уақытта адам мен қоғам өмірінде ақпараттық және интеллектуалды үдерістерде діни сенім мен сананың рөлі едәуір өсіп отыр.

2008 жылы Елбасының халыққа Жолдауында «Қазақстан алдағы уақытта да халықаралық лаңкестік пен діни экстремизмге қарсы күрес жөніндегі халықаралық коалицияның белсенді мүшесі ретіндегі ұстанымын жан-жақты нығайта беруге ниетті деп атап көрсетті» [2, 31 б.].

Қазақстан Тәуелсіздік алған жылдардан бері мемлекеттік–конфессиялық қатынастарда зайырлылық моделін ұстана отырып дамуда.

Қазақстанда қазіргі таңда 18 конфессияның мүдделерін білдіретін үш жарым мыңнан астам діни субъектілері ресми түрде тіркелген. Осындай діни саналуандық жағдайында дін саласындағы негізгі үдерістер мен үрдістерді елеп-екшейтін мемлекеттік саясатты жаңадан ой елегінен өткізуді күн тәртібіне қойып отыр. Осы тұрғыда, Министрікпен әзірленген және Елбасы Н.Ә. Назарбаев жарлығымен бекітілген дін саласындағы мемлекеттік саясаттың 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасының маңызы зор. Дін саласындағы мемлекеттік саясатты қазіргі жаһандық үдерістер мен уақыт талабына сай қайта толықтыру мен жетілдіру мемлекетіміздің ішкі және сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берері анық. Тұжырымдама дін саласындағы мемлекеттік саясаттың негізін құрайтын дінаралық келісімнің қазақстандық моделіне сүйене отырып, дін саласын реттеу мен жетілдіруді көздеп әзірленген.

Сонымен бірге тұжырымдама Қазақстан мемлекеттік құрылысы жаңа кезеңінің қисынын басшылыққа ала отырып, конфессияаралық бейбітшілік пен келісімнің әлем

мойындаған қазақстандық моделіне сүйене отырып, дін саласындағы мемлекеттік саясатты одан әрі дамыту, елдегі дін саласын реттеу бойынша нормативтік құқықтық актілер жүйесі мен әлеуметтік-экономикалық, саяси және басқарушылық шараларды жетілдіру үшін негіз болып табылады. Тұжырымдама құқықтық, әдістемелік және ұйымдастыру шараларын қоса алғанда, дін саласындағы мемлекеттік саясаттың пайымына арналған кешенді тәсілдері берілген.

Жалпы 2017 жылғы 1 қаңтарда ресми тіркелген 18 конфессия атынан өкілдік ететін 3658 діни бірлестік пен олардың филиалдарының қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті жағдай жасалған. Олардың ішінде саны жағынан ең көбі – ханафи мазхабындағы ислам мен православиелік христианшылық. Сонымен қатар католиктер және протестанттар конфессиялары, иудейлер, буддашылар және басқа да қауымдар бар. Республикада 3464 ғибадат үйі тіркелген, оның ішінде 2550 мешіт, 294 православие және 109 католик шіркеуі, 495 протестант храмы мен ғибадатханасы, 7 иудей синагогасы, 2 буддашылар храмы, 7 “Кришна санасы қоғамы” және бахаи қауымының ғибадатханасы бар. Жұмыс жасап тұрған 2550 мешіт “Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы” республикалық діни бірлестігінің меншігіне кіреді [3].

Талдау көрсеткендей, діни наным-бұл жалпыадамзаттық құндылықтармен қатар рухани үйлесім, әлеуметтік қарым-қатынастар және азаматтардың санасы үшін әлеуетті қауіп-қатерді де қамтитын айрықша сала. Сондықтан елдің ерекшелігі мен халықтың мәдени-менталды өзгешеліктері ескертілген дін саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеудің ұсынылып отырған тәсілдері мен мемлекеттік саясат қағидаттары айрықша болып табылады.

Зерделенген және назарға алынған халықаралық тәжірибенің негізінде дін саласындағы мемлекеттік саясаттың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамалық тәсілдерін қалыптастыру талап етіледі. Дін саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасы – Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыру: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа жолдауымен үндескен маңызды құжат.

Сондай-ақ дін саласындағы мемлекеттік саясаттың тұжырымдамасын іске асыру бойынша барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарын ведомствоаралық үйлестіру және өзара іс-қимыл тетігін құру;

- таяудағы және ұзақ мерзімді перспективада діни ахуалдың даму үрдісін болжамдау, заңдылығын анықтау, сондай-ақ уақытылы тиісті шешімдер қабылдау үшін ұсыныстар әзірлеу;
 - қоғам санасында негізгі зайырлылық құндылықтарын нығайту;
 - қоғамда діни қатынастар саласында радикалды және экстремистік көріністермен байланысты кез келген іс-қимылға мүлде төзбеушілікке қол жеткізу;
 - мемлекеттік билік органдары мен діни бірлестіктердің өзара іс-қимылының өзіндік қазақстандық үлгісін одан әрі дамыту және тәртібін айқындау;
 - деструктивті діни ағымдарды жақтаушылармен, экстремизм және терроризммен байланысты баптар бойынша сотталғандармен, олардың отбасыларымен дәлме-дәл және атаулы оңалту жұмыстарын жетілдіру;
- түсіндіру жұмыстарын жандандыру т.с.с. [4].

Сондықтан дінаралық қарым-қатынас тәжірибесі әлем назарына ілігіп отырғаны белгілі. Дін мен мемлекеттің түйісер жері – елдің тұтастығы және қоғамның ауызбіршілігі мен тұрақтылығы. Сондықтан, екі тараптың өзара бірігіп әрекет ететін кеңістігін, оның құқықтық тетіктерін уақыт талабына сай айқындап және жетілдіріп отырудың маңызы зор. Дін - адам тарихының үлкен тағылым-тәрбиесінің бірі және сарқылмас даналық көзі. Егемен ел болып қалыптасуымыз, мемлекетіміздің өсіп, өркендеуінде діннің алатын орны зор.

Әдебиеттер тізімі:

1. Хорни К. (1993) Невротическая личность нашего времени; Самоанализ / Пер. с англ. В.В.Старовойтова; Общ.ред. Г.В.Бурменской. Москва. Прогресс: Универс. - 220 с.
2. Н.Ә.Назарбаев. (2008) Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты. - Астана. 31-б.
3. [Электронды ресурс] Kazakhstan – International Religious Freedom Report (2010) U.S. Department of State. Retrieved on 13 January 2011.
4. Взаимодействие государства и религии в контекст модернизации Казахстана: проблемы и перспектив (2010). Сост.: Б.Ж. Нурмухамедов, Л.М. Уразова; Инт нац. исслед.; Фонд им. Фридриха Эберта в Казахстане. Алматы: Ин-т нац.исслед.:ТОО «HighDIDI».

АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ӨЛЕҢ-ТОЛҒАУЛАРЫНДАҒЫ «МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ

Топашов М.А. ф.ғ.к., доцент
Бажикеев К.К. магистр, аға оқытушы
Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

Қазақ мемлекеті өзінің тәуелсіздігін жариялағаннан күннен бастап арғы бабаларымыз көне түркілердің көксеген армандарын жүзеге асыру мақсатымен «Мәңгілік ел» идеясын берік ұстанып келеді. Тәуелсіз қазақ мемлекеті ұлы даланың мұрагері, көк түріктердің тікелей ұрпағы ретінде «Мәңгілік ел» идеясын жаңғыртуы – заңдылық әрі патриоттық парыз. ҚР-ның тұңғыш президенті,

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің халқына арнаған кезекті жолдауында: «Мәңгілік ел ата – бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. ...Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел» [1,24], – деген еді. Демек, «Мәңгілік ел» идеясы тәуелсіз қазақ мемлекетінің нық қағылған қазығы, ұлттың болашағына бағдар болар жасампаз озық ой. Бір кездері жарты әлемді уысында ұстаған көк түріктер империясы ту етіп көтерген, абыз Тоныкөк, ұлы қаған Күлтегін негізін қалаған, мәңгі ел құндылығы бүгін, міне, осылайша қазақ мемлекетінің түп қазығы – ұлттық идеясына айналды. Бұны бүгінгі қазақ елімен мәңгі жасауы тиіс идея деп түсінген дұрыс. «Көктегі түркі тәңірісі, түркінің қасиетті жер – суы былай депті: Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін...» [2,54]. Мұны мемлекеттің ішкі және тысқы саясатынан туындайтын қауіп – қатерге төтеп беріп, өзіндік қорғаныс қабілетін күшейту деп түсінуге болады. Тоныкөк жазуында мемлекеттің ғұмырлы болуы үшін ел тізгінін ұстағандар мен халықтың бірлігі, сөз бен істің жарасым табуы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйытқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Күлтегін, Тоныкөк, жазуларындағы ой – идеялардың үзілмеген желісі сан ғасырды артқа тастап біздің заманымызға жетті. Көне түркінің өркениеті руна жазбаларында елін қорғау, мемлекетті күшейту, нәсілдің құрып кетпеуі қысқа, нақты ой – түйіндермен нақтыланады. Елдік мұрат, ерлік дәстүр, сондай – ақ, бұл жазбаларда мемлекет құру, ел басқару ісіне дейінгі ұстанымдар баяндалады. Сондықтан, бұлардың бәрі қазіргі таңда қазақтың ұлттық құндылықтары ретінде саналуы тиіс. Көрнекті ғалым А.Егеубаев: «Құтадғу білік» дастанының Орхон–Енисей жазбаларымен де тамырластығы және XIV –XV ғасырлардағы қазақ жырауларының үрдісімен, классикалық қазақ әдебиеті үлгілерімен сабақтастығы өркенді әдеби арнасын танытады» [3,124], – дейді. Демек, қазақ ақын – жырауларын Орхон ескерткіштеріндегі ой – пікірлермен байланыстыратын идеялық бірлік бар. Ол өз елін, өз жерін шет

басқыншылардан, сыртқы жаулардан қорғау идеясы. Бұл идея уақыт сұранысына қарай сабақтастық тауып, келер күндердің рухымен үндесіп, өлең – жырдың өзегіне алынып келді. Қазақтың данагөй жырауы Асан қайғы қазақ жерін құтты мекенге, жерұйыққа айналдыруды арман етіп, сол үшін жанын да аямағаны тарихтан белгілі. Ол мәңгі ел болу жолында аянбай тер төгіп, тәуелсіздік үшін күресті. Келер ұрпақтың жарқын болашағы үшін ортақ құндылыққа өлшеусіз үлес қосты. Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін елдің бірлігін мығым ете түсетін біртұтас идея, алға жетелейтін бағыт – бағдар, мақсат – мұрат болу керектігін түсінді. Мақсаты айқын, рухы биік, жасампаздыққа жаны құштар, ертеңіне сеніммен қарайтын халық ғана тарихта «Мәңгі ел» болып қалатынын жырлаудан танбады. Елдің бірлігін сақтауды көздеп, халықтың қамқоры бола білді. Е.Ысмайлов: «Жыраулар өмірдің ұсақ мәселесіне аз араласып, көбінесе, заман – дәуір, өткен мен келешек, адамгершілік, жақсылық пен жамандық жайында ойлар, болжаулар, қағидалы сөздер айтып отырған», [4,125]. – дейді. Демек, Асан қайғының ой – толғамдары, оның ұлттық рух пен елдік сананы жаңғырту идеясы қазірдің өзінде де күшін жойған жоқ. Ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу тұрғысынан оның мұрасы өз мәнділігін жоғалтпақ емес. Қазақ жұртына құтты мекен – Жерұйық іздеген Асан қайғымен Бұқарға дейінгі рухани кеңістікті мәңгілік ел сарыны байланыстыратыны анық. Дешті қыпшақ даласының данышпаны Асан қайғының өмір, заман, адам, ел туралы тұжырымдамасын жинақтап елтану дастаны деуге болады. Оның ой – идеялары көк түріктердің көсемі Тоныкөк ұсынған мәңгілік ел идеясындағы философиялық түйіндер бір өркениеттің, дәлірек нақтылағанда, арғы бабаларымыздың өмір сүру ғұрпы қалыптастырған бір дүниетанымның жемісі. Ел, қоғам туралы ой – толғамдар Қазтуған, Шалкиіз, Бұқарлардың шығармаларында да бір арнада тоғысып отырады. Олардың дәстүрлі дүниетанымы халқына «Жер ұйық» іздеген Асан қайғының жер тұтастығы, ел тәуелсіздігі толғаулы ой – пікірлерімен үйлесім тауып, ұлттық идеология дережесінде теориялық тұрғыдан үндеседі. Жалпы, жыраулардың шығармаларында халқымыздың тыныс – тіршілігіне, елдік салт – санасына жасалған түйіндеулердің өзегі Тоныкөк ұсынған «Мәңгілік ел» идеясында жатыр.

Ел тағдырына, оның болашағына алаңдаған ақынның бірі – Дулат Бабатайұлы. Ол өз өлеңдерінде қазақ қоғамының бар шындығын еш бүкпесіз, айна – қатесіз көрсетті. Ресейдің отарлау саясатының асқынып, бұрынғыдан да күшейе түскенін барынша шыншыл бейнеледі.

Батыстан патша түнегі,
Жеріңе келіп, түнеді.
Ішіңе әбден енеді,
Жоныңнан таспа тіледі,
Мұны да Дулат біледі.

2. Новикова Л. Г. Советская национальная политика в оценках трех западных историков //Отечественная история. – 2006. – №. 4. – С. 140-145.
3. Лебедева М. М. «Мягкая сила»: понятие и подходы //Вестник МГИМО университета. – 2017. – №. 3 (54).
4. Резолюция 13-го Комитета министров
5. Рекомендация Совета министров СЕ
6. Директива СЕ
7. Проект СЕ "Среднее образование для Европы"
8. Мартинец Ю. А. Рост правого популизма в современной Европе (по оценкам европейских экспертов) //Вестник РГГУ. Серия: Политология. История. Международные отношения. – 2019. – №. 1.
9. Шубина М. М. Культурная дискриминация как составляющая часть современного общества //Основные проблемы общественных наук. – 2015. – С. 72-74.
10. Джурицкий А.Н. Поликультурное образование в многонациональном социуме: учебник и практикум для бакалавриата и магистратуры // Москва, 2019. – С. 73.
11. Мубинова З.Ф. Поликультурное воспитание в современной педагогике: сравнительный анализ зарубежных и отечественных подходов // С. 236-238.
12. Duisebayeva F., Thomas M. Comparative Analysis of Theory and Practice behind Implementation of Multilingualism and Multilingual Education in the Netherlands and Kazakhstan // Comparative analysis of theory and practice behind. – 2016.
13. Сивинский А.М. Казахстанская модель организации поликультурной образовательной среды (на примере школы для детей с нарушением слуха) // Отечественная и зарубежная педагогика. – 2020. - №. 5 (71). – С. 38-49.

MODERN TEACHING METHODS OF TEACHING FOREIGN LANGUAGES

Akkalzhanova A. english teacher
Sungatova B. english teacher
Regional Specialized boarding School-College
of the Olympic Reserve named after Yeset Batyr

The general trend of the modern world is such that research becomes an integral part of the search of any profession. Therefore, the exploratory behavior in the modern world is seen as an integral characteristic of the individual. This trait is part of the concepts of professionalism in any field of activity. And even more - as a lifestyle of modern man.

Teaching foreign languages has always been distinguished by a variety of methodological approaches. The decisions made about the future of the education system affect the interests of all segments of society and have a significant impact on the destiny of the country. Today the professional language teacher has a good grounding in the various techniques and new approaches, and they know and understand the history and evolution of teaching methodologies. The modern teacher will in fact use a variety of methodologies and approaches, choosing techniques from each method that they consider effective and applying them according to the learning context and objectives. Therefore, each new proposal must undergo a thorough

examination and be publicly discussed by the scientific and pedagogical community. Nowadays there is a great variety of methods of teaching foreign languages. This article presents an overview of some modern methods and techniques used in TFL.

Modernization of education is a large-scale program of the state, within which a plan of competitive measures should be developed and implemented. Modernization is the updating and improvement of the existing education system. With any modernization of education, there are several problems. The first is to preserve the positive that exists in the existing system; the second - if something useful for society was lost in education for previous years, then it is necessary to restore it; the third, the main one, is to bring the education system in line with the demands of the society. And in the life of Kazakhstan society in recent years there have been big changes: a new social order is taking root, the economy is based on market relations, as a result of which new professions are emerging, and new demands are made for the old [2].

In recent decades, linguists and methodologists have shown great interest in the subject linguistic approach in teaching foreign languages. In the light of the current trends in the expansion of intercultural dialogue and the globalization of the educational space, the study of the language is of particular relevance, oriented to its practical application: a student-foreigner needs not just the mastery of the language in everyday, everyday communication, but, above all, his use in the professional sphere of communication. An effective search for necessary scientific literature on the specialty, preparation of abstracts and reports on scientific topics, communication with colleagues, etc. All this is a strong motivating factor in learning a foreign language.

T. Hutchinson and A. Waters suggested the method of English language teaching (ESP) with the use of texts by specialty proved quite effective and expedient, but largely it focused attention on the linguistic Aspect. The idea of natural language acquisition, proposed by S. Krashen, reinforces this technique, based on the thesis that the best way to learn a language is to use it in "meaningful" purposes.

Another technique that synthesizes these postulates was the CLIL (Content and Language Integrated Learning) methodology, proposed in 1996 by a group of European linguists (UNICOM, University of Jyvaskyla). The methodology of subject-language integrated education is widespread and successfully practiced in many European universities and is aimed at both teaching the language and maintaining the subject. CLIL is an educational approach in which certain scientific disciplines or separate sections are taught through a foreign language with a double practical output, namely: by studying the content of a particular discipline in conjunction with the simultaneous improvement of a foreign language [1].

CLIL describes an evolving approach to teaching and learning where subjects are taught and studied through the medium of a non-native language. The experience of learning subjects through the medium of a non-native language is more challenging and intensive as there is more exposure to the language and learners acquire knowledge and skills in different areas of the curriculum. In CLIL, learning a curriculum subject in a second, third or sometimes fourth language involves drawing on effective pedagogical practice from a range of different educational contexts. Curriculum subjects apart from languages are taught through the target language. These include Art, Geography, history, Information and communication technology (ICT), Mathematics, Science, Social Science.

There are many advantages to the CLIL approach: it develops confident learners and enhances academic cognitive processes and communication skills. CLIL encourages intercultural understanding and community values. In addition, research shows that learners become more sensitive to vocabulary and ideas presented in their first language as well as in the target language, learners reach proficiency levels in all four skills of listening, speaking, reading and writing.

The main linguistic guideline in the CLIL methodology is a special text, based on the study and elaboration of which the above goals are achieved. The text as a source of information introduces the reader to a certain topic, and serves as the basis for a lexico-grammatical module

that assures the assimilation of scientific terminology and certain grammatical and structural-stylistic constructions. The text is also a starting point for conducting discussions and expanding the language material on a given topic while at the same time contributing to the formation and activation of communicative skills in dialogical and monolog speech. Thus, the methodology of language-based integrated teaching of a foreign language encompasses the main types of speech activity, contributes to the increase of students' activity in the learning process, develops their language competence, induces polylingual interests and raises educational motivation.

Despite the fact that the CLIL methodology has been actively used in Western educational institutions for several years, it was relatively recently talked about in the post-Soviet space. As T. Lapteva correctly notes, "the use of the method of integrated teaching of foreign languages in a technical university is a means of motivating students to study and a tool for multilingual education. Effective work with special texts in a foreign language helps to formulate necessary linguistic and communicative competencies in students in a non-native language and promotes the development of their general scientific knowledge and skills "[3]. It should be noted that this technique is effective not only in a technical university, but also in any other non-linguistic institution.

Principles of subject-language integrated learning. Based on the analysis of foreign and Russian studies, as well as our own pedagogical experience, we developed the following pedagogical principles of the CLIL method:

1. the principle of using a rich, from the cognitive point of view, authentic educational material. The basic requirements for educational materials are authenticity, information richness and a certain degree of cognitive load. Interactive authentic materials have not only a high motivating potential, but can also be used as a basis for creating an artificial language environment and assignments with a high degree of cognitive difficulty. The teacher actively uses a foreign language, acting as a "language model" for students.

2. The principle of active support and assistance of the teacher in the learning process. For successful achievement of the set goals, the student needs to receive support from the teacher. With the development of his foreign language competence, the amount and intensity of assistance from the teacher gradually decreases. Using this principle will reduce cognitive and linguistic loads when studying unfamiliar content in a foreign language. The tasks that the teacher proposes should be supplemented with certain explanations that will allow students to successfully cope with the tasks set. Much attention is paid to productive types of speech activity, which is especially important for mastering a foreign language.

3. Principle of intensive and productive possession of a foreign language. Problem training offers a large number of methodical techniques and is aimed at the active use of authentic communication within the framework of a training session, since instruction in foreign languages is most successful in the presence of communicative goals and a meaningful communication situation. One of the main characteristics of problem training is the use of the so-called "gaps" principle, according to which authentic communication will take place only if there are certain communicative gaps. Teachers can use this method to create authentic communicative situations, because, by performing similar tasks, students actively interact with each other.

4. Principle of multiculturalism. The CLIL methodology makes it possible to consider all sorts of topics from different cultural positions, taking into account the differences in the perception of many things among representatives of certain cultures.

5. The principle of development of higher-order thinking skills. The development of higher-order thinking skills is the key to success in the modern information society. In the Bloom taxonomy [4], the list of cognitive processes and pedagogical goals are organized hierarchically from the simple to the complex, from Low Order Thinking Skills to the cognitive processes of the higher order (High Order Thinking Skills). According to the taxonomy of Bloom, the student cannot realize the concept, first not remembering it, and cannot apply knowledge if he does not understand what is at stake. According to this theory, the teacher should ask students questions that stimulate the development of low-level thought processes (LOT) (special questions

beginning with what, when, where and which). It is also necessary to include issues that develop more complex analysis and assessment skills (HOT). This group can include issues beginning with the words why and how, which mean when formulating answers using more complex language structures. The interaction of content, thinking and language, the ability to adequately expound complex thought processes is not automatically formed, but requires systematic development and training, both in native and in the studied foreign language.

6. The principle of sustainable learning. Stable training is understood as follows: the teacher should make sure that during the learning process, the long-term memory of students has been activated and the knowledge that they received during the lesson will pass from the passive to the asset. In the CLIL concept, sustainable training is of paramount importance, since the teacher contributes both to the study of professional content and directly to the foreign language. In the same way, the teacher needs to develop ways of testing and assessing the ability of students to adequately communicate on professional topics in the first (L1) and second language (L2) [4].

Indeed, real education should not be forced or manipulated, freedom of education supposed to be free from physical and psychological pressure, and it is an important tool of reaching the success in all fields of society. Giving an opportunity to every single youth to find him in the field that was chosen at the doors of University is the most important target of higher education.

The theories and methods are constantly evolving in the ELT. The teachers of the ELT are aware of the best practices in teaching and learning English and how they can be made beneficial to the students. It is possible for every child to learn English in the most enjoyable manner if it is supplied with the right kind of materials and pedagogy produced by one's own native wisdom. A beautiful combination of art and science, with a fine tune of as many tools as possible to the repertoire can help an ELT to excel in his/her field.

Literature:

1. Ed. B. Sultanov. Message of the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan "Strategy" Kazakhstan - 2050 ": a new political course of the held state": materials of events dedicated to the discussion of the Address of the Head of State.-Almaty: KISI, 2013.-228p

2. Abdykarimov B.A. Some issues of modernization of vocational education in Kazakhstan // Vestn. KSU. Ser. Pedagogy. - 2005. - No. 3 (39). - P. 5-10

3. The policy of trilingual education in Nazarbayev intellectual schools. -Astana. -2013.-C.2-3.

4. Nurakayeva LT, Shegenova Z.K. Methodical recommendations for teachers on the use of the method of subject-integrated learning (CLIL). Astana. - 2013.-P.8-10

5. Akhmetova M.S. The linguistic integrated learning of the History of Kazakhstan // http://cyberleninka.ru/veer_images/15684311/f/1.png лі сабағында Блум таксономиясын қолдану әдістері.

ИНОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА КӨПМӘДЕНИЕТТІ ТҰЛҒАНЫ ДАМЫТУ

Әбілмаш А. ТПП-21-1к тобының студенті
Ержуманова А.Б. магистр, аға оқытушы
Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

Білім беру барысы үнемі жаңашылдық пен үздіксіз дамуды қажет етеді. Заман өзгерген сайын, адамның талғамы, қоршаған ортасы, мәдениеті, тарихы да өзгеріске ұшырап, қоғамдағы жандарға тікелей әсер етеді. Сол себепті, өмірімізге енген тың технологияларды пайдалы үрдіске жарату біздің басты парызымыз.

«Қолына қалам ұстаған әр азамат ана тілінің бай қорын игерумен бірге басқа, көрші ұлт тілдерінің де асыл қазынасынан сусындауы, оны кәдеге жарата білуі абзал», деп батыр атамыз Бауыржан Момышұлы айтып кеткендей, адамзат баласының жан-жақты дамуы қашан да үлкен қажеттіліктердің бірі.

Қоғам өмірдің барлық алғышарттарына тәрбиелейді. Ол өз мәдениетінің тасымалдаушысы. Әлеуметтік білім беріп, жүйелер негізінде жұмыс жасайды. Олар бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста, бірақ олардың әрқайсының өзіндік даму құбылысы бар. Алайда, ұлттық білім-мәдени халықпен біртұтас қайнап, дамуына ерекше ықпал етеді. Жеке тұлға білім ала отыра, мәдениетін қалыптастырады, халықты тәрбиелеуді жалғастырады. Мәдениет шығармашылықтың тетігі, ол өзінің дамуының біртұтастығын ешқашан жоймақ емес [1].

Қазақстан Республикасындағы көпмәдениетті білім беру теория мен практиканы дамытудың негізгі бағыттарының бірі ретінде үнемі жаңашылдықтың жаршысы болып, өзінің іргелі негіздерін іздеуде. Жаңа мемлекеттіліктің қалыптасуы жағдайында білім беру ұлттық педагогикалық мәдениеттің дәстүрлеріне негізделген әлеуметтік - мәдени институтқа реформаланады, оның негізінде қазақстандық менталитет, сонымен бірге білімнің жалпыадамзаттық құндылықтарын өндіретін институт бар.

Еліміз ежелден мәдениетті ұлықтап, өзінің ерекше түп тамырымен, тарихымен ерекшеленеді. Қазақстанның транзиттік ерекшеліктері, мәдени алмасуы Ұлы Жібек жолының ашылуымен айқын көрінді. Мәдени байланыстар аз уақытта қарқынды дами бастады. Шығыс пен Батыс қиылысындағы еліміздің ерекше географиялық орналасуы Қазақстанның этникалық бейнесін айқындады. Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми және арнайы әдебиеттер қорын талдау республикада оның этникалық келбетін анықтайтын үш топ бар екенін көрсетеді. Олар-қазақтар, еуропалық халық (шығыс славяндар, немістер), сондай-ақ татарлар, Азия және Кавказ тектес халықтар (өзбектер, ұйғырлар, түріктер, әзірбайжандар, дүнгендер, тәжіктер, күрдтер, ортақ Конфессиямен және соған негізделген өмір салтымен біріктірілген.

Өздігінен қалыптасқан мәдени ағындарды тану олардың толықтырылуын және өзара байытылуын жоққа шығармайды. Қазақстанның көпмәдениеттілігі-қоғам дамуының прогрессивті факторы. Қазақстан халықтарының Еуразиялық тамыры шығыс, Азия, батыс, еуропалық ағымдарды біріктіруге және полимәдениетті дамытудың бірегей қазақстандық нұсқасын жасауға мүмкіндік береді" [2].

Кез-келген жүйенің табысты жұмыс жасауы үшін жаңашылдықтың маңызды рөл атқаратынын Елбасы үнемі тілге тиек етіп отырады. Білім беру бағыты «Заңда» көрсетілген барлық қағидаларды негізге ала отыра, дамудың даңғыл деңгейіне аяқ басып, өз мәдениетін одан әрі дамыта бермек. Жалпы, жеке тұлғаның бойында көпмәдениетті тәрбиені қалыптастыру барысында табысты дамып, өз азаматтары үшін сапалы және қазіргі заманғы білім алу үшін лайықты жағдай жасай алатын әлемнің жетекші елдерінің қатарына үйлесімді түрде кіре алатыны белгілі.

Қазақстан Республикасында көпмәдениетті білім беру жүйесін дамыту бойынша білім беру мекемелері қызметінің жалпы қағидастары:

- мәдениеттер диалогына құрылған Ұлттық білім беру жүйесінің ашықтығы;
- Қазақстан үшін ерекше этностық және ұлтаралық интеграция процестерін, әрбір халық пен этникалық топтың этномәдени ерекшеліктерін есепке алу;
- Қазақстанның ұлттық құндылықтары мен ерекшеліктеріне, тіліне, өмір салтына, дәстүрлеріне, нанымына, ұлттық мәдениетіне құрмет пен қызығушылықты тәрбиелеу;
- оқушылардың көп мәдениетті және көп ұлтты ортаға бейімделу қабілетін қалыптастыру.

Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа қарқынды кіруі: инновациялық-индустриялық экономика, қоғамды ақпараттандыру, білім беру кеңістігін үйлестіру және халықаралық стандарттарды енгізу адамның санасы мен мінез-құлқын түбегейлі өзгертеді. Қоғамның әлеуметтік-тарихи қайта құрылуы және сананың қоғамдық формасы және жалпы адамзат

мәдениетінің құндылықтарына бағдарлану Президенттің "Тілдердің үштұғырлығы, әлеуметтік — тарихи қажеттілік ретінде, ұлттың бәсекеге қабілеттілігі ретінде, уақыттың мәдени императиві ретінде" жобасын өзектендіріп, Қазақстан Республикасындағы үш тілдің басымдығын бекітті: қазақ — орыс — ағылшын. Мемлекеттік мәртебесі бар қазақ тілімен және ұлтаралық қатынас тілі — орыс тілімен қатар шет тілі де қарым-қатынастың маңызды құралы болып табылады.

Жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие процесіне үш тілде білім беруді енгізу-алға қойған міндеттерді жүзеге асырудың сөзсіз маңызды қадамы болмақ. Үш тілде білім алу және оны шын мәнінде меңгеру білім алушыларға түрлі халықтардың мәдениеті мен дәстүрінен хабардар болуына ықпал етеді. Көптілділікті Қазақстан үшін көптілді білім-бұл оқытудың мақсатқа бағытталған, ұйымдастырылған, шамаланған үштұғырлы процесі. «Қазақстан әлемде тұрғындары үш тілді қатар қолданатын, яғни қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – халықаралық тіл ретінде, ағылшын тілі-әлемдік экономиканың жетістіктері интеграциясы ретінде, жоғары білімді елдер қатарында қабылдануы тиіс», дейді Н.Ә.Назарбаев [3].

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев отандық білім берудің алдына жоғары деңгей қойды. Ол қазақстандық мектептің түлектері шетелдік жоғары оқу орындарында оқуын оңай жалғастыра алатындай бәсекеге қабілетті, жоғары сапалы болуы тиіс. Сондықтан білім берудің маңызды стратегиялық міндеті, бір жағынан, қазақстандық үздік білім беру дәстүрлерін сақтау, екінші жағынан, мектеп түлектерін халықаралық біліктілік қасиеттерімен қамтамасыз ету, олардың негізінде мемлекеттік, Ана және шет тілдерін меңгеру болып табылатын лингвистикалық санасын дамыту болып табылады. Осыған байланысты қазіргі әлемдегі тілдердің рөлін түсіну педагогтердің алдына тілдерді оқытудың нәтижелілігі және балалардың тілдік даярлық деңгейін арттыру туралы мәселені ерекше өткірлікпен қояды. Көптілділік-көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың негізі.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру, оны жаңғырту стратегиясы бірқатар жалпы қағидаттарды ұстануды көздейді, солардың бірі — қазіргі қоғамда білімнің басты рөл атқаратынын мойындау, бұл оның нәтижесінің жақсы болуына жауапкершілікті бірнеше есе арттырады. Өз азаматтарына сапалы және заманауи білім алуға лайықты жағдай жасай алатын мемлекет қана дамыған елдердің қатарына қосыла алатыны белгілі. Білім беру жүйесін жаңғырту дәуірінде көптілді білім беруге ерекше көңіл бөлінеді. Көптілді білім беру тілдік білім мен іскерлікте, тілдік және сөйлеу қызметінде жүзеге асырылған адамзаттың әлеуметтік маңызы бар тәжірибесінің «фрагменті» ретінде бірнеше тілді бір мезгілде меңгеру негізінде көптілді тұлға ретінде индивидты оқытудың, көпмәдениетті тұлғаны дамытудың, тәрбиелеудің және дамытудың мақсатты, ұйымдастырылған процесі болып табылады [1].

Инновация латыншадан аударғанда «жаңа», «жаңалық», «жаңарту» дегенді білдіреді немесе «инновация» — бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже. Нақты мақсатқа қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен жетуге болады? Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже - жаңалыққа бет бұрудың кілті. Инновациялық үрдістің негізі - жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір мұғалім үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа мұғалім үшін өтілген материал тәрізді. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Кейінгі кезеңде ғалымдар өз зерттеулерінде оқу-тәрбие ісіне жаңалықтарды енгізіп, тарату мәселесін қарастырады [4].

Инновациялық технологиялар-бұл қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайда баланың жеке дамуындағы динамикалық өзгерістер арқылы оң нәтижеге қол жеткізуге бағытталған әдістер, оқыту бағдарламалары, білім беру құралдары жүйесі. Педагогикалық

инновациялар білім беру және оқыту процестерін жетілдіре алады. Ол балаларға заманауи білім беріп қана қоймай, сонымен қатар жан-жақты мәдени дамуына да ықпал ете алмақ.

Тың технологиялардың тәжірибеде жүзеге асырылуы әсіресе, 2020 жылы айқын көрініс тапты. Әлемді жайлаған дерттің салдарынан білім беру жүйесінде бірқатар өзгерістер орын алып, қашықтан оқу жүйесі енгізілді. Әрине, бұл бір қарағанда оңай көрінгенімен, бұрын-соңды толық көлемде жүзеге асырылмаған жоба болатын. Ал, пандемия, ең алдымен адамдардың денсаулығының қауіпсіздігін басшылыққа алғандықтан, осы қадамға баруына тура келді. Осы ретте, инновациялық технологиялардың бүгінгі біздің қоғамға қаншалықты маңызды екендігін тағы бір ұғындық. Себебі, оқу үрдісін жалғастыру үшін түрлі платформалар, бағдарламалар, электронды сабақтар ұйымдастырылып, ұстаз бен оқушы арасындағы байланыстың үзілмеуі басты назарға алынды. Әрине, мұның бәрі дамыған заманның бізге берген сыйы деп білемін.

Инновациялық технологиялар арқылы, өзге елдің мәдениетіне де терең бойлап, барынша жан-жақты мәлімет алуға болады. Бүгінде ақпарат айдыны жалпыға ортақ, қол жетімді, әлемнің кез-келген түкпіріндегі жайттан хабар алуға жол ашылған. Білім ала отыра, көпмәдениетті тұлға деңгейіне жету, әркімнің қолынан келетін іс.

Жалпы, оқудың кез-келген форматы, адамзат баласын дамытуға бағытталған. Әр уақытта білім беру деңгейі жаңа мазмұнға ие болып, түрлі философиялық көзқарасты қалыптастыруы мүмкін. Алайда, олардың бәрін байланыстыратын ортақ дүние – адамзат баласының дамуына негізделген. Жеке тұлғаның дамуы – мәдениетінің де артуына негіз болады.

Көп мәдениетті білім беру міндеттеріне мыналар жатады:

- мәдениет және оның түрлері туралы түсініктерді қалыптастыру;
- Қазақстанда тұратын халықтардың мәдени құндылықтарына баулу,
- мәдени айырмашылықтарға оң көзқарас қалыптастыру, теріс этно-әлеуметтік стереотиптерді жеңу;
- әр түрлі мәдениеттердің өкілдерінің өзара әрекеттесу дағдылары мен дағдыларын дамыту;
- ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Тәрбие жүйесінде көпмәдениетті компоненттің болуы білім алушылардың жаңа (басқаға) қызығушылығын ынталандыруға және сонымен бір мезгілде қоршаған әлемге әртүрлі көзқарастарды ұсынуға мүмкіндік береді [5, 105 Б.].

Көпмәдениетті білім берудің мақсаты-көпұлтты және көпмәдениетті ортада белсенді және тиімді өмір сүруге қабілетті, басқа мәдениеттерді түсіну мен құрметтеудің дамыған сезіміне, әртүрлі ұлт, нәсіл, наным-сенім адамдарымен бейбітшілік пен келісімде өмір сүру қабілетіне ие адамды қалыптастыру. Көпмәдениетті тәрбие-бұл басқа субмәдениеттерге қатысты кемсітушілік пен нәсілшілдікке төзбейтін әдіс [6, 56 Б].

Көпмәдениетті тұлғаны инновациялық технологиялар көмегі арқылы дамыту заманның басты талабы. Бүгінде еліміз озық елдермен иық тіресіп, дамудың алдыңғы шебіне аяқ басқандықтан, өзге елдің мәдениетінен хабардар болуы үлкен маңызға ие. Басқа елдерге келіссөздер барысында аттанса да, білім алуға жолдама алса да, өз-ара тәжірибе алмасу барысында да қашан да көптілді білумен қатар, көпмәдениетті, жан-жақты жетілген тұлға болу үлкен маңызға ие. Ал, бұл қағидалардың бәрін оқу үрдісінде жүзеге асырып отырсақ, нұр үстіне нұр болады.

Бейінді мектеп-бұл "бір жағынан, оқушыларға жеке ерекшеліктерін дамыта отырабарынша бейімделуге, екінші жағынан, мүмкін болса, қоршаған ортаның әлеуметтік – мәдени өзгерістеріне икемді жауап беруге тырысатын оқу орны".

Білім беру барысы барлық компоненттерді құрап, оқытуды, тәрбиелеуді, дамытуды, мәдениеттілікті, жан-жақтылықты және өзге де алғышарттарын қамтуы тиіс. Заман ағымына сай, жаңашыл білім бере отыра, өзіне сенімді, мәдени қалыптасқан, көзі ашық, көкірегі ояу ұлт тұлғаларын қалыптастыру қашан да үлкен маңызға ие бола бермек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. С.И. Гессен, 1995,338– 339).
2. Назарбаев Н.Ә. Қоғамды трансформациялау және Еуразиялық өркениетті жаңғырту стратегиясы. -М., 2000.-Б.16-18.
3. Назарбаев Н.Ә. Стратегия трансформации общества и возрождения евразийской цивилизации. -М.:Экономика -2000.
4. Жетписбаева Б.А. Теоретико-методологические основы полиязычного образования Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора педагогических наук Республика Казахстан.- Караганда, 2009.
5. Алдошина, М.И. Основы поликультурного образования / М.И. Алдошина. – М.; Берлин, 2014. – 260 б.
6. Кругликов, В.А. Образ «человека культуры» / В.А. Кругликов. – М., 1986. – 150б.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІН РАСТАУ ҮШІН СТАТИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Александр Баширов, техника ғылымдарының
кандидаты, экономикалық және
құқықтық зерттеулер ғылыми-зерттеу
институтының зертхана меңгерушісі
Алмас Орынбеков, заң ғылымдарының магистрі,
аға оқытушы, экономикалық және
құқықтық зерттеулер ғылыми-зерттеу
институтының ғылыми қызметкері
Алдияр Божбанов, Қазтұтынуодағы Қарағанды
университетінің 2 курс студенті,
Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

Бүгінгі таңда студенттердің ғылыми-зерттеу зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру және оларды осындай жұмыстармен айналасуға қызықтыру мәселесі өзекті болып қала бермек. Мақала авторлары Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің құрылымдық бөлімшесі-экономикалық және құқықтық зерттеулер ғылыми-зерттеу институтының (ЭҚЗҒЗИ) қызметкерлері болып табылады.

Авторлық ұжым ғылыми-зерттеу қызметімен айналысуға шешім қабылдаған студенттердің алдында тұрған проблемаларды ашуға бағытталған зерттеулерді осыған дейін де жүргізді. Атап айтқанда, бірнеше жылдар бойы Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің бірінші курс студенттері арасында сауалнама жүргізілді. Зерттеулердің жекелеген нәтижелері алыс және жақын шетелдердің баспаларында жарияланды [1,2].

Көптеген авторлардың осы проблемамен айналысқанына қарамастан, олардың зерттеу әдістемесі келесі алгоритмнен тұратын жалпыланған стандартты схеманы қолдану болды:

- растауды талап ететін белгілі бір гипотезаны ұсыну;
- тұжырымдалған гипотезаны тексеру бойынша зерттеуді орындау;
- әсер ету факторларының себеп-салдарлық байланыстарын анықтау және олардың басымдылығын негіздеу;
- жағдайды жақсарту бойынша қорытындылар мен ұсынымдар[2].

Ұсынылған мақала аясында авторлар мақсатты түрде "гипотезаны тексеру бойынша зерттеулерді орындау" тармағына баса назар аударды.

Біздің ойымызша, гипотезаны идеалды тексеру әдебиетте сипатталған сауалнама нәтижелерінің сенімділігін арттыру үшін априорлық бөлу мүмкіндіктерін пайдалану

мысалы болып табылады [3]. Сипатталған априорлық бөлу әдісінің идеясы - сауалнамаға қатысушылардың жауаптары үлгілік жауаптарымен салыстырылады. Үлгілік жауаптар әдеби мәліметтер негізінде немесе респонденттерге сауалнама жүргізу үшін ұсынылған мәселе бойынша жоғары білікті мамандармен сауалнама жүргізу кезінде қалыптасады. [4,5,6]

Біз үшін мұндай үлгілік жауаптардың болуы кез-келген зерттеу жүргізу кезінде өте маңызды бағдар екені анық.

Сонымен қатар, Қазақстанда қарастырылып отырған проблемалар үшін үлгілік бағдарлар жоқ екенін атап өткен жөн. Осыған байланысты біз екі негізгі себепті бөліп көрсетеміз.

1) Отандық ғылымда Қазақстан Республикасында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелілігіне әсер ететін факторларды анықтау бойынша жаһандық кешенді зерттеулердің болмауы.

2) Жүргізілген зерттеулер бойынша жоғары білікті мамандардың сауалнама нәтижелерінің болмауы, сонымен қатар олардың пікірлері даулы болуы мүмкін.

Сонымен қатар, мұндай үлгілік жауапты іздеу өте маңызды міндет болып көрінеді. [7]

Осыған байланысты, сауалнама нәтижелерін Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайтында орналастырылған статистикалық деректермен салыстыру идеясы пайда болды [8].

Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің студенттеріне сауалнама жүргізу барысында алынған негізгі принципті нәтиже олардың кәсіби бағдарлаудан туындайтын өзін-өзі анықтауына негізделді. Жауаптарды талдау және оларды қолдану бұрын жеткілікті дәрежеде сипатталған маңызды ғылыми және практикалық маңызға ие болды [1; 2;9,10].

Сауалнама жүргізу кезінде студенттерге: Сіз адам қызметінің қай саласында жұмыс істегіңіз келеді? сұрағына жауап беру ұсынылды. Студенттердің жауаптарының нәтижелері 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1.

Студенттердің кәсіби қызметіндегі өзін-өзі анықтау сұрағына жауаптарының нәтижелері

	Мем. қызмет	Жеке сектор	Жеке кәсіпкерлік	Білім беру жүйесі	Ғылым саласы	Барлығы
Студенттердің қалауының саны	114	52	164	8	11	349
Пайыз (үлес)	33	15	46	2	4	100

1-кестеден, атап айтқанда, респонденттердің тек 2% - ы білім беру жүйесінде жұмыс істеуге, сәйкесінше ғылыми салаға -4% - ға, біріктірілген көрсеткіш 6% - ды құрайтынын көруге болады.


Бұрын айтылған логикаға сүйене отырып, жаһандық зерттеу гипотезасы-бұл студенттер бастапқыда ғылыми салада және білім беру жүйесінде жұмыс істеуге бағытталмаған деген болжам болып табылады. Бұл нәтиже күтпеген болып табылады және, әрине, үлгімен салыстыруды талап етеді.

Жоғарыда айтылғандай, мұндай үлгі ретінде ресми статистикалық деректер болуы мүмкін. Сондықтан 20 жылдық кезеңдегі (2000-2020 оқу жылдары) деректер зерделеніп, талданды және оқытушылар санының студенттер санына үлесі (арақатынасы) бөлінді. Бұл мәліметтер 2-кестеде келтірілген.

2000-2020 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасындағы ОПК мен студенттер санының ресми статистикалық деректері.

Жылдар	Профессорлық-оқытушылық құрамның саны, адам	Студенттер саны, адам	ПОҚ мен студенттердің үлесі	Орташа мәні
2000/01	29 577	440 715	6,71	
2001/02	34 508	514 738	6,70	
2002/03	37 602	590 982	6,36	
2003/04	40 972	658 106	6,23	
2004/05	42 333	747 104	5,67	
2005/06	43 382	775 762	5,59	
2006/07	42 788	768 442	5,57	
2007/08	41 207	717 053	5,75	
2008/09	37 814	633 814	5,97	
2009/10	39 155	610 264	6,42	6,74
2010/11	39 600	620 442	6,38	
2011/12	40 531	629 507	6,44	
2012/13	41 224	571 691	7,21	
2013/14	41 635	527 226	7,90	
2014/15	40 320	477 387	8,45	
2015/16	38 087	459 369	8,29	
2016/17	38 241	477 074	8,02	
2017/18	38 212	496 209	7,70	
2018/19	38 275	542 458	7,06	
2019/20	38 470	604 345	6,37	

Түсінікті болу үшін алынған тиімділік 1 суретте көрсетілген.



Сурет 1. Қазақстан Республикасындағы студенттер санына ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамының үлесі

Қазтұтынуодағы Қарағанды Университеті студенттерінің кәсіби қалауына сауалнама жүргізу нәтижелерінің және студенттердің жалпы санына қатысты ПОҚ үлесін талдау деректерінің ұқсастығына назар аударуға болады. ПОҚ мен студенттердің үлесі 20 жыл ішінде Қазақстан Республикасында 5% - дан 8% - ға дейін өзгергендігіне назар аударған

жөн. Қазтұтынуодағы ҚарУ студенттерінің бағдарлығының біріккен көрсеткіші 6% құрайды, бұл осы диапазонға кіреді.

Мұндай салыстыру студенттердің шамамен 6% - ы білім беру жүйесі мен ғылыми салада жұмыс істеуге бағытталған деген болжамды растайды. Ресми статистикалық деректерді пайдалануды "үлгілік" жауап деп санауға болатындығын растау да маңызды.

Бұл идеяны дамыту алдағы уақытта ғылыми салада жұмыс істеуді қалайтын студенттерге сауалнама жүргізу нәтижелерін одан әрі салыстыру және Қазақстан Республикасында ресми ескерілген ғылыми қызметкерлердің санын талдау арқылы жүзеге асырылды.

3-кестеде 20 жылдық кезеңдегі (2000 жылдан 2020 оқу жылына дейін) оқытушылар мен студенттердің саны мен үлесі (арақатынасы) көрсетілген.


Таблица 3.

Қазақстан Республикасындағы 2000-2020 жылдар кезеңіндегі ғылыми қызметкерлер мен студенттер санының ресми статистикалық деректері.

	Қазақстан Республикасы ғылыми қызметкерлерінің саны	Студенттер саны, адам	ҒҚ/студенттердің үлесі	Орташа мәні
000	14 756	365 385	4,04	
001	15 339	440 715	3,48	
002	15 998	514 738	3,11	
003	16 578	590 982	2,81	
004	16 715	658 106	2,54	
005	18 912	747 104	2,53	
006	19 563	775 762	2,52	
007	17 774	768 442	2,31	
008	16 304	717 053	2,27	3,48
009	15 793	633 814	2,49	
010	17 021	610 264	2,79	
011	18 003	620 442	2,90	
012	20 404	629 507	3,24	
013	23 712	571 691	4,15	
014	25 793	527 226	4,89	
015	24 735	477 387	5,18	
016	22 985	459 369	5,00	
017	22 081	477 074	4,63	
018	22 378	496 209	4,51	
019	21 843	542 458	4,03	
020	21 782	604 345	3,60	

ҚР жоғары оқу орындарындағы студенттерге ғылыми қызметкерлер үлесінің өзгеру диапазоны 2,3% - дан 5% - ға дейін өзгерді. Зерттеу барысында алынған ғылыми салада жұмыс істеуге бағдарланған студенттердің 4% мәні диапазонға кіреді және іс жүзінде орташа мәнге сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасының ғылыми қызметкерлері мен студенттерінің 2000-2020 жылдардағы үлесі мәнінің динамикалық өзгеруі 2-суретте айқын көрсетілген.



Сурет 2. Қазақстан Республикасындағы ғылыми қызметкерлердің студенттер санына үлесі

Мұндай қайталанған сәйкестік ғылым мен білім беру жүйесінде жұмыс істеуге бағытталған студенттер саны 6%, ал тікелей ғылыми қызметке 4% - дан аспайды деген гипотезаның расталғанын көрсетеді.

Қорытындылар:

1. Қазтұтынуодағы Қарағанды Университетінде жүргізілген зерттеу нәтижесінде сауалнамаға қатысқан студенттердің тек 6% - ы білім және ғылым жүйесінде жұмыс істеуге бағытталғандығы анықталды. Сауалнамаға қатысқандардың жалпы санынан респонденттердің тек 4% -ы өзінің болашақ кәсіби қызметін ғылыми-зерттеу жұмыстарымен байланыстыруға ниетті.

2. Алынған нәтижелерді тексеру үшін зерттеу барысында алынған мәліметтерді «үлгілік» жауаптармен салыстыру әдісі қолданылды. Бұл әдіс әдебиетте сипатталған және аталған мақалада көрсетілген.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының stat.gov.kz сайтында орналастырылған ресми статистикалық деректері «үлгілік» жауап ретінде пайдаланылды. Осы материалдардың негізінде сандық мәндер және профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер санының Қазақстандағы студенттердің жалпы санына пайыздық қатынасы есептелді.

4. Зерттеу барысында алынған деректерді салыстыру, білім беру жүйесі мен ғылыммен байланысты қызметке студенттердің кәсіби бағдарлануы бөлігінде сауалнама нәтижелерінің "үлгілік" жауаптардың мәндерімен ұқсастығы көрсетілді.

5. Авторлардың пікірінше, мақалада сипатталған "үлгілік" жауаптарды іздеу және пайдалану әдісі перспективалы және оны кәсіби қызметтің басқа салаларында және ғылыми-практикалық қосымшаларда зерттеу кезінде қолдануға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Баширов А.В., Ханов Т.А. Факторы повышения активности научно-исследовательской работы студентов // Современные проблемы науки и образования. 2018. № 4. С. 91-95.

2. Aimagambetov E., Nakipova G., Khanov T., Bashirov A. Research Work of Students as a Factor in the Innovative Development of the University // Advances in Social Science, Education and Humanities Research, Volume 489. Proceedings of the International Conference Digital Age: Traditions, Modernity and Innovations (ICDATMI 2020). P. 121-125.

3. Давтян Г.Г., Прохоров В.Т., Шрайфель И.С.Н., Тихонова Н.В. О новых возможностях априорного ранжирования по повышению достоверности результатов анкетирования с участием респондентов // Актуальные научные исследования в современном мире. 2017. № 10-1-2 (30). С. 161-165.

4 Косинцева Т.Д., Хвощ Р.Н. Организация научно-исследовательской работы студентов в образовательном процессе в современном российском ВУЗе // Известия высших учебных заведений. Социология. Экономика. Политика. 2019. № 2. С. 73-80.

5 Силина Д.О. Статистическое исследование студентов ВУЗа по проблеме вовлеченности в научно-исследовательскую работу (НИРС) // Студенческая наука и XXI век. 2020. Т. 17. № 1-1 (19). С. 311-313

6 Ильина Т.Г. Проблемы организации научно-исследовательской работы студентов-экономистов// Проблемы учета и финансов. 2014. № 4(16) С.65-71.

7. Anderhag, P., Wickman, P. & Hamza, K.M. How can teaching make a difference to students' interest in science? Including Bourdieuan field analysis. Cult Stud of SciEduc 10, 377–380 (2015).doi.org/10.1007/s11422-014-9630-z

8. Ғылым статистикасы. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің ұлттық статистика бюросы [Электронды ресурс]. Қатынау режимі: <https://stat.gov.kz/official/industry/24/statistic/6> (көру мерзімі: 20.03.2021).

9 Баширов А.В., Ханов Т.А. Использование надстроек прикладного программного обеспечения в практической подготовке студентов технических специальностей // Тенденции развития науки и образования. 2020. № 62-4. С. 8-10. DOI: 10.18411/lj-06-2020-73

10 Ханов Т.А., Баширов А.В. Подготовка юристов с использованием информационных технологий: проблемы привития практических навыков // Тенденции развития науки и образования. 2020. № 62-17. С.10-13. DOI: 10.18411/lj-06-2020-380

ПӘНДЕР ИНТЕГРАЦИЯСЫ – САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖОЛЫ

Гапбасова И.М. қазақ тілі мен
әдебиеті мұғалімі
Мырзаадилова Ә.С. қазақ тілі мен
әдебиеті мұғалімі
«Жалпы орта білім беретін №17
мектеп-гимназия» КММ

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Мектепте оқытуды ұйымдастыратын бірден бір нұсқа сабақ болса, сабақтың нәтижелі болуына ықпал ететін нұсқа – сол сабақты өткізудің әр түрлі әдіс-тәсілдерін, яғни жаңашыл мазмұндағы сабақтар өткізу болып табылады. Әсіресе бастауыш сыныптардағы оқыту-тәрбиелеу барысында оқу материалдарын пәнаралық интеграция негізінде игерудің тұлға қалыптастырудағы сұранысының ауқымы кеңейе түсуде.

Жас ұрпақ тәрбиесі мен білімі оған берілетін білімнің жан-жақты болуымен, әр түрлі ғылымдар негізінде интеграцияланған білім негіздерімен қаруландырумен анықталады. Сондықтан интеграциялық оқытуды жүзеге асыру, оның ғылыми деңгейін арттыру, тұтастай алғанда оқушылардың танымдық әрекетіне тән дағдыларды қалыптастыру, тіл мәдениетін дамыту, солардың негізінде білім сапасын арттыру міндеті күн тәртібіне қойылған өзекті мәселелердің бірі екендігіне дау жоқ.

Мектепте берілетін білім мазмұнын жаңарту, оқытудың жаңа әдістемелік жүйесін жасау, ең алдымен, әрбір оқушының жан-жақты дамуына, ойлау қабілетінің үздіксіз жетіліп, жаңа деңгейлерге көтерілуіне қызмет етуі тиіс. Сондықтан да жаңа талаптарға сәйкес, оқу пәндерінің мазмұнын, оқу-танымдық мүмкіндіктерін толығырақ пайдаланудың дидактикалық амалы жақын пәндерді бір-біріне кіріктіре отырып, ізгілендіру болып табылады.

Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау», деп Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында көрсетілуі осы мәселенің өзекті екендігін білдіреді.

Жеке тұлғаны дамытудың және оның жалпы адами құндылықтары жинақталған мәдениетін қалыптастырудың негізгі құралдарының бірі білім мазмұны болып табылады және білім мазмұнының жаңаруы білім берудің нормативтік құжаттарының мазмұнында көрініс табады.

Бүгінгі күні барлық алдыңғы қатарлы елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Осыған орай біздің елімізде де жоғары сапалы білім жүйесіне көшуге бағытталған білім мазмұнын жаңарту шаралары іске асырылуда. Өйткені, бүгінгі таңда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой – өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл процестің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады.

Осы бағытта білім сапасын арттыру ісіне ерекше мән беру қажеттілігі артады. Сапалы білім беру педагогтердің шеберлігі мен іскерлігіне байланысты. Ал педагогикалық шеберлік пен іскерлікті дамытуда жаңа технологияны қолданудың маңызы зор. Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясы – оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заман ағымына ілесе алатын кәсіби, білікті, жан-жақты жеке тұлға қалыптастыруды мақсат 320 етеді. Оқушылардың кәсіби білім сапасын арттырумен бірге өз қабілетіне қарап, өзін-өзі дамыта отырып, өзіне сын көзбен қарауға мүмкіндік береді. Танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытады.

Жаңартылған білім мазмұны «мектепте не үшін оқу керек?» деген сұрақ аясында болып, білім мазмұны күтілетін нәтижеге және баланың бойындағы түрлі дағдыларды қалыптастыруға бағытталады. Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытылу да өзгеше. Бағдарлама оқушының білім, білік және төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік оқу мақсат та күрделене түседі.

Кіріктіру ұстанымының басты қағидасы – ғылыми-жаратылыстану және қоғамдықгуманитарлық білімдерді жеке білім аймағында шартты түрде қарастыра отырып, оқушыларға әлемнің біртұтастығы жайлы ғылыми - синтездік білім беру болып табылады. Кіріктіріп оқыту ұстанымдары кіріктіріп оқытудың басты мақсатына – оқушылардың ойлау қабілетінің дамуына тікелей бағытталған. Яғни:

1. Білімдердің синтезі. Оқу материалын тұтас, жинақталған, жүйеленген түрде қабылдау оқушының ой-өрісінің кеңдігін қамтиды. Кіріктіру әдістерімен зерделенетін мәселені шешу ойлау қабілетін белсенділігі мен мақсаттылығын дамытады.

2. Оқу материалын тереңдету. Оқу материалын терең ұғыну кең ауқымды ойлауға ықпал етеді.

3. Мәселенің өзектілігі, немесе мәселенің практикалық маңыздылығы. Оқу материалын меңгеру барысында практикалық мәселені шешу оқытудың тәжірибелік бағытын күшейтеді, оқушының сын тұрғысынан ойлауын, теория мен практиканы салыстыра алу қабілетін дамытады.

4. Баламалы шешім. Белгілі жағдайда жаңа тәсілдерді қолдана алу, мәселені ерекше шеше алу, шешу жолдарын таңдай алу, ойлау ерекшелігін дамытуға ықпал етеді. Шешімдерді салыстыру ой ұшқырлығын, сын тұрғысынан ойлауды, ойдың жинақтығын, жүйелілігін дамытады. Оқушылардың дұрыс шешімді, мақсатқа жетудің қысқа жол жолын таңдау барысында ұтымды, тиімді, мақсатты ойлау қабілеттері арта түседі.

5. Шешімнің дәлелдігі. Мәселені дәлелді шешу ойлау қабілетін дамытады [3]. Кіріктірілген білім бағдарламасының алға қойған мақсаты айқын, бағдары жүйелі.

Ал жалпы кіріктірілген оқу дегеніміз не? Кіріктірілген оқу бағдарламасының артықшылығы неде? Кіріктірілу – бұл бір оқу мазмұнының пәндік концепцияларға сай әртүрлі саладағы жан-жақты білімдермен тоғысуы, бір-бірімен араласып кетуі. Кіріктірілген сабақтар оқушыға әлем туралы, заттар мен құбылыстардың өзара байланыстары туралы біртұтас мағлұмат береді, олар құрылысы бойынша белгілі қалыпқа сыймайды, сондай-ақ, оқу сағаттарын барынша үнемді пайдалануға мүмкіндік береді.

Оқу процесінде пәндерді кіріктіріп оқыту: -

ерекше дарынды оқушыларға мәнді де саналы оқуға; - сабақ құрылымында проблемалық жағдайлар үлесін ұлғайтуға;

- жеке тұлғаның зерттеушілік типін қалыптастыратын оқушының ойлау әрекетін белсендіруге;

- оқушыға бір мезгілде әрекетті орындауда барлық мақсат қоюдан нәтижеге дейінгі барлық процесіне бақылау жасауға;

- білім берушілік, дамытушылық және танымдық үшбірлікті ұстаздың шексіз шығармашылығы тұрғысынан жүзеге асыруға;

- танымдық әрекетін белсендіруге, шаршағандары мен қажуларын азайтуға;

- сабақ процесінде өтілетін тақырыптың күнделікті өмірмен тікелей байланысына мән беруге; - оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға;

- олардың алған білімдерін өмірде қолдана білулеріне көмектеседі [5].

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін кіріктіріп оқытудың мақсаты – оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуге және сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру. Оқушылар әңгіме, поэзия, драма, сондай-ақ ғылыми және бұқаралық ақпарат құралдарының материалдарын (газет-журналдар, т.б.) сын тұрғысынан оқи отырып, өз түсініктерін дамытады. Оқу арқылы танымдық дағдыларын арттыра отырып, білім әлеміне жол ашады.

Кіріктірілген сабақтар келесі дидактикалық шарттар арқылы жүзеге асырылады:

- пәнаралық байланыстың зерттеу объектісі дұрыс есептелуі, оның өзекті болуы;

- сабаққа дайындалу кезінде мұғалімдердің тығыз ынтымақтаста болуы;

- сабақтың әр кезеңінде ойлау әрекетінің белсенділігін артуы және міндетті түрде кері байланыстың болуы;

- жалпы әдісті қолдану негізінде сабақтың әр бөліктерінің арасында сабақтастықтың болуы [1].

Мұғалім оқушыларының мүмкіндігін, жас ерекшеліктерін және сыныптағы психологиялық ахуалды жақсы білуі керек. Бұл мұғалімге пәнаралық байланысты қандай әдістәсілдер арқылы іске асыруға болатынын шешуге көмек болады.

Төрт дағдыға бағытталған тапсырмаларды дайындап, оқушылармен жұмыс жүргізудегі негізгі мақсат: баланың қабілетін ашу, шығармашылығын шыңдау, іздендіру, пәнге деген қызығушылығын арттыру. «Қазақ тілі мен әдебиеті» кіріктірілген пәнінен тыңдалым мен айтылым сөйлеу әрекеттерін дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- күнделікті тақырыптар аясында және таңдау тақырыбына байланысты: ғылыми және т.б. белгілі бір уақыт ішінде (қысқа) еркін сөйлесу;

- ауызша тілдесімді түсіне білу және оны қысқаша мазмұндай білу, оны жалғастыру;

- ақпараттардағы негізгі байланысты анықтай білу және оны жүйелі баяндау;

- әртүрлі мәтіндердің стильдері мен ерекшеліктері ерекшеліктерін түсіне білу және бағалау; - бұқаралық ақпарат құралдарының тілін түсіну;

- тыңдауға, мазмұнын түсінуге әртүрлі жанрдағы мәтіндерді ұсыну;

- мәтінді қайталап тыңдатып, негізгі ойға назар аударту;

- тыңдалған мәтін бойынша сұрақтар қою; -мәтін бойынша жоспар құру; «Қазақ тілі мен әдебиеті» кіріктірілген пәнінен оқылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- қазақ тіліндегі әртүрлі оқылым материалдарын меңгеру, яғни бүгінгі таңдағы газет-журналдар, қысқа әдеби мәтіндер, пікірталас туғызатын және белгілі бір мәселе қозғалған мақалалар, хаттар және т.б.;

- көз жүгіртіп оқу, жалпы мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты табу үшін оқу, ақпараттарды алу үшін оқу, көркем шығармаларды оқу, автор көзқарасын табу үшін оқу;

- кітапқа ауызша және жазбаша шолу жасау;

- интернет ресурстарымен жұмыс (тақырып мазмұны бойынша презентациялар, жобалар дайындау);

- мәтіннің тақырыбы мен бастапқы бөлігіне сүйене отырып, оқиғаның дамуын болжау;

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кіріктірілген пәнінен жазылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- тыңдалған және оқылған мәтіннің қысқаша мазмұнын, фильм мен кітаптан алған әсерлерін жазу;

- оқушыларға таныс ертегі, әңгіме, өлеңдердің қысқаша мазмұнын жазу;

- әдеби шығармадан алынған көркем, бейнелі сөздерді жаздыру;

- әдеби шығармадағы жаңа сөздерден сөздік құрастыру;

- әдеби шығарма мәтініндегі оқиғаны өз көзқарасымен өзгертіп аяқтау;

- ақпаратты суреттер мен сызбалар, белгілер, пиктограммалар арқылы беру; - сұхбатқа сұрақтар дайындау. Кіріктірілген сабақтардың негізгі құрылымы:

1. Кіріспе бөлім. Бұл бөлімде сабақтың мақсаты, міндеті, негізгі білім анықталады.

2. Негізгі бөлім. Негізгі бөлімінде оқу материалының мазмұны ашылады. Сабақтың бұл бөлігі вариативті, өйткені оқытудың түрлі әдіс-тәсілін, оқушылардың танымдық әрекетін ұйымдастыру формаларын қолдануды және мұғалім тарапынан педагогикалық шеберлікті талап етеді.

